

С. Қасқабасов, Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Қ. Қайырбай

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің  
жаратылыстану-математикалық  
бағытындағы 10-сыныбына  
арналған оқулық

*Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

# 10

Алматы



«Жазушы», 2019

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72  
Қ 17

### Шартты белгілер:

 БІЛУ	    ТАЛДАУ
  ТҮСІНУ	     ЖИНАҚТАУ
   ҚОЛДАНУ	      БАҒАЛАУ
 <i>Артық болмас білгенің</i>	
 <i>Оқу сауаттылығы</i>	
 <i>Оқушы күнделігі</i>	
 <i>Сөйлем</i>	
 <i>Фалаитор</i>	

**Қ 17 Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Қасқабасов С., Өлмұханова Р., Раушанов Е., Қайырбай Қ. – Алматы: «Жазушы», 2019. – 204 бет.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ISBN 978-601-200-639-1

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72

© Қасқабасов С., Өлмұханова Р.,  
Раушанов Е., Қайырбай Қ., 2019

© «Жазушы» баспасы, 2019

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүліктік құқықтары

«Жазушы» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-200-639-1

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушылар!

Бұл «Қазақ әдебиеті» оқулығы сендердің жаратылыстану-математикалық бағыттағы қызығушылықтарыңды шыңдай түсетін болады. Өйткені әдебиет – ұлы күш. Әдеби шығармалар арқылы сендер халқымыздың бүкіл тарихы, тіршілігі қалай болғанын, бүгінгі күнге қалай жеткенін түсінетін боласыздар.

Сондықтан өздеріңе арналған 10-сынып оқулығында бірінші бөлім «Қалың елім, қазағым» деп аталып, мұнда Абай Құнанбайұлының өлеңдері, қарасөздері және «Масғұт» поэмасы берілді. Абай Құнанбайұлының өмірі де, шығармашылығы да ұрпақтардың мәңгілік рухани азығына айналған. Оның сыншыл ойларын білмей, толық адам болу мүмкін емес.

Оқулықтың екінші бөлімі «Қазақтың Қанышы» деп аталған. Туған халқының мәртебесін, мерейін асырған Қаныш Сәтбаев туралы сендер өте жақсы білулерің керек. Бұл бөлімде Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» атты романын оқисыздар. Бірегей ғалымның өулетімен танысып, өмір жолын, азаматтық қалыптасуын білетін боласыздар. Елімізге жасаған еңбектерін бағалай білуіміз керек. «Қазақтың Қанышы» деп мақтанышпен айтар тарихымызды қадірлейтін боласыздар.

«Парасат пайымы» деп аталған үшінші бөлім халқымыздың намысты перзенттері туралы сыр шертеді, арғы тарих пен бергі тарихты бірнеше жанрда таныстырады. Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» атты әңгімесі тұтқынға түскен екі қазақ туралы сыр шертеді. Қарт қазақтың тағдырын біліп, оның жас тұтқынды қалай құтқарғанына, парасаттылығына куә боласыздар. Талап Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық әңгімесінің де жастарға ұсынған үлгісі бар. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі де осы бөлімде берілген, сондықтан бұл шығармалар сендер үшін әсерлі болады.

Ал төртінші бөлім «Тарих тағылымы» деп аталған. Мұнда жазушы, драматург Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасымен, ақын Жәркен Бөдешұлының «Жалғыз» атты поэмасымен танысасыздар. Бұл екі шығарманың да адам жанын толқытар тарихы бар. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» сендердің парасат пайымы биік, абыройын ойлайтын мықты азамат болып қалыптасуларың үшін қызмет етеді. «Қазақ әдебиетін» жандарыңа рухани серік етіп, әдеби білім алумен бірге азаматтық қалыптасуларың үшін құрметтеңдер, сендер білімді де, парасатты ұрпақ болуларың керек. Сонда ғана қазіргі заманға сай толық адам бола аласыздар.

Іске сәт, достар!

*Авторлар*

## I бөлім

# ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ

Қазақ деп соққан жүректер ешқашан өлмейді. Өйткені тек жүрегі, сезімі, санасы бар адамдар ғана ата-бабасын сыйлап, рухын қадірлейді, сондықтан тарихын да құрмет тұтады. Қазақтың ұлт ретінде әлемде қадірлі болуын ойлайды, өзге жұрттан кем болмаса екен дейді.

«Қалың елім, қазағым» – тұтас ұлттың жарқын болашағын ойлаудан туған жүрек сыры. Ол «Мәңгілік ел» идеясымен ұрпақтарымызды халыққа адал қызмет етуге үндейтін болады.



### АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845–1904)

Абай Құнанбайұлы (10/23.08.1845<sup>1</sup> – 5.07.1904) – ұлы ақын, композитор, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

А.Құнанбайұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Ол әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашқан. Он жасқа толған соң, үш жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқыды. Бұл медреседе дін сабақтары, негізінен, араб, парсы тілдерінде жүргізілген. Кейін осы тіл білгенінің арқасында Абай Құнанбайұлы шығыс ақындарының ертегі, қиссаларын сол тілдерде оқи алатын болды. Шығыс-

<sup>1</sup> Абай Құнанбайұлының туған күнін кейбір басылым осылай екі санмен белгілейді. Ақынның туған күнін атап өтуде де әр өңір осы екі күннің бірін таңдаған. Мәселен, ақынның туған күні кейбір өңірлерде 10 тамызда, кей жерде 23 тамызда атап өтіледі. Мұның себебі бар: 1918 жылы 24 қаңтарда Кеңес үкіметі Батыс Еуропа күнтізбесіне ауысу туралы декретке қол қойды. Сол жылы 31 қаңтардан кейін бірден 14 ақпан деп есептелді, яғни айырмашылық – 13 күн. Оқулықта ақынның дүниеден өткен күні жаңа стиль бойынша берілді. Абай Құнанбайұлының және басқа да тұлғалардың, тарихи күндерді белгілеудегі екі түрлі жазылу осыған байланысты.

тың атақты ақындары Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, т.б. шығармаларын ынтамен оқыды. Кейін Абай Семейдегі «Приходская школада» да қосымша оқып, орысша сауатын ашқан. Бірақ оқуын бұдан ары қарай жалғастыра алмады, өйткені әкесі Құнанбай оны өзінің қасына ертіп, өкімшілік жұмысқа үйреткісі келді. Сондықтан Абай он үш жасынан бастап ел ісіне араласа бастаған. Әкесінің қасында жүріп, елдегі қулық-сұмдықтарды байқайды, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті көреді, кертартпа жағдайларды сезеді. Елдегі халықтың жағдайын білген соң, болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады да, 1876–1878 жылдары Қоңыр Көкше еліне болыс болады. Бұл жылдары ол өз қолындағы билікті пайдаланып, әлсіздерге қорлық көрсеткендерді, ұрлық жасағандарды қатаң жазаға тартып, халық қамқоршысы болады. Оның әділеттілігі кейбіреулерге ұнамай, жала жабылып, Абай Құнанбайұлының үстінен арыздар жазылып, он жылға жаза кесіледі. Алайда Е.П. Михаэлистің көмегімен Семей ояздық судьясы П.В. Маковецкий арыздың жала екенін анықтап, Абайға бұл жаза қолданылған жоқ.

1885 жылы мамыр айында Семей губерниясына қарайтын би-болыстар бас қосқан төтенше съезд өтті. Осы съезде Абай Құнанбайұлы төбе би болып сайланып, оған «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» дайындау жүктелді. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Абай Құнанбайұлы өлеңді он жасынан бастап жазғанмен, көбін өз атынан жарияламаған. Мысалы, «Болыс болдым, мінеки» өлеңіне ешкімді автор ретінде көрсетпеген. «Жаздыгүн шілде болғанда» атты өлеңі 1886 жылы жазылған, 1889 жылы «Дала уәлаятының газеті» басылымында ақпанның 17-күнгі санында жарық көрген. Абай Құнанбайұлы Көкбай атынан жариялаған өлеңдерін жинауды шәкірттеріне тек 1896 жылы ғана ескерткен.

Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы – Кәкітай Ысқақұлы. Ол – Абай мұраларын тұңғыш бастырушы, 1909 жылы жарық көрген жинақтың шығуына тікелей атсалысқан. Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбаларының да Абай шығармаларының толық жетуіне үлкен көмегі болды. Оның қолжазбаларын басқа адамдар көшіріп, ақын өлеңдері ел арасына таралған. Сондықтан Абай Құнанбайұлы шығармаларының мейлінше жақсы сақталып, бүгінгі күнге жетуіне Мүрсейіт Бікеұлының еңбегі зор.

Ақын айналасын өлеңге, білімге құштар жастар көп жиналған. Оларды «Абай шәкірттері» деп атайды. Ақынның өзіндік мектебі осылайша дамыған.

**Абай Құнанбайұлының шығармашылығы.** Абай – жаңашыл ақын. Оның шығармашылығында поэзияға да, прозаға да қосқан тың әдістері, ойлары маңызды. Абай Құнанбайұлының барлық шығармасы тек қана халыққа айтар асыл ойлар, өмірлік жол көрсету, ел ішіндегі жағдайларды түзетуді жанашырлықпен жеткізуімен әсерлі, көркемдік құндылығымен жоғары.

Абай Құнанбайұлы ақындық өнерді жоғары бағалаған. Сондықтан оның өзіне қойған талап-мақсаты да биік. Оның өлеңдерінде қоғамның, заманның суреті, шындығы бейнеленіп, үлкен ойшылдық танылады. Ақын шығармаларының ең басты сипаттары – жаңашылдық, шыншылдық, сыншылдық және сыршылдық. Шындықты суреттей отырып, сынайды, ойландырады. Ал лирикасыз, яғни көңіл күйді жеткізбейтін ақын болмайды.

«Лирик-ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл күйін білдіру арқылы, өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға бейнесі оны тебіrentкен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, өртүрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады», – деген академик Зәки Ахметов<sup>1</sup>.

«Сегіз аяқ» өлеңі. Бұл өлең 1889 жылы жазылған. Өрқайсысы сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. «Сегіз аяқ» деген сөз өлең құрылысына байланысты шыққан, атап айтқанда, әр шумағы сегіз жолдан келіп қайырылып отыратын өзгеше жаңа түрмен жазылған.

Бұл өлеңіне Абай Құнанбайұлы өн де шығарған.

Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде...–

деп, өз ренішін жеткізе отырып, қоғамдағы дертті сынайды. Бұл келеңсіздіктердің себебі:

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,  
Аздырар адам баласын, –

деп, елдің берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді, түзету жолын іздеп, еңбек етуге үндейді, адал мал табуға кеңес береді. Осы өлеңі

<sup>1</sup> Ахметов З. Абайдың ақындық тұлғасы, суреткерлік шеберлігі / Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: «Әдебиет өлемі», 2013, 156-бет.

арқылы «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесен, істің бәрі бос», – деп, елді бірлікке, татулыққа шақырады.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі туралы. Бұл өлеңді Абай Құнанбайұлы 1886 жылы жазған. Көлемі – 30 жол. Бұл шығармасында ақын көкейіндегі өз жанын ауыртатын ойларды тұтас халыққа арнап жеткізген. Шығарманың өлеуметтік салмағы зор. Өйткені күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылған қазақтың ішкі жан дүниесін, ел ішіндегі жағымсыз жағдайларды шебер образ жасау арқылы суреттеген.

Өлең он бір буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Бұл өлең де алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта басылды.

«Лай суға май бітпес қой өткенге...» – Абай Құнанбайұлының 1895 жылы жазған өлеңі. Өрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, көлемі 28 жол. Бұл өлең ақынның болашағынан үлкен үміт күткен баласы Өбдірахманның қайтыс болуына байланысты шығарылған. Өзімен ақылдасар, сырласар ұлынан айрылған өкпенің жан дүниесінің қиналып жатқаны жеткізілген.

Өлең он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Бұл өлең де алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген.

Ақынның лирикалық өлеңдерін бірнеше түрге бөліп қарауға болады. Мысалы:

Жүрегім, нені сезесің,  
Сенен басқа жан жоқ па?  
Дүниені көңілім кезесің,  
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта! –

деп, көңіл күй лирикасының бір тамаша үлгісін көрсетеді, махаббат лирикасы да өз бағасын алған. Ал «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды», т.б. өлеңдері табиғаттың әсемдігін суреттеп қана қоймай, сол замандағы ауылдың күнделікті тіршілігін боямасыз жеткізеді. Осылайша ақынның көңіл күйі азаматтық үнмен қабысып жатады. Шын мәнінде, шығармаларды жанрішілік түрлерге бөлу, бір жағынан, қиын, өйткені бір өлеңнің өзінде қат-қабат сипаттар табылып жатады. Мәселен, «Болыс болдым, мінеки» өлеңі – болыстың монологы ретінде жазылған. Ал «Мәз болады болысың» өлеңінде болыстың ешқандай іс-әрекеті жоқ, тек ол туралы баяндаушының мысқылымен әсерлі шыққан. «Болыс болдым, мінеки» мен «Мәз болады болысың» – екі өлеңде де адамның мінезі шеберлікпен суреттелген.

Абай Құнанбайұлы өзінің жеке авторлық өлеңдерін жазумен шектелмеген. Ақын шығармашылығы бірнеше саладан тұрады, яғни ол қазақтың фольклоры мен ауыз әдебиетін жақсы білген, Еуропа ақындарының шығармаларымен орыс тілі арқылы таныс болған, сондықтан неміс ақыны И.В. Гетенің, орыс ақындары – А.Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін, М.Лермонтовтың өз еліндегі әлеуметтік жағдай туралы жазған («Ой», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр») өлеңдерін, И.Крыловтың мысалдарын, т.б. аударған. Ақын шығармашылығының үшінші саласы – шығыстық сюжеттер. Арабтың «Мың бір түн» ертегісін білгендіктен, «Ескендір», «Масғұт», «Өзім өңгімесі» атты поэмаларды халқына ұсынды. Сондай-ақ дана ақын өзбек, әзербайжан, парсы ақындарының шығармаларымен де таныс болған.

Абай Құнанбайұлын аудармашы ретінде бағалағанда, ол ұсынған тәржіманың кейбірін бұл ауқымға сыйғызу қиын. Өйткені Абай Құнанбайұлы бір ақынның айтарын қайталаумен шектелмейді, өз идеяларын қосып, оны құлпыртып, жандандырып, жаңа дүние етіп ұсынған. Кейбір аудармалардың түпкі авторы болса да, қазақ ақынының тәл туындысы деп бағалауға тұрады. Негізі, фольклортану саласында дастан деп шығыс сюжеттеріне, яғни араб-парсы сюжеттеріне құрылған эпикалық шығармаларды атайды. Фольклор болғандықтан олардың ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарайтыны, сюжетінің ортақ негізден алынатыны белгілі. Бір кездері араб халқының «Мың бір түн» ертегісінің сюжеті негізінде жазылған Абай Құнанбайұлының шығармаларын дастан деушілер болды. Көлемді авторлық шығармаларды кейде дастан деп те атау әлі күнге дейін кездеседі. Бұл жағдайда оның дастан үлгісіне жақын болуы шарт. Ал Абай Құнанбайұлының «Ескендір» мен «Масғұты» дастаннан гөрі поэма жанрына тиесілі. Өйткені поэма авторлы болады, «Ескендір», «Масғұт» Абайдың идеясының арқасында дастан жанрының ауқымынан асып тұр.

Қай жанрда жазса да, қоғамға үн қосу – Абай Құнанбайұлының ең басты мақсаты. Сондықтан ол халықты елдікті сақтауға, өнер-білімге шақырады, осындайда кейде ащы айтатын сияқты әсер қалдырады. Алайда Абай Құнанбайұлы сынай отырып, әуелі адамды, қоғамды түзеу керек екенін сезіндіреді. Демек, ақынның айтатын сөздері әр адам өзінің кемшілігін жойып, өз мүмкіндіктеріне сене алатын мықты адам болуы керек, солайша дүние кілті өзінде екеніне сендіру керек деген ойға жетелейді. Ал бұл даналық кемел адам қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан Абай Құнанбайұлының сөздері еш уақытта маңызын жоймайды.

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығының зерттелуі. Ақынды халыққа таныстыруда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсын-



ұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, т.б. көп еңбек сіңірді. Абайдың көзі тірісінде ол туралы Өлихан Бөкейханов алғаш рет мақала жазған және оны орыс тілінде жария еткен. Атақты ғалым П.П. Семенов-Тянь-Шаньский мен академик В.И. Ламанский жарыққа шығарған «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты көп томдық кітаптың «Киргизский край» деп аталған 18-томы қазақ тарихына арналған. Бұл кітап 1903 жылы Петербургте басылып шықты. Осы кітапта Өлихан Бөкейханов қазақ халқының тарихы, алып жатқан территориясы мен руханияты туралы мақала жазды. Осы мақаласында Абай Құнанбайұлының поэзиясы ерекше екенін, орыс халқының ақындары – Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» және Михаил Лермонтовтың шығармаларын жақсы аударғанын, Семей өншілерінің орындауында «Татьянаның хаты» атты өнді естігенін жазған. Кейін Абай Құнанбайұлы қайтыс болған соң, «Семипалатинский листок» атты газетке ақынның өмірбаянын жариялады. Ал 1907 жылы «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического Общества» деп аталатын кітапта Абай Құнанбайұлының өмірбаянын алғаш рет фотосуретімен жариялады. Осылайша Өлихан Бөкейханов – Абай Құнанбайұлы туралы жазған алғашқы қайраткер.

1909 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында Бораганский баспасынан Абай Құнанбайұлының шығармаларының жарық көруіне де атсалысқан Өлихан Бөкейханов. Ол Абайдың туысы Кәкітай Ысқақұлымен байланыста болған.

Ал Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде Абай Құнанбайұлы туралы «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазды. Осы «Қазақ» газетінің 1914 жылы 23 маусымдағы санында Міржақып Дулатұлы: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге



Абай Құнанбайұлы ұлдары Ақылбай (сол жақта) және Тұрағұлмен (оң жақта) бірге

толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихы, өдебиеті жоқтықтан. Тарихы, өдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Өдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – өдебиет, жансыз тән жасамақ емес. ...Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – деп жазды.

Халел Досмұхамедұлы 1922 жылы 1909 жылғы басылымды басшылыққа ала отырып, Абай Құнанбайұлының шығармаларын жарыққа шығарды. Алашорда қайраткері, ғалым Х.Досмұхамедұлы: «Абай – тек өлеңші емес, терең саналы адам. Философ. Жазған сөздерін түсінуге ой керек. ...Біз мәдениетті жұрт болсақ, Абайдың жүз бет өлеңіне мың бет жору (комментарий) жазылған болар еді. ...Надандығымыз кеміп, көзіміз ашылған сайын Абайдың қадірі де көтеріле бермекші»<sup>1</sup>, – деп жазған. Абай Құнанбайұлының 1909 жылғы жинағын басшылыққа алған дегенімізбен, қайта жариялау барысында Халел Досмұхамедұлының қосқан жаңалығы: ақынның өлеңдері бойынша 100 түсінік-анықтама жазған. Бұл – ғылыми жұмыс.

Мұхтар Әуезов өмірінің көбін Абай Құнанбайұлының өмір жолын, шығармашылығын зерттеумен өткізіп, «Абай жолы» атты төрт том роман-эпопея жазды.

Өкесі Құнанбай би, болыс болғаны үшін Абайдың насихатына кедергі болғысы келгендер болды. Бұл кеңестік дәуірдегі өсіре сілтеу саясатының кесірінен еді, кейін Абайға деген көзқарас түзелді. Бүгінде Құнанбай Өскенбайұлының елге жасаған жақсылықтары кеңінен белгілі. Ал Абай Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылығы жан-жақты зерттелуін тоқтатқан жоқ. Сондықтан бүгінгі ұрпақ абайтанушылар: Зәки Ахметов, Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасов, Ахмет Жұбанов, Ғарифолла Есім, Мекемтас Мырзахметұлы, Қайым Мұхаметханов, т.б. зерттеулерімен еркін таныса алады.

Абай туралы әр дәуірде де зерттеулер жалғасын табады. Өйткені ақын мұралары әр ұрпақ үшін құрметті, маңызды.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың мұңын мұндап, болашағының жарқын болуын ойлаған, тура жолға бастаушы. Сондықтан оны хакім Абай деп атаймыз.

<sup>1</sup> Абай Құнанбайұлы. Таңдамалы өлеңдер. – Ташкент, 1922, 283–284-беттер.



## СӨЗДІК

**Хакім** – дана, данышпан.

### **Адам аттары:**

**Маковецкий Петр Емельянович** – Семей қаласының бітістіруші судьясы, этнограф, қазақтардың дәстүрлі құқығын зерттеуші. Семейге жер аударылған Е.П. Михаэлис, т.б. достық қарым-қатынаста болған.

**Михаэлис Евгений Петрович (1841–1913)** – орыстың революционер-демократы. Ресейдегі саяси толқуларға қатысқаны үшін 1861 жылы Петропавл түрмесіне қамалып, кейін 1869 жылы Семейге ауысады. Мұнда Семей облыстық статистика басқармасының қызметіне іс жүргізушінің жәрдемшісі болып орналасқан. 1882 жылы қызмет бабымен Өскеменге ауысқан. Өмірінің соңына дейін ғылыми, ағартушылық қызметі Қазақстанмен байланысты. Абай Құнанбайұлы онымен 1870 жылдардың бас кезінде кітапханада танысқан. Е.П. Михаэлис Абайдың керемет қабілетін байқап, сыйластықпен жақын араласқан.

## *Әдебиет теориясы*

**Көркемдік әдіс реализм және романтизм** болып екі түрге бөлінеді. Абай Құнанбайұлының поэзиясында кең өріс алған әдіс – реализм. Бұл әдіс өмір шындығын шынайы өрі жан-жақты тануға көмектеседі. Қоғамда болып жатқан жағдайларды түсінуге, қарапайым адамдардың бейнесін жасауға бет бұру – реализм әдісі, яғни реалды тұрғыда жеткізуімен бағалы. Абай шығармаларында шыншылдық пен сыншылдық араласып келеді де, сыншыл реализм деген ұғым пайда болады. Абай Құнанбайұлының шығармаларында реализм де, сыншыл реализм де молынан кездеседі.

Махамбет Өтемісұлы өзінің күрескерлік ісінің ақтығына сенгендіктен, халық үшін билеуші топқа қарсы болғандықтан, оның толғауларында романтизм басым.

**Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуы** – әдеби тіл – өбден қалыптасқан, көпке ортақ нормасы бар тіл. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Кітаптар, газет-журналдар жарық көре бастады. Осы кезде қоғамның өсіп келе жатқан мәдени, рухани және эстетикалық мұқтажын өтеуде жалпыға ортақ сөйлеу тілін таңдау керек екенін Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, газет-журнал шығарған қайраткерлер, көрнекті тұлғалар түсінді. Орта Азия халықтарына ортақ, шартты түрде шағатай тілі

(кейде кітаби тіл деп те атайды) деп аталған тілде діни сөздер, араб-парсы, татар тілдерінен енген сөздер көп болды және бұл тілдің қазақ ұлтын біріктіруші күші болмады. Сондықтан ұлттық прогрессивті ойшылдар қазақтың байырғы ауызша әдеби тілін (шешендік сөздер, жыраулар поэзиясы) таңдады және XIX ғасырдың екінші жартысында ұлттық жазба әдеби тілдің негізі қаланды. Байырғы ауызша әдеби тілден қазақ әдеби тілінің ерекшелігі – оның жазба сипатында, көпке ортақ түсінікті болуында. Абай Құнанбайұлы қазақтың байырғы көркем тілін қолдана отырып, ұлттық поэтикалық тілінің бұрынғы дәстүр-нормаларын жетілдіру, түрлендіру, кеңейту, жүйеге айналдыру сияқты суреткерлік міндеттерді өз мойнына артты, көріктеудің жаңа амалдары мен тың құралдарын ұсынды, өлең архитектурасы (құрылысы) мен фоникасына (мақамына, үніне) тың жаңалықтар қосты.

Абай шығармаларында араб, парсы сөздері кездеседі, бірақ олар өлең өлшемі, ойды дәл жеткізу үшін қолданылған. Мысалы, пәруардигер – парсы сөзі, өлең жолдарында Құдай, Алла, Тәңір деген синонимдер үйлеспей қалады. Ақын осыны ескерген (*Рәбиға Сыздықова*).

**Өлең** – қазақ тілінде өлең деген сөз термин ретінде бірнеше мағынада қолданылады. Біріншісі – ән өлең, ән салып, ән шырқап айтатын өлең, яғни музыкалық өнер мен сөз өнеріне ортақ туынды. Екіншісі – жеңіл ықшамды ғана әуенмен, мақаммен термелеп айтылатын сөздер, жырлар, яғни ауызша поэзияның туындысы. Қазақ поэзиясында соңғы кездерге дейін өлең, жырларды домбырамен әуендетіп, белгілі бір сарынға келтіріп айту орын алған. Үшіншісі – оқылатын, сөйлеп айтылатын, яғни жазба поэзияның туындысы, әр алуан лирикалық шығармалар. Сонымен қатар өлең деген сөзді кең мағынада алып, көлемі қысқалау келетін поэзиялық шығармалардың бәріне ортақ жалпылама атау ретінде қолдану да жиі кездеседі. Абай өлең деген сөзді көбінесе осы мағынада, яғни өлең сөз, поэзиялық шығарма деген мағынада қолданған (*Зәки Ахметов*).

Өлең – әдебиеттегі жеке жанр, ол – шағын көлемді поэзиялық шығарма.

**Тип** (грек. typos – үлгі) – шығармадағы кейіпкер жеке адамға тән әрекеттерді жеткізуші ғана емес, сонымен бірге образ арқылы шығармада баяндалатын дәуірдің, қоғамның сипатында танылады.

Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде неше түрлі болыс, байлар бар, олардың образын толық көз алдымызға келтіре аламыз. Солардың бірі – «Өз малын өзінікі дей алмай, күндіз күлкі, түнде ұйқысы» бұзылған бай. Бұл – бір жағы, кәдімгі билеуші шенеуніктер, екінші жағынан, оны да бағынышты ететін басқарушылар бар, осы екі ортада өз малына өзі ие бола алмай, жапа шегіп жүрген бай бар.



1. Абайдың ақындығына алғаш ықпал еткен шығыс ақындары кімдер? Олар туралы не білесіңдер?
2. Абай туралы жазылған қандай көркем әдеби шығармаларды, өнер туындыларын білесіңдер?



1. «Абай Құнанбайұлы – қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы» деген сөйлемдегі «реалистік жаңа жазба әдебиеттің негізін қалаушы» деген сөздердің мәнін түсіндіріңдер.
2. Абай ақындығының қайнар көздері дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Абай реализмі дегенді қалай түсінесіңдер? Оның сипаттары қандай?
4. Абайды не үшін «Қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы» дейміз?



1. Абайдың өмірі туралы не білесіңдер? Абай туралы білетін мәліметтеріңді пайдаланып, тірексызба құрастырыңдар.
2. Абайдың ғылым-білімге шақырған өлеңдерінің маңыздылығы туралы айтыңдар.



1. Қазақтың классикалық жазба поэзиясын әлемдік көркемдік деңгейге көтерудегі Абайдың тарихи еңбегі неден көрінеді?
2. Абайдың ақындық өнегесінің қазақ әдебиетінің кейінгі өкілдеріне қандай әсер-ықпалы болды?
3. Абайдың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтарына талдау жасаңдар.



1. «Абайдың ақындық мектебі» дегенді қалай түсінесіңдер? Абайдың шәкірт тәрбиелеудегі, ұрпақ тәрбиелеудегі ұстаздық әрекеті туралы ой бөлісіңдер.
2. Абай Құнанбайұлы туралы білімдеріңді жинақтаңдар.

Не білемін?	Негіз білдім?	Не білгім келеді?



1. Ахмет Байтұрсынұлының Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалауының себебі неде?
2. Абайдың классик ақын екенін дәлелдеп айтыңдар.



### *Артық болмас білгенің*

«Дала уәлаятының газеті» – Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын билеген дала өлкесінің генерал-губернаторлығының ресми басылымы. Ол Омбы қаласында 1888 жылдан 1902 жылға дейін қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді.

«ҚАЗАҚ» газеті – қазақ зиялыларының ұлттық газеті. Орынбор қаласында аптасына бір рет 1913–1918 жылдар аралығында шығып тұрған. Газеттің редакторы ұлтжанды азамат Ахмет Байтұрсынұлы болды. «Қазақ» газетінің жұмысына Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы, т.б. ұлт жанашырлары белсенді араласқан. Бұл газеттің 265 саны жарық көрген. Соның бәрінде де ұлт тағдырына жанашырлық танытқан өзекті мәселелер жарияланды.

Абай Құнанбайұлының қоладан құйылған ескерткіші – Алматы қаласында 1960 жылы орнатылды. Мүсінші – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлық иегері Хасен Наурызбаев.



### *Ғаламтор*

Ғаламтордан Абайдың өмірі туралы деректі фильм мен қарасөздері туралы хабарлармен танысыңдар. (<https://www.zharar.com/kz/film/2458-abay.html>)

## ӨЛЕҢДЕР

### СЕГІЗ АЯҚ<sup>1</sup>

Алыстан сермеп,  
 Жүректен тербеп,  
     Шымырлап бойға жайылған;  
 Қиуадан шауып,  
 Қисынын тауып,  
     Тағыны жетіп қайырған –  
         Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
         Сөйлеймін десең, өзің біл.

Өткірдің жүзі,  
 Кестенің бізі  
     Өрнегін сендей сала алмас.  
 Білгенге маржан,  
 Білмеске арзан,  
     Надандар бәһра ала алмас.  
         Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
         Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,  
 Өзінде ой жоқ,  
     Күлкішіл кердең наданның;  
 Көп айтса көнді,  
 Жұрт айтса болды –  
     Әдеті надан адамның.  
         Бойда қайрат, ойда көз  
         Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,  
 Ашиды жаның,  
 Мінездерін көргенде.  
     «Жігерлен, сілкін,  
 Қайраттан, беркін!» –

<sup>1</sup> Ақын шығармалары мына басылым бойынша берілді: Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.

Деп насихат бергенде,  
 Ұятсыз, арсыз салтынан  
 Қалғып кетер артынан.

Аулаққа шықпай,  
 Сыбырлап бұқпай,  
 Мейірленбес еш сөзге.  
 Пайдасыз тақыл –  
 Байлаусыз ақыл,  
 Атадан бала ойы өзге.  
 Санасыз, ойсыз, жарым ес,  
 Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,  
 Ысқыртса кесек –  
 Құмардан әбден шыққаны.  
 Күпілдек мақтан,  
 Табытын қаққан –  
 Аңдығаны, баққаны.  
 Ынсап, ұят, терең ой  
 Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,  
 Болсайшы көпшіл,  
 Жан аямай кәсіп қыл.  
 Орынсыз ыржаң,  
 Болымсыз қылжаң  
 Бола ма дәулет, нәсіп бұл?  
 Еңбек қылсаң ерінбей,  
 Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,  
 Сауданың тегін  
 Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
 Адал бол – бай тап,  
 Адам бол – мал тап,  
 Қуансаң – қуан сол кезде.  
 Біріңді, қазақ, бірің дос  
 Көрмесең – істің бәрі бос.



Малыңды жауға,  
 Басыңды дауға  
     Қор қылма, қорға, татулас.  
 Өтірік, ұрлық,  
 Үкімет, зорлық  
     Құрысын, көзің ашылмас.  
     Ұятың, арың оянсын,  
     Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,  
 Жұмысы жоқтық  
     Аздырар адам баласын.  
 Таласып босқа,  
 Жау болып досқа,  
     Қор болып, құрып барасың.  
     Өтірік шағым толды ғой,  
     Өкінер уақтың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,  
 Еріксіз малды ал  
     Деген кім бар сендерге?  
 Қулықты көргіш,  
 Сұмдықты білгіш  
     Табылар кісі жөн дерге.  
     Үш-төрт жылғы өдетің  
     Өзіңе болар жеңдетің.

Ауырмай төнім,  
 Ауырды жаным,  
     Қаңғыртты, қысты басымды.  
 Тарылды көкірек,  
 Қысылды жүрек,  
     Ағызды сығып жасымды.  
     Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,  
     Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім, –  
 Келмейді өлім,

Мақсат – алыс, өмір – шақ.  
 Өткен соң базар,  
 Қайтқан соң ажар,  
     Не болады құр қожақ?!  
         Кеш деп қайтар жол емес,  
         Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,  
 Жүз кісі сұмға  
     Өлі жетер заман жоқ.  
 Қадірлі басым,  
 Қайратты жасым  
     Айғаймен өтті, амал жоқ;  
         Болмасқа болып қара тер,  
         Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар, білгіш,  
 Законшік, көргіш –  
     Атанбақ – мақсат, мақтанбақ.  
 Жасқанып, қорқып,  
 Жорғалап, жортып,  
     Именсе елің, баптанбақ.  
         Қарғағанын жер қылмақ.  
         Алқағанын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,  
 Қорқытқан сенің –  
     Өнерің қайсы, айтып бер.  
 Ел аңдып сені,  
 Сен аңдып оны,  
     Қылт еткізбей, бағып көр...  
         Аңдыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,  
 Бір жалғыз өзің  
     Баға алмай басың сандалар.  
 Бауырыңа тартқан,  
 Сырыңды айтқан –

Сырласың сырт айналар.  
 Ол қаны бұзық, ұры-қар  
 Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп,  
 Арқа-басы шаң боп,  
 Және тұрып жылпылдап.  
 Жығылып тұрып,  
 Буыны құрып,  
 Тағы қуып салпылдап.  
 Абұйыр қайда, ар қайда?  
 Өз басыңа не пайда?

Ит үрсе, бала  
 Таяғын ала,  
 Қуады итпен кектесіп.  
 Ұрысқансып: «ой» деп,  
 «Ұят» деп, «қой» деп,  
 Үлкендер тыяр: «тек» десіп.  
 Оны білсең, мұның не?  
 Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,  
 Болсайшы қол бос,  
 Талаптың дәмін татуға.  
 Білмеген соқыр,  
 Қайғысыз отыр,  
 Тамағы тойса жатуға.  
 Не ол емес, бұл емес,  
 Менің де күнім – күн емес.

Ғылымды іздеп,  
 Дүниені көздеп,  
 Екі жаққа үңілдім.  
 Құлағын салмас,  
 Тіліңді алмас  
 Көп наданнан түңілдім.

Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығың.

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
    Онан да шықты жаңғырық.  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
    Көп іздедім қаңғырып.  
    Баяғы жартас – бір жартас,  
    Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
    Қайрылып сөзді кім ұқсын?  
Іште дерт қалың,  
Ауыздан жалын –  
    Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.  
    Күйдірген соң шыдатпай,  
    Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек,  
Тастай боп кесек,  
    Жамбасқа батар, ұйқы жоқ.  
Сыбыр боп сөзі,  
Мөз болып өзі,  
    Ойланар елдің сыйқы жоқ.  
    Баяғы қулық, бір алдау,  
    Қысылған жерде – жан жалдау.

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
    Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
    Сөзімді ұғар елім жоқ.  
    Моласындай бақсының  
    Жалғыз қалдым – тап шыным!



## СӨЗДІК

**Абұйыр** – абырой, абиыр, бедел.

**Бәһра** (парсы) – пайда, үлес.

**Библиограф** – библиография – өмірбаяндық деректерді, шығармалар атауларын кәсіби тұрғыда түзуші, жүйелеуші.

**Законшік** (закон) – заңқой.

**Қиуадан** – алыс жер, қиян, шалғай.

**Тақыл** (көне) – амал, айла, әдіс.

**Ынсап** – нысап – тойымдық, қанағат.

### *Әдебиет теориясы*

«Сегіз аяқ» – қазақ өлеңіне Абай Құнанбайұлы қосқан шумақ өрнегі. Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы өзгеше өрнектелген:

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған.  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл...

Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесіп, араласуы негізінде түзілген. Төрт түрлі дыбыс үндестігіне негізделген үйлесім бар *аабввбгг*. Мұнда 3 және 6-тармақтар алыстан байланысады да, қалған көршілес тармақтар өзара үйлеседі. Келте тармақтарда ұйқас 2 буынды, ал ұзын тармақтарда 3 буынды болып келеді. «Сегіз аяқта» алдыңғы 6 тармақ тезис келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады.

«Сегіз аяқтың» өлшемін, шумақтық өрнегін Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқа ақындар өз өлеңдерінде қолданды.

(Академик Зәки Ахметов)



1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. «Сегіз аяқ» аталған өлеңнің ерекшелігі неде?



1. Ақын сынына іліккен кімдер? Өлең жолдарынан дәлелдендер.
2. Ақын кімдердің ісіне күйініп дерттенеді?
3. Өлеңнің мазмұны, көркемдік ерекшеліктері мен құрылымы, жаңалықтары жайында айтып беріңдер.
4. «Сегіз аяқ» өлеңінің өлшемін, шумақтық өрнегін қай ақындар өз өлеңдерінде пайдаланған?



1. Ақынның гуманизм үшін күрескен өз бейнесі мен насихат, кеңесі өлеңде қалай көрінеді?
2. Ақынның күйінішпен айтқан сөздері қандай?
3. Өлеңді оқығанда жадымызда жатталып қалатындай тармақтар бар ма? «Сегіз аяқ» өлеңіндегі нақыл сөзге айналған жолдарды теріп жазыңдар. Өлең тармақтарында халық мақал-мәтелдерімен сәйкес келетін жерлер бар ма?
4. *Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде,* – деген жолдардағы айтылған ойға көзқарасың қандай?



1. Өздеріңе ұнаған, күшті әсер еткен тұстарын айтыңдар. Неліктен ұнады, әсер етті?
2. Өлеңнің композициялық құрылымын анықтап, кестені толтырыңдар:

№		Өлең жолдарынан мысалдар
1.	Қызыл тілдің күш-құдіреті	
2.	Қауым надандығын сынай отырып күйінуі	
3.	Халыққа айтқан насихат кеңесі	
4.	Арпалыс, азаппен өткізген өміріне өкініші	
5.	Тағы да көп наданды, законшіктерді, ұры-қарыны сынау	
6.	Көңіл күйдегі дерт	

3. Заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел қамтып сипаттаудағы ақын көзқарасы қандай?



1. «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісі бойынша жағымды және жағымсыз қылықтар туралы заманауи өлең құрастырып көріңдер.
2. «Сегіз аяқ» пен «Бойы бұлғаң» өлеңдерін өзара салыстырып, шумақ, бунақ, буын өлшеміндегі ұқсастық пен өзгешеліктерін дәлелдеңдер.
3. «Сегіз аяқ» өлеңімен идеялық мазмұны жағынан жақын келетін басқа қандай өлеңдерін білесіңдер? Салыстыру жасаңдар.
4. *Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ,* – деп айтқанымен, Абайдың өзін бақсының айдаладағы жалғыз моласындай сезінуінің себебі не?
5. Ақын осынша психологиялық күйініш пен қасіретке, дертке кім үшін түсті, сонда Абай кім болғаны?
6. Абай мен Лермонтов өлеңдеріндегі айтылған ойлардың үндестігін салыстырыңдар.



1. Ақын феодалдық қоғам адамдарына тән келеңсіз мінездерді өлеңде қандай сөздермен берген? Ақын пікірі бойынша, осындай ұнамсыз нәрселерді не тудырады?
2. Абай адам мінезінің қандай болғанын тілейді?
3. Бүгінгі заман адамдарына тән адамгершілік пен моральдық қасиеттердің Абай арман еткен адам мінезімен байланыстығы бар ма?
4. *«Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң – қуан сол кезде»* деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Абай Құнанбайұлы «Сегіз аяқ» өлеңінде:  
*Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық.  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып...  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас,* – деген.

- Сұрақ:* «Баяғы жартас – бір жартас» дегенді қандай жағдайда айтады?
- Жартас – тіп-тік биік тастар, географиялық нысан ретінде айтқаны.
  - Жартастар өзгермейді, олар бірқалыпта тұрады, соны айтқаны.
  - Ақын биік жерді іздегенін айтқаны.
  - Надандарға сөзі өтпей, оларды өзгерте алмағанда айтылады.

- 2) Басы-көзі қан боп,  
Арқа-басы шаң боп  
Және тұрып жылпылдап.  
Жығылып тұрып,  
Буыны құрып,  
Тағы қуып, салпылдап.  
Абұйыр қайда, ар қайда?  
Өз басыңа не пайда?

*Сұрақ:* Өз сөзінің синонимі қандай?

- Өз басыңа дегені өз басыңа дегені болу керек.
  - Өз араб тілінен енген сөз, ол қадірлі, сыйлы деген мағынаны білдіреді.
  - Өрқайсыңа деген мағынада айтылуы мүмкін.
  - Ұят қайда дегені болуы мүмкін.
- 3) Қайратым мәлім, –  
Келмейді өлім,  
Мақсат алыс, өмір – шақ.  
Өткен соң базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр қожақ?

*Сұрақ:* Осы үзіндіде айтылған шақ және қожақ сөздері нені білдіреді?  
Олар бір-бірімен байланысты ма?

- Шақ деп мезгілді білдіреді, қожақ кір деген сөз.
- Өмір шақ – өлшеулі ғұмыр, ал қожақ сөзі кір-қожалақ деген мағына үшін айтылған.
- Өмір шақ, өйткені өлшеулі ғұмыр, ал қожақ тек ұйқас үшін алынған.
- Өмір шақтап беріледі, яғни өлшеулі ғұмыр, ал қожақ қожақтап, қоқаңдап, шошаңдап дегендей мағына үшін алынған.



Ғаламтордан Абай Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» әнін тыңдаңдар.



## ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
 Жақсы менен жаманды айырмадың,  
 Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.  
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
 Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
 Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.  
 Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,  
 Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.  
 Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
 Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?  
 Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
 Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұлтың,  
 Оның да алған жоқ па Құдай құлқын?  
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
 Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
 Баста ми, қолда малға талас қылған,  
 Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.  
 Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
 Өр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
 Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
 Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың.  
 Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,  
 Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың,  
 Ұғындырар кісіге кез келгенде,  
 Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?



1. Өлеңдегі жинақты бейне кім?
2. Ақын феодалдық дәуірге тән соншама кемшіліктерді неге тізіп айтады? Оларды түзету жолдары қандай?



1. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің идеясы қандай?
2. Абай неліктен «Қалың елім, қазағым» деп қинала сөйлейді?



1. Осы өлеңді оқығанда біздің жадымызда ұялап қалатын қандай сөздер бар?
2. *Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың,* – деген жолдардағы айтылған ойға көзқарасың қандай? Ақын кейіпкерінің күндіз күлкі, түнде ұйқысының бұзылу себебі неде?
3. Өз таңдауларың бойынша Абай өлеңдерін жаттап алыңдар.



1. Ақын халықтың қандай мінезді болуын тілейді?

Ақын кейіпкерінің  
сыртқы бейнесі

Ұқсастықтары мен  
айырмашылықтары

Кейіпкердің  
ішкі әлемі

2. Өлеңдегі көркемдегіш сөздерді теріп жазыңдар. Олар өлеңде қандай қызмет атқарып тұр?
3. Ақынның «өз қолыңнан ырқың кеткен соң, өздеріңді түзелер дей алмаймын» деп күмәндануының себебін түсіндіріңдер.
4. Өлең тармақтарындағы *бұртың, қылпың, жыртың* деген сөздердің қолданылу ерекшелігіне назар аударыңдар.
5. Өлеңдегі көтерілген мәселеге талдау жасау арқылы өңгіме жазып көріңдер.



1. Өлеңдегі «Бас-басына би болған өңкей қиқым» деген сөздің мағынасын анықтап, қандай жағдайда қолдануға болатынын ойлаңдар. Қазіргі заманда мұндай сөз айтылуы мүмкін бе? Осы сұрақтар бойынша ой жинақтап, пікірлесу ұйымдастырыңдар.

2. Абай сынаған бұрынғы заман адамы мен бүгінгі заман адамдарын салыстырыңдар.

Бұрынғы заман  
адамы

Ұқсастықтары мен  
айырмашылықтары

Бүгінгі заман  
адамы



1. Абайдың ойларының бүгінгі күнгі өзектілігі қандай?
2. Абай неге «Менің де күнім күн емес» деп мұңаяды?
3. «Менің елім, қазағым» деген тақырыпта өдеби эссе жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.

*Сұрақ:* аузымен орақ ору деп нені айтады?

- a) Өз сөзінен қайтпайтын адамды айтқаны.
- b) Көп сөйлеп, бірақ түк шаруа бітірмейтін адамды айтқаны.
- c) Мақалдап сөйлейтін адамды айтқаны.
- d) Тура сөзді, өткір айтатын адамды айтқаны.

- 2) Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

*Сұрақ:* Осы үзіндідегі қиқым сөзі нені білдіреді?

- a) Қиқым – матаның ұсақ бөлшегі.
- b) Өңкей қиқым – матаның майда бөлшегі.
- c) Қиқым қоқым деген сөзді білдіреді.
- d) Өркім өз-өзін бастық сияқты сезінеді, бірақ олар, шын мәнінде, ұсақ адамдар дегені.

- 3) Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың,  
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
Өр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?

*Сұрақ:* Шырқың, қыртың деген сөздердің синонимдерін анықтаңдар.

- a) Шырқың кетті – берекең кетті, қыртың – қырт, мылжың.
- b) Шырқың түрің бұзылды дегені, қыртың – ауруың дегені.
- c) Шырқың – сөзің, қыртың – қырық дегені.
- d) Шырқың шамаң бұзылды дегені, қыртың қисық дегені болуы мүмкін.

## ЛАЙ СУҒА МАЙ БІТПЕС ҚОЙ ӨТКЕНГЕ

Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап, дөметкенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе Тәңірім саған өзге туыс?  
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.  
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы  
Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?

Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,  
Өзіне құмар қылған оның өмірі.  
Халлаққам мақлұқ ақылы жете алмайды,  
Оймен білген нәрсенің бөрі – дәһрі.

Өзгені ақыл ойға қондырады,  
Біле алмай бір Тәңіріні болдырады.  
Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,  
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек, шүбөлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халық қылған ол лә мөкан  
Түп иесін көксемей бола ма екен?  
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,  
Иілтiп, екі басын ұстаған Хақ.  
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.



## СӨЗДІК

Дәһрі (араб) – сенімсіз, күдікті, дінсіз деген мағынада.

Лә мәкан (араб) – мекенсіз, тұрағы жоқ.

Халлаққам (араб) – Жаратушы.



1. Бұл өлеңнен не түсіндіңдер? Өлеңнің мазмұны не туралы?
2. «Лай суға май бітпес қой өткенге...» өлеңі қалай жазылды, не себеп болды?



1. Өлең неге «Лай суға май бітпес қой өткенге...» деп аталған?
2. Өлеңде ақынның ішкі сезім сыры, сенім-нанымы қалай суреттелген?
3. «Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» деген жолдарда қандай кеңес береді?



1. Бұл өлеңнің Өбдірахман өлімімен қандай байланысы бар?
2. Бұл өлеңдегі автордың Құдайға, дінге, өмірге көзқарасы қандай? Діни сөздердің қолданылуына назар аударыңдар.



1. Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің идеялық-мазмұндық, тарихи құндылығы мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
2. Ақынның Өбдірахманның қазасына арнаған өлеңдерін оқып, «Лай суға май бітпес қой өткенге...» шығармасы бойынша ортақ ойларды тауып, көркемдік құралдарды анықтаңдар.



1. Ақын неге «берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп мұңданады? Ақын неге көңілінің жайлауынан ел көшкендей болып құлазиды?
2. Абайдың осы өлеңінде айтылған ойлардың Ясауидің көзқарастарымен қандай сәйкестіктері бар?
3. Бұл өлеңнен ұлттың қандай бейнесі көрінеді?
4. Бұл өлеңдегі толғандырған мәселелер сендерге қандай ой туғызады?



1. *Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел көшкен бе?*  
Бұл шумақтардағы айтылған ойларға өз көзқарастарыңды білдіріңдер.
2. «Абай өлеңдерінің халықтық сипаты» деген тақырыпта сыни пікірлесу ұйымдастырыңдар.



### *Оқу сауаттылығы*

- 1) Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап, дөметкенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?  
*Сұрақ:* Лай суға май бітпес қой өткенге деген нені білдіреді?  
  - a) Лай – таза емес, былғаныш су, сондықтан оған май тұрмайды деген.
  - b) Лай – таза су емес, одан қой өтпейді, сондықтан лай және май сөздері ұйқас үшін ғана алынған.
  - c) Лай суға май бітпейді, өйткені лай – таза емес, ал май – құнарлылықтың бір белгісі. Лас жерде құнарлы ештеңе болмайды деп, ақын өзінің көңіл күйін бейнелі жеткізген.
  - d) Лай су – тұнық су, май бітпейді, өйткені судың бетіне май тұрмайды, ол ерімейді, соны айтқаны.
  
- 2) Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай, қоя алмаймын.  
*Сұрақ:* Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын деп, нені айтқан?  
  - a) Шек – шегара, көңілге шегара қоймайды.
  - b) Шек шектеу деген мағынаны білдіреді.
  - c) Шек таразыға салып өлшеу деген оймен үндес.
  - d) Шек келтірмеу – күмән келтірмеу, шүбәлі оймен үндес, күдік келтірмеу туралы айтқаны.



## Артық болмас білгенің

«Абай» энциклопедиясы – елімізде тұңғыш жарық көрген атаулы энциклопедия 1995 жылы «Қазақ энциклопедиясы» мен «Атамұра» баспаларының ұйымдастыруымен шықты. Бұл басылымда ақын шығармалары; ол шығармалардағы кейіпкерлер; Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар, Абай өскен орта, ақын шығармалары жарық көрген басылымдар, географиялық атаулар, т.б. жан-жақты мәліметтер қамтылған.

Бүгінде Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев, т.б. жарық көрген арнаулы энциклопедиялар қазақтың даңқты тұлғаларын танытуда маңызды.



## Сұталқы

### АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫН ӨЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ТҮЛҒАЛАР

Үшеуінің де есімдері қазақ тарихы мен мәдениетіне мәңгіге жазылған. Абай Құнанбайұлын танытуға және насихаттауға үшеуінің де еңбегі зор. Суреттерде бейнеленген тұлғаларды анықтап, оларды өмір сүрген жылдары бойынша сәйкестендіріп, «Қазақ әдебиеті» мен «Қазақстан тарихы» бойынша алған білімдеріңді ортаға салыңдар.



1. ... (1870–1937)
2. ... (1873–1938)
3. ... (1897–1961)

## ҚАРАСӨЗДЕР

Абай Құнанбайұлының қарасөздері 1890–1898 жылдары жазылған.

Бұл қарасөздердің жалпы саны – қырық бес. Айтар ойдың ширақ болуына қарай олар көлем жағынан бірдей емес. Сондай-ақ жанры жағынан алғанда, өңгіме, повесть не роман емес. Бұл қарасөздер – ұлы Абайдың өзі тапқан көркем прозаның ерекше түрі. Оларда айтылатын өңгімелерде сюжет жоқ, бірақ көркем ойды ұлылықпен жеткізе білген. Бұлардың бәрін Абай Құнанбайұлы өз халқымен оңаша сөйлесіп отырғандай, сырласқандай етіп жазғандықтан, әр қарасөзінің маңызы зор. Өйткені бұл қарасөздерде бүкіл халыққа ортақ асыл ойлар жазылған.

Қарасөз – бұл жай, қарапайым, қарабайыр деген емес, қазақта қара сөзі екі сипатта айтылатынын ескергенде, Абай Құнанбайұлының қарасөзі қара шаңырақ сөзіндегі қара сөзіне берілетін үлкен деген мағынамен астарлас, мазмұндас екені белгілі болады. Абай Құнанбайұлының әр сөзіндегі халыққа деген жанашырлық, ақыл – осының бәрі бұл қарасөздердің даналықпен жазылғанын мойындатады.

Абай Құнанбайұлының қарасөздері Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жетті.

### ОН ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗ ТУРАЛЫ

Абай Құнанбайұлының өмірлік ұстанған бағыты – адамгершілікке, білімге үндеу, адалдыққа баулу. Ол өз ойын бейнелі, көркем әдіспен жеткізу үшін адамның жақсы қасиеттері – қайрат, ақыл, жүрек – үшеуін айтыстырып, ғылымның алдына төрелікке келгендей етіп жазған. Адам өмірінде жетістіктерге қол жеткізгісі келсе, міндетті түрде қайрат керек. Қайратсыз адам – күш-жігерсіз адам, ол ештеңеге қол жеткізе алмайды. Ал ақыл болмаса, адам жақсы мен жаманды, зиянды мен пайдалыны қалай айырмақшы, ендеше адам үшін ақыл да маңызды. Ақылсыз адамға білім-ғылым дарымайды. Бірақ жүрек соқпаса, адам өмір сүре алмайды. Адамға ар-ұятты танытатын – жүрек. Адам жүрек қалауын таңдайды. Сол таңдауы мақсатын орындау керек, сол үшін қайрат керек. Сол қайрат белгілі бір мақсатқа бағытталуы керек, сонда ақыл да өз пайдасын береді. Осындай бір-біріне байланыстылық болғанын ақын көрнекті оймен мағыналы жеткізген. Бұл үшеуін айтыстырғандай етіп жазған ақынның айтары – қайрат, ақыл, жүрек – үшеуінің бірлігі, ынтымағы болуы керек.



## ОН ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз көмелетке жетпейтұғынын; өуел, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкөрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті. Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында, қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен, өділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан Тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені,

сенгені – сен; екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, өмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

– Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді.

Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпыңа өрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.



## СӨЗДІК

**Нәфсі** (арабша) – 1) жан, рух; 2) тілек, нәпсі; 3) адам; 4) мағына, мазмұн.



1. «Он жетінші қарасөзінің» негізгі идеясы, ой түйіні неде?
2. Абайдың қарасөздерінің стиліне (тақырыбы, мағынасы, тілі) назар аударыңдар.

<https://www.zharar.com/kz/film/2458-abay.html>



1. Қайрат, ақыл, жүрек не жөнінде таласты? Олардың әрқайсысы өз істерін қалай дәлелдеді? Олар неге ғылымға жүгінді? Ғылымның пікірімен келісесіңдер ме? Егер сен ғылымның орнында болсаң, қандай төрелік айтар едің?
2. Абай неге адамның көп қасиеттерінің ішінен тек қайрат, ақыл, жүрек – үшеуін ғана таңдап алған? Сендердің бойларыңда осы сипаттар табыла ма? Оны дамыту үшін неге сүйенесіңдер?



1. Ақыл, қайрат, жүрек сөздеріне өздеріңше түсінік беріп көріңдер.
2. «Ақыл», «Қайрат», «Жүрек», «Ғылым» топтарына бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.



I топ: Шығарма мазмұнын рөлдерге бөліп, қысқаша баяндаңдар.

II топ: Мінездеме беріңдер:

Ақыл	Қайрат	Жүрек	Ғылым

III топ: Шығармаға сатылай кешенді талдау жасаңдар.

IV топ: Өңгіме оқиғасын өмірмен байланыстырыңдар.



1. «Ғақлия», «Ғибадат», «ахирет», «нәфсі» сөздерінің анықтамасын сөздіктен тауып, мағынасын анықтаңдар.
2. Абайдың «Он жетінші қарасөзіне» қандай тақырып қояр едіңдер?



1. «Он жетінші қарасөзін» қай өлеңімен үндестірер едің?
2. Абайдың «Он жетінші қарасөзіндегі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылым туралы ойларын бұған дейінгі шығармаларында айтқан ойларымен салыстырыңдар.

Ақыл	Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек.	...
Қайрат	Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға да, қуғанға.	...
Жүрек	Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.	...
Ғылым	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба.	...



1. «Он жетінші қарасөзде» ғылым соңғы сөзді айтып, шешім шығарғанда неге кітаптың айтқан сөзіне сүйенеді?

2. Абайдың қарасөздерінің негізінде өздеріңнің бір қарасөздеріңді жазып көріңдер.
3. Сыныпта қайрат, ақыл, жүрек және ғылым рөлінде оқушыларды сөйлетіп, олармен сұхбаттасу ұйымдастырыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында, қор болады.

*Сұрақ:* Рақым деген не?

- a) Пайғамбардың аты болуы мүмкін.
- b) Өулиенің аты болуы мүмкін.
- c) Араб тілінен енген сөз, түсініксіз.
- d) Мейірім, шапағат, қайырым.

- 2) – Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан Тәңірі де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады.

*Сұрақ:* Абай Құнанбайұлы амал да, айла деп, неге екі бөлек нәрсе сияқты айтқан?

- a) Айла деген сөз де, амал деген сөз де бір мағынаны береді.
- b) Айлакер деген сөзбен алып қарағанда, айла амалдан бөлек, бірақ бір сөз ретінде де қолдануға болатын сияқты.
- c) Амалын тапты деген сөз бар, ал айласын тапты дегенде, сәл басқаша мағына шығады, демек бұл сөздер бір мәнде емес. Амалын тапты – жолын тапты, бұл қолданыста қулық жоқ дегенді білдіреді. Ал айламен жол тапты дегенде, қулық іске қосылған. Екі сөздің айырмасы осылай анықталады.
- d) Тәсіл деген бір мағынаны береді. Бірақ не үшін жеке айтқанын түсіну қиын.

- 3) Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол.

*Сұрақ:* «Табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол» деген сөздердің мағынасы қандай?

- a) Топырақпен көз сүртпейді, сондықтан қате айтылған.
- b) Топырақты жалаң аяқ баспайды, қате айтылған.
- c) Бұрынғы заманда әулие немесе ерекше қадірлеген адамдардың, туыстардың аяғы тиген жерлер де қасиетті деп ойлаған. Сондықтан ғылым айтқан жақсы қасиеттерді бойына жинаған адамның әр ісі үлгілі, Абай Құнанбайұлы бейнелі түрде осылай айтқан.
- d) Табанда топырақ болмайды, қате айтылған.

## ОТЫЗ ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ ТУРАЛЫ

Отыз екінші сөз отыз бірінші қарасөздің жалғасы сияқты жазылған. Отыз бірінші қарасөз – ақынның педагогтік, ұстаздық ойларының жемісі. Отыз бірінші сөзде естіп білгенді есте сақтау тәсілдерін санамалап көрсетеді. Ал отыз екінші сөзде шын мерейленіп, ықылас-жігерін арнаған адам ғана ғылымға жетеді, кейін сол еңбегінің рақатын көретінін жазған. Мұнда да ғылым-білім үйренудегі талаптарды санамалап көрсетеді. Анық мақсат, ойласа білу, пікірлесе білу, уайымсыз салғырттықтан ада болу, ғылым-ақылды сақтайтын мінез болуы керек деп, нақты атаған.

Абай Құнанбайұлының отыз екінші қарасөзі алғаш рет ақынның толық шығармалар жинағында жарық көрді.

## ОТЫЗ ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуелі – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил болады. Сол рақат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірлен-

се, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бақасқа бола үйренбе, азырақ бақас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бақас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бақасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бақас қылмайды, жеңбек үшін бақас қылады. Ондай бақас хүсідшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды. Бәлкім азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бақас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хүсідшілік бойын жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең де, айрылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза, екіншісі – мұхафаза. Бұл екі қуатты зорайту жәһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе! Әуелі – Құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны ол. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!



## СӨЗДІК

**Бақас** – бәсекелес, бақталас.

**Ғурур** (араб) – менмендік, ірілік.

**Жәһат** (араб) – күш жұмсау, тырысу, талап қылу.

**Хұзур хасил** – тыныштық, рақатшылық; келген, оралған, нәтиже.

**Хүсідшілік** (араб) – күндеу, күндеушілік, іштарлық.

**Хирслану** (араб) – ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу.

**Мұлахаза** (араб) – ойласу, пікір алысу.

**Мұхафаза** (араб) – сақтау, қорғау.

**Жәһат** (араб) – барлық күшті жұмсау, тырысу.

**Зинһар** (араб) – қалайда, әйтеуір.



1. Абай Құнанбайұлы жазған қарасөз қай жанрға тиесілі? Бұл қарасөздердің ерекшелігі, сипаты не?
2. Абай Құнанбайұлының қарасөзі қанша? Олар бізге қалай жетті?
3. Абай өнерлі адамдарды кімдер деп санайды?
4. Абай нені білу керек дейді?



1. Ғылым-білім үйренуге Абай қандай шарттар қояды?
2. «Отыз екінші қарасөзді» жазудағы мақсат не? Қандай ақыл айтылған?



1. 6-сыныпта Абай Құнанбайұлының қай қарасөздерін оқыдыңдар, еске түсіріңдер.
2. Хрестоматиядан Абай Құнанбайұлының «Отыз үшінші қарасөзін» оқып, оның «Отыз екінші қарасөзбен» байланыстылығына мән беріңдер.
3. Заман өткен сайын адамның адамшылығы түзеліп бара ма, әлде бұзылып бара жатыр ма? Біз бойымызда қандай асыл қасиеттерді дамыттық, керісінше қандай асыл қасиеттерді жойдық?

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім

4. Абайдың қарасөздеріне тақырыптық тұрғыда талдау жасаңдар.
5. Ақынның қандай ой түйіндері мен нақыл сөздері өздеріңе ерекше ұнады?



1. Абай Құнанбайұлының қарасөздеріне идеялық-мазмұндық, тарихи құндылық көркемдік ерекшелігіне талдау жасаңдар.
2. Абайдың білім-ғылымды үйренуге қоятын талаптарына талдау жасап, кестені толтырыңдар.

Талаптар	Талдау
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	

3. Білім-ғылымды тез үйренудің жолы қандай?
4. Бесінші талапта айтылған төрт кесел қандай? Олар қай қарасөзде айтылған?



1. Абай Құнанбайұлының қара сөздерді жазғандағы негізгі мақсаты қандай? Оларды тақырыптық-мазмұндық тұрғыда қалай топтастыруға болады?
2. «Отыз екінші қарасөздегі» «Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» деген сөзге қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Бұл сөз жастар үшін қаншалықты маңызды екенін айтып, сыныпта пікірталас (дебат) ұйымдастырыңдар.
3. Абайдың «Отыз екінші қарасөзінің» маңызы қандай?
4. Абай қарасөздеріндегі философиялық ойлар, оның ұлттық дүниетанымымен сәйкестігі туралы айтыңдар.



1. Абайдың қарасөздерінің тәлім-тәрбиелік сипаты қандай? Қарасөздерінің тәрбиелік мәні неде деп ойлайсыңдар? Абайдың қарасөздерінен қандай тәлімдік ой түйдіңдер?
2. Абайдың қарасөздеріндегі ақыл-өнеге, өсиет, адамгершілік мәселелерінің оның өлеңдерімен үндестігі жөнінде әңгімелендер.
3. «Абайдың даналық сөзі – ақылдың көзі» деген тақырыпта ойтолғау жазыңдар.





## Оқу сауаттылығы

1) Өуелі – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп, іздемекке керек. Оны үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет деп білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил болады.

*Сурақ:* «Бір ғана білмектіктің өзін дәулет деп білсең» дегендегі дәулет сөзі нені білдіреді?

- a) Дәулет – байлық, қазына. Білмектік деген сөзбен қатысы жоқ.
- b) Дәулет – ырыс, олжа, сондықтан білмеген бір нәрсені біліп алсаң, ол саған пайда, олжа деген мағынада айтылған.
- c) Білмектік – білмеу деген сөз, дәулет деген сөзбен байланысы жоқ.
- d) Дәулет – адам аты.

2) Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады.

*Сурақ:* Осы үзіндіде айтылған дін көңілің деген қолданыстың дәстүрлі дінге қатысы бар ма?

- a) Көңілің ислам дінінен басқада болса дегені.
- b) Дінді сақта дегені.
- c) Көңіліңде дін болсын дегені.
- d) Шын ынта-ықылас қойған көңілің дегені.

3) Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!

*Сурақ:* «Садаға кеткір!» деген қолданыс жарамады, татымады деген мағынаны білдіреді, осыны ескеріп, Абай Құнанбайұлының сөзінің мәнін анықтаңдар. Тура жолдағы жүз адамды шатастырушы жақсы ма, әлде бір қисық ойдағы адамды түзеткен адам жақсы ма?

- a) Жүз кісіні шатастырған адамға деген ренішпен айтылған, яғни ол бір адам болса да, теріс жолдағыны түзеткен адамға татымайды.
- b) «Садаға кеткір!» құрбандық шалуға байланысты, сондықтан бұл жағдайда адамның қатысы жоқ.
- c) «Садаға кетсін» деген жай айтылған сөз.
- d) Әркім өз ойындағысымен жүреді, сондықтан еш қатысы жоқ сияқты.

## ПОЭМА

### «МАСҒҰТ» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ

Абай Құнанбайұлының бұл поэмасы 1887 жылы жазылған. Өрқайсысы төрт тармақты қырық төрт шумақтан тұрады. Поэманың сюжеті шығыстан алынған. Абай Құнанбайұлы оқыған, білген шығармаларын өзі ұнатуына қарай халыққа ой салу, ақылға, білімге, адамгершілікке шақыру мақсатына орайластыра білген. Оқиға араб елінде болған деп баяндалса да, Абай Құнанбайұлының мақсаты – арабтардың тарихын, мәдениетін насихаттау емес, кейіпкер Масғұт арқылы өнеге көрсету.

Абай Құнанбайұлы бұл поэмасын Нарун ар-Рашид есімімен бастайды, осы арқылы бұл шығарманың мазмұны «Мың бір түн» ертегісінен алынғанын байқатады. Академик С.А. Қасқабасов ақынның шығыс сюжетін білгенін және сонымен бірге орыс жазушысы Иван Тургеневтің «Восточная легенда» шығармасын оқығанын анықтаған. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлы «Масғұтты» аударма түрінде емес, өзіндік жаңа мазмұндағы авторлық шығарма деңгейінде ұсынғанын дәлелдеген. Өйткені поэманың көркемдік шешімі Абай Құнанбайұлында өзіндік ойымен дара. Қызыл жеміс алған Масғұт айтқан әңгімеде әйелге деген құрмет, сыйластық бар, әйел – ана, қарындас, апа, өпке. Ғалым: «Абай Масғұтқа риза емес. Ол қолында бар зор мүмкіндікті дұрыс пайдалана білмейді, ешнәрсенің парқына бармайды, ақылға салмай, өмірдің ағымымен жүре береді. Тіпті, өз бетімен ештеңе істемейді: біресе Қыдырдың айтуымен жүреді, біресе халифтің айтқанын істейді, біресе көптің ырқына көнеді. Абай мұндайға қарсы. Сол үшін де ол поэмасын «Ғапіл боп, көп нәрседен құр қаласың, аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең» деген оймен аяқтайды»<sup>1</sup>, – деген. Сондықтан қазақ ақыны араб ертегісін, нақты айтқанда, шығыс әдебиетін жақсы білген және оны қазақ дүниетанымына лайықтап ұсына білген.

Поэма 11 буынды жолдардан құралып, қазақ үлгісіндегі шығарма ретінде жазылған.

«Ескендір» (жазылған жылы белгісіз), «Масғұт» – екі поэма да алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта басылды.

<sup>1</sup> Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002, 569-бет.

**МАСҒҰТ***(поэма)*

Я, Алла, құрметіне достың Махмұт,  
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт.  
Нарун-Рашид халифа заманында  
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,  
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?  
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде  
Кез болды бір бишара шал байғұсқа.

Шал байғұс айғайлады аттан салып,  
Айырып алған жан жоқ оны барып.  
Кім де болса, бір ерлік қылайын деп,  
Масғұт ұшты ұрыға оңдайланып.

Масғұтты ұры шапты қылышпенен,  
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.  
Есен-аман шал-дағы құтылыпты,  
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп,  
Көрсен, бастан ағып тұр қан дірдектеп.  
Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші,  
Жігіт қой ер көкірек, жаужүрек деп:

– Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,  
Көргейсің ерлігіңнің берекесін.  
Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,  
Маған қылған қарызыңды Алла өтесін!

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,  
Атақты артық туған жан емеспін.  
Себеп болып айырдың мені ажалдан,  
Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен – бір шал дүниеде жиһан кезген,  
 Ертең түсте кетемін шаһаріңізден.  
 Ертерек пәлен жерден тосып тұрып,  
 Алып қал бір базарлық, жаным, бізден.

Пұл үшін қызықпассың, сен де – бір ер,  
 Сені маған кез кылған пәруардигер.  
 Бір құданың хақы үшін мен тілеймін,  
 Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!

– Ұрыға жібермедім мен намысты,  
 Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі.  
 Алла хақы деген соң амал да жоқ,  
 Барайын, – деп, уәде етіп, қол қағысты.

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,  
 Шал да душар алдынан бола қалды.  
 Қолынан ұстап алып, ертіп барып,  
 Далада бір бұзылған тамға апарды.

Барса, тамда бір гүл тұр солқылдаған,  
 Басында үш жеміс бар былқылдаған:  
 Бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – сары,  
 – Таңдап ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,  
 Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,  
 Егерде қызыл жеміс алып жесең,  
 Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды,  
 Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.  
 Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,  
 Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

– Мен беремін, танбаймын айта тұра,  
 Өкінбесең түбінде жүре-бара.

Ақ пен сары екеуін алмағаның  
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

– Мен болсам егер ағын жемек дедім,  
Ақылды болдым елден бөлек дедім.  
Мен ақылды билемен не қылсам да,  
Ақыл мені билесе керек дедім.

Ақылды жан табылмас маған сырлас,  
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.  
Өділетсіз, ақылсыз, арсыздарды  
Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас.

Адам дертті болмай ма құса тартып,  
Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып.  
Ештеп бағып, есерге ем таба алмай,  
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,  
Аузында тамам жанның болдым сөзі.  
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,  
Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,  
Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.  
Не қылса да, надандар алмақты ойлар,  
Мал, антұрған, күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәметпек – қайыршылық,  
Ақылды ерге ар болар ондай қылық.  
Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма?  
Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсең, қалар оларда несі ардың?  
Бермесең, сен-дағы ит бірге болдың.  
Не өзің ит немесе бар елің ит,  
Дауасыз бір пөлеге, міне, қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,  
 Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?  
 Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,  
 Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,  
 Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?  
 Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,  
 Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде, адам басы сау бола ма?  
 Бойында тексерілмес дау бола ма?  
 Ері ашу айтса, әйелі басу айтып  
 Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,  
 Берсеңіз, жемек болып бел байладым.  
 Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,  
 Басында-ақ ойлап тегін абайладым.

Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:  
 – Ендеше тауып айттың, же, шырағым.  
 Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен,  
 Өміріңмен артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр еді,  
 Ебін тауып даруға кезі келді.  
 Сөзіне, ақылына, қылығына  
 Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,  
 Соңында Шәмсі-жиһан атаныпты.  
 Мағынасы: «Бұл дүниенің күні» деген,  
 Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,  
 Жалғанның дәмін бұзып, қауіп қылғызған.

Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,  
Арашашы іздепті қатын, қыздан.

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?  
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Өйтпесе, тұрмас едім осы маңда.

Сол Масғұт халифаға уәзір бопты,  
Тарқатыпты алдынан көп пен топты.  
Бағанағы Қыдыр шал бір уақытта  
Түсіне аян беріп жолығыпты.

– Ей, балам, пәлен күні жауын жауар,  
Сол жауынның суында кесапат бар:  
Жеті күн жынды болар суын ішкен,  
Жеті күн өткеннен соң және оңалар.

Ол судан тамам суға су құйылар,  
Сел болып, судың бәрі кесел болар.  
Ертерек таза судан су жиып ал,  
Бұл – хабарым, сақтансаң, жаным, жарар.

Бұл сөзбен халифаға Масғұт барды,  
Хабарын естіген соң, хан да аңғарды.  
Айтқан кезі жақындап келген шақта,  
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн, жауын жауды,  
Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды.  
Күні-түні шуласып, таласады,  
Ұмытты тамақ жеу мен және ұйықтауды.

Бұлар шулап бір күні келді ордаға,  
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.  
Бәрі де есі шығып, жынды болған,  
Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға.

Ол халқының алдына жақын барды  
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды.  
– Бір кеселге, байғұстар, жолығыпсың,  
Үйіңе бар, ұйықтаңдар! – деп шығарды.

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,  
Көшеде шулап және жылаған көп:  
– Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,  
Өлтірейік екеуін, жынды екен, – деп

Өлтіргелі ордаға қайта жүрді,  
Бұлардың сөзін естіп, хан да көрді:  
– Бұрынғыдан мұнысы қиын болды,  
Ойбай, уәзір, ақыл тап, қайттік? – деді.

– Құтылар хал болмады мына дудан,  
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.  
Өлтірер өңкей жынды бізді келіп,  
Жынды деп есі дұрыс бізді қуған.

Екеуі жынды судан ішіп салды,  
Құтырып көп алдына жетіп барды.  
Өңкей жынды байқамай айтыпшыз деп,  
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды.

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,  
Өйтеуір, тарқайтұғын уақыт жетті.  
Көрдің бе көп тентектің қылған ісін –  
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай, мисал етсең,  
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең.  
Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың,  
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең.





## СӨЗДІК

**Ғапіл** (араб) – жайбарақат, аңқау, қапы қалу, қателік, опық жеу.

**Даруға** (моңғол) – билеуші, басқарушы.

**Қыдыр** – діни ұғым бойынша, керемет иесі, мәңгі өлмейтін жан.

**Мисал етсең** – мысалға алсаң деген мағынада айтылған.

**Пәруардигер** (парсы) – Құдай, Тәңірі.

**Топа-торсақ** – тектен-тек, бекер, босқа.

**Халифа** (араб) – мирасқор, билеуші.

**Шырыш** – тыныштық, ынтымақ

**Уәзір** (арабша) – шағын елдердегі патша, шаһ, хан, сұлтан сияқты мемлекет басшыларының ақылдас адамы, солардың белгілі бір ісін басқаратын адам.

**Яр** (татар) – жар бола гөр мағынасында айтылған.

### **Адам аттары:**

**Махмұт** – Мұхаммед пайғамбардың лақап аты.

Халқымыз Аллаға сиынып, құрметтейді, сондықтан ешкім өз баласына оның атын қоймайды. Бірақ оның өзгертілген түрлері кездеседі, мысалы, Абдолла. Сол сияқты Мұхаммед пайғамбардың да атын көп айта бермеуді ойлаған. Азан шақырып қойылған Мұхаммед деген есімдер кейін өзгеріске түскен. Мәселен, Махамбет батырдың шын есімі – Мұхаммед. Уақыт өте келе, ол Мұхаммед Махамбетке ауысқан. Махмұт деген де осы жолмен пайда болған.

**Һарун-Рашид** (763/766– 809) – Аббас әулетінен шыққан халиф (786 жылдан бастап). Ол билік еткен кезде халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнері, сауда жақсы дамыған.

**Шәмсі-жиһан** – лауазым не қызмет аты емес, ақын «Бұл дүниенің күні» деген мағынада қабылдау керектігін жазған, яғни Масғұттың дүние қызығын көріп жүрген адам деңгейіне жеткенін (жиһан сөзіне де мән беру керек) айту үшін қолданған.

## *Әдебиет теориясы*

**Нәзира, нәзирагөйлік** (араб тілінен – жауап, ұқсау мағынасында) – Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби дәстүр.

Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буын, тағы бір ақын қайталайтын дәстүр болған. Мысалы, «Жүсіп – Зылиха», «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын», «Ескендір» тақырыбын бірі-

нен соң бірі қайталап жазған классиктер бар. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғы ақынның жазғанын қайталамайды, ол баяндаған негізгі оқиғаны сюжет желісі етсе де, өз еркімен өзгертіп, тың дүние ұсынады. Сол себепті бір тақырыптың әр ақында қайталануы аударма деп қабылданбауы тиіс. Шығыс поэзиясы бұған «нәзира» деген атау берген.

Абай Құнанбайұлының поэмалары осы нәзира дәстүрімен өмірге келген. Ол шығыс халықтарының аңыздарынан тараған «Масғұтты» да, өзге ұлттың ақындары жырлаған «Ескендірді» де жақсы білген. Бірақ оларды қайталамай, өз халқына маңызды болатындай етіп ұсынған.

**Поэма** (грек. poіema – туынды, шығарма деген мағынада) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма.

Абай Құнанбайұлының үш поэмасы бар. «Ескендір», «Масғұт» және «Өзім өңгімесі». Ақынның үшінші поэмасы аяқталмай қалған.



1. Абай Құнанбайұлының қандай поэмалары бар?
2. «Ескендір» және «Масғұт» поэмаларындағы сюжеттің түпкі негіздері туралы не білесіңдер?
3. «Масғұт» поэмасының оқиғасын екі бөлікке бөліп, тақырып қойыңдар.



1. Хрестоматиядан «Ескендір» поэмасын оқыңдар.
2. Поэманың өлеңнен айырмашылығы неде?
3. Шығыс сюжеті дегенді қалай түсінесіңдер? Оны Абай Құнанбайұлының поэмалары негізінде түсіндіріңдер.
4. Абай Құнанбайұлы «Масғұт» поэмасының сюжетін қайдан білді деп ойлайсыңдар?



1. Поэмадағы үш жемістің қандай қасиеттері бар?
2. Масғұтқа қызыл жемісті таңдатуы арқылы Абайдың қандай көзқарасы байқалады?



1. «Ескендір» поэмасының сюжетін еске түсіріп, «Масғұт» поэмасымен жан-жақты (идеялық, тақырыптық-мазмұндық, сюжет, көркемдік ерекшелік) салыстыру жасаңдар.
2. Поэmanın сюжеттік-композициялық жоспарын құрыңдар.
3. Поэма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.
4. Масғұтқа Абай Құнанбайұлы өз бағасын берді. Ал сендер Масғұтты қандай адам деп ойлайсыңдар?



1. «Масғұт» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығын саралап, тұжырым ретінде жазыңдар.
2. Ақынның жеке басындағы жағдайлар мен Масғұттың іс-әрекетінде қандай ұқсастық, жақындықтар бар?
3. Екі топқа бөлініп, жылдам дебат ұйымдастырыңдар.  
**«Жақтаушылар»:** Ақылға бай, адамгершілігі мол, жақсылық жасай алатын адам, қоғамдағы әйел адамның орнын жоғары бағалайды, ер мен әйел теңдігін жақтайды.  
**«Даттаушылар»:** Өз бетімен ештеңе істемейді, біресе Қыдырдың айтуымен ғана жүреді, біресе халифтің айтқанын ғана істейді, біресе көптің ырқына көнеді.



1. Масғұтқа Абай өз бағасын қалай берді? Сендердің көзқарастарың қандай?
2. «Абай Құнанбайұлының «Масғұт» поэмасының ерекшеліктері» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Бір құданың хақы үшін мен тілеймін,  
Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!  
...Алла хақы деген соң, амал да жоқ,  
Барайын, –деп, уәде етіп, қол қағысты.

**Сұрақ:** Құданың хақы және Алланың хақы деген екі қолданыс бір мағынада айтылған деуге бола ма?

- а) Құда болу деген бар, сондықтан екі сөздің мағынасы бөлек.

- b) Құда хақы Құдайдың хақы деген мағынада айтылған, өйткені адамды да, әлемді де жаратушы Құдай болғандықтан, оны тура, тікелей көп айта бермеген. Сондықтан Құдай хақы және Алланың хақы деген бір мәнде айтылған.
- c) Құдалардың әрқайсысы атқаратын өз міндеттері бар, соны айтқан, Алламен байланыс жоқ.
- d) Алланың хақы деген дұрыс шығар, басқаша болуы мүмкін емес.

2) «Шал да душар алдынан бола қалды».

*Сұрақ:* Бұл сөйлемдегі душар сөзінің мағынасы нені білдіреді?

- a) жолда ауру, науқас кездесті дегені
- b) алдына отырып алды
- c) жолында кез болды дегені
- d) алдына жатып алды

3) Адам дертті болмай ма құса тартып,  
Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып.  
Ештеп бағып, есерге ем таба алмай,  
Төтті тамақ жей алман дәмін татып.

*Сұрақ:* Құса тарту деген не? Оның ұйқыға қандай қатысы болуы мүмкін? Сонда тұщы ұйқы деген қандай? Бұл қолданыстар нені білдіреді?

- a) Құса тарту – уайым, қайғы тарту, ал тұщы ұйқы – аз ұйқы
- b) Құса тарту – беймазалық, сондықтан тұщы ұйқы – ұйқысыздық
- c) Құса – қайғы-қасірет, сондықтан құса тартқан адам тыныш ұйықтай алмайды. «Тұщы ұйқы ұйықтай алмай» деген сөздермен бірге алып қарағанда, құса болған адам тыныш ұйықтай алмайды. Сондықтан тұщы ұйқы ащы дегенге антоним, яғни тыныш ұйқы болып шығады.
- d) уайымсыздық – ұйқының мәні болмай қалғаны



### *Оқушы күнделігі*

*Сендерге Қыдыр ата кез келсе, қандай тілектеріңді айтар едіңдер? Осы кездесу туралы қиялдап, өз ойларыңды, арман, тілектеріңді жазыңдар.*

## I бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

### ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ

1. Абай Құнанбайұлының өлеңдері қай кезге дейін «Көкбай сөздері» деген атаумен жарияланған?
  - A) 1896 жылы
  - B) 1883 жылы
  - C) 1904 жылы
  - D) 1889 жылы
  - E) 1888 жылы
  
2. Абай Құнанбайұлы қай жылдары болыс болған?
  - A) 1875–1878 жж.
  - B) 1876–1878 жж.
  - C) 1888–1904 жж.
  - D) 1845–1904 жж.
  - E) 1898–1904 жж.
  
3. *Біріңді, қазақ, бірің дос,  
Көрмесең – істің бәрі бос.*  
Бұл үзінді Абай Құнанбайұлының қай өлеңінде жазылған?
  - A) «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым»
  - B) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»
  - C) «Сегіз аяқ»
  - D) «Жаздыгүн шілде болғанда»
  - E) «Лай суға май бітпес қой өткенге»
  
4. Абай Құнанбайұлының қай поэмасы аяқталмай қалған?
  - A) «Ескендір»
  - B) «Масфұт»
  - C) «Көзімнің қарасы»
  - D) «Айттым сәлем, Қаламқас»
  - E) «Өзім өңгімесі»
  
5. Абай Құнанбайұлы туралы мақала, кітап жазған, алғаш рет фотосуретін жариялаған тұлғаларды танып, олардың еңбектерімен сәйкестендіріңдер.

- |                       |   |
|-----------------------|---|
| 1) Ахмет Байтұрсынұлы | 1) «Абай жолы» романы   |
| 2) Мұхтар Әуезов      | 2) «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасының» 18-томында «Киргизский край» деген атаумен 1903 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан мақаланы орыс тілінде жазған және фотосын жариялаған. |
| 3) Әлихан Бөкейханов  | 3) «Қазақтың бас ақыны» деген мақаланы «Қазақ» газетінде жариялаған.  |
| 4) Кәкітай Ысқақұлы   | 4) Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы, ақынның тұңғыш жинағын 1909 жылы жарыққа шығарған.   |
| 5) Міржақып Дулатұлы  | 5) «Қазақ» газетіне ақынның қайтыс болғанына он жыл толуына орай мақала жазған.   |

- a) 1-2; 2-3; 3-1; 4-4; 5-5  
 b) 1-3; 2-1; 3-4; 4-5; 5-2  
 c) 1-4; 2-3; 3-2; 4-1; 5-5  
 d) 1-1; 2-2; 3-3; 4-4; 5-5  
 e) 1-3; 2-1; 3-2; 4-4; 5-5

**6. «Ескендір» поэмасы бойынша көп нүктенің орнындағы сөзді табыңдар.**

*Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,*

*Судың басы бір ... кірді.*

A) шаһарға

B) үйге

C) сарайға

D) тауға

E) құзар шатқа

**7. Абай Құнанбайұлының «Ескендір», Масғұт» поэмалары алғаш рет қай жылы жарық көрді?**

A) 1845

B) 1904

C) 1909

D) 1889

E) 1905

8. Абай Құнанбайұлының тұңғыш библиографы кім?

- A) Мүрсейіт Бікеұлы
- B) Көкбай Жанатайұлы
- C) Көкітай Ысқақұлы
- D) Ақылбай Абайұлы
- E) Өбдірахман Абайұлы

9. Абай Құнанбайұлының шығармаларын хронология бойынша сәйкестендіріңдер.

- |         |   |
|---------|---|
| 1) 1886 | A) «Сегіз аяқ»                          |
| 2) 1887 | B) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» |
| 3) 1895 | C) «Лай суға май бітпес қой өткенге»    |
| 4) 1889 | D) «Жаздыгүні шілде болғанда»           |
| 5) 1889 | E) «Масғұт»                             |

- a) 1a, 2b, 3c, 4d, 5e
- b) 1c, 2a, 3b, 4e, 5d
- c) 1b, 2d, 3a, 4c, 5e
- d) 1e, 2a, 3d, 4b, 5e
- e) 1b, 2a, 3c, 4a, 5d

10. «Дала уәлаяты» газетінде Абай Құнанбайұлының өлеңі қай жылы жарық көрді?

- A) 1885 жылы
- B) 1889 жылы
- C) 1883 жылы
- D) 1884 жылы
- E) 1886 жылы

## II бөлім

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ



**Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899–1964)** – қазақтың көрнекті ғалымы, КСРО Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік және тағы да басқа көптеген сыйлықтардың иегері. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті (1946–1952, 1955–1964), Геология институтының негізін қалаушы.

Ол еліміздің жер қойнауы қазба байлыққа толы екенін дәлелдеп, өндіріске қосқан. Сонымен бірге Қаныш Имантайұлы қазақ халқының рухани мұраларын қадірлеген. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов жазып алған «Едіге би» жырымен тығыз байланысты «Ер Едіге» атты екінші мәтінді Қаныш Сәтбаев

1927 жылы Мәскеу қаласынан жариялатқан.

Қаныш Сәтбаев жариялаған бұл жыр нұсқасы «Едіге батыр» атты ғылыми жинақта (Алматы, «Ғылым», 1996) жарық көрді.

Елімізде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атымен қала, көшелер бар. Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына 1999 жылы Қаныш Сәтбаев есімі берілді. Мұның бәрі – елдің құрметі. Өйткені ол қазақтың Қанышы атанған.

**Ғылым күні.** Елімізде Ғылым күні алғаш рет 2012 жылы аталып өтті. Қазақстанда Ғылым күнін тағайындау туралы Жарлыққа Президент Н.Ә. Назарбаев қол қойған болатын. Бұл күннің таңдалып алынуы бекер емес. 12 сәуір қазақтың тұңғыш академигі және Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың туған күні екені ескерілген.





## МЕДЕУ СӘРСЕКЕ (1936 жылы туған)

Медеу Сапаұлы Сәрсеке 1936 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қайнар ауылында дүниеге келген. Ол Қазақ кен-металлургия институтын (қазір Қазақ политехникалық университеті) 1958 жылы бітірген. 1958–1959 жылдары «Жас алаш» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1959–1963-жылдары Семей цемент зауытында мастер, аға диспетчер, өнертапқыштар бюросының бастығы бола жүріп, жазумен айналысқан. Соның нәтижесінде 1963–1965 жылдары «Егеменді Қазақстан» газетінің

Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі, 1965 жылдан Қазақстан жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесінде жауапты хатшы қызметтерін атқарған.

Медеу Сәрсекенің қазақтың тұңғыш академигі, аса көрнекті ғалым, Мемлекеттік және т.б. көптеген сыйлықтардың лауреаты, мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаевтың ғұмырнамасы мен азаматтық қалыптасуын суреттеген «Қаныш Сәтбаев» романы «Өнегелі өмір» сериясы бойынша 1988 жылы жарыққа шықты. Жазушы Қаныш Сәтбаевқа арнап «Қазақтың Қанышы» (1999), «Сәтбаев планетасы» (2004), «Дара дарын» (2008), т.б. шығармалар жазған.

Жазушы өндіріс саласына байланысты білім алған. Өндірісті жақсы білгендіктен, сол саланың адамдары туралы жазуды өзіне парыз санаған. Атап айтқанда, «Жеті жылдықтың жігіттері» (1961), «Қаз қайтқанда» (1968), «Айшықты мезет» (1969) атты деректі повесть жариялады.

Жазушы ел экономикасы үшін ғылымның маңызды екенін түсіне білді. Сол себепті ол тек Қаныш Сәтбаев туралы ғана емес, академик «Ебіней Букетов» (1980, 1989) туралы да жазған. Қазақтың көрнекті тұлғалары болғандықтан, академиктер туралы жазған еңбектері деректі ғұмырнамалық сипатта болады.

Медеу Сәрсекенің бұдан басқа «Ғажайып сәуле» (1959), «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), «Жетінші толқын» (1964), «От және атом» (1965) атты повестері, «Шығыс хикаясы» пьесасы (1971), «Жаңғырық» (1979), «Көмбе» (1985) романдары, т.б. шығармалары бар.

Жазушы «Құрмет» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, т.б. марапатталған. Ал 2018 жылы «Қаныш Сәтбаев» және «Семей қасіреті» атты шығармалары үшін жазушыға «Парасат» ордені тапсырылды.

Жазушы өз шығармаларын жазумен бірге А.Беляевтің «Қос мекенді адам» атты романын қазақ тіліне аударған.

## «ҚАНЫШ СӘТБАЕВ» РОМАН-ЭССЕСІ ТУРАЛЫ

«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі «Оқу жолында», «Үлкен Жезқазған», «Алатау төріне» деп аталған үш бөлімнен тұрады. Өр бөлім кейіпкердің азаматтық қалыптасу жолын кезең-кезеңімен суреттеуге арналған.

Бұл кітап «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көргендіктен, оны жазу үшін автор жиырма жылдан астам уақыт жұмыстанған. Өйткені бұл серия бойынша дайындалатын шығарманың өз мақсаты бар. Ол – елдің мақтанышына айналған көрнекті тұлғаларды ұрпақтарға насихаттау. Сондықтан көрнекті тұлғаның еңбектерін дәйектейтін архивтік құжаттар да, замандастарының естеліктері де қажет. Жазушы бұл орайда алдына қойған мақсатына жеткен, ол Қаныш Имантайұлының өр қадамын мұқият зерделеу үшін атақты ғалымның достарымен, туыстарымен әңгімелесіп, архивтердегі құжаттармен танысқан. Нәтижесінде Қаныш Сәтбаевтың бейнесі ұрпақтарға мәңгі үлгі болатын көркем сапада сомдалған.

Қаныш Сәтбаевтың өмірінің соңғы күндерін айта келіп, оның өріптесі болған ғылым докторы, профессор В.С. Коптев-Дворников: «Ол артына үш түрлі ұлы игілік қалдырып кетті: Жезқазған – бір, Қазақстанның ғылым академиясы – екі, Геологиялық ғылымдар институты – үш... Мұның үшеуінде де ғалым, коммунист, геолог, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев іргесін қалаған жақсы істі әрі қарай дамытуға құлшынған жүздеген адамдар еңбек етеді...», – деп жазған естелігін ұсынған. Мұндай естеліктер бұл романда көп қамтылған, солайша Қаныш Имантайұлының тұлғасы замандастарының сөзімен шынайы сомдалған.

Романды «Сәтбаев планетасы» атты тарау төмамдаған. Жұлдыздар картасында 2402 санға ие «Сәтбаев планетасы» космоста мәңгі шарлап жүр.

Жазушы Қаныш Имантайұлының еңбегін «Ғалымның хаты өшпейді, данышпанның аты өлмейді» деген ұлағатты сөзбен түйіндеп, оны Шоқан, Абай, Мұхтар сынды алыптармен қатар қойған. Ардақты тұлғаға халықтың да берген бағасы – осы.

Жақында «Фолиант» баспасынан Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» атты роман-эссесі үш тілде, яғни қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бір кітап болып жарық көрді.

**ҚАНЫШ СӘТБАЕВ<sup>1</sup>**  
(Роман-эссе. Ықшамдалған)

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Кенжетай**

Мезгілдің көктемге ауған мерейлі шағы: қар кетіп, сай-сала суға көлкіген; төңірек ақ сәулеге шомылып, күн шуаққа кенелген; көк қылтиып, жер беті жасыл реңмен түрленген; қырда құлын ойнақтап, аулада қозылақ маңырап, бота боздап, ауыл үсті маз-мейрам болып қуанышқа бөленген; тіпті, бала-шағаға дейін үйде отырмай, күнгеиге жүгірген...

Сәтбай аулы көктем лебі білінісімен-ақ қыстау үйлерін тастап, желкедегі Қарамұрын қырқасына көшіп қонған...

Сәтбайдан екі ауыл тарайтын. Бірі – қажының қара шаңырағы орнаған Обалыдағы Үлкен ауыл да; екіншісі – Қарамұрын дөңінің түстік етегінен ірге тепкен Кіші ауыл – Имантай қыстауы. Екі ауылдың арасы қозы көш жер. Ортада шалғыны белуардан келетін дала жатыр, оны қақ жарып, күнбатысқа қарай Айырық атты жіңішке өзен ағады.

Айырықтың арғы жағасына Имантай аулы қонған кезде екі-ақ түтін еді – Имантайдың отау үйі мен қоңсы ағайын Қасеннің ошағы... Имантайдың өмірдегі зор өкініштерінің бірі – бала зары. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызына ол алпысыншы жылдары үйленген. Сонан бері аттай отыз жыл өтті. Бірақ тағдырдың қатал жазасына не шара, қырықты еңсеріп, елуге еңкейгенше перзент сүйе алмай, ащы өкініш жұтып, үлкен құсада келе жатқан жайы бар... Ақыры,.. Иса қажының қызы – Сәлима... жаңа жұртына да үлкен-кішіге бірдей сыйлы болып, жұғымды қылығымен танылады...

...Көкектің тууына екі күн қалған таңда ақ түйенің қарны жарылды. Сәлима ана ұл тапты. Бұл доңыз жылы еді. Жаңаша айтқанда, 1899 жылдың 12 апрелі (31 март) болатын.

Балпандай толық, ұзарып өскен қарын шашы қап-қара болып ұйысқан, басы бақырдай үлкен, көзін аша алмай, жарыққа сығырая қараған қызыл шақа нәрестені тұңғыш рет жерден көтеріп, кіндігін кескен қоңсы ағайын Қасеннің келіншегі Мейіз деген кісі екен.

Тағы да Құрмантай абызға хабаршы жіберілді. Жайлауға ұзап кеткен жолынан қадірменді қарт кейін қайтады. Екі ауылдың үлкен-кішісі қонақ үйге жиналып, алқа-қотан отырады. Құндақтаулы нәресте абыздың алдына келтіріледі.

<sup>1</sup> Сәрсекеев Медеу. Қаныш Сәтбаев. – Алматы: Жалын, 1988. – 528 бет.

Батагөй қарт баланың орауын жазып, құлағын ашып, «Ғабдулғани, Ғабдулғани, Ғабдулғани» деп, үш қайтара айқайлайды.

Осыдан соң нәресте туған анасының қасына апарылады. Оңаша үйде, алды-артына тау ғып үйген құс жастықтардың қоршауында, орауда отырған Сәлима кішкене бөбегін мейірлене иіскеп:

– Ғаниым менің, Ғанышым! – десе керек.

– Ғабдулғазизді де еркелетіп Бөкеш дегені сияқты, бұл бөбегін де мейірман ана сол мезетте жүрегі қалаған есімге бұрмалап, Қаныш деп атайды.

\* \* \*

Сәлиманың денсаулығы ораудан тұрып, жайлауға шыққан соң да оңала қойған жоқ. Бас көтеріп жүруінен төсекте жатуы көбірек. Дімкәс ана баланы жарыта алмаған. Кішкентай Қаныш шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап кіндік шешесі Мейізді емеді. Арада көптеген жылдар өтеді. Бала ержетіп, өке болады. Түн ұйқысын төрт бөліп бағып-қағып күткен, өз баласының аузынан жырып, ақ сүтін емізген мейірман ананы есіне алып, Қарсақбайда туған қызының есімін ол Мейіз қояды.

Өке-шешесінің кексе тартқан шағында дүниеге келген сәби, әрине, бүкіл ауылдың сүйіктісі болған. Шыр еткен дыбысы шықса-ақ, қолдан-қолға көшіп, үлкен-кіші жабыла өбектеп, есі қалмай күтеді. Өсіресе, анасы байғұс. «Өз шешемді білмеймін, тіпті, есімде жоқ. Үлкендердің айтуынша, керемет балажан кісі болыпты. Өсіресе, «Кенжетайым» деп, мені тым жақсы көрсе керек. Алдында жатқанда, әлдеқалай ұйықтап қалсам – оянып кетеді деп, тырп етпей, қол-аяғының ұйығанына қарамай, отыра береді екен...».

Осындай сұхбат үстінде ғалым туған анасынан гөрі үлкен шешесі Нұрымды көбірек есіне алған. Шынында да, Нұрым бәйбіше ақсақалының кіші әйелінен туған балаларына ғана емес, барша ауыл-аймаққа мінезі жайлы, қабақ шытуды білмейтін сабырлы, сонысымен де үлкен-кішіге сыйлы, қолы ашық, мейірімді кісі болған. Ауылдастары бұл кісіні де «Нұр-апа» атандырып, ерекше құрметтеген... Сөйтіп, екі шешенің ортасында тел өскен, бүкіл бір ауылдың сүйіктісі болған еркетотай ай санап, жетіле берді. Қаз тұрды. Жүрген соң, кешіккен жоқ, былдырлап тілі шықты. Үлкен-кішіні сәби қылығымен алдайтын болды. Ат көрсе, мінем деп ұмтылады, тұғырдағы құсқа да алам деп талпынады, қозы-лаққа ұстаймын деп қуады. Өйтеуір, ұзақты күнге дамыл көрмей, тымпылдап жүгіруден жалықпайды.

Көптеген жылдар өтсе де, ауылдастарының жадынан кішкентай Қаныштың кейбір балалық қылықтары ұмытылмаған... «Қанкежан бір жосын тыныш бала болды, – деп өңгімелейді оны бесікте тербеткен Нұрлан Қасенов, – Би атам сол күннің өзінде-ақ: «Менің осы балам сөз ұқпайтын маубас, не елден асқан данышпан болады. Өйтеуір, осының бас бітімі бөлек, өзгеше жаралған», – деп, бөрімізді күлдіретін. Тағы бір ауылдасы Садық қарт: «Менің білетінім – Қаныш бала болып өскен жоқ, кішкентай кезінен-ақ онда үлкеннің мінезі болды», – деп таңырқаса, Иген Баязитов деген туысы: «Ойнап өспейтін бала бола ма? Қанышпен асық та ойнадым, алысып та ойнадым. Бізден ерекшелігі – бір ойынды көп ойнамайтын, тез зерігетін. Ойын үстінде әр алуан тапқырлық жасап, зейінімен ұтып кететін...» деп куәлік айтады...

Сезімтал бала көңілі өзгеше ермек іздейді. Сайын дала тірлігінен жалығып, қанат біте бастаған жас қиялына самғар өріс тілейді. Өттең, жүріс-тұрысына тұсау көп. Екі ауылдың оған деген ерекше ілтипаты, өсіресе, әкесінің өзгеше қамқорлығы. Көзінен титтей таса болса, өзінен қарға адым қашық жүрсе, биден маза кетеді: баласы жүдеп-жадап, иә өлденеге ұшырап, қағажу көретіндей, қапылыста айрылып қалатындай... Қаныш – оның соңғы қызығы, әмбе шаңырақ иесі. «Кенжетайым» деп байғұс анасы біліп атаған екен, бұл күнде ол, шынында да, кенже... Қаныш екіге толғанда (кейбір естеліктер бойынша, беске шыққанда), Сәлима дүниеден қайтты...

### Қашаған құлын мен қасқыр

Бағзы күндегі қазақ аулының тірлігі тек қана сыпыра көшіп, азын-аулақ малына жайылым іздеп, бейнет кешу десек – қиянат болмақ. Жоқ! Ертеңін ойлаған қам көңіл ел замана көшіне елегізе қарап, келешек өміріне лайық рухани азық, жан тояттар суаттар тілейтін; еңсесін езген қараңғылық түнегін түретін жарық іздейтін... Сол жолда қанағат тұтып, өзірше ұстанғаны – жасөспірім ұрпағының мұсылманша тілін сындыру. Шамасы жеткен ауыл бұл үшін бірді-екілі молда ұстайды, балаларын ұрымтал қалаларға жіберіп, медреседе оқытып жүргендер де жоқ емес.

Сәтбай аулы бұл жолға, тіпті, ілгері жылдарда-ақ бет бұрған. Баланың алғашқы қадамы Үлкен ауылда тұратын молда алдында екі-үш жыл болып, көлимаға тілін келтіріп, мұсылманша сауатын ашудан басталатын. Имантайдың өзі де ертеректе осы мектептен өткен-ді...

Бірақ ол ауыл молдасынан алғанын қанағат етпей, он жеті жасында, яғни 1862 жылы қияндағы Омбыға барып, Әбдрахим медресесіне шәкірт

болады. Бұл мектепте Имекең үш жыл оқиды. Араб, парсы, шағатай тілдерінің әліппесін танып, Шығыс ғұламаларының шығармаларын өз бетімен оқырлық сауат алады. Нақ сол жылдарда Шоқан Уәлихановпен танысып, тіпті, жақын араласып, онымен бір пәтерде біраз уақыт бірге де тұрады»...

Өз аулының бала оқыту рәсімін Имантай би өзгертпейді... Өрине, Қаныш та өз аулындағы «тіл сындыру» мектебінен қақас қалмайды. Жасы сегізге толғанда, киіз боқшасын мойнына салып, Үлкен ауылдағы Жұмаш молданың алдына келіп отырады... Жұмаш молданың алдында Қаныш екі жыл отырады... Нақ сол жылдары кішкентай Қаныш тағы бір ұстаздан дәріс алған. Әдетте, бұл сабақ өз үйінде, әкесінің алдында өтетін. Әмбе оның кесулі уақыты болмайтын, қысы-жазы бірдей, екеуінің көңілі қалаған кезде өте беруші еді.

Алғашқы ынта тегінде әкеден басталады.

– Балам, жыр сабағын ұмытпалық. Кітабыңды әкел.

Былғарымен тысталған қызыл қоңыр қалың кітапты құшақтаған Қаныш атасының алдына келіп отырады да, саңқылдаған ашық дауыспен оқи бастайды. Оқуы аса жатық емес, әредік дұрыс оқып отырмын ба дегендей, күдікпен әкесіне жаутаңдап қарап қояды. Кейде әлдебір сөзге тілі келмей, кібіртіктеп те қалады. Кітаптың тілі балаға аса ұғынықты емес, түркі-шағатай немесе парсыша жазылған. Ақындардың есімі де бейтаныс: Руми, Сағди, Хафиз, Жәми, Науаи... Сөйтсе де, бұларды оқу – молдекең алдында шарт жүгініп отырып, Құранның аятын жаттағаннан әлдеқайда қызық... Көбіне оқитындары ұзақ жырлар: «Жүсіп-Зылиқа», «Ләйлі-Мәжнүн», «Гүлстан», «1001 хикмет», «Диуана пәни». ...Әкесі солардың бәрін де жатқа біледі. Кенжесі әлдебір қиын сөзді ажырата алмай, ежіктей бастаса, тұтас бір шумақтарды жатқа айтып, әмбе солардың мазмұнын бірден қазақшалап береді. Тек екінші қайтара оқығанда ғана:

– Қане, балам, енді өзің айт, – деп, сабырмен тосып отырады... Әке еңбегі зая кеткен жоқ. Біраздан соң талапты шәкірт ескі заман ақындарының асыл мұраларын өз бетінше оқитын болды...

...Жазғы демалысқа келгенде, Қанышты қалада оқыту мәселесін Әбікей де жиі айтатын болды. Бұл кезде ол оқуын біржола тамамдаған, Ертіс бойындағы болыстық мектепте бала оқытатын.

– Қанкежанның ендігі тәрбиесін маған жүктеңіз, би аға. Оқуына өзім басшы боламын, – деп, ол да, міне, қолқа салып отыр.

Жаз бойы әрқилы толқуда болған әке көңілі, ақыры, осы сөзге тоқтады, Бөкеш қолында қалады... ал Қаныш бақ-талайына жазғанын бай-

қап көрсін... Онда да алысқа емес, ояз орталығы Керекуге барады. ...Тамылжыған жаздың соңғы күндерінің бірінде Шідерті өзенінің жағасында, жайлауда отырған Сәтбай аулынан пар ат жеккен, соңында бір топ салт аттылар ілескен жеңіл арба Ертіс жағасын бетке ұстап, жолға шықты.

### Биге шықты дөңгелеп

#### 1

...Тоғызыншы мектеп – Қаныш келген 2-класты орыс-киргиз училищесі. ...Қанышқа... бәрі қызық, бәрі таң: алыстан лезде хабар алып, қасында отырғандай тілдестіретін телеграф үйі де, соның күні-түні ызыңдап ән салып тұратын бағандары да; қара қошқыл түтіні шүйкедей шұбатылып, Ертіс айдынында қаздай қалқып кетіп бара жатқан, иә келе жатқан зор кемелер де, тіпті, анау соқа, шөп машинасын жөндейтін ұста дүкендері мен бұмен жүретін диірмендер де...

#### 2

Әбікей Зейінұлы келген бетте-ақ Владимир көшесінен (қазіргі Ленин көшесі<sup>1</sup>) татар байының ескі үйін жалға алған, үш бөлмелі жұпыны мекен. Соның бір бөлмесі Қаныштың еншісіне тиді – темір төсек, дербес столы бар. Бірақ Әбең үйіне қонақ көп келеді, көбіне ел адамдары. Ондай кезде шәкірт бала төсегі ғана емес, бөлмесінен де айрылып қалады. Керекуде оқитын қыр балалары да бұл үйге тым үйір. Көңілдері ақ жарқын, қолы ашық аға-жеңгесі Қанышқа еріп келген шәкірттерге: «Балалар, ұялмаңдар, қарындарың ашқанда, үй дәмін сағынсаңдар, келіп жүріңдер!» – деп, әрдайым шақырып отырады. Сөйтіп, кішкене үйге сыймай, кейде бастасып-аяқтасып жататын күндер де жиі болып тұрады.

Н.Е. Алексеевтің естелігінен:

«...1911–1912 оқу жылының бірінші жартысында училищенің дайындық класында оқыған Қаныш Сәтбаев білімге құштар, ынталы шәкірт екенін аңғартты. Барлық пәндер бойынша әрдайым үздік бағалар алудан таңбады. Сол себепті училищенің педагогика советі екінші жарты жылдықта оны бірінші кластың келесі басқышына бірден көшіру туралы қаулы қабылдады. Шәкірттің ынтасы мен зеректігіне білдірген сенім еді бұл. Қ.Сәтбаев ұстаздарының сенімін толық ақтады. Тағы да үздік оқып, жазғы емтихандардан өте жақсы бағалар алды. Сөйтіп, ол... училищенің бірінші класын екі жыл оқудың орнына бір жылда бітіріп шықты».

<sup>1</sup> Бұл көше бүгінде Мәңгілік ел деп аталады.

## 3

Әбікей Зейінұлы сол көктемде Семейдегі мұғалімдер семинариясына шақыру алған...:

– Ал, Қанышжан, екеуміз ертең екі жаққа жүргелі отырмыз. Оқу жөнін не істейтін болдың?..

– Оқығым келеді. Өзіңіз қандай кеңес бересіз?

– Меніңше, сенің алдында үш түрлі таңдау бар. Оның біріншісі – Омбы қаласы. Сәті түсіп, бара қалсаң – әрине, үлкен шәр, мақтаулы оқу орындарының біріне түсіп кетуің хақ... Екінші оқу – осы, Керекуде. Мұнда да биыл екі жылдық мұғалімдер курсы ашылғалы отыр. Оны бітіріп шықсаң – болыстық мектепке мұғалім болуға жарап тұрсың... Үшінші орын – мен бара жатқан Семейдегі мұғалімдер семинариясы. Оқу мерзімі – төрт жыл. Ашылғанына оның біраз жыл болды, оқытушыларын да танымын, білімді адамдар. Меніңше, тиянақты, терең білім алғың келсе, осыны таңдағаның жөн. Би аға да мен бара жатқан соң, бұған қарсы болмас деймін...

– Өзім де осыны жөн көріп тұрмын.

– Көрсең, уәде осы болсын, Семейде жолығайық.

### Қанат ұшқанда қатаяды

## 1

Мұғалімдер семинариясы Семейдің терістік бөлігінде, қаланың даламен шектесетін қиыр шетіне орналасқан. Көшесі де сол себепті Степная аталған. (Қазіргі Шоқан Уәлиханов атындағы көше).

Әділін айту керек, семинария үйі сол күннің өзінде қаладағы еңселі, іші-сырты ою-өрнектермен безенген, тіпті, қақпа, шатыр жиектеріне дейін неше түрлі нақыштармен көркемделген екі қабат әдемі тас ғимараттардың бірі еді. Алды-арты ат шаптырым кең алаң, әмбе дөңес жерге тұрғызылған-ды. Ту баста, 1902 жылы іргесі алғаш қалана бастағанда, ол діни семинарияның оқу корпусы болады деп жобаланған-ды. Бірақ генерал-губернатор кеңсесі әлдеқандай себептен оны сол қарсаңда ашылған (1903 ж.) мұғалімдер семинариясына береді. Демек Қаныш келген кезде, бұл ұя шаңырақ көтергеніне он жылдан асып, өзіндік дәстүрі, ұстаздық үлгі-өнегесі қалыптасқан салиқалы білім ошағы болатын.



Бұл табыстың негізін, тегінде, семинарияның оқытушылар құрамынан іздеген жөн сияқты. Олардан бізге белгілері – ағайынды Н.Н. және А.Н. Белослюдовтар, Н.Я. Коншин, ерлі-зайыпты Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар, Н.П. Ильинский, В.М. Морозов, Ө.З. Сәтбаев...

## 2

Қаныш келген жылы Семейде қырық мыңнан астам халық тұратын... Оқу мерзімі – төрт жыл. Төрт жылда семинарист орыс әдебиеті мен тарихтан, география, жаратылыстану, математика, физика, сызу мен сурет, дін сабағы мен музыка, педагогика, заң ғылымдары және басқадай да түрлі-түрлі ілім негіздерінен жүйелі білім алуға тиіс. Семейде де ол үздік оқыды.

## 3

Шәкірттік жылдар зымырап өтіп жатыр... Жас Қаныштың әр жылы, оқудан келген сайын міндетті парызындай көріп, ыждаһатпен орындайтын бір рәсімі – өздерімен қоңсы отырған, Арқаның атақты әншісі, композиторы Жаяу Мұса Байжанұлына арнайы барып, сәлем беру. Бұған Қаныш қана емес, қарт әншінің өзі де үйреніп алған-ды... Сол әдетін Қаныш 1916 жылы да бұзбайды. Үйінде үш-төрт күн болып, жолдан тыныққан соң, қасына Нұрланды алып, әншінің қыстауына аттанады. Жаяудың бұл сексенге келген шағы, қос-қостап айдайтын малы болмаған соң, жайлауға бұрын да жарытып шықпайтын, ал қазір көшіп-қонудан біржола тоқтаған. Жолаушылар келгенде, ол сырқаттанып, төсекте жатыр екен. Үй-іші жүдеу, төрде бір-екі тайтеріден өзге лыпа жоқ...

Бұдан арғы әңгімені сол кездесудің куәгері Нұрлан Қасенов ақсақал жалғастырсын: «Қанкежан сырқаттың көңіл күйін ежіктеді.

– Оны менен сұрап қайтесің, анау құсымнан біл, – деп, әнші тұғырда мүлгіп отырған көк қаршығаны нұсқады.

Қаныш қымсынған жоқ, қыранның қасына барып, бөтегесін сипап, топшысын басып көрді де:

– Әнші ата-ау, құсыңыз ашулы ғой. Жаз шыққалы емін-еркін бір ұшпайдым деп, көк тілеп отыр екен, – деп, жымыған еді.

Қарт риза болып, қарқылдай күлді.

– Пай-пай, тумысыңнан айналайын, асыл Имекемнің ұрпағы-ай!

Айнытпай таптың, құсбегі тегіңе тартуыңа болайын. Көк қаршыға ұшпағанына жүдесе, мен ұша алмағанымға құсамын, сен қайтесің, қарғым,.. – деп, сері мұңайып қалды. – Жә, Қанкежан, қалаң не дейді, мына соғыстың салмағы қайыстырып болды ғой елді?

Қаныш қала жаңалықтарын әңгімелейді. Қазақтан окоп жұмысына кісі алмақ деген соңғы қауесетті де жасырған жоқ.

– Е, патша әкеміздің жайы онда мөз емес екен. Мынаның мақтан сөзі өтірік болды, – деп, өнші тізесінде жатқан газетті лақтырып тастады. – Зобалаңның көкесі алда десеңші.

– Не деуге болады, ата, – деп, шәкірт төмен қарады.

– Балам, бері жақындашы, – өлдене есіне түскендей қарт өнші кенет Қанышқа сынай қарады. – былтырғыдан бойыңа бой қосыпсың, тіл-аузым тасқа!.. Ал ойың ше, оған да қосқаның бар ма, өзің айтшы, жаным?

Қаныш қызараңдап:

– Оны енді... не деуге болады?.. Тағы бір курсты бітіріп келдім ғой, – деп күмілжіген еді.

– Бәрекелді, мұныға да ризамын, Имекеңнің ақыл-ойын ғана, кішілік сыпайылығын да алғаныңды көріп тұрмын. Ал енді бұйымтайыңды айт, менен не қалайсың?

– Бұйымтайым жоқ.

– Шынымен көңіліңде ештеңе жоқ па?

– Жоқ, шыным, ата.

– Жә, мен үш қайтара сұрадым, сен де жоқ деп, үш қайырдың.

Шынында да, сәлем бере келіпсің, ризамын. Қане, қолыңды жай, балам!.. Өлгінде өзің топшысын құмарта сипаған Көк қаршығам менің аяқтыға ұстатпай, тұяқтыға қақтырмай қастерлеп, бабында сақтап келе жатқан асыл қыраным. Сен де, Қанкежан, Имекеңдей ел жақсысының жастай баптап, ертелі-кеш бағып отырған балапан қанат сұңқарысың. Көк қаршығаны саған байладым. Екеуіңнің бұдан былайғы тілеуің бір болсын, қос қыран! Қайда ұшсаңдар да, мерейлерің үстем болып, жолдарыңа нұр жаусын!.. Бұл қазір нағыз бабында, алып кет те, демалысыңа ермек ет, саят құр! – деп, қарт өнші ағынан жарылып, бата жасап, көзіне жас алды.

Мен қызыққаныммен, Қанкежан құсты алудан бас тартты.

– Аты менікі болып, заты сізде қалсын, өнші ата!..

Ауылға келген соң, жастар болған әңгімені биге айтады.

– Бәрекелді, құсын алмай келгендерің дұрыс болған...

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН

#### Алғашқы сапарда

#### 1

Бір көргенге Ұлытау өңірі қатал да сұрықсыз өлке – сусыз, нусыз құба жон, өсімдіктен де жылан жалағандай тұлдыр... Сол себепті оны күзден гөрі көктемде көру оңды...

Жазғы демалысын туған аулында, өздерінің төр жайлауы Шөптікөлде өткізіп, өл жинаған Қаныш сентябрьдің бас кезінде (1926) Қазақстанның сол күндегі астанасы Қызылордаға келген. Өлкелік комитеттің басшылары жас маманның тілегін ескеріп, Атбасар түсті металдар тресінде жұмыс істеуге рұқсат етті...

Атбасцветмет басқармасы жас маманды қуана қарсы алады. Қуанбасқа!... Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бір-ақ күнде, дипломының сиясы кеппеген жас геолог, студент жігіттен Европаның білдей-білдей бірнеше мемлекеті сыйып кететін ұлан-байтақ өлкенің жер асты қазынасын іздеуге жауапкер барлаушы, бас маманға айналады. Құрметті де қиын міндет! Соған небәрі жиырма жеті жасында жетіп отыр.

СССР Халық шаруашылығының Орталық архивінде сақтаулы тұрған Атбасар тресінің материалдары Жезқазғанның сол күндегі сырт өмірмен қатынасы туралы да бүкпесіз сыр шертеді. «...Жол атымен жоқ. Ең сенімді көлік – түйе, ал ол жергілікті түземдік халықтың рақымына байланысты, – деп шағым еткен трест басқармасы Еңбек және Қорғаныс Советіне жолдаған (1926) жылғы бір мәлімдемесінде...

Жә, біздің жолаушы, Ұлытауға асығып келе жатқан инженер Сәтбаев қайткен?

Москвадан поезбен шыққан трест комиссиясы бірнеше тәуліктен соң, Орынбор – Ташкент жолының Жосалы станциясына келіп түседі. Жосалы мен Қарсақбай арасы 430 шақырым, салынып жатқан мыс заводына ең ұрымтал темір жол станциясы осы болғандықтан да, трест оны аралық база ретінде пайдаланатын. Комбинаттың барлық жүгі, жұмыскері, келімді-кетімді кісілері де осы жерден аттанады.

Бұлар келген мезгіл Жосалы станциясының жәрмеңке базарындай жүргіншіге толы, у-шулы, ығы-жығы кезі. Завод құрылысының қызған

шағы. Жүктер де қауырт келе бастаған... Станция мен завод аралығына ертеде салынған он сегіз бекет қайта түзеліп, олардың барлығында көлікке жем, кірешілер үшін азық әзірленген-ді. Сөйтіп, Жосалыдан бергі шиыр қара жол ерсілі-қарсылы шұбырған түйелі керуендерге толған: бірі келе жатса, екіншісі станцияға кетіп бара жатады; бір-біріне жол беріп, бөгемеуі үшін жол да екеу – домбыра ішегіндей жарыстыра тартылған...

Жосалыдан шыққан керуен Қарсақбайға, әдетте, жетінші қонақта өрең ілінетін. Шенеу Далабаев, бұрынғы кіреші, керуен артелінің бастығы:

«Қанышты мен алғаш рет Жосалыда, кіре қағазын алайын деп, кеңсеге барғанда көрдім. Бейтаныс қазақ жігіті сыпайы амандасты да, керуеніме сұранды. Тегін адам емесін киім үлгісінен танып тұрмын. Сөйтсе де, қазақтың қазымырлығына салып:

- Біздің жақтан не жоғалтып жүрсің, шырақ? – деп, тиісе тіл қақтым.
- Жұмыс бабымен, отағасы. Москвадан келеміз.
- Неше айға?
- Сірә, біржола. Жолсерікке аласыз ба? – деп жымыды тағы да.

– Аламын, тек орта жолдан қашып кетпесең, ондай серілерден де құр емеспіз, Құдайға шүкір. Маманбыз деп қалпақтарын шекесіне көтере киіп, кісімсіп келе жатады... Сонсоң бір күні іздесең – өзі түгілі, ізін де таппай қаласың. Біреуінің қалпағы біздің үйде былтырдан жатыр...».

...Шабан атандардың мезі изеңінен зерігіп, жол бейнетін кешкен жолаушы төзімі әбден жұқарып, көңілі құлазыған жетінші тәулікте ту алыстан, көз ұшынан мен мұндалаған Қарсақбай заводының мұржасын көреді. Ендігі жол оңай. Бірер сағат изеңге шыдасаң – Соцгородок аталған жұмысшылар қалашығына келіп кіресің...

## 2

Қаныш Имантайұлы алғаш келген кезде заводтың айналасы жаңа қонысқа кешелі-бүгін көшіп келген ауылға ұқсайтын. Ауыл болғанда – оншақты үй емес, кем дегенде, екі-үш мың түтіннен тұратын, тіпті, бірнеше болыс ел бірден көтеріліп, соның бәрі Қумоланың тар танабына таласа келіп, жапа-тармағай қонып жатқан сияқты. Қайда қарасаң да, жыпырлаған киіз үйлер, қостар мен итарқа жаппалар. Қарсақбай байдың ескі қыстауы тұрған қарсы беттен бастап Балбырауын жотасы жақтағы тарғыл дөңге дейін, Жосалыға шығатын даңғыл қара жол мен өзеннің арғы-бергі жағасы түгелдей сығылыса отырған қалың ел. Ал завод тұрғызылып жатқан биік төбенің алды-арты зор құрылыс алаңына айналған...

...Күзеубай Жидебаевтың (Жезқазған облысы, «Жетіқоңыр» совхозы) естелік өңгімесінен: «Жайлаудан қайтқан мезгіл. Сымтас деген жерде қыстауымыз болатын, соның іргесінде күзекте отырғанбыз. Құдық басында тұр едім, ауылға қарай сау желіп келе жатқан бес-алты салт атты көрінді. Карта сызып жүрген жемтемір болдың деп шамалап тұрмын. Талайы келіп жөн сұраған, талайын бастап жүріп жол нұсқағам.

– Ассалаумағалейкум!

Бөрекелді! Жемтемірлер қазақшаға судай деп кім ойлаған?!

Пормалы порашке киген, ашаң бойлы, арық жігіт жақындап келіп, атынан түсіп, ізетпен сәлем берді. Үңіле қарасам – өзіміздің қазақ баласы.

– Жол болсын, інім. Танымасам, айыпқа бұйырма.

– Кен іздеушіміз. Мына кісілер Ленинградтан келген мамандар. Өзім Мәскеуден шықтым. Ныспым – Қаныш.

– Бөрекелді, Қаныш шырақ. Қазақ баласының да жемтемір болып, өз жерін өлшеуге жетіп, қатарға ілінгені десеңші. Қадамың құтты болсын!

– Күзекең отағасы сіз боларсыз?

– Шаруанды айтсаң, Күзеубай да табылып қалар.

– Сарысу бойына жер шолып барамыз, бір сапарға жолбасшы болсаңыз деген тілегіміз бар, айып көрмесеңіз...

Ағылшынға жолбасшы болғанда, орыстармен тамыр атанғанда, өзімізден шыққан бір балаға қызмет көрсетпейтін не көрініпті маған? Қуана келістім де:

– Серіктеріңді үйге шақыр. Сусын ішсін, – дедім. – Жақсыда жаттық болмайды, қарағым.

Сол күннен бастап Қанекең екеуміз ағайынды кісідей дос болып кеттік. Бұл өңірде екеуміз кезбеген тау-тас, ат суармаған бұлақ, су бар дейсің бе, е, ол да естен кетпес өткенге айналды....

Қаныш Имантайұлының жер шолған алғашқы саяхатында қасында болғандар одақтық Геологкомның мамандары еді. Ұлытау жонында олар 1924 жылдан беріде барлау жүргізіп келе жатқан-ды. Жетекшісі – Иван Степанович Яговкин. Ол кісі жайында Қаныш Имантайұлы Москвада естіген. Бесшоқыда есімін зор құрметпен мадақтай айтып, Орталық қазақстанды біраз жылдан бері қажымай аралап жүрген, әлденеше кен орындарын ашқан жолды геолог.

Иван Степановичпен қазақ барлаушысы Жезқазғанда кездеседі. Шынында да, жұрт мақтағандай айтулы кісі тәрізді, жас геологты жатсынбай, бірден бауырына тартып, жылы шыраймен қарсы алды.

– Хош келіпсіз, әріптес! Қазақ даласы өзіңіздей жер-суы, табиғатымен етене таныс тума маманды күткелі қашан?! Даланың нағыз зерттеушісі деп, міне, сізді айтуға болады. Біздікі не, өгей ұлдың қатыгез әкеге білдірген алдамшы пейіліндей ғана бірдеме... Көктемді шығара келіп, күзде қайта кетеміз. Турасын айтқанда, жыл құсындай қонақ халықпыз, – деп, ілтипат білдіре сөйлеген Яговкин, іле жұмыс жайын айта бастады. – Ағылшындар бұл өңірді он жыл шұқылапты, тапқаны мәз емес. 235 скважина бұрғылаған екен, сірә, жарымаған-ау деймін, тереңге аса бойламапты. Біздің жігіттер де екі-үш жылда біраз жерді түртпектеп көрді. Барлау жыраларын, шурфтарды едәуір қаздық. Кен жоқ емес, жоғарғы белдемде шұқанақ бірдемелер бар. Бірақ көңіл толарлық көмбеге жолықпадық... Мына салынып жатқан заводсымақты жиырма-отыз жыл жемдеуге жетіп қалар, соны тек ұқсатып ала алсақ?..

– Неге? Шахтылар қалпына келтіріліп, байыту фабрикасы іске қосылса, алу қиын бола қоймас, – деп қалған еді Қаныш.

– Сіз жас мамансыз, Қаныш Имантаевич, – деді Яговкин кіді үнмен, – аптығы басылмаған, арыны қайтпаған дегендей... Тегінде, жарқыным, бұл өңірден жез түгілі алтын тапсаң да, оны жер бетіне шығарып, қажетіңе жарату қиын өрі қымбатқа түспек. Өзіңіз ойлаңызшы, ең жақын деген темір жол станциясы төрт жүз отыз шақырым жырақта, су мүлдем тапшы, төңірек құлазыған шөл дала, тұрғын халқы түгелдей сауатсыз. Иә, олар көңіліңізге келмесін, өндірістен ештеңе сезбейді. Бұларға бірдеме сездіру үшін кем дегенде жиырма жыл қажет... Өлде орталық қалалардан жалданып келіп жатқан бірлі-жарым жұмыскерлерге сенеміз бе? Бос өрекет! Мына қу медиен далада олар ұзаса, бір-ақ жаз тұрады. Онда да аңдамай келіп қалған соң. Бұл шындықты біз жыл сайын көріп жүрміз. Барлауға өкелген кісілеріміздің екі жаз қатар істеп, келесі жылы қайыра келуі... Жо-жоқ, көрген де, естіген де емеспін. Оларды сөйттің деп кінәлауға да болмайды. Қайдан шыдасын, жазы ыстық – аспан айналып жерге түскендей. Қысы ұлыған боран, аязы бет үсіргендей. Көкөніс атымен жоқ, станокке суды түйемен әкелеміз, ауыз судың өзін алты қырдың астынан торсық, сабамен тасып береміз. Жарайды, жұмыскер мәселесін шештік дейік. Өндіріске қажет мол суды қайдан аламыз? Жол қатынасы ше? Мыс қорытуға қыруар отын керек, оны қайдан тасимыз? Бәлкім, Қарағанды көмірін атарсыз. Оны да сонау жеті жүз шақырым қиырдан түйемен тартамыз ба?

– Байқоңыр көмірі ше?

– Байқоңырдың көмірі, шырағым, ұзаса, он-ақ жылға жетеді... Жоқ, Қаныш Имантаевич! Ағылшын жұрты ақымақ емес, бақырды алтын етуді ертеден білген есепқор халық. ...Олар мұнда небәрі он екі жыл жұмыс істейміз деп есептеген. Түсіндіңіз бе, бар-жоғы – он екі-ақ жыл!

– Жезқазғанға сенбесек, оны қорлы кен орны демесек, жеті миллион сом қаржы жұмсап, Қарсақбай заводын неге жөндеп жатырмыз? Жол бойы көріп келдім, қаншама жүк тасылып жатыр, қаншама құрылыс жұмыстары ірге көтерген!.. Осынша бейнеттің керегі қанша? Даланы мәңгі ұйқысынан оятамыз деп дабырлап жүргеніміз де бос сөз болғаны ғой, – деп, кексе әріптесінің сөзін бөлген-ді Қаныш Имантайұлы имандай сеніп келген кен орнының кенет құнсызданып, қадір-бағасы көз алдында құлдилап бара жатқанына шыдамай.

– Жассың-ау, шырақ, жассың, – деп салды Яговкин мырс етіп, – Бұл заводты негізгі цехтары бұрыннан орнап қалған соң, еріксіз салып жатырмыз... Ал мен Ұлытауда үлкен өндіріс ашуға ту бастан қарсы болғамын. Бұл – бір. Екінші, завод тұрғызылып жатыр екен деп, малданып қалмаңыз, жарқыным! Осы да завод па екен? Ойыншық, көңіл алдау!.. Жоқ, бауырым. Үлкен істі бұлай бастамайды. Үлкен, болашағы зор кенді игеруге бұлай кіріспейді...

Қаныш Имантайұлы өлгіден соң, жасы үлкен, әрі тәжірибелі, беделді маманның сөзін бөліп, ештеңе сұраған жоқ, үнсіз тыңдаған. Тіпті, өлденеге көңілі құлазып, жасып та қалған-ды.

Келер күндерде Яговкин жас әріптесіне Геолкомның осындағы зерттеу партиясы үш жылдан бері барлау жүргізген кен жұлгелерімен таныстырды. Одан соң екеуі жолбасшы алып, Жезді бойына шыққан, қайтарда Кеңгірдің жағасын шола оралған. Иен даланы еркін аралау, өлденеше күнге созылған ұзақ сұхбат екі геологты өзара табыстырып, біршама жақындасуға себепші болды. Сонсоң да шығар, Жосалыға жүретін күні геологиялық архивті тапсырып отырып:

– Біраз күн дәмдес болып, сырласып қалдық. Үлкендік жөнімен бір ақыл айтсам, ренжімейсіз бе, Қаныш Имантаевич? – деп, Яговкин тың өңгіме бастаған.

– О не дегеніңіз, айтыңыз, Иван Степанович.

– Сіздің халықта «Қыран құстың қанаты ұшқанда қатаяды» деген нақыл сөз бар екен, жаңылмасам, жолбасшы шалдан естідім-ау деймін. Меніңше, тамаша сөз!.. сізге тезірек ұшу керек, достым. Иә, иә, қанатыңызды тезірек қатайту үшін де биікке самғау керек! Сол үшін де ескертіп отырмын: Жезқазғанға малданып қалмаңыз, қымбаттым... Мұның болашағы баян-

сыз кен. Иә, ащы шындық солай. Мұндағы барлауды бірер жылда аяқтап, басқа бір – қоры мол, іргелі кенге ауысу керек. Қазақ даласын геологиялық жөнінен әлі күнге дейін аз зерттелген тың өлке деп жүрміз ғой. Бұл рас. Сіздей жас геологқа өнеріңізді танытар, бақ сынар қазына аз емес, тек салымыңыз болсын! Осы еді сізге айтпақ кеңесім...

– Рақмет ілтипатыңызға!

– Ал онда, достым, мен енді жүремін. Ұлытау, Жезқазған қыртысы қалай шұқыласаңыз да, сіздің қолыңызда. Бұл жаққа мен енді қайтып оралмаспын, сізге сол үшін де рақмет – мехнаты көп, ауыр міндетті мойнымнан алғаныңызға!.. Менің ендігі парызым – мұндағы барлауға ғылыми кеңесші болу. Оның басты-бастысын анау, өзіңізге кеше табыс еткен рекомендацияда көрсеттім...

Яговкин аттанып кетті... Туған жерінен неше түрлі қазына көмбелерін тауып, ел-жұртының кәдесіне тезірек жаратуды армандап келген геолог жігіт қалдырған кексе өріптесінің сот үкіміндей тұжырымдап, жазып қалдырған ауыр пайымдауына сенер-сенбесін білмей, бір түрлі алаң болып, міндетті жұмысына өрқилы оймен енжар кіріскен еді.

## Ізденісте

### 1

...Жосалыда Сәтбаев көп аялдаған жоқ. Барлау материалдарын, жиған-терген жыныс үлгілерін жүк камерасына өткізді де, күздегі келісім бойынша, Қызылордаға соғып,.. бірер аптадан соң Москваға аттанып кетті.

Бұл қыста ол бір ғана іспен беріле шұғылданады: қарауындағы кен орындарының ашылу тарихы, ертеңгі жайы... Трест кеңсесінде сарыла отырып, алғашқы геологиялық сапары жайында есеп жазады; Ленинградтағы Геолком лабораториясынан келе бастаған анализ нәтижелеріне шұқшия үңіліп, Жезқазған кенінің қуат-күшін, мүмкіндігін есептейді; кеңседе үлгермесе, Қазақстан өкілдігі тауып берген уақытша жатақтағы екі кісілік аядай бөлмеге ала келіп, түнде де істейді; өредік үлкен астананың қазынасы мол кітапхана, ескі архив қорларына кіріп, онда да ұзақты күндер бел жазбай отырады...

Қыстайғы ізденісі жас геологты, ақыры, Жезқазған қиырында бұрғылау қажет деген байламға сендірген-ді. Көкейін тескен көп сұраулардың нақтылы жауабы сонда белгілі болмақ. Қарама-қайшы болжамдар, «бар», «Жоқ», «Аз» деген долбарлардың жұмбағы да барлаумен шешіледі.



Сол қыста-ақ ол Лениградқа, Геолком басқармасына барған. Ол күнде бұл – Совет Одағындағы геологиялық барлау жұмыстарын өз қолында ұстап отырған үлкен коллектив. ...Сәтбаев болса Геологиялық комитетке салмақты өтінішпен келіп отыр. Өмбе қандай? Бұдан үш жыл бұрын комитеттің геологиялық советі бекіткен Жезқазғанды барлау жоспарына түзету жасап, өте қымбатқа түсетін бұрғылау жүргізу үшін. Сонда қандай дәлелмен? Байқап көру. Бетке ұстар беделі?.. Диплом алғанына бір-ақ жыл болған жас маман, ғылыми ешбір атағы, ешбір кені де жоқ, геологтар қауымына аты мәлімсіз бейтаныс қазақстандық... «Жоқ, шырағым, бұл мәселені ең әуелі Иван Степанович Яговкинмен келісіңіз. Орталық қазақстандағы барлау жұмыстарына оның айтқаны заң!» деген тұжырымды жауап естиді ақыры.

Кексе әріптесінің бұл жайындағы кереғар пікірін біле тұра, амал қанша, еріксіз баруға тура келді.

– Сөйтіп, тереңге үңілгіңіз келеді. Байқамақсыз бағыңызды, – деп, Иван Степанович жас әріптесін жаңа көргендей таңдана қарады. – Ау, сіздің дала жағдайында жер бұрғылаудың қаншалықты зор меңнат екенін білесіз бе өзі? ...Не дейін сізге? Жезқазғанның бақ-мерейін көтеруге құлшынып тұр екенсіз – қарсы тұруға бола ма, көтеріңіз, меселіңізді бір жолға қайтармайын. Оның үстіне трест басқармасы барлауға қаражат босатқан соң, шаруам қанша, бұрғылап көріңіз. Бір жазға бұрғылаушылар бригадасын беруге қарсы емеспін.

– Иван Степанович, өйтеуір, кіріскен соң, екі станокпен бастасақ жөн болар еді, Жоқ, қымбаттым. Бір станок алғаныңызға Тәңір жарылқасын деңіз. Оның өзін де сіз үшін, аптыққан жас көңіліңізді қимағандықтан. Біле білсеңіз, мұндай мырзалықты Жезқазған тыңында мен өзіме де жасаған емеспін.

Ақыры, осыған келісті. Мұны да олжа көрген.

Москвадан ол бірінші май күні 1927 ж. пойызбен шығады. Самарадан өткенін, купенің ысып, оңтүстіктің әсері сезіле бастағанын Таисия Алексеевнаға екінші майда, жолшыбай жолдаған хатынан білеміз. Қаламы поезд жүрісінен дірілдей бергендіктен, қысқа жазылған хаттың айтары: көңілі көтеріңкі, алға – тұңғыш барлау, сүйікті қосағымен таяу күндерде Қызылордада кездесетініне сенімі мол... Бірақ бұл сапарда кездесудің сәті түспеді. Геолком басқармасының Ленинградтан жіберген жол қаражаты кешіккендіктен, Таисия Томнан шыға алмай қалды. Амал қанша, қызыл астанада келіншегін екі-үш күн тосып, одан әрі күтуге дәті шыдамай, өмбе Ұлытауға жетуге асыққан жас геолог тағы да сапарға аттанады.

...Сонан бір күні, шілденің орта кезі еді бұл, трестің бас геологы Сәтбаевтың өзі нұсқаған ескі «Петро» шахтасының оңтүстік шебінен уақытша жаппа қалқитып алып, жер тесе бастады. Жезқазған қыртысына түскен екі жүз отыз алтыншы, ал геолог Сәтбаевтың барлаушылық ғұмырында тұңғыш рет тұсауын кескен ерекше скважина еді бұл. Нендей олжа түсіреді, әлде бос бейнет болып сенімін құрта ма? Сол күннің білгір мамандары қажетсіз деп санаған осынау күмәні көп іске ол неліктен тәуекел етті?

«Өрбір шынайы геологта бөгде адам түсінбейтін, түсінсе де, сенбейтін өзгеше сезік, түйсіктер болады. Өлдеқандай бір ішкі наным (интуиция) оны осындай шұғыл қылыққа итермелеп тұрады... Ақыр аяғында, соның жетегіне көз жұмып ересің де, ешкім көрмеген, бұрғы ұшы тимеген кен жүлгесіне болжау айтасың. Қателесуің мүмкін. Бірақ өзіңе сеніп, бірдеме білетіңізге шүбәланбай, тәуекел еткенге не жетсін!» дер еді ұстазы Усов. Жезқазған қойнындағы жасырын көмбеге жас геологтың сенім артқаны рас. Бірақ ағылшындардан қалған картаға көп уақыт шұқшия үңілуден соң, «Петро» қолатындағы құнарлы бай жүлгенің оң қанатының кенет үзіліп, зым-зия жоғалып кетуіне күдіктеніп, соны бұрғы ұшымен бірнеше жерден тексеру – геологиялық терең есеп пен ұзақ толғанудан туғаны да көміл шындық.

Үмітінің алданбағанына көп ұзамай-ақ көзі жетті...

### Толқиды көл

1936 жылдың шілде айы. Шаңқай түс. Кеңгірдің Наушабай аталатын төменгі саласында жайлауда отырған Бекболат аулының үлкен-кішісі үй сыртынан естілген автомобиль гүріліне елеңдеп, есік алдына жүгіріп шыққан: кішкене фордигін зыр қақтырып, тағы да келіп қалған Сәтбаев екен; жалғыз емес, қасында бір топ кісілері бар.

Машина ауылдан аулақ жерге тоқтады да, кузовтан түскен жолаушылар үсті-басын Төрткүлдің майда шаң-тозаңынан тазартып, әбден сілкіп болған соң ғана Әбдірахман ақсақалдың ортадағы киіз үйіне қарай жүрді.

- Ассалаумағалейкум, ақсақал!
- Өлік салам, Қанышжан!
- Здравствуйте, хозяин!
- Ыздрости, қонақ, жоғары шығындар!
- Есен-сау жүрмісің, азаматым? Жол болсын!
- Сіздің ауылдың қымызы ұнаған соң, тағы келдік, Өбе!
- Бәрекелді, келгенің жақсы! Тегінде келгеннен айырмасын!

– Балалар, түңлікті еңкейтіп, іргені көтеріңдер. Таңертеңнен бері күн өтінде болғансыңдар-ау, сірә, түтіккен түрлеріңнен көріп тұрмын... Бөйбіше, сусынды тездет! – деп, Өбдірахман ақсақал қонақтарын үйге бастады...

– Қаныш шырағым, сен өзі кейінгі кезде біздің Наушабайға келуді жиілетіп барасың. Күн құрғатпай десем, өтірік болар, әйтеуір, биыл сағындырмай соғып жүрсің. Немене, мұның да жер астынан бірдеңе таптың ба? – деп сұрады Өбдірахман қарт тегене толы қымызды алдына ала беріп.

– Мұның кереметі астында емес, үстінде болайын деп тұр, Өбе.

Шынымен білгіңіз келсе, ауыл адамдарын шақыртыңыз. Наушабайда енді бірер жылда қандай өзгеріс болатынын айтып берейін. Мына кісілер соның жобасын жасауға келген мамандар, Мәскеу жігіттері, – деп, Қаныш Имантайұлы қасындағы серіктерін таныстырды.

Қонақтар бірер аяқ қымыз ішкенше, жұртты шақыра кеткен бала қайтып оралды. Іле-шала алты қанат қоңырша үй кісіге лық толды. Ересек балалар мен әйелдер де қалмаған, түгел келіпті.

– Бұл жердің Наушабай аты сақтала ма, сақталмай ма, ол арасын білмеймін, – деді Сәтбаев көпке қарап, – Менің анық білетінім – нақ осы дөңеске, сіздің ауыл қонып отырған биік жарқабақтың үстінен қала салынады.

– Қала дейді, оның керегі қанша?

– Қандай қала? Қарсақбайдай үлкен бола ма? Әлде ана Жезқазғандай жертөлесі жыпырлаған кішкентай қалашық па?

– Жә, тиыш отырып тыңдаңдар! Сөз бөлгені несі, түге! – деп, Өбең жекіп тастады.

Жұрт тынышталған соң, Қаныш Имантайұлы әңгімесін қайта жалғады.

– Жоқ, бұл арадан салынатын қала олардың біріне де ұқсамайды.

Мұның көшелері оқтай түзу, үйлері биік те сәнді, көрген жан келбетіне таң қалғандай сұлу қала болады... Қала ғана емес, бұл жерде үлкен завод та орнайды. Оның үлкендігі Қарсақбайдағы кішкене заводтан жүз есе, бөлкім, онан да зор. Иә, көлемі жөнінен ол дүние жүзіндегі ең алып мыс заводтарының бірі болмақ! Заводпен бірге мұнда байыту фабрикалары да жұмыс істемек. Яғни кеніштен шыққан кен тасы осы араға поезбен әкелініп, фабрикада байытылған соң, әлгі алып заводта қорытуға түспек. Сол себепті бұл қаланың негізгі тұрғындары құрылысшылар мен байытушылар, кен қорытушы металлургтер болады. Сол кезде осы күнгі Жезқазғандағы Рудник поселкасы жаңа қаланың қоңсысы сияқты кішірейіп қалмақ. Өйткені онда кен өндіретін рудниктер ғана болады. Ал кеншілер шахтыларға осы арадан қатынап тұрады...

– Айтқаның келсін, жарқыным! Аузыңа – май, астыңа – тай!

Сонымен келесі жылы бізге бұл араға қонба, жаңа қалаға орын бер демексің ғой.

– Жайлауыңызды ғана емес, сіздер тегінде, қыстауларыңызды да беруге тура келеді. Өйткені бүкіл Досмырза моласының айналасы, Кеңгірдің осы жарқабақтан отыз шақырымға дейінгі жоғарғы бойы түгелдей шалқыған айдын көл болады.

– Ө, не дейді?!

– Қойшы, қарағым, не айтып отырсың?

– Сонша су қайдан келеді, қызық екен, аспаннан жауа ма?

– Аспаннан емес, жерден аламыз. Кеңгірдің алдын бөгейміз.

Қарсақбайдың іргесінен Қумоланы тоқтатқандай, мұнан да бөгет тұрғызамыз. Бірақ ол Қарсақбайдағы тоспадан жүз есе үлкен болады. Жаңа қала суды сонан алады. Салынбақ фабрика мен заводқа да көп су керек...

– Бөрежелді, сөз-ақ!

– Шынында да, мұны көрер ме екенбіз? Қап, кешірек тумай!..

– Көрмей өлуге болмайды екен, бөйбіше, естідің бе?

– Ау, сонда біз қайтеміз? Бекболаттың жеті үйі қайда көшеді?

– Оған қайғырмаңыз, отағасы. Жаңа қаладан жетеуіңіз де пәтер аласыздар. Өйткені қарап отырсыздар ма, өздеріңіз-ақ сол қаланың іргесін көтересіздер... Ал мына отырған балақандар болса, осы жерде салынған зәулім мектепте оқып, мамандық алып шығады. Түбінде мыс заводын билейтін, алып шахтыларды жүргізетін дәй инженерлер де осылар болады, көресіздер, бұлар әлі-ақ сөйтіп, көсегелеріңізді көгертеді!..

Сәтбаев тостағандағы қалған қымызын сарқып ішті де, үй иесіне рақмет айтып, шегініп отырды. Ешкім ләм-мим деген жоқ. Сірә, көбі өлгінде естігеніне нанар-нанбасын білмей, дағдарып қалғандай. Бір сәтте ауыл ақсақалы Қаныш Имантайұлына қарап:

– Апыр-ай, осының бәрін бір өзің ойлап таптың ба? Шарадай басыңа қалай сыйған, жарқыным? – деді таңдайын қағып.

Геолог биязы жымып:

– Ақсақал, мұндай үлкен шаруаны бір кісі жападан-жалғыз істей алмайды. Көп инженер, маман адамдар бас қосып, талай уақыт зерттеп, онан соң әлденеше мәрте талқыға салып, өзара ақылдасып шешеді. Қазақ айтпаушы ма еді: «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деп... Бұл шаруаны да біз солай істедік, – деді әлденеге ойланғандай есіктен көрінген мөлдір аспанның тұңғиығына қадала қарап...

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### БӘРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН

Сәтбаевтар көші Алматыға июльдің біріне қараған түнде жетті. Жол тауқыметін де біраз шекті. Өсіресе, жолшыбай көргендері көңілдерін түршіктіріп, жандарына қатты батқан: дүйім ел жаппай көтеріліп, әлдеқайда ауып бара жатқандай ерсілі-қарсылы шұбырған жұрттан станцияларда ине шаншар орын жоқ; вагон ішінде де аяғының ұшымен тік тұрып, иін тірескен халық; поездар кестесі шым-шытырық шатасып кеткен...

Келген күннің ертеңінде-ақ Қаныш Имантайұлын Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің секретары Ғабдолла Бұзырбаев шақырды.

– Геология институты ғана емес, СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалының жетекшілігін де қолға аласыз, – деген-ді бірден ол. – Иә, иә, бұған таңданбаңыз. Жағдай солай. Ресми председателіңіз академик Григорьев. Иосиф Федорович Москвада тұрады, филиалдың бұл жақтағы жұмысына ол кісі тегінде көп араласпайды. Демек бар жауапкершілік сізге түседі...

Бәлкім, басқа уақытта Қаныш Имантайұлы бұл міндеттен үзілді-кесілді бас тартар ма еді, кім білсін? Бірақ мынадай дүрбелең шақта болмаймын деуге аузы бармады. Осы сөзді айтып отырған секретарьдың өзі кеше ғана филиал председателінің орынбасары болатын. Бұрынғы секретарь өткен түнде майданға жүріп кетіпті, ал Бұзырбаевқа соның міндеті жүктелген...

Осыдан бір жыл бұрын филиал жұмысын академияның президиумы мен Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің біріккен комиссиясы тексеріп, қанағаттанғысыз деген тұжырымға келген негізгі зерттеу тақырыптары бойынша жоспар орындалмаған; өнеркәсіп, ауыл шаруашылық орындарымен байланыс мүлдем әлсіз; ұлттық ғылыми кадрларды тәрбиелеуге қамқорлық жасалмаған;... Геология секторының жұмысы да мәз емес... Шындығында, бұл жұмыс өлі күнге дейін қолға алынбаған, сол үшін сатып алынған жабдықтар қар астында шіріп қалған...

### Жезді хикаясы

#### 1

Қатерлі қырық бірінші жылдың август айының алғашқы күндерінде Украинаның оңтүстігіне шоғырланған II неміс армиясы сегіз дивизия

жаяу әскер және оларды сүйемелдеуші танк, авиация күштерімен шабуылға шықты. Кескілескен шайқас бірнеше күнге созылды. Ұрыс шебі тағы да өзгерді... Оңтүстік майданның әскерлеріне енді Херсон мен Никополь аралығында, Днепр үшін шайқасуға тура келді. Бұл ұрыс 19 августа басталған. Алтыншы тәуліктің соңында марганец кенінің Совет Одағында ең ірі және негізгі қоймасы – Никополь жау қолына көшті.

Бұл оқиға Шығыс майдандағы әрбір сәтті ұрысты барынша өсірелеп, дәріптеуге машықтанған германияның насихат министрі Иозеф Геббельстің радио арқылы арнайы сөз сөйлеуіне себеп болған:

– Фюрердің ержүрек солдаттары, офицер мырзалар! – деп лепірген ол, – Никопольдің марганец кені бүгіннен бастап ұлы неміс ұлтының иелігіне көшті. Совет заводтары қымбат шикізаттан біржола айрылды...».

Насихат министрінің бұл сөзінің де бұрын-соңды барлық даурықпалары сияқты өншейін сандырақ болып шыққаны тарихтан мәлім. Алайда шындық үшін, Совет Одағының марганец қоры жөніндегі оның болжамы нақты деректерге сүйенген қисынды тұжырым екенін мойындау لازم:... Не істеу керек? Жау қолына көшкен стратегиялық қымбат шикізаттың орнын қалай толтыруға болады?

СССР Халық Комиссарлар Советінің 1941 жылдың 29 август күнгі төтенше мәжілісі (Никополь ұрысынан соң бес күннен кейін) осы мәселеге арналған-ды. Қабылданған қарар қысқа да барынша тұжырымды: «Шығыс аудандардан марганец шикізатын өндіруді жедел арттыру керек: бұл үшін қажетінше адам күші, мамандар мен техника бөлінсін: сонымен бірге еліміздегі барлық үлкенді-кішілі геология мекемелері өндірістік мәні бар марганец кендерін таяу күндерде темір жолға ұрымтал жерлерден іздеп табуға міндеттелсін!...» ...Көп ұзамай, қара металлургия наркоматын жер-жерден шифрланған телеграммалар, ресми мәлімдемелер түсе бастайды. Соның бірі Қарсақбай геологиялық барлау конторының үш геологы қол қойған құпия мәлімдеме еді...

\* \* \*

Соғыс басталған кезде жезқазғандық геолог И.Н. Богданчиков Кривой Рогта өндірістік командировкада жүрген-ді. Апрель айының аяқ шенінде Қаныш Имантайұлы оны Кішітаудағы партиядан шақырып алып:

– Иосиф Николаевич, сізді алыс сапарға жұмсамақпын... Екі ай уақыт беремін. Кривой Рог пен Никопольдің кен орындарын мұқият көріп келіңіз. Ұлытау төңірегіндегі темір кендерімен мықтап шұғылдансақ деймін. Жезқазғанның көк тасы бізге қашанға дейін азық болмақ? – деген-ді...

Соғыс дүңкілін Иосиф Николаевич осылайша үйінен мыңдаған шақырым шалғайда, Днепрдің арғы жағасында жүргенде естіді... Сәтбаевтың суыт телеграммасы оған нақ сол қарсаңда, ойы сан саққа ауып, екі ұдай қысылған кезінде келді: «Июньнің 26 күні Жосалы станциясында кездесілік. Кешікпеуге тырысыңыз, өте маңызды өңгіме бар» депті. Богданчиков енді Қазақстанға жетуге асықты. Бір поездан бір поездға ауысып, тағайындалған күні кеште өуірімдеп Жосалыға іліккен. Көшіп келе жатқан Сәтбаевтар да нақ сол күні станцияға жеткен-ді.

Екі геолог Қарсақбай комбинатының жолаушылар тоқтайтын үйінде кездеседі.

– Үлгергеніңіз жақсы болды, Иосиф Николаевич, өңгіме мынадай. Жақсылап тыңдап алыңыз, – деп, Қаныш Имантайұлы планшетін ашып, Богданчиковтың алдына Қарсақбай ауданының картасын жайып салды. Геологтың қолындағы қарындаш өуелі Қарсақбай ашасын нұсқады. Сонсоң солтүстікке қарай сырғи түсті де, Сарысайды құлдилап барып, Үлкен Жезді өзенінің бұйрат-бұйрат таулар қоршауына еніп, ирелеңдей ағатын тұсынан бір-ақ шықты. Бергі, күнбатыс жағынан Бала Жезді құйып, екі өзен өзара қосылатын кең аңғар нұсқап отырғаны...

1942 жылдың июнь айының он екінші жаңасында, құрылыс басталғаннан бері отыз сегізінші күнде Жезді марганецінің алғашқы партиясы Оралға жөнелтілді...

Ұлы Октябрь революциясының жиырма бес жылдық мерекесі қарсаңында Жезді тұрғындары тау аңғарын басына көтере жар салған паровоз даусын естіді...

Сапалы прокат өндіруді жедел арттыруға жағдай туды. Мәселен, бір ғана Магнитогорск комбинатын Жезді ферромарганецімен дер кезінде жабдықтау броньдық прокат берді үш есе өсірді... деп куәлік етеді Ұлы Отан соғысының тарихы бұл жайында. Шынтуайтын айтқанда, Жеңіс күнін жақындата түскен салмақты үлес мес пе бұл?!

## Академия

Академияның ашылу салтанатына шақырылған құрметті қонақтар Алматыға 24–25 май күндері келген-ді... 1946 жылдың бірінші иуні. Қазақстан зиялыларының таңдаулы өкілдері – ғалымдар мен өдебиет, көркем өнер қайраткерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары мен жетекші мамандары – Қарағанды мен Жезқазғанның, Ембі мен Кенді

Алайдың, Балқаштың жұмысшы делегациялары, Алматыдағы жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, жауапты партия қызметкерлері, Москва мен Ленинградтан, Орта Азия республикаларынан келген ресми қонақтар Абай атындағы академиялық опера және балет театрының залына лық толған. Жұрт мереке күніндей киінген. Шынында да, бұл – қазақ елінің рухани өмірінде бұрын-соңды болмаған мәдени ұлы оқиға! Қандайда зор мерекеден асып түскендей тарихи елеулі кезең!..

Президиум столына... жаңа академияның ең қарт мүшесі Габриил Адрианович Тихов келіп:

– Қымбатты жолдастар! СССР Ғылым академиясының президиумының ұсынуы бойынша, бүгін сайланған бір топ академиктердің және өзімнің атымнан Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті міндетін атқаруға – бәрімізге етене таныс, бәріміздің де қадірлі өріптесіміз, ғылыми ойының тереңдігі мен сонылығы бізді әрқашан таң қалдырып әрі сүйсінтіп жүрген ізетті жан, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, коммунист Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың кандидатурасын ұсынамын, – дегенде, залда отырғандар көпке дейін қол соғып, ерекше қуаныш білдірген, – Сәтбаев жолдас геолог-минералогия ғылымдарының докторы, екі жүзге тарта ғылыми еңбектің авторы – бұлардың көпшілігінің өндірістік мәні аса зор, ол Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қажырлы қайраткер...

Сол жылғы көктемде Қаныш Имантайұлының жасы қырық жетіге толған-ды. Ел ағасы атанған, ақыл-ойы кемеңгерлікке ауған шабытты кезі... Жыл басында (февраль, 1946) өткен бүкілхалықтық сайлауда СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланған. Сегіз айдан соң, 30 ноябрьде болған кезекті жиында мерейі тағы да үстем шығып, СССР ғылым академиясына толық мүшелікке жетті. Бұл да нұр үстіне нұр болған игі іс, Қ.И. Сәтбаевқа дейін бірде-бір Шығыс перзенті жетпеген жетістік, шықпаған ғылым шыңы.

## Тұманды Альбион елінде

### 1

Елден шыққалы айдан асты. Ақ бас Алатау да, алмалы Алматы да алыста. Ұзақ сапарға шығуы бір бұл емес, Кавказ бен Қырымға асып кетіп, Ленинград, Свердлов, Сібір мен Украинаның қалаларын да талай аралаған.



Москвада айлап жатып, тіпті, қыстап қалған жылдары да болған. Бірақ соның бірінде де туған жерін дәл осы жолғыдай аңсаған жоқ-ты. Өлде тұманы еңсені басқан бұлыңғыр көктемнің әсері, көңілі құлазып, беймаза күймен ел жаққа қайта-қайта қарайлауының себебі не?

Ағылшын жұртының атақты астанасы бүгін де кіреуке тұманның кілегейдей қою тұмшалануына түсіп, тұнжырап тұр... Британия музейін аралаған күні Қаныш Имантайұлы өзі көптен бері іздеп жүрген ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның 1858 жылы Лондонда басылған жолжазба кітабын көрген-ді. Қазақ даласынан көрген-білгенін, оның тұрғындарының тұрмысы мен әдет-ғұрпын, көшпенді тірлігін, табиғаты мен табиғи байлығын тәптіштей жазып кеткен жиһангер саяхатшының күнделігі түрлі түсті литографиялық суреттермен безеніп, тамаша басылған екен, сақталуы да ғажап. Қаншама қызыққанымен, кітаптың екінші данасы табылмады. (Бірақ елге келген соң, Ленинградтағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапхананың сирек кітаптар қорынан тауып, көшірмесін Алматыға алдыртты).

## 2

Совет делегациясын келесі күні Уинстон Черчилл қабылдады. Ресми емес, ағылшын ақсүйегінің қарапайым ізеті деп шақырған... Қабылдау ресми болмаған соң, оған делегацияның барлық мүшесі емес, бір топ ғалымдар мен әдебиетшілер және делегация басшысы ғана барған-ды...

Қаныш Имантайұлы делегация құрамындағы үш ақынды (Константин Симонов, Самед Вургун және Микола Бажан) «Совет поэзиясының үш киті» деп атайтын-ды. Мінездері аңқылдақ үшеуіне де іш тартып жақындау жүретін, өзара жарасымды өзілдері де болатын. Қазір де ол залдың бір бұрышына оңашаланған үш ақынға қосылып, әңгімелесіп тұрған. Үй иесі бұлардың тобына осы кезде жақындады да, бәрін емес, бет-пішіні, сымбат-тұлғасы қасындағы кісілерден өзгешелеу – моңғол өңді, сырт тұрпаты да ерте заманның батыры сияқтанған бейтаныс қонағына қадала қараған-ды.

– Черчилл мырза сіздің ұлтыңызды айыра алмай тұр, – деп, қымсына үн қатты тілмаш.

– Қазақ деңіз.

– Казак? Казактардың келбеті сіздей ме еді? Таңмын, тіпті де, таңмын.

– Ғапу етіңіз, сэр. Сіз мені казак-орыстарға балап тұрсыз. Ал мен көшпенділердің ұрпағымын, қазірде Қазақ Республикасы атанатын, – деп

жауап берген Қаныш Имантайұлы өзінің туған халқы мен оның мекендеп отырған жері, тілі мен тұрмыс-тірлігі туралы қысқаша мағлұмат берді.

– Солай ма?! – Черчилл көшпенді далалықпын деп тұрған, бірақ киім үлгісі, болмыс-парасаты түрік тілдес азиялықтан гөрі европалыққа бейім алып денелі қонағына көзінің астымен тағы да барлай қарады сірә, сыңайын аңдығысы келді білем, – Сонда барлық қазақтар сіздей еңгезердей ме? – деді кенет.

– О, жоқ. Біздің халық менен әлдеқайда биік!

Черчиллге далалық қонақтың өзіл қарымтасы ұнаған болу керек, кеңк-кеңк күлді де:

– Таңмын! Сөйтсе де, – деп, күлкісін тыйып, сөзін қайта сабақтады, – Отандастарым мені Россияның білгірі деп ойлайды, ал мен, көріп тұрсыз, жер ауданы біздің Альбион елінің территориясын, өзіңіз айтқандай, он бір мәрте орап алатын халық жайында еш нәрсе білмейтін болып шықтым. Демек ағылшындар жер шарын түгел жайлады деген сөз де бекер!..

Қаныш Имантайұлы бұл сөзге де лайықты жауап бергенді құп көрді.

– Черчилл мырзаның сөзіне түзету жасауға мәжбүрмін, – деді болар-болмас езу тартып, – сіздің отандастарыңызда қазақ жерін тым жақсы білгендер болған жөне аз емес...

– Солай ма? – Үй иесі жақындай түсіп, тілмашқа шыдамсыздана қарады.

– Иә, сэр, Лондонда құрылған акционерлер қоғамы «Атбасар джонисток компани оф копи» біздің далада революцияға дейін талай жыл мыс қазып, табысқа шаш етектен кенелген, – деп, қожайынның жерлестерінің Қарағанды, Ақбұйрат, Спасск, Екібастұз, Кенді Алтайдағы ұзақ жылғы сәтті ізденістері жайында айтып берді.

– Демек ағылшын капиталы сіздің сахараға да жеткен болды ғой!.. ға-жап, тіпті, қиял жетпес қияндарға шыққанбыз! Тегінде, бізден бұрынғы ұрпақ ақылдырақ та алымды болған ба деймін?!

Бұған да айтар қарымта жауабы көмейінде тұрса да, Қаныш Имантайұлы қонақ рәсімін сақтап, егес сөзге бармады. Сөйткені дұрыс болған тәрізді...

*(Жалғасы бар)*



## СӨЗДІК

**Алқа-қотан** – алқаға ұқсап, дөңгелене отыру.

**Аша** – 1) басы екі айыр ағаш; 2) екі тармақты, екі айыр сай.

**Әмбе** – барша, бүкіл, күллі.

**Бақ-талайы** – маңдайына жазғаны

**Бұйымтай** – біреудің сұрамақшы нәрсесі.

**Жосын** – жосыған топ, жөңкілген лек; бұрыннан қалыптасқан істің реті, жөні; бөтенше, ерекше, өзгеше.

**Кіді** – сәл нәрседен секем алғыш.

**Көсеге көгерту** – өркені өсіп, дегеніне жетті деген мағынада.

**Кіреуке тұман** – бұлыңғыр, күңгірт.

**Қарымта** – біреудің жасаған жақсылығы немесе қылған қиянаты үшін қайтарылған есе.

**Қолат** – тау беткейлеріндегі сай-жыралардың арасында жатқан ұзынша келген, дөңестеу, кең аңғар.

**Қоңсы** – кедей ауыл; кірме.

**Литографиялық** – баспаханада қорғасын құю арқылы жасалатын әдіс.

**Наркомат** – Народный Комиссариат (орыс) – Халық Комиссариаты.

**Стратегиялық** – қоғамдық, саяси күреске басшылық өнері, оны жүргізудің қоғам (кәсіпорын, партия) дамуының нақты кезеңінің жағдайларынан туындайтын жалпы жоспары.

**Топшы** – адам қолының, құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.

**Ұрымтал** – 1) жақын, жуық; 2) қолайлы, ыңғайлы.

**Шәр** – шаһар, қала.

**Шурф** – кәдімгі құдық сияқты тіп-тік, терең ор.

### **Адам аттары:**

**Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881–1938)** – қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қаныш Сәтбаев атындағы ауылда дүниеге келген. Білім саласында елеулі еңбек еткен.

**Николай және Алексей Белослюдовтар** – ағайынды өлкетанушылар. Олар Семей жерінде туған. Қазақ фольклорын, ауыз әдебиетін, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, т.б. шығармашылығын зерттеген.

**Жаяу Мұса Байжанұлы (1835–1929)** – қазақтың көрнекті әнші-композиторы, ақыны. Ол Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жасыбай көлінің жағасында, Ақшоқы алқабында дүниеге келген.

**Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар** – Торғай жерінде дүниеге келген. Екеуі де 1905 жылдан бастап Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен.

**Черчилл Уинстон (1874–1965)** – Ұлыбританияның мемлекеттік және қоғам қайраткері, 1940–1945; 1951–1955 жылдары ағылшын үкіметін басқарған.

**Жер аты:**

**Кереку** – Павлодар қаласының бұрынғы атауы.

**Куйбышев** – КСРО ыдырағаннан кейін Ресей үкіметінің шешімімен Самара аты қайтарылды.

## *Әдебиет теориясы*

**Роман** (французша roman, ағылшынша novel – орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма осылай аталған) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен ауқымында жан-жақты қамтитын прозалық көлемді шығарма.

**Эссе** – бір нәрседен әсер алып, толғаныстан туатын шағын әдеби шығарма. Ол сыншыл сезімге толы болады.



## *Артық болмас білгенің*

**Томас Уитлам Аткинсон (1799–1861)** – ағылшын саяхатшысы, жазушы, суретші, архитектор. Ол 1845–1852 жылдар аралығында қазақ жерін аралаған. 1858 жылы Лондонда «Шығыс және Батыс Сібірдегі зерттеулер» атты екі томдық еңбегі жарық көрген. Мұнда ол Семей, Аягөз және Алматы қалалары мен бекіністерінде тұратын жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, т.б. жазған. Оның еңбектерінде Шыңғыстау күміс кені, Зайсан көлі, т.т. деректер бар.

Ұлы 1848 жылы қазақ жерінде өмірге келгендіктен, оған Алатау Тамшыбұлақ деп ат қойған.





1. Жазушы Медеу Сәрсекке және оның шығармалары туралы осы кезге не дейін не білетін едіңдер?
2. Бұл роман-эссе кім туралы жазылған? Романда қандай оқиға баяндалады?
3. Автор бұл туындысын неліктен роман-эссе деп атады?



1. «Қаныш Сәтбаев» романының жанрлық тұрғыда қандай ерекшелігі бар?
2. Автор романдағы оқиғаны кімнің атынан баяндайды?
3. Романдағы Жаяу Мұса Байжанұлы туралы не білесіңдер?
4. Қаныш Сәтбаев туралы тағы қай жазушы роман жазғанын анықтаңдар.



1. Романдағы оқиғалар қай кезеңді суреттейді?
2. Өндіріс тақырыбына, ғалымдар туралы тағы қандай кітаптар жарық көргенін анықтаңдар.
3. Шығармада аталған кен орындарын Қазақстан картасынан табыңдар. Олардың қазіргі таңда ел экономикасына қосып жатқан үлесі туралы ақпарат жинап, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.
4. Хрестоматиядан Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» атты шығармасын оқып, бұрынғы қазақ тұрмысындағы еңбек туралы ой қорытып, екі шығарманың кейіпкерлеріне салыстыру жасаңдар.
5. Шығармада Қаныштың туған жері мен еліне сүйіспеншілігі қалай көрінеді?



1. Романда қандай ерекшеліктер бар? Романға тән сипаттарын талдаңдар.
2. Романдағы жазушы тілі, көркемдік сипаты қалай суреттелгенін тауып, сызбаны толтырыңдар:

Табиғат көрінісі	Жер-су аттары	Тарихи тұлғалар	Халықтың ішкі болмысы	Салт-дәстүрлер	Теңеу, эпитет, метафоралар

3. Романнан өндіріске қатысты сөздерді теріп жазыңдар. Ғалымның ғұмырнамасын жазуда бұл сөздер қаншалықты қажет екенін анықтаңдар. Тіл білімі саласында бұл сөздер қалай аталады?
4. – *Жоқ, бұл арадан салынатын қала олардың біріне де ұқсамайды. Мұның көшелері оқтай тұзу, үйлері биік те сәнді, көрген жан келбетіне таң қалғандай сұлу қала болады... Қала ғана емес, бұл жерде үлкен завод та орнайды. Оның үлкендігі Қарсақбайдағы кішкене заводтан жүз есе, бәлкім, онан да зор.* Бұл сөйлемдердегі Қаныш айтқан қала қандай қала? Осы қаланың қазіргі келбетін суреттеп жазыңдар.
5. Шығарманың композициялық құрылымының жоспарын жасаңдар.
6. «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінің тарихпен қаншалықты қатысы бар? Осы сұрақтар төңірегінде пікір алмасып, әңгіме жазыңдар.



1. Шығармада: «Батагөй қарт баланың орауын жазып, құлағын ашып, «Ғабдулғани, Ғабдулғани, Ғабдулғани» деп, үш қайтара айқайлайды» делінген. Бұл қандай рәсім? Азан шақырып ат қою туралы не білесіңдер, қазіргі заманда бұл сақталған ба? Өз көргендерің бойынша айтыңдар.
2. Қаныш Сәтбаевтың ғұмырнамалық баянымен танысқанда, батырлық жырлардағы басты кейіпкерге ұқсатуға бола ма? Үлгі:
  - а) Қаныш Сәтбаев – Имантай бидің зарығып күткен перзенті, «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс та зарығып күткен бала;
  - ә) Бала Қаныштың дене бітіміндегі ерекшеліктер: ...
  - ө) Айналаны білуге деген құштарлығы – ...
  - б) Елдің жағдайын ойлай білуі, игілікті істер – ...
  - в) Атақ-даңққа бөлену ...
3. Қаныш Сәтбаевтың Черчиллге айтқан сөздерінен оның қандай қасиеттері байқалады?
4. Марганецтің өндіріс үшін маңыздылығы қандай? Химия пәнінен алған білімдерің бойынша дәлелдеңдер.
5. Бұл роман-эссені З.Қабдоловтың «Менің Өуезовім» роман-эссесімен салыстырыңдар.



1. Сендердің көзқарастарыңда Қаныш Сәтбаев қандай бейнеде қалды? Қандай өнеге аламыз? Қазіргі таңда Қаныштай қазақ азаматтары бар ма? – деген тақырыптар аясында дебат ұйымдастырыңдар.

2. «Қаныш Сәтбаев – өнегелі өмір үлгісі» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
3. «Қаныш Сәтбаевтың қазақ ғылымына сіңірген еңбегі» тақырыбында сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) – Бәрекелді, мұныға да ризамын, Имекеңнің ақыл-ойын ғана, кішілік сыпайылығын да алғаныңды көріп тұрмын. Ал енді бұйымтайыңды айт, менен не қалайсың?
  - Бұйымтайым жоқ.
  - Шынымен көңіліңде ештеңе жоқ па?

*Сұрақ:* Бұйымтай деген не?

- a) Шаруам жоқ деген.
- b) Сұрағым жоқ деген.
- c) Мәселе жоқ деген.
- d) Бұйымтай – өзінің көңілі қалаған нәрсені сұрап алу.

- 2) Бір көргенге Ұлытау өңірі қатал да сұрықсыз өлке – сусыз, нусыз құба жон, өсімдіктен де жылан жалағандай тұлдыр...

*Сұрақ:* Жылан жалағандай деген нені білдіреді?

- a) Сұрықсыз деген.
- b) Қасиетті деген.
- c) Ештеңе жоқ, түк жоқ деген тіркес.
- d) Сусыз деген.

- 3) Жолаушылар келгенде, ол сырқаттанып, төсекте жатыр екен. Үй-іші жүдеу, төрде бір-екі тайтеріден өзге лыпа жоқ.

*Сұрақ:* Тайтері деген не?

- a) Жүннен жасалған киіз.
- b) Көрпе.
- c) Түрлі түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасалған сырмақ.
- d) Тайтері – тайдың терісінен жасалған төсеніш.



## Ғаламтор

Ғаламтордан Қаныш Сәтбаев туралы деректі фильмді көріп, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.

## II бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

1. Қаныш Сәтбаев қай жылдары өмір сүрген?
  - A) 1917–1964
  - B) 1899–1964
  - C) 1900–1964
  - D) 1888–1861
  - E) 1889–1961
  
2. Қаныш Сәтбаевқа көк қаршығаны сыйлаған кім?
  - A) Ақан сері
  - B) Жаяу Мұса Байжанұлы
  - C) Біржан сал
  - D) Имантай Сәтбайұлы
  - E) Нұрғали Құлжанов
  
3. Қаныш Сәтбаев кездескен Уинстон Черчилл кім?
  - A) ағылшын үкіметінің Президенті
  - B) АҚШ үкіметінің хатшысы
  - C) француз үкіметінің Премьер-министрі
  - D) ағылшын үкіметінің Премьер-министрі
  - E) Ұлыбритания үкіметінің Президенті
  
4. Шоқан Уәлихановпен араласқан кім?
  - A) Қаныш Сәтбаев
  - B) Имантай Сәтбайұлы
  - C) Әбікей Зейінұлы
  - D) Жаяу Мұса Байжанұлы
  - E) Нұрғали Құлжанов
  
5. Черчиллдің: – Сонда барлық қазақтар сіздей еңгезердей ме? – деген сұрағына: – Біздің халық менен әлдеқайда биік! – деп, жауап берген кім екенін табыңдар.
  - A) Дінмұхамед Қонаев
  - B) Медеу Сәрсеке
  - C) Қаныш Сәтбаев
  - D) Тұрар Рысқұлов
  - E) Нұрғали Құлжанов
  
6. Мына үзіндіде диалог жасаушы екеуді анықтаңдар.
 

*«...көшпенді далалықпын деп тұрған, бірақ киім үлгісі, болмыс-парасаты түрік тілдес азиялықтан гөрі европалыққа бейім алып денелі қонағына көзінің ас-*



*тымен тағы да барлай қарады, сірә, сыңайын аңдығысы келді білем, – Сонда барлық қазақтар сіздей еңгезердей ме? – деді кенет.*

*– О, жоқ. Біздің халық менен әлдеқайда биік!...»*

- A) Қаныш Имантайұлы мен Богданчиков
- B) Имантай Сәтбайұлы мен Шоқан Уәлиханов
- C) Қаныш Имантайұлы мен Уинстон Черчилль
- D) Жаяу Мұса мен Богданчиков
- E) Николай Белосюдов пен Жаяу Мұса

**7. Қазақстанда Ғылым күні қай күні аталып өтеді?**

- A) 5 мамыр
- B) 12 сәуір
- C) 15 мамыр
- D) 25 мамыр
- E) 14 мамыр

**8. «1942 жылы июнь айының он екінші жаңасында, құрылыс басталғаннан бері ... күнде Жезді марганецінің алғашқы партиясы Оралға жөнелтілді».**

**«Қаныш Сәтбаев» романындағы дерекке сүйеніп, көп нүктенің орнындағы сөзді анықтап, бұл туралы қай бөлімде айтылғанын белгілеңдер.**

- A) отыз сегізінші, «Тұманды Альбион елінде»
- B) отыз екінші; «Жезді хикаясы»
- C) отыз бесінші; «Жезді хикаясы»
- D) отыз сегізінші, «Жезді хикаясы»
- E) отыз жетінші; «Жезді хикаясы»

**9. Қаныш Сәтбаевтың азан шақырып қойған аты ...**

- A) Ғаныш
- B) Ғани
- C) Ғабдулғани
- D) Қаныжан
- E) Қанат

**10. Жазушы Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» романының жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.**

- A) әңгімелеу сипатында
- B) романтизм әдісімен
- C) қиыл-ғажайыптық сипатта
- D) эпикалық ауқымдылық
- E) өмірбаяндық, нақтылық, құжатты

## III бөлім

# ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ

Парасаттылық – адамның өзін сыйлаудан туатын ерекше сипат. Өзін сыйлаған адам елін де сыйлай біледі. Басына қандай жағдай түссе де, халқын сатпайды. Арын сатпайды. Сондықтан қазақ әдебиеті – ұлттың парасат пайымын қалыптастырған ұлы күш. Бұл ұлы күш – қазақ елінің мәңгі болуына жанды өзек.



**Айгүл КЕМЕЛБАЕВА**  
(1965 жылы туған)

Кемелбаева Айгүл Жолдасбайқызы – жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург. 1965 жылы 3 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Семей өңірі Абай ауданы Құндызды ауылында туған.

Ол жас кезінен жазушы болуды армандады. Сондықтан өуелі Қазақ мемлекеттік университетінің (бүгінде Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетіне түсіп, үш курс оқығаннан кейін білімін Мәскеудегі М.Горький атындағы

Әдебиет институтында жалғастырды. Мамандығы – әдеби қызметкер. 2001 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Баспасөзде 240-тан астам әдебиеттану мақалалары, эссе, аудармалары жарық көрген. 3 прозалық кітап пен 2 әдебиеттану-эссеистика кітабының авторы. Жазушының алғашқы кітабы «Жетінші құрылыққа саяхат» деген атаумен 1986 жылы жарық көрген. Оның «Тобылғысай» (2001), «Мұнара» (2003), «Мәжнүн жүрек» (2013), «Сөз хикмет» (2016) атты кітаптары бар.

Айгүл Кемелбаеваның шығармалары, сондай-ақ, шетел басылымдарында да жарық көрген.

Ол Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» атты өңгімесі бойынша «Күнә» (Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм», режиссері Болат Шәріп,

2005) және «Сұлтан Оразалин» (2013), «Сүлеймен Есқараев» (2012), «Жиёмбет жырау» (2014) атты деректі фильмдердің сценарийін жазған.

Айгүл Кемелбаева – Жастар одағы мен Журналистер одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты (1998), «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (2000), жазушыларға берілетін Президенттік стипендияның бірнеше мәрте иегері, «Қазіргі заманғы қазақстандық роман» атты байқаудың жеңімпазы (2000) және көптеген әдеби байқаулардың жеңімпазы.

## ШАШТЫ

(әңгіме)

– Қай ноғайсың?

Екеуі қоста оңаша қалғанда жөн сұрасты. Жас бала айшылық алыс жолдан барымтаға түскен қыпшақ жылқысымен қоса айдалып келген. Түрікпен Өмударияны бетке алып, Сыр бойы қыпшақтан алған қалың жылқыны дүркірете қуып, күн-түн жортқан ат үстіндегі сергелдең он бір жасар оғланды дереу есейтіп тастамаса да, қапелімде азат басына түскен қыл бұғауды тосырқап, тілі байланып, жан ұшырған.

– Аға, біз қыпшақ, атам аты – Ерторы, өкем аты – Құлпейіс, анамның сүт кенжесі Кенжебекпін, – деді бала көзі жасаурап, мөлтең қағып.

– Балам, сен мені жылқышы ата дерсің, – деді қазақ шал түсі жылып, – Құдай аламанға кезіктіріп, таландыға бір түскен екенсің, бекер жаси берме. Ай-Күн жарықсыз болмас.

Ат құлағында ойнап өскен қыр баласы сол қырғын күнгі мың жылқысын қорыған қыпшақтың шетінен сүйекті, сай тасындай ірі, сом білекті үш азаматының қасында шоқайып, өзі тіленіп, ат арқасынан түспей қойған. Қырық қаралы теке түрікпен жер астынан шыққандай, жусаған жылқыға андыздай тигенде, аз қыпшақ сүйірленіп, найза кезене, қарсы шабуылға қасқая ат қойды. Ешбірі тірі қалмасын білген, өлсе, жастығын ала өлмек. «Жал-жал құм арасына қаш! Қалың жыңғыл, сексеуілді панала, тез тығыл, жотадан ассаң, жау таппай қалар, құтыл, бауырым!», – деп, бірі артына қарайлай бере, Кенжебекке жанұшыра айқайлаған.

Кенжебек астына мінген дегдар тұяқты жануар қиқу тиіп, құйрық-жалы нөсердей құйылып, дүр сілкінгенде, желдей ескен мың бас жылқыдан үркіп, кісінеп салды. Ойдым-ойдым құм арасы жылқы жаюға қолайлы болғанымен, ат күрмеліп, шаба алмайды. Бала ішіне шоқ түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сұмға қимай, көн садағын қолға ала

ұмтылды. Омыраулай қарсы келген жалбыр бөрік дәу түрікпен ат үстінен қарғадай баланы жұлып кеп алды. Ұрыста жазым болып, қосақ арасында бекерге өлмесін деп, баланы алдына лақша өңгере салды.

Жылқы күзеткен арыстай үш жігіт ұрыста өліп, Ерторының немересін үйір-үйір жылқымен қоса, Теке түрікпен олжалап, күнбатыс еліне айдап өкеткенін естігенде, тұсауы кесіле сала, ат арқасына мінгізген қыпшақ елі ұлардай шулап, қатындар дауыс сала, бет жырты жылап, аһ ұрып қала берді.

– Қай ноғайсың? – деп сұрады бала іркілмей.

– Қаңбақша ауып, тамырсыз дедектеген мен бір қаңлы.

– Қаңлы ішінде қай аталық? – деді бала ересек адамша сыр тартқысы кеп.

– Тегін сұраған жат болмайды. Қаңлы десем, көгім қазақ дегенім, қарағым. Бабам азан шақырып қойған есімімді, сүйегімді жариялап айтпай-ақ қояйын. Сен сұрама.

Кенжебек жалшы шалдың ата тегін, руын дәл атауға құлықсыз екенін, батпандай құпия қайғысын нұры тайған көзінен ұқты. Өйтпесе, тұқымы асыл болса, астындағы атына өз тайпасын қосақтай айтуға шалт қазақ нәсілінен ғой.

– Ат басы мен ер басы қайда қалмайды? – деп күрсінді шал.

Ошақтағы от жалын кеміп, көлеңкелер бұға қалғандай, жатаған сексеуілге айналғандай елестеді.

– Сен, қарағым, алаңсыз ұйқыңды қандыр. Түнгі күзет мына менікі, атаңдікі, – дегенде, жылқышының дауысы ерекше жұмсарды. – Тасқұл атаң жалғыздық сүрейге әбден еті өлген.

Ол қыпшақтың еркек баласын жортуылшы топ олжалап әкелгенде, қатты тіксінді. Кенжебек теке түрікпенге тұтқынға түскелі қолына құрық ұстатып, жылқы бақтырды. Бала қасындағы үзеңгілес серігі қазақ болып шыққанына әкесін көргендей қуанды.

Ұзамай Кенжебек жаңа тірлігіне үйрене бастады. Түрікпен жылқысы шетінен аққу мойын, тік сирақ, бойы биік келеді, аяғын қаз басқанда, ерен бекзат жануар болар ма, соны көргенде, арқасы қозды. Бұрын көз үйренген қыпшақ, адай, алаша, шекті жылқысының шомбал мүсіні қораш сезіліп, шоқтығы биік, сымбаты көркем текежәуміт тұқымды жылқы малсақ ұлдың көзіне оттай басылды.

Теке түрікпен бегі Атажан байдың мол жылқысын иен түзде жалғыз бағатын Тасқұл қасына қарындас бауыр келгелі арқаланып, ат үстінде ыңылдап өлең айтады. Екеуі аңдуыл сырт көзден таса тілдеседі.

– Теке, жәуміт, ерсары, ғөклен, салыр тайпалары бір-бірімен қыз алыспайды, жиырма төрт ата түрікпенде қазақ рулары сияқты алыстан, жеті судан асырып, құдаласу салты жоқ. Қатын-қыздарын қызғыштай қориды. Қазақ пен түрікпен өзара шабысу, аламаннан екі жағы да ешқашан айныған емес. Оғыз-қыпшақтан бергі көрген тірлік, жылқы алу, қатын-қыз, бала-шаға олжалау. Шекті-шөмекей қазақтың ұсақ шоқылығы, жалпақ жон Арқаға апарып, Орта жүзге сататын қыз-келіншек түрікпен тыстан жаулап әкелген жесірлер, бұл құма мұңлықтардың құны құл базарында арзан. Айырбас саудаға жәуміт тайпасы жүреді. Олар парсы патшасына бағынады. Ғөклен – бес қаруын асынған жауынгер ел. Түрікпен ноғай мен жетіруды жиі шапты. Қазақ руларынан түрікпенмен жиі соқтығысатын найзасының ұшы алтын кіші жүз Байұлында Адай елі. Адай біресе теке руымен, біресе жәумітпен алыс-беріске икем, көбіне шабысып, аз мезет табысып та жүреді. Қос дария бойында ежелден қыпшақтар түрікпенмен араласып, бірге көшіп-қонып жүруші еді. Құла түзде кебінсіз қалғаны бар, тігерге тұяқсыз қалғаны бар, оғыз-қыпшақ тұқымы бүліншілікте жан алысып, жан берісіп, ауыл, оба барымта, қанды соғыстан запыс болса мейлі, бұл дағдыдан ешқайсысы жаңылған емес.

Сыр бойына жиі шабуылдайтыны текежәуміт. Қой үстіне қайдан бозторғай жұмыртқалайды? Қазақлық заманнан үш жүз бір ту астына біріксе, ер түрікпеннен бөлек, өр Алтайдан Еділге өтіп, қырғидай тиген құба қалмақтан, Ыстық көлдің арғы жағынан жөңкіліп тиісетін жауынгер тайпа қырғыздан, ормандай көпір орыстан, сірә да жеңілмес еді.

Тасқұл шал айтқан сөзі қарғадай Кенжебектің көкейінде байыздап қалсын деп, Сыпыра жыраудай түптен толғады. Құлпейістің кенжесі өз елінен тоналған қалың жылқыны бағуға жегілді. Түрікпендер жылқы мен баланы әуелде мықтап күзетті. Атажан бай жылқысын алпыс жыл бойы үзбей бағатын көрі қазақтың қасына қарғадай ұлды қосып берген. Жылқышы шалдың жанынан екі елі қалмайтын ақтөс қос төбеті бар.

Жыл он екі ай өткенде, Кенжебек жылқышы ата бір күні бай үйінен таңдаулы құлындарға беретін түйе сүті құйылған месті әкелгенде, көзі шырақтай жанып, алағызып келгенін бірден ұқты.

Түрікпен мен қыпшақ тойында көшпелі салт бойынша, ат шаптырып, балуан күрестіреді, бәйгеге үйірімен жылқы, сан бас түйе, тайтұяқ күміс тігіледі. Атажан бай елінде болатын үлкен той, ат бәйгеге қос тұлпарын қосу үшін атбегілігі сыннан өткен қарт қазаққа баптауды бұйырған екен. Жылқышы иесінің небір жүйрік атын талай мәрте жаратып, олжа салып жүргеніне алғаш рет жүрегі атқақтап, өлердей қуанды. Бұ-

рын бәйгеден аты озса, бай ризашылығын жомарттықпен білдіргенде, селт етпеуші еді.

– Құланның қасуына мылтықтың басуы, бұл – Құдайдың бұйрығы, аруақ жебеді, – деп таси сөйледі Тасқұл. Шал анадан қайта туғандай күрт өзгеріп, құшырланып сала берді. Тұйық судай тұнжырап тұратын шегір көзіне от толып, жасынша жарқ етті. Бала қарт жылқышының оқыс өзгерген мынау мінезін өсіре атқұмарлығынан деп ұққан.

Бірде жеті қараңғы түнде ғадетте құсұйқылы шал баланы ұйқысынан шырт оятып, ошақтағы шоқтың жылт-жылт еткен табында қарсы алдына отырғызып қойды. Кенжебек көзін аша алмай, аузын аша есінеп, ұйқы қысып, түк түсінбесе де, есін ептеп жиып алды. Қай қуыстан суырып алғанын, жылқышы шал оң иығына бөрінің бас терісін тұтас қалдырған көкшулан терісін жауып алыпты.

– Шырағым, сын сағатың туды, ал, көзіме тік қара, сөзіме бақ! – деп, бұйыра сөйледі жылқышы.

– Түрікпеннің атқұмарлығы атаң қазақпен тең. Бәйге десе, екеуі де ішкен асын жерге қояды. Түрікпен ежелден марғау далада тежеусіз құландай өскен ер қазақты қарақшы, бүлікші, тентек көреді.

Бөрі көсемі абадан болар, бөрі күшігі бөлтірік болар, бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екенінді мынау құмдағы мимырт елге мықтап танытар күн туды! Ежелден қоныстас теке түрікпен бұл тойды өсте ұмытпас, жадынан өшпес таңбалы етеміз!

Кенжебекке жылқышы шал құдды жер қайысқан әскермен жалғыз соғысуға даяр хас батырдай ерек көрінді. Айтқанын қалт жібермей, тыңдап отыр.

– Бұлар да қазақ сияқты көбінесе басы жаугершілікте бірігетін алтыбақан алауыз ел екені рас. Тайпалары өзара дұрдараз болғанымен, түрікпен тегінде асыл текті мәрт халық. Бірақ соғыстан түскен жетім-жесірді аямайтын қатал заңды қай халық болсын ұстанады. Сенің құның бұлар үшін тышқақ лақ ғұрлы жоқ. Тұтқынға түсу көшпелі рулар үшін қарғыс таңбалы, көк соққанмен тең. Жат жарылқамайды. Сондықтан мына сені, еркек баланы өлсе, аямайды. Қоқан, Хиуа бектері қазақтан қыз салық алып басынады. Түрікпен салты қазақ сияқты, ұлы қалыңдығын текті тұқымнан айттырып алады, күшік қатынын жесірден алады. Жетім қыз болса, малдыға кішілікке береді, анасы көгі бөтен болса, одан туған ұл бала есіміне «құл» деп жалғайды. Таза қанды түрікпеннен шатаны солай айыру үшін.

Бала тез тітіркеніп, қорқып кетті, үкідей дөңгеленген көзіне шүпілдей үрей толды. Үлкен кісі нені мегзеп отыр? Мұны түрікпен бектері ат құй-

рығына байлап, өлтірейін деп жатқандай, тұспалмен орағыта сөйлегені несі?!

– Атажан қос жүйрігінің біріне шабандозға сені шаптыратынын көрі жүрегім сезеді.

Шал көкейіндегісін айтқанда, Кенжебектің тынысы кеңіп сала берді. Е, е, теке түрікпен де қазақ сияқты обал-сауапты білетін ел, тірі жан иесін беталды өлтірмейді.

Бұл түйелі көрші ауылға түйе сүтін меспен әкелуге барған сайын түрікпен шешелер дәмді асқа тойғызып, жетім-жесір, құл бала көріп, іштей мүсіркейтінін талай басынан кешті. Түрікпен жылқысына түйе сүтін береді.

– Кенжебек, жас та болсаң, бас болар сәт келді. Теке түрікпен «Өр түлкі өз құйрығын мақтайды», – деп айтады. Текежәуміттің айтулы бектері, бай-бағланы өз жүйрігі озғанын күтіп, жарысты есі шығып қызықтайды. Бәйгенің ең қызған шағында кертағыдай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет, менмен текежәуміт бектеріне атасын таныт! Сол сәт менің есіл өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! Қарағым, бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліңе қашасың!

Бала бауыр басып қалған жылқышы атасының бағанадан бері нені көк-сеп, нені айтқысы кеп қомданып отырғанын енді айқын ұқты. Не дерге сөз таппай қалды.

– Неге үндемейсің? – деп сұрады шал жарықшақ дауысы тарғыл шығып.

– Ей, ағатай, айташым, сен мені тыңдашы. Мен қашсам, түрікпендер момын аңша аулап, тарпаңдай қайырып әкеп, шырқырата ұстап алады ғой!

– Тұлпар дүбірі сені қиянға шырқатып әкетеді. Қазақ шығасың! Жылқы атасы керқұлан, жылқы аяқты мал, арқасына бір қонсаң, аруақ жебейді, құстай ұшып, желдей есесің. Сырдың суы сол сәт сирағыңнан келмейді, ұлым. Мұратың тек қашу болсын. Ат асылы теке түрікпенде, ендеше, тақымыңа Ақсақ Темірден бергіде қызылбастың мәртебелі өмірлері мінген хас жүйрік тиеді. Азаттыққа бәс тігуге ықтиярсың ба, ұлым?

Кенжебек алғидың шөлінде, қиян-қия елсіз жолдың қауіп-қатерлі уытын жұдырықтай жүрегімен ауыр сезінді. Басын изегендей болды.

Көрі-жас екі қазақ қостан шыққанда, көктегі ай тола бастапты.

Жалшы шал тарамыс мойнын созып, көк аспанға телміре қарады.

– Е, балам, бағың бар сияқты, жазмыш жазуын қарай гөр! Анаң сені ай толғанда, толғатып туған екен. Шашты-түкті дүние сипаты жарқырай туып келеді, о, тоба, шебер Тәңірі жолыңды оңғарайын деп тұрғанын қара!

Кенжебек аңтарылып, көкке көз тікті. Кәдімгі түнгі аспан, жұлдыздар баданадай анық, ай сүттей жарық. Жылқышы ата нені мегзеп, қандай игі нышан көргенін ол түйсінгісі кеп кетті.

– Шашты-түкті дүние сені адастырмас, толған ай алтын қазығың. Түнгі дегдар даламен көк бөріше жортарсың. Тақырбас таз түндердің шеті кетіліп бітті. Әулие пірің Баба түкті Шашты Әзиз қолдасын, жылқы пірі Қамбар ата қолдасын, қысылтаянда қырық шілтен ғайып ерен кезіксін! Ешқашан алақан жайып, бата берген жан емен. Батамды бердім! Темір-қазықты жадыға мықтап тұт, шөмішті шоқ жұлдыздар илайым оң жолға салады. Оразалы құтылар, бейнетті тұтылар.

– Жылқышы ата, нені айтасың? Шашты-түкті деген кім?

– Бұрынғы көнекөз жұрт көкірегі ерен көркем еді, толған ай көрсе, шашты, жазғы сәуле құйылса, түкті деп жатушы еді. Алпыс жыл бұрын бабамнан естіген сол сөз санамда жарқ ете түскені тегін нышан емес.

Бала есінеуі жиіледі, ары қарай сөз тыңдауға зауқы соқпады.

Ертесінде жылқышы шал Кенжебектің үкі көзінен кертабан бір үмітсіз торығудың жылт еткен белгісін көріп, жаны ерен құлазыды. Оның қорқып, тайсақтауын іштей жазғыра алмаған. Бірер күнде баланың еңсесі түсіп кетті. Айшылық алыс жолды ат соғып, суыт жүріп келген балаға жыл озғанда иесіз, азықсыз, жападан-жалғыз жер түбіндегі еліне бас сауғалап, қашып баруы үшін жалаң төуекел қылу аз. Көзсіз ерге лайық өрекетке баруға жас бала дайын емес сияқтанды.

– Жылқышы ата, мен ойласам... қашу мехнаты тым қиын сияқты, – деп күмілжіді Кенжебек көзімен жер шұқылап.

– Ез болуды пір тұтпа, шырағым. Темірді қызған кезде соқ. Өзекті жанға бір өлім деп, елге тарт. Есің барда, елің тап!

– Айшылық жер, жер түбі, құм керуендегенде, былтыр бейнетін әбден көрдім, жылқышы ата. Бірақ онда көппен бірге болдым. Аң-құс, қарақшы, алақшы бар...

– Түрікпен «Қорқытқа көр қазба» дейді. Мен айтамын, Қорқытқа көр қазылсын, уақыты келсе, даяр тұрады! «Қайда барсаң, Қорқыттың көрі» десе, несі бар? Көрге кіргенше, көресің аз болмайды, қарағым. Маңдайға, лаухил тақтаға жазылған өлшеулі жас бар. Тікқұлақ көкжалдан несін қорқасың, төңірі текті түркі-көк бөрі тұқымы емей, сен кімсің?! Тұрлаусыз өскен құландай қыпшақ қаныңды сатпа!

Жылқышы лаң тигендей атын шалт тебініп, шаба жөнелді, қос тау төбеті қапталдаса зымырайды. Ол табын жылқының ортасына тартты. Кенжебек оның соңынан ерді. Тасқұл ата наразы, мұның шалаширақ балапан-



дай өлсіздігін қомсынып, жан алқымынан ашу қысқанын айтпай білді. Шіріген жұмыртқа, шүрегей, көк жасық дейді-ау. Бала қасына келген соң, жылқышы шал мұны көзіне ілгісі келмей, тілсіз қалды. Күн қаққан өңі өрт сөндіргендей түтігіп алған. Мұның шалыс, қорқақ пиғылы дауасыз жараның аузын тырнаған тәрізді. Тек жылқышы атасы бек риза болу үшін бала қашуға бекінді, өлсе, шейіт болар, өлмесе, тірі қалар.

Түн ауа жылқышы қосқа қайтпады. Кенжебек оның қасынан екі елі қалмаған.

– Түрікпеннің аламандығы қазақтың барымтасынан садаға кетсін, – деп ауыр күрсінді жылқышы шал.

– Ноғайлы нәсіл тек жылқы олжалайды, Сейілхан жорықта мал-жанды түгел олжалайды. Екеуі адал ас ішсе, Құдай аштан өлтірердей, құртқа дүниеге құнығып, өзара жорық, құмда керуен тонаусыз күн көре алмайды. Бақауыл болудан бұлар әсте жерімейді.

Оғыз-қыпшақ ежелден шығандай бергенмен, түп нәсілі – бір халық.

Ұлы жүз Қаңлы, Жалайыр, Шапыраштыда Теке руы, түрікпенде іргелі Теке руы бар. Қарақойлы руы Қыпшақта бар, түрікпенде бар. Байұлында шеркеш, түрікпен ішінде шеркез руы бар. Өлімде кете, түрікпенде кете руы бар.

Иісі қазақтың Құдай сүйген қылығы жоқ. Ала жылан аш бақа, ала тілеу оңдырмасын бек біледі. Қара қыпшақ Қобыланды батыр Ақжол биді өлтірген соң, Арғын-Қыпшақ айрылған. Кетелер кектесіп, адайдың бір ауылын шауып алады, адам шығыны көп болды. Өлім мен Байұлы бертінге шекті тату болмады. Мұндағы түрікпен отын жағып, бесігін тербеткен, бірақ туған елін өлсе, ұмыта алмайтын қаны қазақ жесірлер жылап айтқан құса-шер, шежіре естір құлақ керең болмаған соң, көкейге жетеді.

Сырт дұшпанға сыр алдырып, елін зар еңіретіп, есесі кете бергені өз руы десе, астамсып кететін, қит етсе, атасын Құдайдан зор көріп, тепсінген көрнадан, менмен, жекпе-жекшіл, есерсоқ батыр атаулының кесірі. Мұндайда алақтап ажал іздеп ұрынғыш, алабас бураша шабынған ұрда-жық есереркек, даукес тентекке обал жоқ, бірақ қайран аналар мен қабырғасы қатпаған, ұядағы балапан, ұялас күшік, көзін ашпаған бала-шағаның соры. Оның несін айтайын. Тісімнен тіріде шығармасын дейтін сұрқия сөзді айтқызғалы тұрсың сен маған.

Кенжебек жалшы шалдың әлем-тапырық дауысынан қарадай шошынды. Шегір көзінен жаңбыр жаумайтын қу мекиен шөлдегідей тамшы жас тамбағанмен, жылқышы ата жаны егіліп жылап тұрғанын біле қойды. Зәресі ұшып, басын шайқады. Айтпай-ақ қойса екен деп тіледі.

Жалшы шал басындағы ақ жүн қозы бөрігін жұлып алды. Бас киімін Кенжебектің аяғының астына лақтырып тастады. Селдір шашы аппақ құдай екен. Қаһарлы хан алдына кеп, «Алдияр, дат!» деп тұрғандай мұнысы несі?!

– Есіңе мені бір жаман құл, Тасқұл деп алғайсың. Ертең қашпасаң, құлақ кесті қара құлдан бетер сорақы боласың. Мына сенің жасыңда тұтылдым. Уызымнан жарып, бал жалап өскенімді қайтейін? Ат тұяғы басқан жер шапқын, жылқы мінген елдер соғысып, жылқы өсірген халық шабындыға көп түседі екен. Аттанып шыққан түрікпен аламанда тұтты. Ойдағы ауылыма оқыстан жау тиді, қазанды қақ айырды. Қазақ пен текежәуміт, екі жағы барымтада бірдей о жар. Біздің рудың бас көтерер ерлері Жетісу, Теңіз асып, Бұғы қырғыздан жылқы өкелуге кеткен кезіне килікті. Кілең қатын-бала, көрі кемпір-шалдан бөлек найза ұстайтын ерлерден аз ғана топ қалған, жасанған дұшпан қырып салды. Жас қыз-келіншектер мен қорғансыз балаларды алғыншылар қоймен қоса айдап өкетті. Кебенек киген тірлік у татып, тұтқыннан қашып кетуге тағдыр еш қоспады. Талай өрекет қылғанмен, қолға түсе бердім. Арқамдағы дүренің іздері содан қалған белгі.

Жылқышы шал басы салбырап, ұзақ үнсіз отырып қалды. Іштегі шерін, асқан құпиясын ақтаруға батпайтын сияқты.

– Он үште отау иесі деген. Ер жетуге аз қалғанда, Құдай кешпес бір кепке ұшырап, өлгім келді. Кісіге айтуға арланатын қорқау сөз еді. Құлдық кепиеті ұрмасын деп, мына саған айтпасқа еш амал жоқ. Төңірінің бұйрығы айтқызып тұрғанын қара. Түрікпендер бір күні... Содан бергіде азбанқұлмын!

Жылқышы шалдың иегі кемсеңдеп кеткенін көрген сәтте, бала аһ ұрып, оны арқасынан құшақтай алды.

– Келісті бозбала болып өсіп келе жатқаным қаралы құсаға ұласты. ...тірі өлікке айналдым. Баяғыда отқа табынып, маздатып шырақ жағатын бір елдің әмірші, бектері сарайында шырайлы күндер ұстайды, сол сұлу күндерін бақтыруға еркектіктен айырған басыбайлы қарауыл өтек ұстайды деп естуші едік. Түрікпен парсыға бізден гөрі біртабан жақын жатқан ел, сынықтан басқаның бәрі жұғады, сұмпайы зорлықты жұқтырған көрінеді.

Ең қиямет тұсын айтқаннан соң, жалшы шал біртүрлі жеңілденгендей, жаншылған қалпынан арылып, дауысы қайта өзгерді.

– Құлдан да бір сөз дейді қазақ.

Жылқышы енді айбат шеге сөйледі.

– Бұқаға туған күн бұзауға туады. Бұқаны өгіз, айғырды ат, бураны атан қылу заты Құдай қарғаған запыран зорлық, жаратылысқа қиянаттың көкесі. Қарғадай болсаң да, көзіндегі қос үрейді көрген соң, түңіліп, сұрықсыз сұм кепті баян қылдым. Естіген құлақта жазық жоқ. Бекіту үшін айттым. Мені аяма, өзіңді ойла. Құлақ естігенді көз көрер. Қорықсаң, Құдайдың көрінен, мына мен ұшыраған ықтиярсыз зауалдан қорық.

– Жылқышы ата, қашуын қашармын, бірақ мен қайтар жолды анық білмеймін. Өмудариядан өте алмасам, өлдім ғой. Жау қолына қайта түссем, осы күніме зар болып, озандап қалармын.

– Мен шешекемнен ноғай-қазақ болып туғаным рас болса, байкемнің бөйгеге түсер құнаны нағыз құмай, қаракөк тұқым, аузымен құс тістейді. Мен баққан тұлпардан бір кінәрат табылар.

Жылқышы шалдың үні сенімді шыққаны сонша, бала үңіліп, оның бетіне қарады. Оның езу тартып күлгенін алғаш көрді.

– Ұлым, ат арқасында тіп-тік түзу отырғаныңды талай мәрте байқадым. Шап айылын қатты тартып мін. Аттан түскенде, босатып отыр. Түн баласы ақ маяның жолына қарап жүресің. Темірқазықтан жаңылма, ұзақ сапарда бағдарың сол.

– Жылқышы ата, ақ маяның жолы қайда? – деп, елең етті бала.

– Текежәуміт құс жолын солай атайды. Ойсылқара түлігі түйені пір тұтқан көшпелі тайпа болған соң, құмға төзімді малды қастерлейді. Оғыз бабамның түп ұрпағы ғой. Оғыз бен қыпшақ тайталасқан, оғызды қыпшақ еңсерген, ел еңіреген жерлер, өне.

– Жылқышы ата, күндіз тығылып жатсам, қуғыншылар ұзатпай, ұстап алмай ма?

– Кезеуілші жау іздеген жасақтар кездесуі мүмкін. Өуелі жаратқан Құдай, сосын өулиеге, пір Бекетке сыйынып, тарта бер. Сайтандай сап етіп, айшылық жерден торғауыт құба қалмақ жортуылдайтыны болады. Сол жоңғар-ойратқа ұрынғаннан сақтағай! Хиуа өміріне бағынған қарақалпақ жолықса, бір ноғайдың нәсілі, Мүйтен би ұрпағымын деп айт. Аузыңа түскен бір қазақ рудың атын айта бер, албан, найман, қоңырат, керей, кердері, табын, үйсін аққойлы, ысты қарақойлы, жалайыр, жетіру, ашамайлы, қанжығалы, шанышқылы, тарақты, бессары, қыпшақпын де, мейлі, қарақалпаққа бөтен болмай шығасың.

Жылқы өулие, өулиеге тапсырдым! Есті жануар ғой, құла түзде жалғызбын деме, серік болады. Құладың ұшпас шөлден өтесің, араннан бетер көрінер. Өлмеген құлға несібе мол екенін білгенде, Құдайыңа құлшылық

қылуды үйренесің өлі. Түрікпен байдың мың жылқысын бағып, мұнда бойкүйез қала берсең, онда тірі емес, өлі санатындасың.

Жылқышы шал бие саууға түйе мойнақ ыдысты ұстап сыртқа шығып кетті, бие байласа, алабай иттер иесін қорғаштап, бір бүйірде жатады. Кенжебек шал бие сауғанда, жылқымен күбірлеп тілдесетінін байқаған. Қыпшақ ауылда биені кілең ерлер сауатын.

Кенжебек кимешегінің жиегіне зер жүгірткен үлкен шешесі тегенеге құйып, қайың ожаумен бал қымызды ағаштан ойылған тостағандарға толтыра құяр мезетін көз алдына елестеткені сол – көзінен бір тамшы жас ыршып түсті. Шіркін, апасының көк бешпентінің өңіріне бетін бір басып, иісін иіскер күн туса!

Тасқұл үйірлі биені сауып болған соң, сүтін сабаға толтырды.

Кенжебекті ертіп, құмға бет алды. Бөйгеге баптаған қос жүйрікті жетекке алды. Бала жон арқасымен сырт көзден именіп барады. Түрікпендер мұның түп ойын арқасынан оқып қоярдай қуыстанды. Бірақ ешкім бұл екеуін қалт жібермей қадағаламайды. Өйткені алпыс жылда жылқышы түрікпен болып, бұларға әбден сіңіп кеткен. Барар жер, басар тауы жоқ, от жаққан жері жоқ тексіз құл санайды, осы елдің бір шерлі жетіміндей көреді.

Қазақ шал жал-жал құмға жылқыны аунатты. Бала жылқышы атасынан көргенін істеді. Шөлейтте өскен теке түрікпен жылқыны суға шомылдырмай, құмға аунатады. Құм судан бетер қапысыз тазалайды екен, жылқы түгі жылтырап кеткенде, Кенжебек қайран қалды. Бейнетқор атасы мал жайынан білмейтіні жер астында.

Кенжебек бала ата ақылымен күндегі таба нанның екі кесегін жемей, кептіріп, жолазыққа дайындаған. Тобарси кепкен майлы құртты бір дорбаға салды. Шал оған құмдақта аңқанды аңызға кептіріп, өлердей шөлдесең, таңдайыңа салып, құрт сор, атыңа азыққа қойдың шикі құйрығын кесіп, бір тілімнен бер деп үйретті.

Өзге ел таң ұйқысын өлсе қимас өлара шақта тірлік қылатын жылқышы шал өзі бағатын көкбурыл тұлпардың құйрығынан қыл суырып, бір талымен көзге көрінбес қылып, тілінің түп жағынан байлап тастаған. Кенжебек көкбурыл жылқы қыш оттықтағы жемнен, судан қалып, бабында жаратылмасынайтпай-ақ ұқты, жылқышы сыбырлап, оған не істегенін айтты.

– Қарағым, Кенжебек, бөйгеге өзің баққан жүйрікпен шап, саған әбден үйренді, иісінді алды. Тілерсегіне қарашы, көсіле шапса, жаңылмас, омырауы даладай емес пе, өкпесі өшпейді. Жол азығыңды, қой құйрығын сырт көзге көрінбейтін қылып сал. Ат айдаушы секем алып, бұл не деп

сұраса, аттың жемі дерсің. Тұсау жіпті ұмытпа. Бөйге айналма болатын болды, оңайға соқпайды. Ат тізгінін ердің басына үш орап ал. Үш айналғанша, тізгінді жіберме, ат тері шықпаса, булығып қалады. Төртінші айналымда ердің басынан бір орамын ағыт. Бөйгені қызықтаған бұқара ел бар. Сол түрікпен ішінде кімдер бар да, кімдер жоқ. Халық алдында дағарадай бөріктері қоқырайып, қаздай тізілген ақсүйек текежәуміт бектері, бай-мырзасы отырады. Дәл сол тұсқа келгенде, атаң қыпшақтың ұранын айқайлап, қиқу салып өт!

– Ойбас! Ойбас! – деп қатты дауыстап жіберді қаршадай бала көзі шоқтай жанып.

Жылқышы көзі шырадай жанды. Түрікпенқұл атанып, жалшылықта ғұмыры өткен кегі бір сәтте қайтқандай, өңі нұрланып, арқасы босап сала берді.

– Бес күн жалғанда ешкімнен қаймықпай, ақ алмастай жарқылдап өткен азат ерлерге бас иемін. Боқ дүние мені менсінбеді, түтінім болмаған соң, боқ дүниені мен алмадым. Кенжебек, шырағым, мынау жас күнімде елсізде адасқан дәруіш жыршыға тигізген септігім үшін риза пейілмен жомарттық жасаған түрікпен бегінен алған ерекше құнды тартуым еді. Қаңғыбас жыршы тірі жанға қылдай зияны жоқ, ел сүйетін арқалы ақын екен. Диуаналықпен ел адақтап, қисса-жыр айтып жүргенде, шөлде қаңғып өлесің ғой дегенімде, мен Көроғлымын, дәруіштің пірі Қожа Хафизден нем артық деген сөзі ойымда. Мойнағы күміспен күптелген тобылғы қамшы енді сенікі.

Жылқышы шал ата салтымен бала елге аман жетсін деп, Кенжебектің қолына күмістелген қамшы ұстатты. Қосқа кіргізіп, бір итіне ырымдап, тоқым жауып қойды.

– Дыбысың шыққан соң, атыңның басын бұрып, бір Құдайға сыйынып, мен сілтеген Темірқазық тұсы қайдасың деп, қасқая тарта бер.

Бөйгеге отыз ат тігілді. Кілең таңдаулы жүйріктің үстінде бір-бір бөйге бала, тұрымтайдай жеті жасар, он жасар арасы, барлығы ұшар құстай қомданып отыр. Аттылы болудың бағын айт. Кенжебекке ерді жылқышы шал жөке ағашынан жасап берген.

Атшабар бөйгеде теке Атажан байдың тұлпары астында, Кенжебек азат басына қылшылбыр түскен соңғы жыл он екі ай жігерін құм қылған бір батпандай кесік ойдан айнып сала берді. Желге мінгендей жүрегі атқақтап, жанын желік буып барады. Өмір мен өлім деген не тәйірі! Ат үстінде арқырай өліп кетсе өкінбес! Тұяғы жалпақ түрікпен жылқысы мұның қасқағым сәтте аруағын асырып жіберді. Ол шауып бара жатқанда, ауық-

ауық хас тұлпардың үстінде қозғалақтай, қопандай, құйрығы көтеріліп қоятынын көргенде, Атажан бек масайрай түсті. Алалы жылқы айдаған оғыздың ұрпағы емес пе! Жылқы жайын қазақтан артық кім білер, мына шабандоз бала ат беліне титтей салмағын түсірмесе, бұйырса, бәйгенің алдын бермейді.

Төртінші айналымда Кенжебек күбірлеп сыйынды: «Я, Тәңірім, жар бол, аруақ, қолдай гөр! Бұл өңім бе, түсім бе?! Текежәуміт тұлпарым, жануарым, құмайым, атаң – суын, анаң сүттей боз бие шығар, жылқыда өт жоқ, қанат бітіп, құстай ұш!»

– Ойбас! Ойбас!

Қыпшақ ұлдың дауысы күн күркіреп, аспан қарс айрылғаннан бетер дүйім елді селк еткізген. Ізінше өлгі өктем үн жарық дүниеге жарықшақ түсіріп, астан-кестен, алай-түлей қылды. Тек көп ішінен арзу қылып, дұға айтқан қазақ шалға Кенжебектің жас дауысы аңқып естілген. Түрікпендер қым-қуыт шулап қоя берді. Бәйгеге шапқанда қыпшақ нәсілі қалған жиырма тоғыз оғыз баладан еш айырмашылығы жоқ еді. Ұран салған соң қаршығадай ұл басындағы жалбыр бөркін жұлып алып, жерге лақтырды. Бөрік ішінен басына ақ шүберекті маңдайын баса орап алыпты. Адаймен жиі шабысатын текежәуміттің ызалы көзіне өлгі орамал адайдың ақ туындай елестеп кетті.

Қыпшақ ұл ат басын бұрып, шеңберден шығып, еліне баратын тұсқа нысаналай, жұлдыздай ағып барады. Үстіндегі бала қаңбақтай болған соң, құнан жылқы қиналмай, қолтығын жаза құстай ұшады.

Кенет қашқан баланың көзіне анадайдан күн сәулесінен жаһұттай жарқыраған дөңгелек бір зат түскені. Кенжебек ат бауырынан сыпырылып құлап түсердей кілт еңкейіп, жерден бірдеңе ілгенде, жылқышы шалдың қырағы көзі ұясынан шығардай, алақтап кетті. Ол айдаладан іліп алған керемет затын қойнына салды, шабысын қайта түзеді.

Ат жарыс адыра қалды. Ат жарыстан соң тойлы ел ит таластырмақ еді. Ересек түрікпен көбі атқа қонып, шығандап кеткен қашқынды жаппай, жабыла қуып берді. Ө дегеннен ұшқыр шабатын аттар жақын, жанай келді. Жүрегі су етсе, несі бар? Кенжебек бауыр басқан жылқышы атасын қимай, егіліп барады. Қоштасарда оның: «Мені көрдім деп, ешкімге айтушы болма. Мен бір желге ұшқан қаңбақ, солған тамырмын. Өлсем, обал жоқ, өлсем, Балқан тауда сүйегім қалады», – дегенін еске алып, жүрегі қан жылады.

Кетерінде бұл: «Жылқышы ата, туып-өскен жеріңді айт, туыстарыңды іздестірейік, қаңлы ішінде кім боласың? Кіші атаң кім?», – десе, шал ба-

сын шайқады. «Ежелден біздің қазақ нәсілін жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руын мүсәпір құл жасырады. Тегімді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң, тексізден нем артық?!» – деп ширеңдеді. Ол сүйекке масқара таңба түсті деп қорланған соң, атасын жасыруға мәжбүр. «Бұрын періштелер мені ылғи өліге санап кететін. Расымен, тірі өлік едім. Атаңа нәлет қу тірлік. Жыланды үш кессе, кесірткедей өлі бар. Тірлігімнің ендігі мұраты – бір сенің елге аман-есен жеткенің. Сонда мына мен өлінерде артымда басқан ізім, кіндігімнен жаралып, бел балам болмаса да, азат рухым, мұрагерім, атұстарым қалды деп білемін».

Баланың көзінен жас парлады, жанашыр атасын енді қайтіп көрмейді-ау. Түйе шекпен жаңбыр өткізбейді деп, жылқышы шал шегелей айтқанын жадына мықтап тұтты.

Дария тасығандай, сел ағызғандай сұрапыл күй кешті. Өттең, қапы дүние!

Хас жүйрік қыпшақ ұлдың тақымында кеткенде, түрікпендер жер сабалап қалды. Ер қанаты – аты өлсе, адамнан кем көрмей, көр қазып жерлейтін; ең асыл тұқымының жалын тірі жанға сипатпай, ерен құпия сақтайтын; қисапсыз қазынаға айырбастамас, антқа берік текежәуміт, ата мал айғырын өлсе, сатпайтын; астындағы атын жанынан, қойнындағы қатынынан артық көретін; айтулы батырлары ұрыста өлген атының басын ардақтап биік тауға қоятын, тұлпардан айрылуды өлімнен кем көрмейтін қайсар қазақ, түбі ер түрік оғыз-қыпшақ нәсілі жылқы десе еліріп, шалық шалғаннан бетер есі кетеді.

Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса құтылады, құса жетеді.

Қуғыншы жасақтың аттары қатты шабыстан қызғаны соншалық, бүйірлері солықтап, өлердей болдырып, мойнынан қан шықты. Бір қашқын мен жүз қуғыншының арасы қозыкөш жер қалған.

Япырай, рақымы күшті бір Құдайдың құдіретін айт! Құлдыраған қыпшақ ұл жер мен көкті қоса орай озып барады. Кенет жаңбыр жауып, күн ашылса, кемпірқосақ құбылып түссе, бала атымен аспанға өрмелеп кетердей көрінеді.

Құс ұшпас құла түзде жер-көкті тұтас шаңға ораған ордалы құлан кезікті. Аспанды қақ бөліп құйын тұрғандай жойқын үдерген құландар екі ортаны жара ұрымтал тұстан киліккен. Үйірдің алдында басы қазандай ірі айғыр құлан жер қайысқан салт аттыларды көргенде, қас-қағымда

сын шайқады. «Ежелден біздің қазақ нәсілін жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руын мүсәпір құл жасырады. Тегімді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң, тексізден нем артық?!» – деп ширеңдеді. Ол сүйекке масқара таңба түсті деп қорланған соң, атасын жасыруға мәжбүр. «Бұрын періштелер мені ылғи өліге санап кететін. Расымен, тірі өлік едім. Атаңа нәлет қу тірлік. Жыланды үш кессе, кесірткедей өлі бар. Тірлігімнің ендігі мұраты – бір сенің елге аман-есен жеткенің. Сонда мына мен өлінерде артымда басқан ізім, кіндігімнен жаралып, бел балам болмаса да, азат рухым, мұрагерім, атұстарым қалды деп білемін».

Баланың көзінен жас парлады, жанашыр атасын енді қайтіп көрмейді-ау. Түйе шекпен жаңбыр өткізбейді деп, жылқышы шал шегелей айтқанын жадына мықтап тұтты.

Дария тасығандай, сел ағызғандай сұрапыл күй кешті. Өттең, қапы дүние!

Хас жүйрік қыпшақ ұлдың тақымында кеткенде, түрікпендер жер сабалап қалды. Ер қанаты – аты өлсе, адамнан кем көрмей, көр қазып жерлейтін; ең асыл тұқымының жалын тірі жанға сипатпай, ерен құпия сақтайтын; қисапсыз қазынаға айырбастамас, антқа берік текежәуміт, ата мал айғырын өлсе, сатпайтын; астындағы атын жанынан, қойнындағы қатынынан артық көретін; айтулы батырлары ұрыста өлген атының басын ардақтап биік тауға қоятын, тұлпардан айрылуды өлімнен кем көрмейтін қайсар қазақ, түбі ер түрік оғыз-қыпшақ нәсілі жылқы десе еліріп, шалық шалғаннан бетер есі кетеді.

Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса құтылады, құса жетеді.

Қуғыншы жасақтың аттары қатты шабыстан қызғаны соншалық, бүйірлері солықтап, өлердей болдырып, мойнынан қан шықты. Бір қашқын мен жүз қуғыншының арасы қозыкөш жер қалған.

Япырай, рақымы күшті бір Құдайдың құдіретін айт! Құлдыраған қыпшақ ұл жер мен көкті қоса орай озып барады. Кенет жаңбыр жауып, күн ашылса, кемпірқосақ құбылып түссе, бала атымен аспанға өрмелеп кетердей көрінеді.

Құс ұшпас құла түзде жер-көкті тұтас шаңға ораған ордалы құлан кезікті. Аспанды қақ бөліп құйын тұрғандай жойқын үдерген құландар екі ортаны жара ұрымтал тұстан киліккен. Үйірдің алдында басы қазандай ірі айғыр құлан жер қайысқан салт аттыларды көргенде, қас-қағымда



осқырынып, қалт тұра қалды. Айғыр құлан тұяғымен жер таршып, танауы делдие, иегіне өскен түгі сойдыып, көзі қанға толып, адыраңдай басын кекжитті. Сол замат оның соңына ерген үйірі, мың бас табын құлан қоса шалт тоқтаған. Жердегіні көре қоймайтын өткір көзі, биіктегіні қалт жібермейтін айғыр құлан ащы дауыспен қатты кісінеді.

Өмір мен өлім арасы мың құлан. Қияндағы Жайық бетке су іздеп шұбап бара жатқан мың сан тұяқ көсіліп, селдей жөңкіліп келеді екен. Өлі тыныштық буған маңғаз дала кенеттен тіріліп, жон арқасы жыбыр-жыбыр қозғалып, айдалаға маңып, құлан тайпа қопарыла көшіп барады. Көсем құланның ащы кісінеуін бұйрат қырқалар асқан қыпшақ ұл естіген жоқ, қарғыстай тым ащы дауыс қарсы жолыққан жүз түрікпеннің құлағын жарды.

Көбі уыздай бала құғыннан құтылып кеткенінен гөрі керемет тұлпардың көз алдында ұрланғанына іштері удай ашыған. Тек бірен-саран долы дұшпан шабандоз баланы ұстаса, итше тепкілеп, ителгі теуіп құлатқан қаздай жүнше түтер еді. Қиқуласқан көп ішінде әбден қаны қайнаған бір өлермені бар еді. Құлан қағынан жерісе, су таба алмай шөлде өлер. Тоқсан тоғыз түрікпен ер қалжырап, ат басын бұрып, кері қайтты. Соңғы құғыншы шөлде адасып, өлудің аз алды, запы болып, еліне түтігіп оралған.

Атажан байдың үлкен ұлы үйіне келе, қазан төңкеріп тастады. Түбі шикі құл қазаққа сенген бейқам әкесіне дүлей наразылығын сөйтіп білдірді.

Біраз түрікпен суық қаруын асынып, жылқы қосына оралған қазақ шалдың соңынан жауар бұлттай түйіліп жетті. Атажан бай жирен атына жайдақ міне сап, ілес келген. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында. Момын, бейбіт жылқышы асау тарпаңдай мінез көрсетіп, міз бақпақ түгілі, оң иығына қасқыр терісін жамылып, анталаған құн сұраушыны именбей, қарсы алғанын көзімен көрді. Өзін айыпты санап отырған ол жоқ. Алпыс жыл табыннан шашау шығармай, жылқысын ерен адал баққан егде қазақтың шегір көзіне көзі түскенде, Атажан бай ыза-ашуы күрт басылып, табан астында өзгеріп шыға келді. Ол жалшысына ләм-мим демей, кері шегінген.

Шабандозға шығарған құл баланы отандасы еліне қашыртып жібергенін өуелден баршасы ұқты. Ер екен. Түрікпен бай есігіндегі құлақ кесті құлды сол сәт қимас бауырындай сезініп, жүрегі алапат сыздап кетті. Ұлдарын атқа баулыған, жыл он екі ай ат арқасынан түспей, жылқысын баққан адал қазақтың өзіне ерекше қымбат жан екенін бай сезінгендей, кенет алай-түлей күй кешті.

Атажан әлекедей жаланған ерегескен топқа жылқышысын жазалатқан жоқ, олар, тым құрыса, Тасқұлды сабап кеткісі келген. «Бас жарылса, бөрік ішінде», – деді бай.

Атажан ертесінде қос атқа қоржын артып, өр қазаққа азаттық беруге бұйырды. Ер азаматты шексіз құлданғанына Құдайдан сөйтіп рақым сұрағысы келген. Айтулы ердің соңындай, оның бір жат қылығын кешпесе, өзін несін мұсылман санайды? Теке руы бір жүйрікті жоғалтса, несі бар екен?

Жылқышы селт етпеді. Атажан бек оның еліне кетер ойы жоғын біліп, ішіп жылып, қуанды. Аттан түспейтін Тасқұл бақса, Қамбар атадай жылқысы дүр сілкініп бірдей жусайды, енеден туған бір құлын өлмейді.

Жер төсін тесердей дүрсіл бөсеңдеп, аспан мен жерді шаңға көміп, маң далада қыпшақпен бірге көшетін жабайы құлан үйірі түрікпенді шын бөгеді. Қалтиған бір суырды көргенде, Кенжебек астындағы құнанын обалсынып, шабысын тежеуге мәжбүр болды. Жылқышы ата құлағына құя берген сөзі көкейінде сайрап тұр: «Тұлпарың шаршамайды, нысаналы жас мал, көктей жүйрік, талмай шаба береді, бірақ сақ бол. Зорығып кетіп, мұрнынан қан кетіп құласа, сол жерде тұяқ серіппей, жан тәсілім етті дей бер».

Кенжебек еңкейіп, бас сүйегін терімен қаптап қойғандай қазмойын атының тер мен тұяқтан ұшқан қою шаң көміп, үйелеген екі көзін жанқалтадағы орамалымен сүртті. Тұлпарына ерік беріп, басын бос жіберді. Тәңіріге, өулиеге алғыс жаудырды. Жылқы тектес тұз тұқымын жанын аманат қылып, қатерден безген қарға бойлы балаға құтқару үшін жіберген! Желкілдеп ту көтеріп шыққан қыруар өскерден, ұлы қорғаннан үдере көшкен мың тұяқ тағының несі кем болды?!

Бір бабасы Құлан қыпшақ еді, оның құлан қағына жөргектеліп туғаны туралы аңыз тегін болмады. О, Құдая, тағдырға сызылған іс болды, адам айтса, нанғысыз. Құлан қыпшақта ел қорғаған көзсіз батырлар көп деуші еді. Теңіз айрықта бағзыда қыпшақтың елбөрілі руы жаулаушы монғол қолымен шайқаста өліспей беріспей, қаза тапқан. Жұлдыздай қыпшақтың бұрынғы өткенінің өлген аруағы ма екен, көзге елес боп көрінген? Расында, Қызылқұмда құлан жануар мекендемейді. Бұл тылсымға бала сенерсенбесін білмеді. Біреу айтса, өй, еш сенбес еді.

Әмударияны орап жатқан Қызылқұмнан өту қылкөпірден өтуден кем түспеді. Елге таянған. Бөрілі арқылы өтіп барады. Қашқанда жын соққандай кідіруге, көз ақы алып, іліп әкетуге мәжбүр еткен гауһардай жарқыраған затты қойнынан алып қараса, қола жиекті алақандай қол айна екен.

Күн нұрымен шағылысып, алтындай жарқыраған айна керуен тартқан сарт саудашыдан түсіп қалған-ау. Бала түк түсінбей, риясыз күлді.

Кенжебек жылқышы ата ақылын мұқият ойға алумен суыт жүре берді. «Біреулер көрстанда өлік қойып жатпаса, жолда кездескен мүжілген, мүлгіген моладан қашпа. Саған қастық қылғанды көк соқсын деп қарғадым. Жолда бейіт кездесе, өулие деп ұқ. Төңірі жарылқасын! Сен мынау ұлы даланы билеген қыпшақтан тудың. Аруақ қонып, киік көшкен айтақыр далада Құдай сақтаймын десе, сақтайды. Қашқанда екі көзің алдында, екі көзің артыңда болсын. Жеті қараңғыда, балам, иен түзде сейілші жын-сайтан жүреді, үйірімен пері көшеді. Бөгде кейпіне еніп, құбылып кездесуі мүмкін, бастан кешкенмін. Жалғыз-жарым жолаушы бейбаққа қауіп-қатер аз емес. Шибөрідей торуылдайтын үрейді күміс қамшымен қу, саспа. Шибөрі дауысы қиямет, адам сияқты, бірде сайтанша күліп, бірде бақ етіп жылайды. Қатты шошынған сәтінде күбірлеп дұға оқи бер, түнде тұсаулы жылқыға жақын ұйықта. Тілсіз демесең, жылқыда мін болмайды, ес болады. Жолда арқан тапсаң, соны шеңберлеп ұйықта, бүйі, жылан шақпайды».

Бала бөрі құрсақ айшылық алыс жолда жападан жалғыз жортты. Қу медиенде басына құс қонбаған балбал тастар кезіксе, үміті маздайды. Шаң аралас боран соқса, ат басын жабумен орады. Алып шыққан ер азығы үш күнде таусылды. Құрғақ ауа шаңдақта өбден болдырған аты шөлге шыдаса екен. Кенжебек көк суды ылғи түсінде көріп, ерні кезеріп, жаны аңсады. Айдын көлдер мен ағынды өзендерге дүниеде не жетер? Шіркін, көк су, көк су! Ең тұщы, мөлдір суды шөлі қанғанша ішсе, фөниде арманы болар ма!

Жылқысына өсімдіктен андыз, изен, жусан – азық. Жылға тапқанда, бала өзі қаталап өліп бара жатса да, өуелі тұлпарына аз ғана су ішкізді. Жылқышы ата балаға шөл қысқанда, жылқыға суды көп ішкізбе, бұл тұқымы төзімді мал, аз суға шөлі қанады, аз-аздан бөліп суғар деп үйретіп қойған.

Жылқышы қосына Құдай айдап кез қылды, тірі жан жоқ, иен екен, аспа ілмек мосыда қақпағын ашса, бір қазан ет пісіп тұр. Кенжебек бұл қостың иесі Қоңырат руының жылқышылары екенін ұқты, төсеулі жылқы терісінің таңбасын көрді. Көк Төңірі түрікті жаратқалы жылқышы қосында өткен-кеткен жүргінші жүрек жалғап, тойып ас ішуі үшін ылғи ет асулы тұруы бұлжымас дала заңы екенін біледі. Ілулі тұрған ескі бөрте бөрікті басына рұқсатсыз киіп кетті, өуелі қоржын жамылып жүрді, аптаптан қорғайды.

Иісі хош аңқыған Сыр бойында қара үйде егін егіп отырған он түтін қарақалпақтан ас ішіп, қоржын толтыра азық алып, тіке аттанды. Киік, қарақұйрық аулауға арқасында асынған көн садағы жоқ. Ордалы киік,

бөкен шұбап жүреді. Елге тақағанда, қамысты айна көлдер көбейді. Тек қаранор маса жабылып, шыбын-шіркей қанын сорды.

Құмдауыттан сарала қаздың інге салған ұясын таяу көрді, қаласа, тұзақпен ұстар еді. Сарала қаз етін ел жемейді.

Қаптаған дуадақ түнде жүреді, бұлдырық мол. Сыр маңы топырақ құнарлы, сексеуіл, жыңғыл түбі топ-топ қырғауыл екен. Қарақұйрық көп. Су құртындай балығын көлшіктерден қолмен ұстап, отқа қақтап жеді. Баяғыда ауылда мазақтап, бір адамды «Бақа жеген Итемер» деп, ел күліп отырғаны бекер екен. Аш өзегін балықпен жалғаған. Бақырға су қайнатса, бір уыс тарыдан бөртпе жасап, уыстап асайды.

Кенжебек кіндік қаны тамған Қыпшақ ауылына жарты күншілік жер қалғанда, жолда тауып алған найзасына ту көтерді. Кездігімен теке тұлпарының жал-құйрығынан бір тұтамын түбінен кесіп, қыл шашақ ту жасап алды. Еліне ту көтеріп кірді. Қиянда қалған тілекші жылқышы ата осы кейпін көрсе деп, ырымдап істеген.

Қыпшақ Торыайғыр ауылына сол түні қаңғып екі дуана келді. Жұмбақтап, сөуегей сөз сөйледі. Түнімен тақуа қарт көз ілмей, намазын үзбей, таң атқанша дұғамен құлшылық жасады. Таң арайланғанда дуана ақсақалды шырт ұйқыдан оятып, «Байеке, тысқа шығып қарашы, өлгенің тіріліп, өшкенің жанды», – деп айтты.

Атасы шығып қараса, бір жыл бұрын жылқымен ұрланып, жоғалып кеткен немересі Кенжебек астындағы құнан жылқысын белдеуге байлап жатыр екен. Баланың қалың шашы иығынан асып, жалбырай өсіп, арқасын тұтып жапқан, күн жеп, тер сіңген киімі әбден тозған. Атасы ақсары өңі тотығып, әбден қап-қара болып, күнге күйген ұлан немересін үкідей дөңгелек көзінен айнытпай танып, көрі көзінен жасы ағып, бас салды.

Торыайғыр қонақасыға тай сойғызып, айнала елді асқа шақырып, екі дуананы құлай күтті. Қырықтың бірі – Қыдыр, әулие көріп, арып-ашып оралған балама бата бер деп, құдайы мейманнан сұраған.

Тілекші дуана: «Шашың өлең шөптей қаулай өсіп, еліңе шашты болып келдің, Алла тағала жар болып, ұрпағың шашыңдай көп болып, өсіп-өңсін! Өумин!» – деп, алақан жайып, іркілместен бата берді.

Кенжебек еліне таянған соң, бір күн нәр татпады, ас батпады, шала құсұйқылы, арып-ашып, өлердей зорығып келген. Бата жасалған соң, бала алдына келген ағаш астаудағы майлы еттен арпадай асап-асап жіберді. Сосын мейірі судай тасыған, айналып-үйірілген анасы құйған жас қымыздан бір аяқ жұтып, іргедегі құстөсекке жантайып, қалғып кеткеннен үш күн, үш түн ұйықтаған.

Ол сүйікті тұлпарының мойнына меншіктеп, қос өліп қыпшақ таңба басты. Көкейіне жылқышы ата жарықшақсыз айтқан: «Бұл түрікпенбоз Төңірі қалауымен енді қыпшақбоз болады», – деген дуалы сөзі түсті.

Жеңгелері ұл баланы сол мезеттен бастап Шашты атап кетті. Өз Тәуке хан тұсында шоқбелдеу таққан Шашты айтулы азамат болып, аты ел аузына ілікті. Жорықта қол бастады. Баяғы Теке түрікпенді шауып, қыруар жылқысын қайтарып алып, түрікпеннің сұлу қызын қоса өкелді. Екі қосағынан Шашты төрт ұл көрді.

Ерторының немересін түрікпеннен аман келтірген хас тұлпар Қыпшақбоз қаза жетіп өлгенде, жігіт ағасы болған Шашты алғандарына жоқтау айтқызып, шиге орап, кебіндеп көмді. Бәйбіше, тоқалы бет жыртып, дауыс салып жылағаны, Қыпшақбоздың қасиет, мәртебесін өлеңге қосып, жоқтағаны естіген елдің көкірегінде тұнып қалды.



## СӨЗДІК

**Абадан** – қасқырдың топтанған үйірінің күшті де мықты көсемі.

**Алғи** – елсіз алыс жер, қатерлі жол.

**Алақшы** – миф. кісі өлтіруші, ажал.

**Арзу** (парсы) – арман, тілек, өтініш.

**Әсіре** – шамадан, шектен тыс, ерекше.

**Бақауыл** – әскерді жабдықтаушы, олжа бөлуші.

**Бойкүйез** – мойны жар бермейтін енжар, сүлесоқ, еріншек.

**Ғадетте** – әдетте.

**Дегдар** – асыл тұқымды

**Жаратылмасын** – жарамайтынын; Тасқұл шал екінші жүйрікті әдейі жаратпай тұр, Кенжебекті қашыру үшін бәйге атына мінгенін қалап айтқаны. Автор шығармаға арқау болған оқиғаның кезеңіне қарай сол кездегі қолданысты сақтаған.

**Запыс болу** – ығыр болу, жүрегі шайлығы.

**Көгі** – тегі, сүйегі.

**Көкшулан** – көкшіл тартқан, бұрыл түс.

**Қаранор** – бұл жерде: көп, қаптаған деген мағынада.

**Құма** (көне) – күң, шапқыншылықта қолға түскен әйел.

**Қырық шілтен ғайып ерен** – желеп-жебеп, қолдайтын әулие.

**Құртқа дүние** – опасыз қу дүние.

**Лаухил** – тағдыр тақтасы.

**Мес** – сұйық тамақ құю үшін бітеу сойылған ешкі терісінен жасалған ыдыс.  
**Мимырт** – жай, шабан, баяу, жайбасар.  
**Мосы** – ілгекке ыдыс іліп, шай қайнататын ыдыс.  
**Оба** – түрікпен ауылы.  
**Озандау** – созып дауыс шығару; жылап-жоқтап қалармын деген мағынада.  
**Өлінерде** – өлерімде; жазушы шығармаға XVIII ғасырдағы оқиғаны жазып отырғандықтан, ескі сөз қолданысын сақтаған.  
**Сейілхан** – қазақ түрікпенді кейде солай атайды.  
**Суын** – теңіз жылқысы.  
**Сүрей** – әсер; бұл жерде: жалғыз өмір сүргеннің әсерінен деген мағынада.  
**Тағала** (араб) – ең жоғары; Алланың 99 көркем есімінің бірі.  
**Тобарсу** – аздап кебу, құрғау.  
**Шабандоз** – бәйге атына мініп шабатын өнерлі бала, жігіт.  
**Шата** – некесіз туған бала.  
**Шомбал** – ірі, үлкен, кесек, алпамса.  
**Шоқбелдеу** – асыл тасты белбеу.  
**Уыт** – ағзаға дарыған ұдың зардабы, күші.

#### **Адам аты:**

**Баба түкті Шашты Әзиз** – түркі халықтарына ортақ бейне, әулие. Фольклорлық шығармаларда қорғаушы, желеп-жебеуші бейнесінде көрінеді.  
**Қара қыпшақ Қобыланды батыр** – XV ғасырда өмір сүрген халық батыры. Қара Қыпшақ – оның руы, өз әкесі – Тоқтарбай.  
**Сыпыра жырау** (XIV ғасыр) – Тоқтамыс пен Едігенің билік құрған кезінде өмір сүрген. «Едіге батыр», т.б. жарларда қарт жырау бейнесінде сомдалған.  
**Шашты** – Қыпшақ ішіндегі ру атауы, Мұстафа Шоқайдың оныншы атасы.

#### **Ру аттары:**

**Арғын, Қыпшақ** – Орта жүздегі ру аттары.  
**Адай** – Байұлына кіретін ру.  
**Байұлы** – Кіші жүздегі он екі рудың басын құраған тайпа, сондықтан он екі ата Байұлы деп айтады.  
**Құлан Қыпшақ** – Қыпшақ тайпасындағы ру атауы.  
**Теке түрікпен, Жәуміт түрікпен, Бұғы қырғыз** – ру аттары.  
**Шекті-Шөмекей** – Кіші жүздегі Әлім аталығына кіретін рулар.

#### **Жер-су атауы:**

**Теңіз** – Балқаш көлі.



1. Айгүл Кемелбаеваның алғашқы кітабы қалай аталған? Жазушының тағы қандай шығармаларын білесіңдер?
2. Тасқұл қарттың сөзінде айтылған Сыпыра жырау туралы не білесіңдер? Ол халық ауыз әдебиетіндегі қай жырдың кейіпкері?



1. «Шашты» өңгімесіндегі негізгі идея не? Өңгіме не себепті «Шашты» деп аталған?
2. Тұтқындағы қарт қазақ не себепті өз атын айтпайды? Жазушының оны Тасқұл деп атауында мағына бар ма?
3. Ел бетін көре алмастай болған ол Кенжебектің қашуына жағдай жасауына не себеп?
4. Кенжебектің тұтқыннан қашуы сәтті бола ала ма, оны құтқарар не болуы мүмкін? Тасқұл шал баланы қашуға үгіттегенде, ол неге сенді?
5. Өңгіме неге «Қай ноғайсың?» деген сұрақтан басталған?



1. Кенжебектің елге қашқан жолын карта бойынша анықтаңдар. Шығармада қолданылған жер-су атауларына назар аударыңдар.
2. Хрестоматиядан Айгүл Кемелбаеваның «Тобылғысай» өңгімесін оқып, мазмұн, идеясына мән беріңдер.
3. Қазақ шығармаларынан тұтқынға түскен тағы қандай кейіпкерлер туралы оқыдыңдар, сол туралы ой бөлісіңдер.
4. Баланың және тұтқын қарттың бойынан қазақ халқына тән қандай мінез-құлық көрінеді?
5. «Бала ішіне шоқ түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сұмға қимай, көн садағын қолға ала ұмтылды», – деген сөйлемнен баланың қандай қасиетін байқадыңдар?



1. «Шашты» өңгімесіндегі тұтқынға түскен екі кейіпкерге сипаттама, мінездеме беріңдер.

	Сипаттама	Мінездеме
Бірінші кейіпкер		
Екінші кейіпкер		

2. «Шашты» өңгімесінің идеялық, тақырыптық және көркемдік ерекшеліктерін саралаңдар.
3. Мақал-мәтелдердің шығармада қолданылу мақсатына назар аударыңдар.
4. Өңгімедегі этнографиялық және тарихи мағлұматтар туралы не білдіңдер? Қазақ халқының және түрікпен халқының салт-дәстүрлері қалай суреттелген? Салт-дәстүрлері мен ырым, наным-сенімдерінің арасында ұқсастықтар бар ма?

Салт-дәстүрлер  
мен ырым

Ұқсастықтары

Наным-сенімдер



1. «Шашты» өңгімесінде автор бейнесі байқала ма?
2. Көркем шығармада көтерілген мәселенің маңыздылығын айтыңдар.
3. «Шашты» өңгімесінің заманауи маңыздылығы, құндылығы неде? Ұлттық құндылықтар мен өшпес мұраттар өңгімеде қалай суреттелген?
4. Өңгімеде суреттелген оқиғаның тарихи негізі бар ма?
5. Тасқұл қарттың жылқыны сипаттаған сөздерін А.Құнанбайұлының «Аттың сыны» өлеңімен, І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Күреңбай сыншының сөздерімен салыстырыңдар.

«Аттың сыны»  
өлеңі

Тасқұл қарттың сөзі

«Құлагер»  
поэмасы

6. «Кенжебек туған жеріне бағыт алды». Осы оқиғаны өз беттеріңше жалғастырып, өңгіме жазыңдар.



1. Жылқышы Тасқұл қарттың баланы елге қашырып жіберуінде қандай мақсат, ой жатыр? Басында қобалжыған бала не үшін қашуға бекінді?
2. Атажан бай жылқышы шалды жазалатпай, азаттық беруге бұйыруының себебі неде?
3. Шығармадағы құландар ненің бейнесі? Оның шығарма кейіпкерінің бейнесін ашуға қандай қатысы бар?
4. Жазушы осы шығарма арқылы қандай мәселені көтеріп отыр?
5. Шығарма идеясының адамгершілік құндылығы тұрғысынан маңыздылығы неде?



6. «Қазақ намысы – бабалар аманаты» деген тақырыпта өдеби эссе жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Екеуі қоста оңаша қалғанда, жөн сұрасты. Жас бала айшылық алыс жолдан барымтаға түскен қыпшақ жылқысымен қоса айдалып келген.

*Сұрақ:* «Екеуі қоста оңаша қалғанда, жөн сұрасты» деген сөйлемдегі *қоста* сөзі нені білдіреді?

- Екеуі бірге қалды деген мағынада айтылған.
- Қос – адамдар бірігіп тұратын уақытша баспана, яғни киіз үйде екеуі қалғанын айтқаны.
- Қос – екі-ақ адамға арналған үй.
- Екі адам сөйлесуге келіскен.

- 2) «Шашты-түкті дүние сипаты жарқырай туып келеді, о, тоба, шебер Төңірі жолыңды оңғарайын деп тұрғанын қара!

*Сұрақ:* Шашты және түкті деген сөздердің мағынасын шығарма бойынша анықтаңдар.

- «Шашың өлең шөптей қаулап өсіп, еліңе шашты болып келдің!» делінген, өйткені Кенжебектің шашы жалбырап өсіп кеткен.
- Тасқұл шалдың шашы өсіп кеткен, өйткені ол құлдықта көп жүрді.
- Атажан бай дүниені осылай түсінген.
- Бұрынғы көнекөз жұрт көкірегі ерен көркем еді, толған ай көрсе, шашты, жазғы сәуле құйылса, түкті деп жатушы еді.

- 3) Ойдым-ойдым құм арасы жылқы жаюға қолайлы болғанымен, ат күрмеліп, шаба алмайды. Бала ішіне шоқ түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сұмға қимай, көн садағын қолға ала ұмтылды. Омыраулай қарсы келген жалбыр бөрік дәу түрікпен ат үстінен қарғадай баланы жұлып кеп алды. Ұрыста жазым болып, қосақ арасында бекерге өлмесін деп, баланы алдына лақша өңгере салды.

*Сұрақ:* «Қосақ арасында» деген тіркес нені білдіреді?

- Қосақ – малды сауу үшін байлап қоятын ұзын арқан.
- «Қосағымен бірге» деген сөз бар, яғни ерлі-зайыптыларды айтқаны.
- Ұрыста жазым болмасын деп алып кеткенін айтқаны.
- Бекерден-бекер күйді, өзгелермен бірге жазықсыз жазалы болды деген.



## КЕЙШКЕР ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛ

Шығарма бойынша Кенжебек жүріп өткен жолды екі карта бойынша сызыңдар. Орта Азия елдерінің картасынан Сырдария өзені ағатын сызбаны жасап, ал екінші картадан Түрікменстанның орналасқан тұсын анықтаңдар.





## Оқушы күнделігі

*«Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса құтылады, құса жетеді». «Шашты» әңгімесіндегі осы сөздер қалай әсер етті? Әңгімені оқығаннан кейін алған әсерлеріңді жазыңдар.*

**Айгүл Кемелбаеваның жан сыры:**

### КИНОРЕЖИССЕР БОЛУДЫ АРМАНДАДЫМ

1983 жылы әдебиет әлемінде алғаш көрінгенім ойыма көп оралады. Келер жылы, бұйыртса, оған 30 жыл толады. Сонау республикалық жабық конкурста 2 жүлде алып, әдебиетте жолашар жасағандай болдым. Алғашқы повесім – «Жетінші құрлыққа саяхат» атты тырнақалдымды былтырдан бері қайта жазудамын.

Біздің сыныптың балалары бір-бір үйдің еркесі десе болатын. Қазір ойласам, олардың шыққан тегі жақсы, еш басбұзарлығы жоқ, жандары мейірбан, әдепті, тентектіктен де құралақан емес. Ішінде туыс болып келетін балалар қаншама. Ал мен бала кезімнен әсіре кітапшыл болдым. Фанат. Кітап десе, есім ауып, сүйіспеншілігім тұтас соған ауатын. «Кинорежиссер болсам» деп армандадым. Есілдертім Мәскеуде кино өнерін оқу болды. Жаңа фильмдерді талғамай, шетінен көре беретін едім.

Расымды айтсам, мектепте кітап оқымайтын балаларды онша ұнатпайтынмын. Басқа қыздар ғашық болып, құбылып жүргенде, ең әдемі деген ұлдардың өзін ұната қоймайтынмын. Олардың ішінде өзімді ұнататындар барын айқын білсем де, аса мән бермедім. Қайда-а-а-ан, көңілім жерде емес, көкте жүретін. Қатардан тым ерте кетіп, марқұм болған сыныптастарым бар. Дұға жасағанда, олардың аттарын ұмытқан емеспін.

Ал 2002 жылы біздің сынып мектеп бітіргендерінің 20 жылдығын Семейде мейрамханада атап өтті. Сол жолы өзімді ерекше таңғалдырған бір оқиға болды. Қайран қалдым. Бірақ оның не екені жұмбақ болып қалсын. Ол, өйткені, ойға қиялмен де келмейтін керемет сұлу, психологиялық, тұңғыық деталь. Оны әңгімемде суреттеп жазғым келеді. Әдепсіз, арсыз күй емес. Керісінше, адам жүрегі мен сезімінің ұлылығын танытатын ғажайып дүние болып көрінді. Біреу айтса, сенбес едім. Өмірде біз қасымызда жүрген адамдарды жете бағаламаймыз.

*(«Жас өркен» танымдық порталынан)*



## ТАЛАП СҰЛТАНБЕКОВ (1930–2007)

Талап Сұлтанбеков 1930 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Ол – қазақтың көрнекті ақыны Ілияс Жансүгіровтің туысы. Ол – дойбы, тоғызқұмалақ ойындарының шебері. Сондықтан алғашқы шығармаларын спорт тақырыбына арнаған. Тұңғыш рет «Дойбы деген не?», «Дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ» атты көмекші кітап жазған спортшы.

Қазақ ғылыми-фантастика жанрында жазған алғашқылардың бірі. Оның «Көшпелі алтын», «Жүрек тулайды», «Жұлдыз ат», «Лұқпан Хакім», «Тізгін», «Темір еліне саяхат», «Ғажайып планета» әңгімелері жарық көрген. Оның шығармаларында балаларға деген мейірім, жылылық сезіледі. Жастарды армандай, қиялдай білуге, сол арқылы ізденімпаздыққа баулиды.

Қазақтың көрнекті ғалымы Ақжан Машанов 1960 жылы жазған «Әңгіме фантастика жанры туралы» атты мақаласында: «Біздің қазақ әдебиеті үшін дәл қазіргі кезде ғылыми-фантастикалық жанрды өркендетуге жағдай туып отыр. Олар мыналар: талай-талай ғалымдар мен жазушыларымыз бар; жалпы мәдениет пен әдебиеттің өркендеуі арқасында ғылымға бой ұрғандық талап бар; ғылыми фантастиканың қазақша үлгілері салына бастады. Осылардың барлығы – қажетті болып отырған ғылыми фантастикаға негізгі фундамент»<sup>1</sup>, – деген. Талап Сұлтанбеков осы кезеңде өмір сүріп, әдебиеттің осы жанрында жемісті еңбек еткен. Оның шығармаларында ғалым-кейіпкерлердің образдары жасалып, тосын ғылыми-фантастикалық идеялар жазылғаны «Қазақ әдебиетінің тарихында» аталып өткен.

### КӨШПЕЛІ АЛТЫН<sup>2</sup>

(ғылыми-фантастикалық әңгіме)

#### Таудағы от

Арқарлы тауының қия жартасты бір төсінде, шырқау биікте арқардың бір шағын үйірі түнеп жатыр еді. Тау тағылары жатқан кішігірім алаңның бір жағы – тік шаншылған құз да, екінші жағы – кеудесі аспанмен астас-

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006, 265-бет.

<sup>2</sup> Талап Сұлтанбеков. Көшпелі алтын. Ғылыми-фантастикалық әңгімелер. – Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1964. – 73 бет.

қан ақ сәлделі шың. Сәлденің жырымдалып, сүрленіп, кеберсіп жатқанына қарағанда, көктемнің жылы лебі шың төсін де еркін шарпи бастағанын көруге болады.

Жаңа аяқтанған қозыларын бауырына алып, төрт-бес аналық арқар күйіс қайырып, бихабар тұрған. Олар секем алар нәрсе бұл маңда жоқ сияқты. Жиырма қадамдай жерде шың бауырына тығыла, биік жартас үстінде бейнебір тас мүсін сақшы құлжа тұр. Сырт қарағанда, тастан өсіп шыққандай ай мүйізді, өр кеуделі сақшыны жансыз ба деп те қалуға болар еді. Төңірек тым-тырыс, тымырсық. Тау төсін аймалар таңғы самал да ұйқыда. Тек қана бұл өңірді бетке алып, баяу жылжып келе жатқан қою қара бұлт шың кеудесін құшып, айқара торлап алыпты. Оның қою шүйкесін жырта өредік-өредік от қамшы найзағай көрініп қалады.

Бір кезде сақшы селт ете қалды. Оның алдыңғы аяғы сықыр етіп, екі құлағы елең ете түсті. Тасты тарпып, оқырып жіберіп еді, тыныш жатқан үйір қалың арша арасындағы жалғызаяқ жолмен шыңды өрлеп, жосып берді. Бірақ сақшы кешікпей, тоқта дегендей белгі берді. Үйір ошарылып қалды. Еңісте, тау бұлағы сылдырап ағып жатқан бүлдіргенді сайды өрлеп, жерден сәл-пәл көтеріле, толықсып, балқып бір от кетіп бара жатты. Арқар аяқ астынан пайда болып, біртіндеп алыстап кеткен отқа біраз үнсіз қарап тұрды да, қатты пысқырынып алып, қайтадан тыныштық белгісін берді.

\* \* \*

...Сәмен тау ішіндегі малшы ағасының үйіне қонаққа барған-ды. Совхоз орталығынан отыз шақырымдай жердегі мал отарына ол сенбі күні келіп, оқудан қалмас үшін совхозға дүйсенбі күні таңғы сағат бесте шығып кетті. Астында жүрдек торы айғыр. Асығыс келеді.

Сәмен Шыңбұлақ сайынан желе жортып өте бергенде, кенет астындағы торы оқырынып, жалт берді. Аяқ астынан үріккен аттың жалын құшып қалған ол әнтек құламай қалды. Тізгінді күшпен тартып, торыны өзер тоқтатып, артына бұрылғанда, тұла бойы түршігіп, шошып кетті. Қараса, сайды құлдилап жалт-жұлт етіп, бір от келе жатыр екен. Үлкендігі аттың басындай. Балқыған қызғылт-сары. Жер бетінен бір метрдей биікте ешбір сүйеусіз, ешкімнің көтеруінсіз қалықтап жүріп келеді. Жол-жөнекей ұшқын ұшып түсіп жатыр.

Бұл не деген керемет! Сәмен аузын ашып аңқиып тұр. Қозғалуға дәрмен жоқ. Торы құлағын қайшылап, жер тарпып, шегіне береді. Сәменнің ойына бір кезде атасынан естіген ескі аңыз түсті.

Көшпелі алтын! Бұл көшпелі алтын ғой! Ол ой түкпірін қазбалап, есіне аңызды түсіре берді.

...Бір кедей жігіт болған екен. Ол түнде ұйықтап жатса, үйіне көшпелі алтын кіріпті. Ол жалма-жан орнынан тұрып, алтынды қумақ болады. Сөйтсе, алтын «аяғын» сытыр-сытыр «басып» кірген есігінен қайта шығып кетіпті. Жігіт артынан қуа шығады. Алтын жайлап жүріп отырып, үй артына кетеді. Жігіт жанқалтасынан кездігін алады да, шынашағын тіліп жіберіп, кетіп бара жатқан алтынның үстіне бір тамшы қан тамызады. Сөйтсе, алтын сатыр-сұтыр етіп жарылышты да, жерге сіңіп кетіпті. Жігіт үйден күрек әкеліп, жалма-жан жаңағы жерді қаза бастайды. Белуардан қазғаннан кейін бір қоңыр тасқа паналаған ат басындай алтынды көріпті. Соншама мол қазынаға кенелген жігіт содан кейін байып кеткен екен, – дейді аңыз.

Не істеу керек? Аңыздағы сияқты қуайын ба, әлде қайда барар екен, бақылайын ба? Осы екі сұрақ Сәменді не ары, не бері жібермей, арпалыстырып тұр. Бірақ ғажап көрініс оны күтпеді. Алтын сайды құлдилап келді де, суға еңкейе құлап тұрған жақпар тасты айнала беріп, ғайып болды.

Сәмен көп аялдамады, алтын қонған жерді белгіледі де, қызыл арайланып келе жатқан таңды бетке алып, ауылына тарта жөнелді. Бір қызығы: ол алтын ел аузында аңыз болған Шайтантау жақтан шығып еді...

\* \* \*

«Сәмен көшпелі алтын көріпті» деген хабар Қоскөл орта мектебінің оқушыларын түгел дүрліктірді. Балалар тұрмақ, мұғалімдер де таң қалды. Сәменнің көргені не болды екен бұл? Әлде бір ғажап құбылыс па, елес пе?

«Қорыққанға қос көрінген ғой, Сәмен өтірік айтады», – десті кейбіреулері. Хабар ауыл адамдарына да тарады. «Көшпелі алтын» туралы аңыз қайтадан жаңғырығып, үй-үйді кезе бастады. Өркім әр саққа жүгіртіп айтты.

– Жарықтық, кісі көзінен ұялады деуші еді, оны мыңнан біреу ғана, басына бақыт қонатын адам ғана көреді екен. Сірә, Ақшал ұстаның баласы бақытты болар, – десті көриялар. Кейбір діни адамдар: «Ол көрінген шайтанның оты, қайта Сәмен аман қалған ғой», – десіп те қалды. Өуелі Сәменді көргендердің ішінен алтынның қалай көшетіндігін түсіндірмек болғандар да табылады. Олардың айтуынша, алтын жердің үстімен емес, астымен көшеді екен. Ал жер бетінен көрінетін алтынның нұры мен сәулесі, яғни буы ғана десті. Алтынды сәуле жоғалысымен қазу керек. Күн

аралатуға болмайды. Ол бір орында көп жатпайды, көшіп кетеді, – деп те соқты.

Сәмен жасынан зерек, сезімтал бала еді. Ол ғылыми-көпшілік журналдар мен кітаптарды құныға оқып жүретін. Бірақ өз көзімен көрген бұл жұмбақ құбылыстың сырын бас қатырып, қанша ойлағанымен, шеше алмады. Оның шын алтын екеніне сене де алмады. Жердің астымен болсын, үстімен болсын, әйтеуір, алтынның көшуі жәй алыпқашты аңыз ертегі сияқты. Алтын көшті деген не сұмдық? Мүмкін емес, – деп топшылады ол. Ал сонда менің көргенім не? Нұр ма, сәуле ме, от па? Егер осы үшеуінің бірі болса, жерді қазып не ғылам?

Сәмен аз күн қалған каникулды күтті. Ондағы ойы бұл сырды ашуға алаңсыз кірісу еді...

### Шайтантауға сапар

Қоскөл совхозының тұрған жері – айналасы тау, сай-салалы алқап. Совхоздың ортасынан тау өзені – Шыңбұлақ ағады. Суы онша мол болмағанмен, арнасы кең, өрі ағынды. Сондықтан да үнемі ақ көбік болып, мөңкіп жататын әдеті бар.

Сәмен осы бір табиғатты: тентек өзенді айнала қоршаған тауларды өте жақсы көруші еді. Ол шықпаған биік, ол барып қайтпаған үңгір бұл маңайда жоқ деуге болады. Бірақ ел аузынан естіген сиқырлы Шайтантауға бір барып қайту – оның көкейіндегі ең зор арманның бірі. Шайтантау барып келе қоятын жақын жерде емес. Сондықтан да оған көлікпен немесе басында қонып қайтатындай болып екі-үш күнге ерулеп шығу керек.

Әйтеуір, бір барармын деп жүрген Сәменді «көшпелі алтынмен» байланысты соңғы оқиға мүлдем желіктіріп жіберді. «Бару керек, жылдам бару керек» деп шешті ол.

Тағатсыз күткен каникул да келіп жетті. Сәмен көп қарайламай, саяхатқа сапар шегуге бекінді. Бұл туралы тек ең жақын жолдасы Қажытайға ғана бір жолы сыр шертіп көрді. Ол: «Ойбай, мені де ала кет» – деп, жік-жапар боп жабыса кетті. Сәменге керегі де осы еді. Ешкімге білдірмей, жасырын баруға екеуі уәделесіп те қойған...

Сапарға Сәмен мен Қажытай екі күн қамданды. Үй-іштеріне, басқа да жолдас-жораларына еш сыр білдірмей жүріп, екі-үш күндік азықтарын жинады. Оны ауыл сыртындағы бір жақпар тасқа апарып қойды. Мектеп лабораториясынан үлкейткіш шыны, компас сұрап алды. Оның үстіне екеуі екі мылтық сайлады.

Міне, жол жүрер мезгіл де туды. Үй іштеріне олар мал отарындағы Сәменнің ағасының үйіне қонаққа барып қайтпақшы болғандарын айтты.

Шайтантау қойнауы елсіз, күнсіз, иен шатқал, малшылар да қонып көрген емес. Етегі қып-қызыл қорым тас. Ал оның шырқау шыңына бұл уақытқа дейін тірі пенде аяқ басып көрмегенге ұқсайды. Жұрттың айтуынша, тек қана байларды конфискациялау тұсында қашқан-пысқан ұры-қарылар тығылып жүретін үлкен-үлкен үңгірлер бар дейді тау басында.

Елді мекеннен әрі қашық және кісі қызығарлық дөнеңесі жоқ болғанмен, бұл таудың ғажап құпия сыры ел аузында талай аңыздар тудырған. Шайтантау деген ат бұған тегін берілмепті. Мал қарап шыққан талай жылқышылар бұл таудың басынан, етегінен жарқылдаған оттар көрген. Екінші бір ғажабы: тау соншалықты биік болмаса да, бауырына бұлттар шөгіп жатады екен.

...Шайтантау балаларды меңіреу де бұйығы әрі сұсты қарсы алды. Сәске түстің күні көк жүзін сызып келіп, тауды торлаған қою қара бұлтқа еніп бара жатыр. Бұжыр қабаттары өйнекше жылтыраған өткір қия жартастар сорайып-сорайып, ала көлеңкеленіп тұр. Сәмен мен Қажытай таудың шығыс жағынан келіп, өрлей бастады. Беталыстары – алыстан қарайып көрінген шағын үңгір. Оларды таң қалдырған бір жағдай – құмдауыт етекте шыны сияқты түтіктер көп екен.

– Қалай деп ойлайсың, Сәмен, – деді бір кезде Қажытай, – жартас қабатының шыныға айналуы, мынау түтіктер ненің әсерінен пайда болуы мүмкін?

Бұл сұрақ Сәменді де түртпектеп келе жатыр еді. Ол өз ойының түкпір-түкпірін қазбалап, жауап іздеумен өуре.

– Мен білсем, – деп бастады ол сөзін, – бұл түтіктер жоғары температурада қызған құмнан пайда болған. Ал анау жартас... – Ол сөзін аяқтай алмай, аңырып тұрып қалды. Өйткені осы кезде түнерген бұлттың арасынан сатыр-сұтыр етіп, сытыла түзу сызықты бір оқ атылып еді. Ол Шайтантаудың шоқтығы көтеріңкі бір биік жартасына келіп соғылды да, жарқ-жүрқ етіп, жалаңдап әп-сәтте ғайып болды.

– Көрдің бе? Шындығында, мынау өйнектердің пайда болған себебі жоғары температура екен ғой. Қарашы, жаңағы найзағайдың оты қалай жалт ете қалды? Ол келіп, мына тасқа соқты ғой. Негізінде, найзағайдың температурасы құм мен тасты балқытатындай өте жоғары. Ол кәдімгі электр қуатынан жүздеген есе артық.

Сәмен мен Қажытай жақпар тас астынан қарайып көрінген үңгірге төтелеп асты. Үнсіз, жеделдете басып, ұшып келеді. Айнала мүжілген қызыл



тас, күйген топырақ. Жаңбыр бір тамып, екі тамып тұр. Түнерген қара бұлт от ұшқындатып, қаусырмалап келе жатыр. Тау желкесінен әредік-әредік күн күркіреп қояды. Екеуі үңгірге жеткенде, жауын да сіркіреп, жауа бастады. Айнала төңіректі бұлт басып кетті. Үңгір таудың нақ ұшар басы болмағанымен, ең биік найза тастың иек асты түбінде екен. Үңгірге аттап кірместен бұрын алдымен келе жатқан Сәмен мылтығын оңтайлап, қолына алып алды. Кім білсін, бұл таудың өзiрге бәрі де құпия сыр ғой. Қалай дегенмен, мылтық көңілге медеу әрі айбат сияқты.

Үңгірдің кіре беріс аузы еңселі әрі жарық екен. Бірақ түп жағы түпсіз тұңғиық сияқты қап-қара. Арттан найзағайлы бұлт пен жаңбыр құған екеуі қараңғы үңгірді көріп, алғашында сезіктенген кейіпте біраз кібірткіттеп қалды. Бірақ көп тоқтап тұрған жоқ. Үңгірдің аузында жоғарыдан салбырап тұрған қызыл тасты паналап отыра кетті. Жаңбыр сол кезде бірекі рет сатырлата төгіп жіберді де, кенет басыла қалды. Бұлт тап төбеден күркірей бастады. Аспан аунақшып, тау сілкінгендей естіледі. Жарқылдаған найзағай біресе неше тарам болып сатырлап, кейде оқша атыла зуылдап, көктің жүзін айқыш-ұйқыш тілгілеп, ойранын салып жүр. Бірақ бір ғажабы осы құбылыстың бәрі тек Шайтантаудың үстінде ғана сияқты. Нақ өші бардай-ақ жанталаса арпалысады. Кенет күннің күркіреп кеткені соншалық, үңгір үстіндегі жартас қақ жарылғандай жаңғырығып, тау ышқынып қозғалғандай болды. Сәмен Қажытай жаққа қарап еді еріксіз шошып кетті. Оның қап-қара қайратты шаштары тікенекше көтеріліп, жасыл от лаулап тұр екен. Бұған қараған Қажытай да селк етті.

– Сәмен, сенің басыңда жап-жасыл от жарқылдап тұр ғой, – деді үрейленіп. Сәмен енді түсінді. Бұл таудың атмосферасы аса күшті электрленген ғой. Ол өз-өзінен тоңазып, қалтырап барады. Аузына темірдің таты сезілгендей, құлағы шу. Көз алдында дөңгеленіп кемпірқосақ оттары жылтырап өтіп жатыр. Сәмен мен Қажытай еріксіз бұға қалды. Шайтантаудың апшысын қуырып жіберген сол бір долы табиғаттың ашуы осы бізге келмеді ме екен деген ой сол сәтте екеуіне де оралып еді. Табиғат қанша долданғанмен, олар мылтықтарын құшақтап, бүрісіп отыра берді. Мұрындарына жүрек айнытар қоңырсыған, күйген иіс келіп отыр олардың.

Сәменнің иығына басын сүйеп отырған Қажытай әуелі қиялдап та отыр. Бәлкім, осы таудың асты түп-түгел алтын шығар. Ал мына үңгір соның есігі болуы мүмкін ғой.

Ол көзін жұмып жасыл нұр ойнаған үңгірдің ішін елестете бастады. Көз алдына бейнебір жаны бар алтынға толы ін келді. Үлкендігі аттың басындай созылып, аунақшып, дөңбекшіп жатыр олар. Қозғалып, жыбырлап,

жорғалап жүр. Кейбіреулері тыныш жатыр. Қалықтай ұшып, ін арқылы сыртқа шығып, қайта кіріп жүрген қызық жәндіктер іспетті. Кенет бүйірінен Сәмен түртіп қалды.

– Қажытай, ау, Қажытай! Ананы қарашы. Ана сұмдықты қара, – деді ол. Қажытай көзін ашып жіберіп еді, алғашында сенбей қалды. Қараса, бағана өздері жүріп кеткен жазықта үңгірден екі жүз метрдей жерде тастардан бір метрдей көтеріліп, қызыл-жасыл от кетіп бара жатыр. Жаңағы елес пе деп қалған Қажытай көзін уқалап-уқалап жіберіп, қайта қарап еді, жоқ, елес емес, нағыз от, от көшіп бара жатыр оның алдында!

– Көшпелі алтын! – деп айқайлап жіберді ол. Сәмен оның аузын баса қалды.

– Тсс... Үніңді шығарма. Үркітіп аларсың.

Сол кезде балалар отырған үңгірдің үстіндегі жартаст тағы да сатыр-сұтыр ете қалды. Найзағай түскендегідей дыбыс естіліп, олар қарап отырған жазықта екінші бір от пайда болды. Екеуі демін ішінен алып, айран-асыр болып отыр. Ө дегенше болған жоқ, түсініксіз гүрсіл қайта қайталап, үшінші, содан кейін төртінші от пайда болды. Бәрі де бір бағытта және біркелкі қашықтықта сап түзеп, кетіп барады. «Қандай керемет! Қандай сұлу көрініс! Бірақ мұнысы қалай?» – деп ойлады Сәмен. Найзағайдың разрядталуы, яғни бойындағы зарядын тарқатуы бұлт пен бұлт арасында немесе бұлт пен жердегі бір зат арасында болушы еді ғой. Жартастың разрядталуы деген не сұмдық! Ол бағанадан бері болып жатқан жайды өзінше сарапқа салып, біршама түсініп отыр еді. Ал мына жағдай оны мүлдем шатыстырып жібереді. Ол өзінің найзағай, электр туралы тиіп-қашты оқығандарын жанталаса есіне түсіріп отыр. Алайда мына жұмбаққа жауап таба алатын емес. «Көшпелі алтындар» көз алдарынан жалт-жұлт етіп көлденеңдеп өтіп барады. Беталыстары – кішігірім бір дөңбек тас. Олар жүріп өткен төрт-бес минут уақыт бұл екеуіне тым ұзақ болып көрінді. Шұбар дөңбек тасқа таяй бере «алтын» шытыр-шытыр етіп барды да, лап етіп жарылды. Кейінгілері оның ізінше байыппен қалықтап жүріп келеді. Бірақ ешқайсысы да сұр тастан асқан жоқ. Бәрі де лап етіп жарылып, сөніп жоғалды.

### Үңгірдегі сыр

Бұл көрініс Сәменге ой салды. Адамның қатысуынсыз мүмкін бе осылай болуы? Егер мүмкін болмаса, мынау не? Табиғатта осындай құбылыстар болып жататынын, бәлкім, адам баласы, біздің ғалымдар біл-

мейтін шығар? Олар қиял тербеткен осындай ойлардан, алған өсерден серпіліп үлгергенше болған жоқ, кенеттен екінші бұдан да үрейлі бір оқиғаға душар болды. Екеуі бір-біріне қарасып, орындарынан тұра бергенде, үңгірдің ішінен күңгірлеген адам сөйлегендей дыбыс естілді. Сөмен мен Қажытай құлақтарын түрісіп, шошынып тұра қалысты. Сол кезде үңгірдің түкпір жағында тұрған дәу жалпақ тас шалқайып ашылды да, жұпыны киінген бір адам шыға келді. Қолында көтеріп алған шағын темір жәшігі бар.

Үстінде көнелеу комбинезон, басы жалаңбас. Селтиген сары шаштары үрпиіп-үрпиіп бұйраланып тұр. Шегір көздерінде аса таңданғандық белгісі бар. Балалар тіл-ауыздарынан айырылып, аңырып қалыпты. Екі-үш секунд үнсіздіктен кейін әлгі адам сәл-пәл қызарып кетті де, таза орыс тілінде сөйлеп қоя берді:

– Бұл не сұмдық! Қайдан келдіңдер? Жерден шықтыңдар ма, көктен түстіңдер ме? Кімсіңдер сендер?!

Сөмен үндемей, тесірейіп тұр. Қажытай оның құлағына сыбыр ете түсті.

– Мен, мен білсем, тақ осы – шпион! – Ол осылай деді де, шегіншектеп барып, мылтығын көтеріп алды. Адам күліп жіберді.

– Тұра тұр, балақай, меніңше бар ғой, дәл көзір кімнің шпион екені белгісіз, шындығына келсек, шпион мына өздеріңсіңдер. Бұл – сынақ полигоны. Рұқсатсыз келу – нағыз қылмыс. Сондықтан мен сендерді тұтқыңға алам.

Ол осыны айтты да, керегедегі бір тастан телефонның трубкасын жұлып алды. Түсі суық. Балалар, бір жағы, қорқып, екінші жағы, өз адамымыз ба деп, қуанып тұр.

– Алло, алло, мен НП-3-тен сөйлеп тұрмын. Сералы Әйтиевич пе? Кешірім өтінемін сізден. Мен Галузо ғой. Мына НП-3-те сіздің бір-екі туысыңыз келіп тұр. Қалай деп бұйырасыз? Жаңағы сынақ кезінде үңгір алдында болыпты. Батырларың жаман қорыққан ғой деймін. Не істейін бұлармен?

Трубкадан анық дауыс естіле бастады.

– Қайдағы туыс? Қазір қалжыңдасатын уақыт емес қой, – деді біреу арғы жағынан.

Галузо шын екенін, бір-екі бала келіп тұрғанын айтты.

– Онда тез ішке кіргіз!

Галузо трубканы орнына қойды да, балаларға бұрылды.

– Ал, достар, бұл орын маған ғана тиесілі орын. Менен басқаның мұнда тұруға қақысы жоқ. Дереву ішке кіріңдер, – деді.

Сәмен мен Қажытай дәу қара тастан аттап, ішке кіргенде, ғажайып кең залға тап болды. Залдың керегелері – кесек-кесек қызыл тас. Төбе жақтан да сорайып тастар шығып тұр. Олар бұл залдың бұрын үңгір болғанын аңғартқандай. Дегенмен қатпар-қатпар керегенің арасынан шоқ-шоқ болып ақшыл түсті жанып тұрған сан алуан неондық шамдар үңгір ішін ерекше нұрға бөлеп тұрған сияқты. Залдың табаны да қызыл тастан текшеленіп қаланыпты. Бірнеше кішкене есігі бар, айқыш-ұйқыш труба оранған түрлі шкаласы, телевизиялық экрандары бар зор аппарат тұр. Аппараттан төбеге қарап екі труба кетіпті. Сол жақта және төрде өзара жалғасқан ұсақ-ұсақ кабиналар тұр. Бір кабина қызыл от шашып, лап-лап етеді. Залда ешкім жоқ. Күн күркіреп, жауын жауған, қатерлі найзағай ойнаған елсіз тау ішінен кез болған бұл үңгірге екеуі бірдей таң.

Сол кезде оң жақ бұрышта тұрған үлкен қызыл тас жөңкеріле қозғалды да, арғы жағынан жарық бөлме көрінді. Ішінде көк киімді екі адам отыр. Екеудің бірі қазақшалап:

– Қонақтар, төрлетіндер, келіндер мұнда, – деді. Аң-таң болған балалар аяқтарын сүйрете басып, шағын тас бөлмеге енді. Бөлме іші лабораториядан гөрі демалыс кабинеті сияқты. Төр алдында аласа төртпақ қара стол. Екі жағы – диван. Оң жақ тас керегеде үлкен телеэкран көрінеді. Ауыр жасыл шашақтары бар перде тұрулі. Үйдегі барлық заттар осы бір үңгір ішіндегі қызыл тасқа үйлесіп тұрғандай. Бөлме ішінде қызылды-жасылды күңгірт сәуле тұнып тұр. Тас кереге мұқият қашалған. Тек әр жерінен сүйкімді формалы тастар шығарып, нақыштап қойыпты. Кейбіреуі орындық, енді бірі табиғи кітап сөресі. Кітап сөресінің мыспен ернеуленген қалың әйнегі бар екен. Ішінен түрлі мұқабалы он шақты кітап шалынды көзге. Бір жақ бұрышта тастан үңгіп жасаған зор шам тұр. Алдарында биік дөңгелек стол. Жарық дәл сол столдың үстіне шұқшиған. Столда әлдеқандай схемалар, ұшы шығарулы қарындаштар. Бөлменің табаны көдімгі тас паркет. Үлкен столдың оң жағын ала аппақ металдан істелген жіңішке труба төмен қарай кетіпті. Шамасы, астында подвал бар сияқты. Үңірейген, бірақ сұлу ойылған тесіктен көкшіл түсті нұр шыққандай. Анда-санда жарқ етіп, бұрқылдап жоғары шығып жатыр. Бірақ бу емес, түтін емес. Дүниеде барлық бояудан құралған өзгермелі сәуле сияқты көрінеді.

Сәмен мен Қажытай қаққан қазықша қадалып, табалдырықтан аттай бере, тұрып қалды. Еріксіз бөлме ішін шолады, алдарында отырған екі адамға қарайды. Қазақ өзін Сералы Әйтиевпін деп, қасындағысын Борис Михайлович Бежев деп таныстырды. Әйтиев жасы отыздар шамасына келген, ұзын бойлы қараторы адам екен. Қайратты қара шашын спортшылар-

ша шолақ алдырыпты да, бір жағына ғана тарап қойыпты. Мұрны қоңқақ, көзі қысықтау біткен. Бір қараған адам бет-аузы ісіп тұр ма деп қалардай. Үстіне киген көк резинка комбинезон құйылыса жарасып, дене мүсінін айрықша сұлу етіп тұр. Бір әдеті: алдында отырған адамға бір көзін сығырайтып, күлімдеп сөйлейді екен.

Бежев – орта бойлы, арықтау, ақсары адам. Көзі үлкен. Селдір, майда шашы төбесіне жабысып, кең ақ маңдайын өте ерекшелеп тұр. Мұрны сүйір, ерні жұқа. Кісімен сөйлескенде, кірпік қақпай, тесірейе қарап отырады екен. Сәмен мен Қажытай алғаш кіріп келгенде, Бежевтің қадала қараған осы көзінен тайсалып, шошып та қалып еді. Балалар жайласып отырғаннан кейін Өйтиев жөн сұрай бастады. Екеуі әлгінде ғана пікір алысып, бір нәрсеге келісе алмаған адамдай тұнжыраңқы отыр. Өйтсе де, есіктен кірген екі ұяң балаға қызықтай, еркелете қарағандай.

Сәмен оларға өзінің от көргенін, көшпелі алтын туралы ел аузындағы аңызды баяндап берді. – Шайтантауға келгендегі мақсатымыз – осы сырды ашу, – деп түйді ол ең ақырында. Өйтиев пен Бежев күлімсірей отырып, үлкен ынтамен тыңдады. Бежев басын шайқап, таң қалғандай кейіпте. Ал Өйтиев тағы да айта түссе деп отырғандай.

– Иә, содан кейін, иә, ал келдіңдер, содан кейін алтын іздедіңдер, – деп күле береді Өйтиев.

– Бұл бір қызық нәрсе екен, – деді Бежев. – Аңыздың өзі де кісі ойландыратындай. Болған оқиға екені де даусыз сияқты. Сендердің көріп, құғындап келгендерің, расында да, көшпелі алтын, – деді ол көзін қысып қалып.

Сәмен мен Қажытай екеуіне кезек қарап, бойлары енді-енді үйрене бастады. Сәмен суырылып алға шықты да:

– Біз осы жөнінде көбірек білгіміз келеді. Бізге ұрыспайсыздар ма? – деді.

Мұны естіген Бежев орнынан тұрды да, Өйтиевтің оң жақ иығына қолын салып, күле сөйледі.

– Біз екеуміз жақсы ғылыми талас үстінде отыр едік. Оның, әрине, маңызы үлкен. Бірақ мына қонақтардың ойда жоқта келіп қалуы да біз үшін және олар үшін де маңызы зор ғой. Енді сен уақытыңды бөл. Балаларға бәрін түсіндір. Кім білсін, бір кездерде бұлардан дарынды физиктер шығар, бөлкім.

– Әрине, әрине, Борис Михайлович. Менің есіме өзімнің осылай бір тау кезіп кеткенім түсіп отыр. Сіз онда төменге өзіңіз бара беріңіз, – деді Өйтиев.

Бежев балаларды тағы да жайдары жүзімен шолып өтті де, басын изеп, ілтипат көрсетті. Өзі ақ күміс трубадан ұстап, подвалға түсіп кетті. Төмен түсе бергенде, балалар байқап қалды. Ол жасыл нұрға оранып, костюмі құбылып кеткен еді.

– Мына адам – физика-математика ғылымының докторы Борис Михайлович Бежев. Ол бұл лабораторияда Москвадан келіп, істеп жатыр. Ал мен Алматыданмын. Екеуміздің де мамандығымыз атмосфералық электр төңірегінде, – деп таныстырып өтті Әйтиев. – Сендер атмосфералық электрдің биіктаулық лабораториясында отырсыңдар. Ал енді өңгімеге кіріселік.

Ол Сәмен мен Қажытайды көкжасыл диванға отырғызды да, өзі тас орындыққа жайласты.

– Сендердің тауда көргендеріңіз, әрине, көшпелі алтын емес. Оның сырын осы тауға келгеннен кейін-ақ түсінген боларсыңдар, – деді Әйтиев.

– Ол – кәдімгі найзағайдың бір түрі. Оны орысша шаровая молния дейді. Біз мына өзіміз отырған биіктаулық лабораторияда жұмбақ сыры көпке дейін белгісіз болып келген осы көшпелі найзағайдың сырын ашу жолындамыз. Алдымен лаборатория ішінде, кейінірек кәдімгі табиғи түрінде жасауды игердік. Соның өзінде осындай найзағайдың бірнешедеген түрі бар екен.

Электр туралы, оның оң және сол зарядтарының бар екендігін және олардың бірін-бірі тарту, тебу қасиеттері жөнінде өздерің білесіңдер. Найзағайдың табиғаты атмосфералық электрде жатыр. Өзіміз күнде аяғымызбен басып жүрген жер және оны қоршаған атмосферада электрдің адам игілігіне жаратылмаған орасан зор қазынасы бар. Мұның өзінде жердің үстіңгі қабатының көпшілік бөлігі сол зарядпен зарядталған. Өздеріңе мәлім, найзағай қарама-қарсы зарядтардың арасында ғана болады. Ол үшін жерден биік оң зарядталған дене болуы қажет қой. Оның рөлін кәдімгі жауын бұлтты атқарады. Ауа үйкелісінің әсерінен бойына оң заряд жинаған бұлт онысы шекті мөлшерден асып кетсе, жердегі қарама-қарсы заряды бар бір затқа (қарсы зарядтардың бірін-бірі тарту заңдылығы бойынша) өз бойындағы жиған-тергенін таратып береді екен. Ал ауа өзі тұрған жағдайында электр тогын өткізбейді емес пе? Міне, осы кезде атыс басталады. Бұлт өзінің зарядын шоқтап, алыстан ұшқын атқызып жеткізеді. Мұны бұлттың разрядталуы дейді. Разрядталу кезінде найзағайдың оты көрінеді. Шар найзағай міне, осы разрядталу кезінде электрленген ауада кейбір жағдайларда ғана пайда болады.

Бұдан кейін Әйтиев балаларды залға шақырды. Зал тебіреніп, гүрілдеп, ерекше жан бітіп тұр екен. Олар дәу аппараттың жанына келді.

– Мынау, – деді ол балаларға, – совет техникасының ең соңғы табыстарының бірі – «Молния-6» аппараты. Бұл аппараттың найзағай зарядтарын жасайтын және оны өз бойында шоғырлап ұстап тұрып, табиғи түрде атмосферада пайда болған зарядтарға күшті әсер ете алатын қабілеті бар. Бұл аппарат, мәселен, осы маңдағы атмосферада пайда болған электр зарядтарын тарта алады, яғни бейнебір жайтартқыш рөлін атқара алады. Аппараттың өзінің ішінде де қарсы мөндес зарядтар бар. Олар өз потенциалын бейнебір сағат маятнігі сияқты аударып-төңкеріп ұстап тұрады. Разрядталмайды.

– Сендер атом туралы біраз білетін шығарсындар, – деді Әйтиев балаларға қарап. – Мәселен, әрбір атомның электрондық қабаты, ядросы болады. Электрондар сол зарядты да, ядро оң зарядты. Мұның өзінде ядроны құрайтын протондардың да өңшең оң заряд екені белгілі. Бірақ олар бірін-бірі теуіп кетпей қалай тұр? Міне, осы ғылым алдында тұрған бір проблема еді. Бұл ғылыми жұмбақ осы электр зарядтарының кейбір қасиеттерінде болып шықты. Біздің лабораторияда осы жұмбақ сырдың ең негізгісі ашылды. Сол себепті де біз «Молния» аппаратын құра алдық. Бұл аппаратпен жай тарту үшін біз алдымен найзағайлы бұлттардың заряд мөлшерін есептейміз. Олардың жиналып шоғырлануына әсер етеміз. Атмосфераға шоғырланған қуатты зарядтарды осы аппарат арқылы алыстан жетелеп, тек мынау сендер отырған тауға келіп, разрядталатын етеміз.

Енді мына трубаларға қараңдар. Бұл трубалармен арнаулы компрессорлар арқылы келетін ыстық, суық ауалар, буға айналған су жүреді. Ауа бұл машинаның ішінде өте күшті ағыстарға түсіп, атмосферадағыдай үйкеліс жасайды. Электр зарядын тудырады. Біз ол зарядтарды ауамен қосып, аспанға шығарамыз. Қолдан найзағайлы бұлт жасаймыз. Бұлттарды басқара аламыз. Ауа таудың бір жақ бүйірінен келіп кіріп, екінші жақ бүйірінен зарядталып, аспанға көтеріледі. Күн сайын өтетін ауа көлемінде есеп жоқ шығар.

Әйтиев балаларды залдың ең бір түкпіріне алып келді. Түкпірде жалтыраған екі тас аппарат тұр. Аралары 50–60 қадамдай.

– Мынау, – деді ол біреуін көрсетіп, – аспандағы бұлт, ал анау жердегі бір зат деп біліңдер. Қазір осы екі аппарат арасында разрядталу процесі жүреді.

Әйтиев орта тұстағы кнопкалы қалқанға таяп келді де, бір түймені басып қалды. Сол сәтте труба ішінен гуілдеген дыбыс естілді.

– Мен, – деді Әйтиев, – анау аппаратқа оң зарядты ауа жіберіп жатырмын. Қазір заряды шекті мөлшерден асқан соң, ол келесі қарсы заряды

бар аппаратқа разрядталуы тиіс. Сәмен мен Қажытай Өйтиевке тығылды. Бір кезде гуіл тоқтады. Бірінші аппараттың орта тұсынан жылтылдап от көрінді де, сатыр-сұтыр гүрілдеп, кәдімгі найзағай оты атылды. Балалар таң қалып, тамашалап қалған. Өйтиев екінші кнопканы басты. Сол кезде тағы да гуіл естілді, жаңағы көрініс қайта қайталады. Бірақ алғашқыдай емес ерекше. Сатыр-сұтыр етіп атылғанда, түзу сызықты найзағай отынан жұдырықтай бір от жұмарланып келіп, домаланып түсті. Құлағанмен, ол жерге жеткен жоқ. Қалықтап ұшып тұрып қалды да, бір кезде Өйтиевке қарай жүрді. Сәмен мен Қажытай үрейлене қарап, өрең тұр. От қалықтап он метрдей жақын келді де, бірте-бірте көмескіленіп барып, ауаға тарап кетті.

– Бұл өздерің көрген көшпелі алтынның ең оңай жасалатын түрі. Мұның сиқыр дәнеңесі жоқ. Бар болғаны ол энергиямен зарядталған кәдімгі ауа ғана. Түзу сызықты найзағайдың разрядталуы кезінде ауаның бір кішкентай көлемінде иондану және диссоциация процесі жүреді. Диссоциация процесі кезінде ауа молекулалары жеке атомдарға ыдырайды. Ал иондану кезінде нейтрал атомдар өз бойына электр зарядын алады екен. Бұл екі процестің үздіксіз жасалып, бойында қуат сақтап тұруы үшін өте мол энергия керек. Мұндай көшпелі найзағай сол себептен де көп өмір сүрмейді. Сонымен бірге көшпелі найзағайдың осы лабораторияда жасалған қуатты түрі де бар. Ол найзағай ауада пайда болған кезінде көп өмір сүреді. Ішкі атомдық ыдырауға түсіп, мол энергия бөледі. Оны әуелі табиғаттың өзі тудырған шағын атом бомбасы деуге де болады.

Өйтиев балаларды кабинетке алып келді. Бет әлпеті «Ал қалай, ештеңе ұқтыңдар ма?» – деп тұрғандай.

Сәмен мен Қажытай кабинетке өте риза болған кейіпте мөз болып кірген. Екеуінің жүріс-тұрысы батыл. Енді кабинеттің бұрыш-бұрышын аралап, еркін жүр.

Өйтиев жаңа ғана айтылған біраз ғылыми деректерді өздерінше қорытып, түсінсін деді ме, балаларды қалдырып, тысқа шығып кетті.

– Мен қазір келемін, сендер сөйлесіп отыра тұрыңдар, – деді ол.

Балалар біраз уақыт тым-тырыс отырды. Тек бір-біріне қарап, күлім қағады.

– Көрдің бе? – деді Сәмен Қажытайға. – Алтын іздейміз деп жүріп, мынандай тамаша лабораторияға душар болдық. Бәсе, өзім де ойлап едім. Қанша болды екен бұлардың келгеніне?

– Менің ойымша, – деді Қажытай, – мынандай лабораторияны салуға және жұмыс істеуге төрт-бес жыл керек шығар.



– Пәлі деген. Біздің ғылым үшін лаборатория құру қиын болып па?! Көшіп келеді де, орныға салады, – деді Сәмен.

Екеуі төр алдында тұрған экранға келді. «Не болды екен бұл? Мүмкін осы телеэкран арқылы көшпелі найзағайдың жүріс-тұрысын көріп отыратын шығар?». Сәмен қара көздеріне ой жіберіп, Қажытайға қарай қалды.

– Қызық. Менің ойыма бір тамаша идея келіп кетті. Мұндайда Архимед болса ғой, «Эврика» деп тұра жөнелер еді. Сен осы Тунгус тайгасында 1908 жылы болған апатты білесің бе? Ғалымдар соның сырын әлі аша алмай жүр ғой.

Сәмен өзін-өзі үлкен ғалымдарға ұсатып, дауысын қоңырлата, маңғаздана сөйледі. Қажытай оның бұл мінезін ұнататын-ды. Тесіле қарап, құлағын түріп қалды.

– Мәселен, кейбір ғалымдар оны аспаннан келген метеорит дейді. Ал Казанцев, Ляпунов сияқты фантастар оны космосаралық кемеге де жорыды. Ол тайгаға сан мәртебе экспедицияға да шықты. Мәселен, бірнеше экспедицияның бастығы болған Кулик тайгаға түскен метеорит деп дәлелдемек болды. Енді біреулер ол апатты жердің құйрықты жұлдызбен, яғни кометамен соқтығысуы дейді. Біреулер соңғы кезде оны мұз метеорит деп жүр.

Сәмен жүріп барды да, Өйтиевтің орындығына отырды. Өзі үндемей, Қажытайдан бірдеме күткен адамша көзін сығырайтып, үнсіз қалды.

– Сонда не, сенің ойыңша, мұның бәрі дәлелденбеген гипотеза да, ол басқа бір зат болғаны ғой, – деді Қажытай.

– Міне, міне, менің ойым да осы. Ойлауымша, сол Тунгус тайгасының үстінде табиғаттың өзі тудырған атом бомбасының жарылысы болған. Мүмкін сол осы көзір біз көрген көшпелі найзағайдың үлкен түрі шығар.

– Иә, дейді-ақ екенсің. Көшпелі найзағай жаңа өзіміз көргендей болса, ол бар болғаны газ ғана емес пе? Ал Тунгус үстіне түскен зат қозғалып, ерен жылдамдықпен ұшып жүрген. Өуелі оның Тунгусияға түсердің алдында жерді екі-үш рет айналғанын бір француз астрономы көрген дейді ғой.

Сәмен берілгісі келмеді.

– Несі бар олай болса. Мен тек найзағайдың өзі деп тұрған жоқпын ғой. Шындығында, ол мұз болуы мүмкін. Жер атмосферасына келіп киліккен кезде күшті үйкелістің әсерінен ол жанып, газға айналған. Оның бойында термоядролық реакция жүрген. Тайга үстіне келгенде, ол жарылған. Бұл құбылыс, міне, осы көшпелі найзағайдың сырына өте ұқсас.

Сәмен дәлелмен жеңдім бе деген адамша орнынан тұрып, қоқиланып қойды.

Осы кезде даладан Әйтиев кірді. Балалар ерегестерін тоқтатып, оның аузына қарады.

Сәмен енді өзінің ойлары жөнінде ақылдасқысы келді. Ол сұрақты алыстан орағытты.

– Ағай, сіздердің осы ғылыми жұмыстарыңыз қандай нәтиже, қандай пайда береді елімізге? – деді ол.

– Өте дұрыс сұрақ.

Әйтиев көзін қысып жымиды да, диванға қайта отырды. – Ғылымға беретін бірінші пайдамыз, әрине, адам еркінен тыс табиғатта пайда болып жататын орасан мол электр қуатын көдеге жарату; екінші – найзағайлы бұлттарға құрық салып, оны адамның дегеніне жүргізу. Үшінші – көшпелі найзағайдың қуатын пайдалану. Өздерің көрген жаңағы оттың температурасы алғаш пайда болғанда, бес мың градусқа жуық болды. Осындай найзағайлар жарылғанда, оның жарылу күші кәдімгі мылтық дәрісінің күшінен 50–60 есе артық. Ал ішкі атомдық ыдырауға түсетін найзағайдың қуаты бұдан жүз есе мол. Қаншама қуат, қандай тегеурін жатыр десеңші оның бойында! Кәне, қалай? Бұларды оп-оңай қолдан жасасақ, оның қуаты бізге үлкен пайда бермей ме? Тағы бір қызықты жағдай: жер бетіндегі электр зарядтарының ионданған ауамен әсерлесуі. Мұның да кейбір сырлары ашылуға жақын. Ол кезде біз электр тогін бір жерден екінші жерге сымсыз жеткізудің мүмкіндіктерін табамыз.

– Тағы бір сұрақ, – деді енді сөзге Қажытай араласып. – Қалай деп ойлайсыз, осы көшпелі алтын туралы аңызда негіз бар ма, жоқ па?

Әйтиев көзін қысып, тағы күлімдеп кетті.

– Әрине, алтын көшпейді. Бірақ аңызда негіз бар. Мәселен, бізден бұрын да басында найзағай ойнап келген Шайтантау, осы бір жақпар тастар темір рудалы кварциттен тұрады екен. Ал алтын кварцитті кендерде болады ғой. Біз зерттеп қарап едік, таудың астынан көп алтын таптық. Бұл алтынға бізді нұсқаған найзағай. Сонымен бірге аңыздағы жігіттің де алтын табуы мүмкін. Бәлкім, ол ішкі магмадан теуіп, үстіңгі қабатқа дейін ағып келген магнетитті өзекшеге (жилаға) тап болған шығар. Кейде ондай өзектерде де алтын кездеседі. Магнит өрісінің әсерінен көшпелі найзағай мүмкін сол жерде разрядталған шығар. Жігіт қазып жіберіп, бұрыннан жатқан алтынға тап болған ғой...

– Жаңа мына Сәмен Тунгус апатын да осы найзағай негізінде туған атомдық жарылыс деп қалды. Оған сіз қалай қарар едіңіз? – деді Қажытай Өйтиев бола бергенде.

– М-м-м... Қалай деуге болады мұны? Ол жерде атомдық жарылыс болғаны айқын. Және найзағай негізінде де болуы ғажап емес. Найзағай дегеніміз зарядтар тебісі, тартысы болса, солай болмағанда, қалай болады?

Өйтиев Сәменге қарады.

– Сен өзің көп оқып, өуелі гипотеза ұсынғандай түрің бар ғой. Азамат! Екеуің де азаматсың. Өрдайым, міне, осылай ойлап, қиялдап жүрген жақсы болады. Сендердің бұл лабораторияға келіп, қонақ болғандарыңа біз де өте қуаныштымыз. Менің айтқан әңгімелерім далаға кетпеген сияқты.

Сол кезде есік ашылып, бөлмеге Галузо енді.

– Жолдас Өйтиев, машина келіп тұр. Балаларды қайтару керек шығар, – деді.

Сәмен мен Қажытай көп қарайлаған жоқ. Лаборатория тұрғындарымен жылы қоштасып, тез жүріп кетті. Жүрдек ГАЗ-69 жүйткі жөнелді. Артта бұлтқа оранған найза тасты Шайтантау қол бұлғап қала берді...

Шайтантау бұлыңғырланып, алыстап ұзай бергенмен, Сәменнің басындағы қиял қайта толысып, өресі кеңі бергендей. Оның басына көшпелі найзағай туралы нақтылы әрі берік тұжырым орнап қалған-ды. Иә, көшпелі найзағай тектен-тек пайда болмайды. Оның негізі, оны тудыратын бір себеп болуы ықтимал. Ол қандай себеп? Ол ма, ол аспаннан күн сайын жауып тұратын миллиондаған метеорит түйіршіктер. Олар болмаса, көшпелі найзағай да тумайды.

Не себепті осы көшпелі найзағайлар Сібір жақта көп? Жердің экваториялдық немесе азиялық бөліктерінде ол өте сирек кездеседі. Оның да жауабы бар. Өйткені Жердің өзін-өзі айналу жағдайына қарай атмосфераның қозғалысы да әртүрлі ғой. Жердің қушық жағында атмосфера көп қозғалады. Қою болады. Сол себепті де ауамен ілесіп, ол жаққа метеорит көп жауады.

Сәмен өз қиялынан өзі тамаша қуанышқа бөленгендей үлкен ләззат алды...

Осы кезде арт жақтан гүрс-гүрс жарылыстар естілді. Балалар машинаның терезесіне таласа, бастарын сұғып, тағы да бір ғажап көріністің куәсі болды. «Көшпелі алтындар» бірінен соң бірі қаздай тізіліп, үлкен жартасты беттеп барады екен. Алдыңғылары тасқа жете бергенде, сатыр-күтір дыбыс естілді де, сол маңай түгел қопарылып түсті. Бұлар тауды үңгіп, жол салып жатқан құрылысшы «көшпелі алтындар» болатын.



## СӨЗДІК

**Апшысын қуыру** – есін шығару.

**Әнтек** – сәл, азғана.

**Конфискация** – тәркі.

**Ошарылу** – бір жерге жиналу, топталу.

**Подвал** – жертөле.



1. Фантастика жанры деген не? Оның қиял-ғажайып ертегілерден қандай айырмашылығы бар?
2. Талап Сұлтанбеков туралы білетін бе едіңдер? Оның тағы қандай шығармалары бар?
3. Қазақ фантастикасының бастауында тұрған қай жазушыларды білесіңдер?
4. Жас ұрпақ үшін фантастикалық әдебиеттің қызметі неге ерекше?



1. «Көшпелі алтын» өңгімесінің жазылуына не әсер етті?
2. Сәмен мен Қажытайды әсершіл балалар деуге бола ма, әлде олар ғылымға, жаңалыққа қызыққан мақсаты айқын балалар ма? Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.



1. «Көшпелі алтын» мәселесін өздерің қалай шешер едіңдер? Оның сырын анықтаудың басқа жолдары болуы мүмкін бе? Сыныпта осы тақырыпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.
2. «Көшпелі алтын» өңгімесін жалғастыру сендерге тапсырылса, оқиганы қалай дамытар едіңдер? Қандай көркемдік шешім ұсынар едіңдер?
3. Химия пәнінен алтын элементі туралы не білесіңдер? Алтын туралы аңыздың шындыққа қатысы бар ма?



1. Шығармадағы ғылыми жаңалықтарды қазіргі кездегі ғылым жетістіктерімен салыстырыңдар.

2. Жазушы шығармасындағы ғылыми болжамдар болашақта жүзеге асуы мүмкін бе? Электр энергиясын басқа жолмен өндіруге бола ма?
3. «Көшпелі алтын» өңгімесіндегі көркемдік құралдарды анықтаңдар.
4. Автор бейнесі байқала ма? Жазушының Сәмен мен Қажытайға көзқарасы қалай?



1. 8-сыныпта Жүніс Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» атты ғылыми-фантастикалық өңгімелерін оқыдыңдар. Енді «Көшпелі алтын» өңгімесінен кейін фантастика жанрындағы шығармалар туралы ой жинақтаңдар. Басқа жанрлармен салыстыру жасаңдар.
2. Шығарманың негізгі идеясы қандай?
3. Физика, химия, т.б. пәндерден алған білімдеріңді пайдалана отырып, өз қиялдарың негізінде фантастикалық өңгіме жазып көріңдер.



1. «Көшпелі алтын» өңгімесінің ерекшелігі, маңыздылығы неде?» деген тақырыпта сыни пікірталас ұйымдастырыңдар.
2. «Қазақ фантастикасы: болашаққа бағдар» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) – Мынау, – деді ол балаларға, – совет техникасының ең соңғы табыстарының бірі – «Молния-6» аппараты. Бұл аппараттың найзағай зарядтарын жасайтын және оны өз бойында шоғырлап ұстап тұрып, табиғи түрде атмосферада пайда болған зарядтарға күшті әсер ете алатын қабілеті бар. Бұл аппарат, мәселен, осы маңдағы атмосферада пайда болған электр зарядтарын тарта алады, яғни бейне бір жайтартқыш ролін атқара алады.

*Сұрақ:* жайтартқыш деген не?

- a) Жай – қарапайым, жеңіл құрылғы.
- b) Жайтартқыш – жылдамдығы аз құрал.
- c) Жайтартқыш – жайлы, ыңғайлы деген сөз.
- d) Жай – найзағай деген сөз, яғни найзағайды бір жерге тартып, жинаушы құрал.

2) Тау тағылары жатқан кішігірім алаңның бір жағы – тік шаншылған құз да, екінші жағы – кеудесі аспанмен астасқан ақ сөлделі шың. Сөлденің жырымдалып, сүрленіп, кеберсіп жатқанына қарағанда, көктемнің жылы лебі шың төсін де еркін шарпи бастағанын көруге болады.

*Сұрақ:* Осы сөйлемде сөлделі шың деген не?

- a) метонимия
- b) эпитет
- c) метафора
- d) теңеу

3) Аң-таң болған балалар аяқтарын сүйрете басып, шағын тас бөлмеге енді. Бөлме іші лабораториядан гөрі демалыс кабинеті сияқты. Төр алдында аласа төртпақ қара стол. Екі жағы – диван. Оң жақ тас керегеде үлкен телеэкран көрінеді. Ауыр жасыл шашақтары бар перде тұрулі. Үйдегі барлық заттар осы бір үңгір ішіндегі қызыл тасқа үйлесіп тұрғандай.

*Сұрақ:* төртбақ үстел бола ма? Ол қандай?

- a) Төртбұрышты деген сөз.
- b) Кішкентай деген сөз.
- c) Шаршы дегенге келеді.
- d) Төртпақ – дембелше, мығым, денелі деген сөз. Ал дембелше орта бойлы деген, оны адамға қатысты айтады. Ал үстелге қатысты айтқанда, оның аласа екені айтылған, яғни мығым деген сөзбен байланыстырғанда, оның мықты араштан жасалғаны айтылады.



### *Оқушы күнделігі*

*Фантастика жанрында шығарма жазу тапсырылса, сендер қай тақырыпта жазар едіңдер? Өздерің жазатын фантастика несімен ерекше болар еді? Осы туралы жазыңдар. Немесе фантастика жанрында өздерің жаңа әңгімелер жазып, сыныпта таныстырыңдар.*



## ОРАЗАҚЫН АСҚАР (1935–2019)

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Қытай Халық Республикасы Іле аймағы Мүкей-Қаратас ауылында дүниеге келген. Ол осы жақтағы мектепте, сосын Үрімші қаласындағы Ұлттар институтының тіл және әдебиет факультетінде оқыған. Екінші курста оқып жүріп, «Шынжаң газеті» редакциясында қызмет еткен. Ақынның алғашқы өлеңдері осы газет пен «Шұғыла» журналында жарияланған.

Ол 1955 жылы тарихи атамекені – Қазақстанға келіп, 1961 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыған.

1955 жылы «Қос жүрек» атты ұжымдық жинаққа өлеңдері енген. Ал жеке жыр жинағы 1964 жылы «Тұңғыш» деген атпен жарық көрген.

Оразақын Асқар тарихи Отаны – Қазақстанға келгелі шығармаларының тақырыптық ауқымы кеңейген. Тақырыптық тұрғыдан оларды атамекенге деген құрметі, Қазақстанның тәуелсіз ел атанғанына қуанышы, алыста, өзге елде қалып қойған бауырларға деген ықыласын шынайы сезіммен жеткізген.

«Шетте жүрген бауырларға» деген өлеңі 1992 жылы жазылған.

Ол – лирик, сыршыл ақын.

Оразақын Асқар біраз жыл кеңестік дәуірде Қазақ Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, одан кейін Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, республикалық Кітап палатасында бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасында аға редактор болған.

«Тұңғыш» (1964), «Мейірім» (1969), «Күнгей» (1975), «Ләйла» (1977), «Көкорай» (1979), «Балқарағай» (1981), «Сәулет» (1984), «Таудай бол!» (1984), «Белжайлау» (1985), «Өркеш» (1987), «Керімсал» (1991), «Баркөрнеу» (1992), «Орбұлақ» (2000), «Тәуелсіздік тартулары» (2001), т.б. жинақтары жарық көрген.

Қазақтың қара өлең жанрындағы шығармаларды жинап, «Қазақтың қара өлеңі» атты екі томды жарыққа шығарды.

«Өлем балалар әдебиетінің» қазақ тіліндегі елу томдығын шығару жұмысына атсалысқан.

Оразақын Асқар – халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері, Алматы облысы Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

## Әдебиет теориясы

**Қара өлең** – қазақ халық поэзиясындағы байырғы жанрларының бірі. Он бір буынды, төрт тармақты болып келеді де, а-а-б-а түрінде (қара өлең ұйқасы) ұйқасады және міндетті түрде белгілі бір өуенмен айтылады.

Шоқан Уәлиханов: «Қара өлең – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең – төрт жолдан құралған жеке шумақ. Өр шумақта жеке-жеке ой жатады. Сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді», – деп жазған.

*(Әдебиеттану сөздігі. Терминдер сөздігі. Құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998, 206-бет)*

## ШЕТТЕ ЖҮРГЕН БАУЫРЛАРҒА<sup>1</sup>

Шетелге кетсеңдер де бауыр басып,  
Құтты орын тепсеңдер де ауырласып,  
Атажұрт шақырады тұқымым деп,  
Құшағын байтақ дала, тауың да ашып.

Бөленіп онда бәрің байлық, баққа,  
Тіпті, ие болсаңдар да атақ, даңққа,  
Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа,  
Бұрыңдар көшті атамекен жаққа.

Қазағың жетті ежелгі арманына,  
Жағдайдың қарамаңдар бар, жоғына,  
Ілінбеу үшін елдік бірлік керек  
Ешқашан енді ешкімнің қармағына.

<sup>1</sup> Оразақын Асқар. Атамекенге оралғанда. – Алматы, Жалын, 2005, 4–5-беттер.



Уақытша көрсеңдер де қиыншылық,  
Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып,  
Қожа боп өз жеріңде өз еліңе  
Не жетсін тер төгуге соны ұғып.

Астында өз аспаның, өз туыңның,  
Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның,  
Қандастар, қапы қалма, орны бөлек  
Күнде өз өнұраныңмен оянудың.

Мөнге ие сәттерің көп елде өтетін,  
Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін.  
Бөріміз ұйымдасып көркейтейік  
Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін.



1. Ақын Оразақын Асқар туралы осы кезге дейін не білетін едіңдер?
2. Шетелдегі қандастар және олардың тағдыры мен тұрмыс-тіршілігі туралы не білесіңдер?
3. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап өзге елде қалған бауырлар тарихи Отанына орала бастады. Ақын-жазушылардан тағы кімдер Отанына оралды? Олардың шығармашылығы туралы білесіңдер ме?



1. Шетте жүрген қандастарды атажұртқа оралуға шақыру себебі не?
2. Тарихи Отан дегенді қалай түсінесіңдер?
3. *«Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа,  
Бұрыңдар көшті атамекен жаққа...»* деген жолдарда автор не айтқысы келді?



1. Сендер шетте жүрген бауырларды қалайша елге шақырар едіңдер?
  - Біздің еліміздің мықтылығын айту арқылы
  - Бір ұлттың адамдары бір жерде, өз мемлекетінде болуы керек
  - ...
2. Елдік, бірлік не үшін керек?



1. Өлеңнің басты идеясын көрсетіңдер.
2. Шығармадан ақынның негізгі айтар ойын анықтап, оларды қазақтың мақалдарымен түйіндеңдер. Мысалы:
  - а) Қожа боп өз жерінде өз еліне  
Не жетсін тер төгуге соны ұғып ...  
– «Өзге елде сұлтан болғанша, ...
  - ө) ...
3. Өлеңде автор бейнесі қалай көрініс тапқан?
4. Ақын шетелдегі қандастардың тағдырына неге алаңдайды?
5. «Бәріміз ұйымдасып көркейтейік  
Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.



1. Ақынның «Шетте жүрген бауырларға» атты өлеңінің мазмұндық, идеялық-мазмұндық, көркемдік құндылықтары туралы жазыңдар.
2. «Ақын поэмасының (өлеңдерінің) заманауилығы» деген тақырыпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



1. «Оразақын Асқардың қазақ тәуелсіздігін жырлауы» деген тақырыпта өдеби эссе жазыңдар.
2. 6–7-сыныптар оқулығындағы Тәуелсіздік тақырыбында жазылған Ерлан Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік», Темірхан Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңдерімен салыстырыңдар.



## Оқу сауаттылығы

- 1) Қазағың жетті ежелгі арманына,  
Жағдайдың қарамаңдар бар, жоғына.  
Ілінбеу үшін елдік бірлік керек  
Ешқашан енді ешкімнің қармағына.
- Сұрақ:** Бұл шумақта ақын не айтқысы келді?
- а) Қу, алаяқтарға алданып қалмауды айтқаны.
  - б) Халықтың арманы орындалғанын айтқаны.

- c) Еліміз егемен ел атанды, енді өзге елге бодан болып жүрмендер дегені.  
d) Өзге елдің боданы болып қалмау үшін халқымыз ұйымшыл болуы керек, алыста жүрген келу керек дегені.

2) Уақытша көрсеңдер де қиыншылық,  
Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып.  
Қожа боп өз жерінде өз еліңе  
Не жетсін тер төгуге соны ұғып.

*Сұрақ:* Бұл шумақта айтылған ой қай мақалмен үндес?

- a) «Ел жаусыз болмас,  
Жер таусыз болмас».  
b) «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол».  
c) «Ер азығы мен бөрі азығы жолда».  
d) «Ердің екі сөйлегені –өлгені».

3) «Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін».

*Сұрақ:* Бұл сөйлемдегі ақын не айтқысы келді?

- a) түрлі қорқынышты, адамжегіш жоқ дегені  
b) арам, қу, зымиян адамдар жоқ дегені  
c) еліміз тәуелсіздік алды, ешкімге бодан емеспіз, ешкімге қор болмаймыз дегені  
d) зорлықшы жоқ дегені



## *Оқушы күнделігі*

Оразақын Асқардың:

«Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып,  
Қожа боп өз жерінде өз еліне  
Не жетсін тер төгуге соны ұғып.  
Астында өз аспаның, өз туыңның,  
Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның,  
Қандастар, қапы қалма, орны бөлек  
Күнде өз өнұраныңмен оянудың», –

деген сөзі қалай әсер етті? Өз ойларыңды жазыңдар.

### III бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

#### ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ

1. Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» атты шығармасындағы Кенжебек кім?
  - A) жас қазақ
  - B) қарт қазақ
  - C) түрікпен басшысы
  - D) адай жылқышысы
  - E) Теке түрікпен
  
2. «Шашты» әңгімесіндегі мақал-мәтелдердің тізбегін табындар.
  - A) «Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса, құтылады, қуса, жетеді.
  - B) «Есің барда, елің тап», «Ер қанаты – ат», «Естіген құлақта жазық жоқ», «Құлақ естігенді көз көрер», «Өлмеген құлға несібе көп», «Жыланды үш кесе де, кесірткедей әлі бар».
  - C) «Қырықтың бірі – Қыдыр», «Ер қанаты – ат», «Бақа жеген Итемер», «Рақымы күшті бір Құдай», «Жыланды үш кесе де, кесірткедей әлі бар».
  - D) «Темірді қызған кезде соқ», «Есің барда, елің тап», «Өзекті жанға бір өлім», «Бақа жеген Итемер», «Ер қанаты – ат».
  - E) «Естіген құлақта жазық жоқ», «Жылқысына өсімдіктен андыз, изен, жусан – азық», «Құлақ естігенді көз көрер», «Өлмеген құлға несібе көп», «Жыланды үш кесе де, кесірткедей әлі бар».
  
3. «Шашың өлең шөптей қаулай өсіп, еліңе шашты болып келдің, Алла тағала жар болып, ұрпағың шашыңдай көп болып, өсіп-өңсін! Әумин!» деген батаны кім берген?
  - A) Тасқұл
  - B) Кенжебек
  - C) Тілекші дуана
  - D) Атажан
  - E) Баба түкті Шашты Өзиз
  
4. Ғалым-кейіпкерлердің образдарын жасап, тосын ғылыми-фантастикалық идеялар жазған қай жазушы?
  - A) Айгүл Кемелбаева
  - B) Медеу Сәрсеке
  - C) Талап Сұлтанбеков
  - D) Ерлан Жүніс
  - E) Тұманбай Молдағалиев
  
5. Шайтантау қай шығармада аталған?
  - A) «Қаныш Сәтбаев»

- В) «Шашты»  
 С) «Бесеудің хаты»  
 D) «Жалғыз»  
 E) «Көшпелі алтын»
6. **Фантастика сөзі қай тілден енген? Қандай мағынаны білдіреді?**  
 A) француз, қиялдай білу өнері  
 B) грек, қиялдай білу  
 C) итальян, түс көру  
 D) орыс, ғажайыптарға сену  
 E) ағылшын, байлар өңгімесі
7. **Қара өлең жанрындағы шығармаларды жинап, «Қазақтың қара өлеңі» атты екі томды жарыққа шығарған кім?**  
 A) Талап Сұлтанбеков  
 B) Айгүл Кемелбаева  
 C) Қаныш Сәтбаев  
 D) Оразақын Асқар  
 E) Медеу Сәрсек
8. **Жасыл нұрға оранып, костюмі құбылып кеткен қай кейіпкер?**  
 A) Тасқұл  
 B) Борис Михайлович Бежев  
 C) Кенжебек  
 D) Сәмен  
 E) Қажытай
9. **Қандастар қапы қалма, орны бөлек,  
 Күнде өз әнұраныңмен оянудың.  
 Бұл жолдардың авторы кім?**  
 A) Айгүл Кемелбаева  
 B) Асқар Оразақын  
 C) Талап Сұлтанбеков  
 D) Медеу Сәрсек  
 E) Абай Құнанбайұлы
10. **«Жүрек тулайды, «Жұлдыз ат», «Лұқпан Хакім», «Тізгін», «Темір елі-не саяхат», «Ғажайып планета» шығармаларын жазған кім?**  
 A) Медеу Сәрсек  
 B) Айгүл Кемелбаева  
 C) Оразақын Асқар  
 D) Абай Құнанбайұлы  
 E) Талап Сұлтанбеков

## IV бөлім

# ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Қазақ тарихы тағылымды. Ежелден тамыр тартқан халықтың тарихы оп-оңай жазылмайды, бүгінгі күнге жеткен бақытты ұрпақ бабаларымыздың рухына бас иеді.

Ата-бабаларымыз бодан болды деуге ауыз бармайды. Біздің ата-бабаларымыз мықты болғандықтан, қазақ жұрты өлген жоқ. Империяға бағынышты болған заманда да қазақтың текті ұлдары халықтың қамын ойлады. Олардың рухы қадірлі. Ал уақытша қиындықта қара басының қамын ғана ойлап, пендешіліктен аса алмағандарды тарих өшкере етті. Бүгінгі ұрпақ осы тарих тағылымын есте ұстағаны абзал. Қашанда халықтың қамын ойлау – азаматтылық. Мәңгілік ел болуды ойлаған текті ұрпақ ел амандығын, ел бірлігін ойлайды.



**ШЕРХАН МҰРТАЗА**  
(1932–2018)

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы Жуалы ауданы Талапты ауылында дүниеге келген. Ол – Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері (1984), Қазақстанның Халық жазушысы (1992), т.б. көптеген марапаттардың иесі.

Шерхан Мұртаза 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде тілші болып, кейіннен бұл басылымдарға бас редактор болған. «Жұлдыз» журналының да бас редакторы қызметін және басқа да лауазымды қызметтер атқарған.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы аудармадан басталған. Ол студент кезінен-ақ Л.Лагиннің «Хоттабыч қарт», М.Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Өзінің тұңғыш очерк жинағы 1958 жылы «Құрылысшы Дәуі» деген атпен жарық көрген. Кейін 1976 жылы «Қара маржан» романы жарық көріп, осы еңбегі үшін оған 1978 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Қызыл жебе» Қалихан Ысқақовпен бірге (1987), «Сталинге хат» (1988), «Бесеудің хаты» (1989) атты пьесалар жазған. Жазушының бұл шығармалары республика көлемінде театр сахналарында өлі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «Ахметжанның анты» (1973), «Мылтықсыз майдан» (1977) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) өңгімелері, «Қара маржан» (1976, 1977, 1978), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999–2000) романдары, «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда» (К.Смайыловпен бірге) (1998), «Бір кем дүние» (2008) кітаптары жарық көрген.

Шерхан Мұртаза өз шығармаларын жазумен бірге аударма жұмыстарын да жалғастырған. Ол Г.Х. Андерсеннің, венгр ертегілерін, Ш.Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повестерін, «Боранды бекет», «Жан пида» романдарын, т.б. қазақ тілінде сөйлетті.

## БЕСЕУДІҢ ХАТЫ<sup>1</sup>

*Прологті, эпилогті, екі бөлімді тарихи драма*

Қатынасушылар:

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ – жазушы  
 ГОЛОЩЕКИН – Крайкомның I хатшысы  
 ҚҰРАМЫСОВ – Крайкомның II хатшысы  
 ИВАНОВ – Бюро мүшесі  
 ЕЛЕУСІЗ – Бюро мүшесі  
 ЖАНТОҚОВ – Бюро мүшесі  
 ИСАЕВ – Бюро мүшесі  
 НҰРХАН – ақын  
 КҮЛӨНДА – елдегі қыз  
 БАЛЫМ – Амангелдінің жесірі  
 СТАЛИН – Генсек  
 РЫСҚҰЛОВ – Совнарком төрағасының орынбасары

<sup>1</sup> Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006 Т. 7.

ҚҰСНИ – Мүсіреповтың әйелі

ЦЕРБЕР – Тамұқ төбеті

ҚАРАБАЙ – сатқын

Көмекшілер, үркіншілер, жұмақ пен тамұқ адамдары Оқиға 1932 жылы өтеді.

## ПРОЛОГ

*Кремль. Сталиннің кабинеті. Сталин мен Рысқұлов.*

**Сталин.** ...Неге біз жағдайды Қазақстандағы Голощекиннен емес, Мәскеудегі Рысқұловтан білеміз? Неге сенен басқа ешкім ләм демейді?

**Рысқұлов.** Менен басқалар да Қазақстандағы өрескел бұрмалаушылықты Сізге жеткізуге тырысқан. Бірақ олардың даусы Сізге жетпей жатыр.

**Сталин.** Қалайша?

**Рысқұлов.** Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам Сізге хат жазған. Бірақ... хат ұсталған...

*Сахна қараңғы тарта береді. Домбыра «Қоңырды» аңыратады.*

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### Бірінші сурет

*Алматы. Казкрайком. Голощекиннің кабинеті. Кезектен тыс шұғыл бюро мәжілісі өтіп жатыр. Ұзын үстелдің ұшар басында – Голощекин. Қос қапталда – бюро мүшелері. Электр шамдар күңгірттеу, әлденеге жыпылықтап тұрады. Голощекин шамдалға шақшия қарап, қолтоқпақтай ауыр сиясорғышты мығымдап ұстап, сонымен шамдалды періп жібергісі келгендей... Үстінде – сұр френч. Теке сақалы селкілдеңкіреп тұрады. Жарық әуелі оның сақалына ғана түсіп, бірте-бірте тұр-түсін түлгалайды.*

*Оркестрде «Көбік шашқан» ыңырсиды.*

**Голощекин** (креслодан ұмтыла түрегеліп). – Жолдастар! Жау шапқан-дай, түн ішінде неге бюро шақырды деп ренжімеңіздер. Ал жалпы, жау шапты десе де болғандай. (Үстел үстіндегі қағазды, улы жыланның құйрығынан ұстағандай салбыратып, қос саусағымен шетінен ғана абайлап қармап, даусы қырылдап) Міне – жау!



*Үстел басындағылар «О не сұмдық?» дегендей, үркектеп, үрпиісе қалады. Тек Голощекиннің оң қол жағын ала отырған Құрамысов қана «Мен білемін» дегендей, домаланған дөңбек денесі қозғалақтап, күлімдеп қалады.*

**Құрамысов (жағымпаздана).** Жаудан да жаман, Филипп Исаевич. «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман».

**Голощекин (риза болғандай).** Ізмұқан дұрыс айтады. (Құрамысов «Көрдіңдер ме?» дегендей жан-жағына қоқилана қарап қалады). Іштен шыққан жау жаман. Қаскөйлер өз ішімізден шығып отыр.

*Үстел басындағылар: «Сонда – қайсымыз?» дегендей бір-біріне күдіктеніп қарасады.*

**Исаев.** Ол не, Филипп Исаевич? Зөремізді алмай, айтсаңызшы.

**Голощекин.** (оган жақтырмай қарағанда, дөңес линзалы шыныдан көзі шатынап көрініп). Неге сенің зөрең ұша қалды, а? Сенің бүйрегің бұрып тұрмаушы ма еді өнебіреу жазушысымаққа! А?!

**Исаев (сабырмен).** Құдай үшін, айтсаңызшы, не тұспалдап тұрғаныңыз? Біз өзі өрт сөндіретіндей неге асығыс жиналды? Не талқыламақпыз? Жазушысымақ кім?

**Голощекин.** Иә! Иә! Өрт сөндіреміз! Өрт! Өрт!

**Елеусіз (жан-жағына, төбеге алақ-жұлақ қарап).** Қайдағы өрт?

**Голощекин (сәл сабасына түсіп).** Иә, шынында да, өңгімені басынан бастайық. (Қос саусағымен қағазды шетінен көтерген күйі). Қаралатын мәселе біреу: «Бесеудің хаты».

*Голощекин соңғы сөздерді шыңғыра айтқанда, содан шошып кеткендей шамдал оты шайқалақтап барып, жалп етіп сөнеді де қалады.*

## Екінші сурет

*Жазушының қуықтай бөлмесі. Жазу үстелі. Айнала – сірескен кітаптар. Шағын кілем тұсында – құс мылтық, қос домбыра ілулі тұр. Босағада – шоқпарлар. Креслода – Мүсірепов, жанындағы орындықта – қыр қазағынша киінген ақын Нұрхан. Ол домбыра тартып отыр. Сірә, «Ақсақ құлан» күйі. Мұңлы. Әлдебір қиын, қысылыс, тығырық жайды домбыра тілімен сөйлетеді. Күй өксіп-өксіп барып үні біткенде, Мүсірепов басын көтеріп алады.*

**Мүсірепов (аһ ұрып).** Түсіндім, Нұраға.

**Нұрхан** (*домбыраны жантайтып қоя беріп, беторамалымен маңдайын сұртіп*). Түсінсең сол, Ғабитжан. Киіз туырлықты, қыл құйрықты тулы ел едік. Ешкімге залалымыз жоқ еді. Елдің қырылып жатқанын өз көзіңмен көрдің.

**Мүсірепов** (*қасын керіп, бипаздап*). Дәл сондай сойқанды мен Керекуден де өз көзіммен көріп келдім. Нәубет төнген сенің Торғайың ғана емес, бүкіл Қазақстан!

**Нұрхан** (*булыққандай*). Көрсен – неғып жайбарақат отырсыңдар! Сені жұрт Голощекиннің қасында отырады дейді ғой. Неге айтпайсың көрген сұмдығыңды?

**Мүсірепов**. Осының бәрін Қазақстан өкіметіне де, Мәскеудегі Сталинге де... е-е, Рысқұловқа да жаздық білем...

**Нұрхан** (*үміттеніп*). Ал?!

**Мүсірепов** (*қасын керіп, алысқа қарап*), Немен тынарын біліп болмас. Үнсіз қалу да жарамас. Лақ екең лақ та бауыздарда тұяқ серпіп қалмас па?!

**Нұрхан** (*елжіреп*). Айналайын Ғабитжан-ай, топалаң тиген қойдай қырылып жатқанымызда, ақырып айқай салар азаматтар тумады ма осыншама халықтан деп күйіп-пісіп кетуші едім. Бар екенсің ғой, жарығым!

**Мүсірепов** (*сыздап*). Ақырып айқай салар азаматтар атаулының көбі аждаһа көрген қояндай бұғып қалып отыр ғой.

**Нұрхан**. Сонда қалай, халық қырылса – қырыла берсін, өзім аман қалайын дегені ме?

**Мүсірепов**. «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деген бар емес пе? Жайшылықта бәрі де «Елім, жерім» деп еңіреген болады, ал ел басына күн туғанда өлгі «өулиелер» мүнә-фи-күн!

**Нұрхан**. О не тағы?

**Мүсірепов** (*жәй мырс-мырс етіп*). Оу, Нұраға, Құранды судай судыратқанда мұны қалай білмейсің? Құранның «Өлмүнә-фикүн» деген сүресін оқып па едің? Меккеден күрейіштерді бастап шыққан Әбу Суфианға қарсы мәдиналықтарды Мұхаммед расул алып шыққанда, мәдиналықтардың бірсыпырасы Әбу Суфиан жағына сатылып кетпеуші ме еді. Оларды расул «мүнә-фикүн», яғни екіжүзділер дейтіні қайда?

**Нұрхан**. Ғабитжан-ай, біздің Құран білуіміз далбаса ғой. Жұрттың бәрі өзіңдей ғұлама қайдан болсын. (*Ойланып*). Сонда басшылар арасында «мүнәфикүн» болғаны ғой?

**Мүсірепов** (*керенаулау*). Солай дағы.

*Ауыз үйде телефон шырылдайды. «Алло, алло» деген Құсни даусы шығады. Құсни Ғабит пен Нұрхан отырған бөлмеге имене бас сұғады.*

Құсни. Ғабит, сені телефонға шақырып жатыр.

Мүсірепов. Кім?

Құсни. Крайкомнан дейді.

Мүсірепов (*жақтырмағандай*). Жә-рр-әй-ды. (*Орнынан баптана тұрып барып, телефон тұтқасын алады*). Өл-лө. Мүсірепов тыңдап тұр.

Дауыс (*екпіндеп*). Мен Голощекин жолдастың көмекшісі. Крайкомға тез жетіңіз. Бюро бар!

Мүсірепов (*қабырғадағы шынжыр баулы сағатқа қарап*). Мезгіл түн ортасы болайын деп қалды, неғылған бюро?

Дауыс (*бұйыра*). Тез жетіңіз, кезектен тыс бюро!

Мүсірепов (*кергіп*). Жә-рр-әй-ды. (*Трубканы тастай беріп*). Мезгілсіз шақырған тауықтың басын жұлмақ керек.

Құсни (*шошыңқырап*). Түн ішінде қауіпті, бит. Қаңғыбастар қаптап жүр көшеде. Мен бірге барайын.

Мүсірепов (*мырс етіп*). Сен қорған болып қарық қыларсың, көшенің бандиттерінен (*әлдеқайда қолын сілтеп*) андағылар қауіптірек. Ал сен мені олардан, бөрібір, қорғай алмайсың. Одан да ана костюмді алып бер. (*Киінеді. Босағада ілулі тұрған шоқпарды қолына алады. Нұрхан отырған бөлмеге бұрылып*). Ал, малыш, мен төбелеске кеттім. (*Қолшоқпарды білеп қояды*). Демал.

Нұрхан (*абыржып*). Апыр-ай, тыныштық болсын, лайым. Бөле-жаласынан сақтасын. Бармай-ақ қойсаң қайтеді?

Құсни. Иә, бармай-ақ қойсаң, а? Ауырып қалды дермін тағы звандаса.

Мүсірепов (*басын баяу шайқап*). Жердің астына кіріп кетсең де, таптырып алады. Қорыққанмен жан қалмас. Осының бәрі қорқақтықтан. Жорғалар – жортақ, батырлар – қорқақ болған сұм заман.

Құсни. Жалғыз сен батыр болып кімді шабасың? Барма.

Мүсірепов (*жайдарланып*). Неге сонша үрпие қалдың? Онан да мейманға шәй бер.

*Телефон бебеулеп қоя береді. Құсни тұра ұмтылады. Мүсірепов оны қолымен жасқап тоқтатып, тұтқаны өзі алады.*

Мүсірепов. Өл-ло-у.

Дауыс (*қатқыл*). Жолдас Мүсірепов! Бюро сізге қарап отыр ғой. Қашанғы күтуге болады?!

Мүсірепов (*тәкаппарлана*). Тез жетсін десең, машина жіберіңіз.

Дауыс (*дәрекі*). Мүмкін, айдауылды қоса жіберу керек шығар?!

**Құсни.** *(жалбарына).* Ерегестіре көрме, Ғабит...

**Мүсірепов.** *Жә-рр-әй-ды. (Тұтқаны тастай салады).* Түзелер еді бұл заман... пейілі жаман пендені... кетсе астына жер тартып... Жә, қорықпа, Құсни! *(Есіктен шыға береді).*

### Үшінші сурет

*Крайком. Сол бұрынғы көрініс. Тек Голощекин түрегеліп, ары-бері теңселіп жүр. Қолы дірілдеп, графиннен су құйып ішпек болады. Стақанын аузына апара беріп, ішпестен қайтадан қоя салады. Бюро мүшелеріне сүзіле қарайды.*

**Голощекин.** Енді түсіндіңдер ғой жаудың қайдан шыққанын? *(Әркімнің бетіне сынап қарайды. Кейбіреулер бас изейді).* Ал бұған қандай шара бар?

**Құрамысов** *(қозғалақтап).* Бұл хаттан оңшыл оппортунистердің иісі аңқып тұр. Партиялық жолмен жазалау керек.

**Жантоқов** *(жарыса).* Олар – пантюрист!

**Голощекин** *(сақалы селкілдеп, ұзын саусақтарын ербеңдетіп).* Алашорданың иісі аңқып тұр десеңші? Ай-ай, қандай улы жыланды қойнымызға салып отырғанбыз! Ақыры, шақты міне! Осы жазушысымақты Крайкомның аппаратына алдырған сен емес пе едің? *(Құрамысовқа шүйіледі).*

**Құрамысов** *(сасқалақтап).* Ол былай ғой...

**Голощекин** *(сөзін шорт кесіп).* Саяси соқырлық! Байқамадық. Мен әрдайым айтамын, 25-ші жылға дейін, яғни мен келгенге дейін Қазақстанда қазақтардан шыққан таза коммунист болған жоқ деп. Содан да бері жеті жыл өтті: бұлар өлі жетіліп болған жоқ! Өлі шикі. Кадр мәселесін шешіп отырған адамның түрі... *(Құрамысовты меңзейді).*

**Исаев.** Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде. Кім білген... Ондай ала Мәскеудің өзінен де шығып жатқан жоқ па?

**Голощекин** *(шатынап).* Иә! Иә! Дәлелдерің көп. Троцкий, Каменев, Зиновьев, Рыков... Солар ғой айтпағың?

**Исаев.** Солай-ақ делік...

**Голощекин.** Ендеше сол сабақ. Неге біз өз Троцкийлерімізді өшкерелемейміз? Неге оларды төңкеріп тастамаймыз?

**Елеусіз** *(жанындағы Құрамысовтың құлағына сыбырлап).* Не дейді? Бізде де Троцкий бар дей ме?

**Құрамысов** *(жақтырмай, тыржың етіп).* Иә!

**Голощекин** *(алара қарап).* Не сыбыр-күбір?

**Құрамысов.** Жай, мына кісі...

**Голощекин.** Түсінбей отыр ма? (*Елеусізге таяп келіп*). Біздің арамызда да жаулар бар. Троцкийлер бар. Не істеу керек? (*Құрамысовқа*). Аудар.

**Құрамысов** (*Елеусіздің құлағына*). Жау бар дейді. Не істеу керек дейді.

**Елеусіз.** А-а. Жау ма? Жауды аяған жаралы. Иә, құрту керек. Мен қол көтерем. (*Қолын көтереді*).

**Голощекин.** Өне, көрдіңдер ме, қазақтың оқыған зиялылары! Сендерден гөрі оқымаған Елеусіз Елемесовичтің көзі әлдеқайда ашық. Адамда жай көз бар да (*көзілдірігін шешіп*), саяси көз бар.

**Елеусіз** (*өзін Голощекин мақтап тұрғанын сезіп, екіленіп*). Иә, жауды құрту керек. Мен қол көтеремін. (*Қолын ербитеді, бірақ басқа ешкім көтермегенін көріп, таң қалып*). Иә... құрту... керек...

**Голощекин** (*сәл саябырлап*). Сонымен бірауызды болайық. Бесеуін де партиядан аластау керек. Алашордашылармен қаншалықты қатынасы барын ОГПУ анықтасын. Шетінен бір-бірлеп шақырыңдар (*Қоңырауды басып-басып қалады. Көмекші кіреді*). Бәрі де келді ме әлгі бүлікшілердің?

**Көмекші.** Мүсіреповтен басқасы...

**Голощекин.** Ол жазушысымақ неге кешігеді? Айттың ба тез жет деп?

**Көмекші.** Иә. Екі рет...

**Құрамысов** (*қыстырыла кетіп*). Ол маңғаз ғой. Бір-бір басып жеткенше, таң атар.

**Голощекин** (*арық алақандарын ысқылап*). Жынынан айырылған бақсыдай етерміз әлі, сонда маңғаздықтан не қалар екен? Осы жазушысымақтар неге кесірлі? Өне біреу Сейфуллин дегені, тіпті, Құдайдың өзімен қатар отырғандай шіренеді. Табылған екен Толстойлар!

**Иванов.** Филипп Исаевич, дегенмен тым қатты кетпейік. Бұл бесеудің жазып отырғаны, бір жағынан, шындық та ғой. Одан да хаттағы жайттарды көперге алып, елге жағдай қарастырайық та.

**Голощекин** (*талып қалғандай көзін алайтып, қолын жайып*). Міне, тағы бір «қайырымды» басшы шыға келді. Сонда немене, кім жаман – Голощекин жаман, ө?! Сен ғой жақсы көрініп шыға келмекшісің ө?! Мүмкін, Голощекиннің орнына отырарсың, ө?!

**Иванов** (*қабынып*). Не деп кеттіңіз, Филипп Исаевич? Құдай үшін, қиянат жасамаңыз!

**Голощекин** (*қыбы қанғандай*). Ө, қиянат. Қиянаттың көкесі міне! (*Хатты сілкілейді*). Құрамысов! (*Құрамысов селк ете қалады*). Саған ерекше тапсырма: бұл басбұзар ұлтшылдар мұндай хатты Мәскеуге де жолдауы мүмкін. Поштаға, телеграфқа мұқият бол, бұл сипаттағы бірде-бір қағаз Мәскеуге жіберілмесін. Тікелей бақылауға ал!

**Құрамысов.** Құп болады, Филипп Исаевич! Мен... қазір. (*Шығып кетеді*).

**Иванов.** Егер бұл хат жала болса, Мәскеуге жөнелтілгенінен несіне қорқамыз?

**Голощекин.** (*шоқ басқандай ұшып тұрып*). Қорқып отырған ешкім жоқ, Иванов! Голощекин ешкімнен де қорықпайды. Голощекиннің іс-әрекетін Сталин жолдастың өзі жүз пайыз құптайды!

**Иванов** (*ығыңқырап*). Онда еркіңіз білсін.

**Голощекин** (*қоқиланып, қоңырауды басып-басып қалады. Көмекші кіреді*). Келді ме өлгі маңғаз жазушы?

**Көмекші.** Келді.

### Төртінші сурет

*Сол бұрынғы кабинет. Тек отырғандар сіресе қалған. Голощекин – креслода. Әлдеқалай қобалжулы. Саусақтары дірілдеп, графиннен су құйып ішпек болады. Бірақ иіскеп, ішпей қоя салады. Мүсірепов кіреді.*

**Голощекин.** Кел, жазушы... (*Мүсірепов сыпайы бас изеп амандасады*). Сені ғой біз Крайкомға жауапты қызметке алдық. Не үшін?

**Мүсірепов.** Оны өздеріңіз білсеңіздер керек еді. Мені Крайкомға қызметке алыңдар деп, мен арыз бермеген сияқтымын.

**Голощекин** (*бюро мүшелеріне, шағынғандай*). Көрдіндер ме? Қалай-қалай кердеңдейді.

**Құрамысов.** Жолдас Мүсірепов! Сіз Крайкомның бюросында тұрғаныңызды білесіз бе?

**Мүсірепов.** Тойға келмегенімді сеземін. Бірақ Крайком бюросы Голгоф емес қой деп ойлаймын.

**Елеусіз** (*«Голгоф» дегенді түсінбей, Құрамысовқа сыбырлап*). Не дейді? Қай жер дейді?

**Құрамысов** (*тыржың етіп*). Иса пайғамбарды крешке шегелеп тастаған жерді айтады. Соны Голгоф дейді.

**Елеусіз.** Астафыралла! Сонда бұл өзін Исамын деп тұр ма?

**Голощекин** (*қуанып кеткендей, Мүсіреповке*). Рас-ау, сонда сен өзінді Иисус Христосқа балап тұрсың ба?

**Мүсірепов.** Жоқ, жолдас Голощекин. Мен коммунист, жазушы Мүсіреповпін.

**Құрамысов.** Онда неге қайдағы Голгофты еске алып тұрсыз?

**Мүсірепов.** Жолдас Ізмұқан, мен – Христос емеспін, бюро – Голгоф емес. Голощекин жолдас – Понтий Пилат болмас, Сіз – Синедрион болмассыз. Онан да мәселені түсіндіріңіз. Мені неге шақырдыңыз?

**Голощекин.** Сен өйтіп көлгірсіме, жазушы. Білмей тұрған шығарсың. Хатты ұйымдастырған сен ғой?

**Мүсірепов.** Мейлі, мен-ақ болайын.

**Голощекин.** Міне, нағыз Иисус! Өзін құрбандыққа дайындап тұр.

**Мүсірепов.** Неге құрбан болуға тиіспін? Шындықты айтып, бюроға ашықтан-ашық мәселе қойғаным үшін бе?

**Голощекин** (*шыңғырып*). Қайдағы шындық?! Халық, мал-жан жаппай қырылып жатыр деген шындық па?! Жала! Жала! Жала!

**Құрамысов** (*килігіп*). Жала арқылы халықты Крайкомға қарсы қою. Бұл – провокация!

**Елеусіз** (*дөңгелек сақалын уыстап*). Ғабит шырағым, оның қалай?

**Мүсірепов** (*торыққандай*). Елаға, сіз де түк көрмей қалдыңыз ба? Бір үзім нан сұрап, кеңсеңіздің алдында сұлап жатқандардың үстінен аттап-бұттап өткеніңіз де есіңізден шыққан ба?

**Голощекин.** Олар жалқау оңбағандар! Жұмыс істегісі келмей, ыңырсып жатқандарды кеңсеңіз алдынан мен де көрдім.

**Мүсірепов** (*ызалана*). Оларға: «Бездельники! Работать надо!» – деп, бастарынан теуіп-теуіп кеткеніңізді мен де көрдім.

**Голощекин.** Жалқау оңбағандарды маңдайынан сипауым керек пе сеніңше? Аяғыма оралды, аяғымды ажыратып алғаным рас. Тепті дегенің тағы жала.

**Елеусіз** (*жаны ашығандай*). Ғабит шырағым, «Төремен тіреспе, күшті-мен күреспе» демеуші ме еді, неғыласың қарсыласып...

**Голощекин.** Ол бізді негізгі мәселеден бұрып өкетіп, бұлғаққа салып тұр ғой. (*Мүсіреповке қолын шошайтып*). Экспертиза хаттың үш дана басылғанын анықтады. Қалған екі данасы қайда?

**Мүсірепов.** Біреуі Сталин жолдасқа жіберілген.

**Голощекин.** (*шиқылдап күліп*). Сен, шынында да, Иисуссың! Иисус Христос өзін Құдайдың ұлымын деп жариялаған ғой. Ал сен Сталин жолдаспен тікелей хат жазыспақ болғансың. Бірақ хатың Сталинге жеткен жоқ. Хат ұсталды.

**Мүсірепов.** Өлгі кеңес поштасының азамат құпиясын сақтайтыны қайда?

**Голощекин.** Құпия сақтағышын. Поштаның Крайкомнан жасыратын құпиясы жоқ. Ал хаттың үшінші данасы қайда?

Мүсірепов (*тура қарап*). Жоқ. Жыртып тастадық.

Голощекин. Сен жалақор ғана емес, әрі өтірікші екенсің ғой. (*Қоңырауды басып қалып, көмекшіге*). Шақыр Қарабаевты!

*Қарабаев кіреді.*

Голощекин. Міне, авторлардың біреуі. Бұлар о басында алтау болған. Мүсірепов, Ғатаулин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев және Қарабаев. Бірақ Қарабаев өз қатесін түсініп, соңғы сәтте қол қоюдан бас тартқан. Және о бастағы ниеті үшін бізден кешірім сұрады. (*Қарабаевқа*). Қарабаев жолдас, хаттың үшінші данасы қайда?

Қарабаев. (*қызарақтап, жан-жағына алақ-жұлақ қарап*). Үшіншісі – РСФСР Совнаркомына, Тұрар Рысқұлов жолдасқа жіберілмек болған. Бірақ жіберген-жібермегенін білмеймін. Мен... мен топтан шықтым ғой...

Голощекин. Естідің бе, жазушы? Енді есіңе түсті ме?

Мүсірепов. (*Қарабаевқа жиіркене қарап*). Иуда!!!

Голощекин (*алақандарын шапалақтап*). Bravo! Міне, Иисус! Ай да Иисус! Қарабаев – Иуда, Мүсірепов – Иисус. Иуда Иисусты ұстап берді. Тарих қайталанбайды дейді. Қайталаанады. Қайталаанады!

Елеусіз (*Құрамысовқа*). Не деп кетті?

Құрамысов. Иса пайғамбарды Иуда деген сатып кеткен. Соны айтады.

Голощекин. Сталин жолдасқа қолы жетпеген бейшаралардың ендігі тапқаны – Рысқұлов.

Жантоқов. Рысқұлов – пантюркист!

Иванов. Жолдастар! (*Сағатына қарап*). Түнгі сағат бір болды. Нақты мәселеден ауытқып барамыз.

Голощекин. Қателесесіз, Иванов. Нақты мәселеге енді келдік. Бүліктің бастауы қайда жатқанын білдіңіз бе? Анықталды ғой. Бәленің бәрі Рысқұловтан. Алыста жатып Мүсіреповтердің қолымен от көсейді. Бұл бүлікке Рысқұлов араласқан екен ғой. Міне, бұл – шатақ! Шатақ!

Жантоқов. Рысқұлов – пантюркист! (*Орнынан ұшып тұрып*). Рысқұлов – пантюркист! Мүсірепов – ұлтшыл! Ұлтшыл! (*Қалш-қалш етіп, қолы ербеңдеп, көзі аларып, құлап бара жатып*). Пантюркист! Пан-тюр-кист! ұлт-шыл! Ұлт...

Голощекин. Шатақ! Шатақ! Рысқұлов шатақ!

*Сахна қараңғылана береді.*



## Бесінші сурет

*Сағат тұңгі екіні соғады. Крайкомның шамы әлі сөнбейді. Бюро әлі бітпейді. Голощекин графиннен стақанға су құяды, аузына апара беріп, стақанды қоя салады.*

**Голощекин.** Республикаға, Казкрайкомға, оның басшылығына жала жапқаны үшін Мүсірепов, Алтынбеков, Ғатаулин, Қуанышев, Дәулетқалиев партиядан шығарылсын. Істері сотқа берілсін! Менің ұсынысым осы.

*Сілтідей тынған тыныштық. Тек қабырғадағы сағат сыртылы естіледі. Сыртта мауыққан мысықтардың баж-бұжы шығады. Голощекин стақандағы суды ішпек болып, қайтадан қоя салады. Жөткірініп, Иванов қол көтереді.*

**Иванов.** Жолдастар! Хат иелері жас коммунистер екен. Жастыққа қателесу тән. Сондықтан, Филипп Исаевич, оларды бірден партиядан шығару керек дегенге мен келісе алмаймын. Ескертумен тынайық.

**Голощекин** (*орнынан атып тұрып*). Жоқ! Жоқ! Бұл жастықпен қателесу емес. Бөлеқорлық, жалақорлық. Бұл керек болса (*саусағын аспанға шошайтады*) ұлтшылдықтың бас көтеруі. Біз ұлтшыл уклонистерді жойдық деп, мөз болып жүрміз. Ұлтшыл уклонистер: Рысқұловты, Ходжановты, Меңдешевті, Нұрмақовты, Садуақасовты арамыздан аластадық, республикадан қудық деп, ерте масайрағанбыз. (*Су ішпек болып, стақанды аузына апара беріп, жиіркенгендей қоя салады*). Сөйтсек, олардың құйыршықтары бар екен. (*Мүсірепов жаққа саусағын шошайтып*). Мәскеудегі Рысқұловпен, тағы басқалармен байланыс жасап тұрады екен. Тек қатал жаза!

**Иванов** (*шарасыздана қолын жайып*). Жат пиғыл жоқ қой, жан ашыған пікірі үшін қалай жазалаймыз?

**Голощекин.** Мен өз ұсынысымнан, өз талабымнан қайтпаймын. (*Суды ала беріп, аузына тақап, одан бетер ашуланып, үстелге стақанды тартып еткізіп қоя салып*). Қайтпаймын! Қайтпаймын!

**Исаев.** Менде бір ұсыныс бар. Бұл бесеу кінәлі, өрине. Бірақ Филипп Исаевич, сіз айтқандай, жат пиғыл бар ма бұларда? Жоқ-ау деймін. Өлі де сынайық. Олар аштық туралы, асыра сілтеу туралы жазған екен. Сол кемшілікті түзесін, бар болса. Жібереік жер-жерге, көрсін, түзесін. Ал бөрі бекер болса, сонда жазалайық.

**Голощекин** (*шоқ басқандай шошып тұсіп*). Сен де солай сайрадың ба,

Ораз Жанұзақович?! Мәскеуді барып паналаған национал-уклонистердің арандатуымен бес бұзық Крайкомға жала жабады. Ал сен де оларды қорғайсың!

**Исаев** (*күмілжіңкіреп*). Олардың хатын мүлде жала деуге келер ме екен?..

**Голощекин** (*екі қолы ербеңдеп*). Жала! Жала! Біз Октябрь революциясының дауылы тек жанап қана өткен Қазақстанда «Кіші Октябрь» орнатып, сол арқылы дауыл тұрғызып жатырмыз. (*Қолымен дауылды суреттейді*). Дауыл ескі дүниені қоқыстан тазартады! (*Кеудесін ұрып*). Біз Қазақстанда жаңа тарихтың жасампаздарымыз! Дауыл! Дауыл! Жаңа тарих. Түсінесіңдер ме? Ал мұндайда кейбір шығын болуы диалектикалық заңдылық!

**Мүсірепов** (*басын тәуекелге тіккендей қатуланып*). Диалектикада халық жаппай қырылсын деген заң жоқ!

**Голощекин** (*шыңғырып*). Сен, шала сауатты азиат, диалектикадан не білесің?

**Мүсірепов** (*сазара, саспай*). Мен білетін маркстік диалектикада ондай сойқан жоқ. Сіздің айтып тұрғаныңыз Римнің баяғы императорлары Нерон мен Калигуланың «диалектикасы».

*Зал тына қалады. Әлгінде ғана оны жақтап тұрған Иванов та басын шайқап, ернін тістейді. Әлгі сөздерден тұқ түсінбеген Елеусіз жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды.*

**Елеусіз** (*ақыры, шыдай алмай, Құрамысовқа*). Не дейді? Не боп кетті?

**Құрамысов** (*тыжырына, иығын қиқаң еткізіп*). Тыныш отырыңызшы, ақсақал... (*Голощекинге қарап*). Бұл шектен шыққандық. Қайдағы Нерон? Қайдағы Калигула?

**Голощекин** (*аңырып, таңырқап*). Бәсе, қай Нерон?

**Жантоқов**. Пантюркист что ли?

**Иванов** (*бетін басып, күліп*). Неопантюркист.

**Жантоқов** (*шамданып*). Күлмеңіз, күлетін жай емес.

**Голощекин**. Тыныштал! Жауап естиік. (*Мүсіреповке*). Көне, айт.

**Мүсірепов** (*шегінерге жері қалмай*). Біздің заманымыздың шырқау басында Римді Нерон деген император билепті. Халқын аштыққа ұшыратып, «Ешкімде ештеңе қалмасын!» деп, жарлық шығарыпты. Римді әдейі өртетіп жіберіп, өзі Меценат мұнарасына шығып алып, өртке қарап тұрып, «Троянның күйреуі» деген өнді айтқан.

**Голощекин** (*әдейі қызықтап*). Тоқта! Тоқта! Сонда Нерон император ба-

сымен өн салған ба?

**Мүсірепов** (*мырс етіп*). Салғанда қандай! Бар халықты театрға жиып алып, есік-тесігін тарс бекіттіріп тастап, тарғыл-тарғыл даусымен күндіз-түні өн салғанда, екіқабат әйелдер шыдай алмай, театрда босанып қалады екен...

**Голощекин** (*қызыға тұскендей*). Тағы қандай өнері бар екен?

**Мүсірепов**. Мүлде жазықсыз адамдарды өлім жазасына кеседі екен де, үкімге қол қоярда, өз басын өзі тоқпақтап: «Өттең, бүйткенше, хат танымас кеңе болсамшы!» – деп, өтірік қайғырады екен.

**Голощекин** (*зымияндана жымып*). Тағы не депті?

**Мүсірепов**. Нерон басына зауал туып, өлер шақта: «Өттең дүние, неткен ұлы өртіс өтіп бара жатыр!» – депті дейді.

**Голощекин** (*мүләймсіп*). Ал Калигула не істепті?

**Мүсірепов**. Жақсы көрген арғымақ атын консул сайлатып, (*Елеусіз жаққа еріксіз қарап*) мәжілісте консулдармен бірге отырғызған көрінеді.

**Голощекин** (*кенет қанын ішіне тартып*). Ал, жолдас Исаев, жолдас Иванов! Осыдан кейін де мына жазушы партия қатарында қала бермек пе?

**Иванов** (*не күлгені, не қысылғаны белгісіз*). Филипп Исаевич, бұларға дауа бар ма? Өйтпесе, ол жазушы бола ма? Өңгімені ушықтырмай, Исаев жолдастың ұсынысын қабылдайық та...

**Голощекин** (*әуелі тұтығып*). А-а-ау, л-л-либерализмнің ш-шегі болмаушы ма е-е-еді! Бұл не, Иванов?! Ау, бұл бізді қайдағы бір қаныпезер деспоттар мен тирандарға теңеді ғой! Соны да түсінбедіңдер ме?!

**Иванов**. Әдебиетте гипербола «образное мышление» деген болады. Оларға жарасады.

**Құрамысов** (*жөткірініп, жұрт назарын өзіне аударып*). Жоқ, жолдас Иванов, мынау біздің Крайкомда бұрын-соңды болмаған сұмдық. Сіз шыннан аңдамай қалдыңыз ба?

**Мүсірепов**. Нерон: «Ешкім де ештеңе де қалмасын» – дейді. Ал бізге қазір біздің жауларымыз, бай-кулактар: Голощекин бастаған Крайком «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп айтыпты деп, жала жауып жүрген жоқ па?!

**Голощекин** (*Құрамысовқа емірене қарап, қанаттанып*). Нерон Римді өзі өртетіп жіберіп, өзі соған сүйсіне қарап, өн салыпты. Мынау (*Мүсіреповті меңзеп*) бізге «жарапазан айтып отырсыңдар» деп тұр ғой!

**Құрамысов** (*құлшынып*). Нерон театрдың есік-тесігін бітеп тастап, күндіз-түні өн салғанда, екіқабат әйелдер театрда босанып қалған екен. Ал сонда түн ортасынан ауғанша бітпей қойған мына бюрода жазушы Мүсіре-

пов шыдай алмай, нетіп... қалып жүрмесін! (Өз сөзіне өзі мәз болып қарқ-қарқ күледі. Түкке түсінбеген Елеусіз қосыла күледі).

**Жантоқов** (шықшыты бұлтылдап). Пантюркист!

**Голощекин** (Құрамысов оспағының оспадарсыз шыққанын сезіп, қабағын шытып). Жә, қайдағы бір сандырақты өкеліп өзімізге таңа бермейік.

**Иванов**. Міне, мұныңыз жөн, Филипп Исаевич. «Бесеудің хаты» талқыланып, ілтипатқа алынды дейік. Хаттың авторлары қазіргі күрделі жағдайды жөндеуге септігін тигізу үшін жер-жерге іссапарға жіберілсін дейік. Осындай шешімге келіп, осымен тарайық.

**Исаев**. Дұрыс.

**Голощекин**. Либералдар! Келісімпаздар! (Булығып). Бұл, бұл, бұл...

*Дәл осы кезде Крайком терезесінің алды жарқ-жүрқ етіп, орасан найзағай ойнап өтеді де, артынша аспан қақ айырылып жерге түскендей болып, күңірене күн күркіреп қоя береді. Төбедегі шамдалдар теңселіп, шылдыр-шылдыр етеді.*

**Елеусіз** (төбесіне құндыз бөркін кие беріп). Бісміллә, бісміллә!.. Сұбихан Алла, Сұбихан алла...

**Жантоқов** (бұға түсіп). Проделки пантюркистов...

**Құрамысов** (о да қыбыжықтап). Сен де оттай береді екенсің...

**Иванов**. Сабыр, сабыр, жолдастар! Кәдімгі Алатаудың долы найзағайы ғой. Қазір басылады.

*Осы кезде терезе алды алаулап жарқ ете қалып, тағы да аспан қақырап ала жөнеледі.*

**Елеусіз**. Өлхамдулла, Өлхамдулла! Раббиль Өләмин.

**Мүсірепов** (сыздана қасын керіп). Мүнәфикүн!

*Күн тағы да күңірене күрілдей жөнелгенде, Голощекин креслоның тасасына бұға қалады. Лезде шам сөніп, шымылдық жабыла береді.*

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Бірінші сурет

*Түн ортасы ауган шақ. Сол бұрынғы кабинет. Бюро жалғасып жатыр. Елеусіз қалғып отыр. Тек Голощекин қатты сөйлеген кезде көзі бағжаң етіп, басын көтеріп алады. Басқалар да қажып, ұнжырғасы түсе бастаған.*

**Голощекин** (әлгі бір қорқақтығын ақтағысы келгендей, жорта жай-

*дарыланып*). Сонымен күн күркіреді, найзағай тарсылдады. Енді біздің әңгімеміз де мына ауа райы сияқты сабасына түсетін шығар. Кәне, Мүсірепов жолдас, мына бізге жөндеп түсіндіріңізші: ел қырылып жатыр, мал қырылып жатыр дегенді қайдан алдыңдар?

**Мүсірепов (сабырмен).** Жолдас Голощекин, өзіңіз білесіз, мен Крайкомның іссапарымен, ұжымдастыру науқаны қалай өтіп жатқанын бақылау мақсатымен Павлодар жақта болып қайттым. Одан кейін Торғайды араладым. Бәрі де сонда көргендерім. Ойдан қосылған ешнәрсе жоқ.

**Голощекин (қуақыланып).** Кәне, айта ғой, жазушысың ғой, біз көз алдымызға елестететіндей етіп айтшы.

**Мүсірепов.** Мен айтсам, жазушы ретінде емес, Крайкомның өкілі ретінде ресми айтамын. Өйтпесе жазушы әсірелеп тұр деуіңіз мүмкін.

**Голощекин.** Оныға да келістік.

**Мүсірепов.** Жолдас Голощекин, мұндайды, асылы, көзбен көрген дұрыс болар.

**Голощекин (лезде ашу шақырып).** Жә, ақыл үйретпе. Кабинетшілсің демекшісің ғой. Көрер ем, менің орнымда болсаң...

**Мүсірепов (шатынаңқырап тұрып, сабыр сақтап).** Ендеше тыңдаңыз да... көріңіз...

## Екінші сурет

*Қорқыт күйі ыңырсып тұрады. Сұрқай дала. Сұрқай киіз үйлер. Кейбірінің туырлығы түсіп, кереге-қаңқалар ырсып-ырсып көрінеді. Сол мелшиген үйлерге биіктен көз тігіп, екі адам қалт тұрып қалған. Бірі – Нұрхан, бірі – Мүсірепов. Аулақта шиебөрілер шулайды.*

**Нұрхан.** Міне, міне, әлгі мен айта беретін ауыл.

**Мүсірепов (құлазып).** Қыбыр еткен жан жоқ. Ит те үрмейді.

**Нұрхан (шошығандай).** «Үрерге иті, сығарға биті жоқ» деген осы боп жүрмегей...

**Мүсірепов.** Сіз айтқан Күлөнда осы ауылда ма?

**Нұрхан (даусы дірілдеп).** И-иә-ә.

**Мүсірепов.** Онда бірден сонда соқпаймыз ба?

**Нұрхан (аңырып).** Жо-оқ, Ғабит, бірден баруға, жүрегі түскір, дауаламай тұр. Ұсқыны жаман ғой мына жұрттың... Әуелі, тірі жан жолықса, хабар білейік. *(Олар төбешіктен түсіп, бірінші үйге таяп келеді).* Кім бар-о-о-й? *(Қайталап).* Кім бар-о-о-ой?

**Мүсірепов.** Ешкім жоқ.

**Нұрхан.** Кім бар? *(Айқарма есікті итеріп ашады. Жүк жиюлы. Аяқ-табақ, жиһаз-мүлік орнында. Бір бүйірде ақ шымылдық есіктен енген желмен желбіреп тұрады).* Кім бар?

**Мүсірепов.** Ешкі-ім жо-оқ.

**Нұрхан** *(шымылдықты түртіп қалғаны сол, ақ перде күл болып, сау етіп сыпырылып түседі).* Ойбай!

**Мүсірепов** *(селк етіп).* Ол не?

**Нұрхан.** Ғабит, мынаны қара! Екеуі де... Беу, бейбақтар, құшақтасып жатып жан тапсырыпты. *(Ішінен күбірлеп аят оқып, бетін сипайды).*

**Мүсірепов** *(күйіп кеткендей).* Екеуі де опат. Екеуі ғана ма екен? Бір тайпа ел ғой. Екеуі балалы-шағалы болар еді... Бір шаңырақтан қаншама отау бөлініп шығар еді...

**Нұрхан** *(көзінің жасын сілкіп).* Қой, шырағым, сескеніп қаларсың. Үңіле берме. Кетейік. *(Шегіншектеп).* Есікті мықтап жауып кетейік. Өлгі лағнат шиебөрілер бекер шулап жүрген жоқ.

### Үшінші сурет

*«Көкіл» күйі сарнайды. Екінші үй. Жүк жиюлы. Қазан-ошақ орнында. Бірақ бәрі қаңсып тұр. Бір бүйірде бесікке асынып, келіншек отыр. Ұйықтап кеткен сияқты.*

**Нұрхан.** Апыр-ай, Ғабит, мұнда біреу отыр.

**Мүсірепов.** Иә, отыр.

**Нұрхан.** Ау, жарқыным, кісілер келді үйіңе. *(Дыбыс жоқ).* Естімеді. *(Келіншектің иығынан тартады. Омырауын балаға тосқан күйі аңырып бері қарағанда, бесікте жансыз жатқан бала көрінеді).* Ау, байғұс-ау, не болды? *(Әйел оларды елемей, айдалаға қарайды).*

**Мүсірепов** *(есікке тұра ұмтылып, көмекшілерді шақырады).* Мұнда! Тез! *(Бері бұрылып).* Ей, ит озбырлық! Голощекин осыны көзімен көрмейді, а!

**Нұрхан.** Ол – Құдай! Көзін шел басқан құдайсымақ.

**Мүсірепов.** Мұндайды көрсе, рақаттана ма деп қорқамын.

**Нұрхан.** Онда анау ұлып жүрген қорқау қасқырдан несі артық?

**Мүсірепов.** Қорқау қасқырды табиғат о баста солай жаратқан. Голощекин адам баласы ғой.

**Нұрхан.** Адамнан шыққан қорқаулар қасқырдан да қатыгез. *(Көмекшілер кіреді).* Әй, бөрібір, қатарға қосылмас. *(Келіншекті иығынан тартып).* Күлөнда, аман ба? *(Әйел тіл қатпай, аңырып шаңыраққа қарайды).*

*«Көкіл» күйі күңіренеді).*

**Мүсірепов** (*көмекшілерге*). Бүкіл ауылдан бірінші көрген тірі адам, өліктен айырмасы шамалы. Тамақ беріп көріңдер. Көрер жарық сәулесі болса, тірі қалар. (*Әлдекімге кіжініп*). Арсыздар! (*«Көкіл» күйі күңіренеді*).

### Төртінші сурет

*«Ақсақ құлан» азынайды. Келесі – ақбоз үй екен. Бір жақсылық бар болса, тек осы үйде ғана сияқты көрінеді. Сол үмітпен Нұрхан барып, ішінен ши қаптаған киіз есікті түріп ашып кеп жібергенде, іштен кілең қара дию, ібілістер биін көріп, шошып шегінеді.*

**Нұрхан.** Сұбихан алла, Сұбихан алла!

**Мүсірепов** (*мойнын созып*). Ендігі сұмдық – не сұмдық?

**Нұрхан** (*шаңыраққа қарап*). Аһ, жауыздар! Бәсе, түндіктен түскен екен ғой. Құзғын қарғалар. Құзғын тазқаралар.

**Мүсірепов.** (*іргеден туырлықты көтеріп көріп*). Данте суреттеген тамұқта мұндай албастылар алапаты жоқ сияқты. Мынау үйде тозақ оты лапылдайды. Қара албастылар ойнақ салады. Қырқадан қырсық шалған сорлы ел! Тазқара тасыраңдаған сұм заман! (*Аһ ұрып*). Арамыздан азап арылмаған, төбемізді қырсық жайлап, кеудемізге қорлық қыстаған неткен ел едік?! (*Көмекшілерге ақырып*). Тез! Өртеп жібер мынау тозақ толы үйді! Индет таратады.

**Нұрхан** (*домбырасын шертіп, жыр-реквиемге басады*).

Жалғыздап қадақ ел қалған  
Есіктері ашылып,  
Сирағы сидам сырықтай,  
Білегі күйген шыбықтай,  
Саусағы солған сүліктей,  
Табаны қара сүріктей,  
Тырнағы темір күректей,  
Кірлері ағып сүмектеп.  
Жылай алмай ыржаңдап,  
Жүре алмай жүр бұлғаңдап,  
Мас болғандай маужырап.  
Сүйектері саудырап,  
Сөйлей алмай күрмеліп,

Ыңырсып жүр күңіреніп,  
 Көрінгенге сүрініп,  
 Сүйретіліп жүр келіп.  
 Жерден тауып, жеп тоймай,  
 Өлмеші жан күн көріп,  
 Қыбырлаған неткен жан,  
 Дүниеден безіп кеткен жан,  
 Таусылмайтын күнде өліп.

*Терме-жыр алыстан естілгендей болады да, шам сөне береді.*

### Бесінші сурет

*Жарық кабинетке түседі. Бюро мүшелері қалжыраған түрі бар. Елеусіз басы төсіне домалап, қор ете қалады. Құрамысов бүйірінен тұртіп кеп жібереді. Голощекин тесірейіп қарайды.*

**Голощекин.** Естідіңдер ғой мына жазушының не айтқанын?

**Дауыстар.** Естідік, естідік.

**Елеусіз (апалақтап).** Естідік.

**Голощекин.** Естісеңдер, осының осы айтып тұрғанына сенесіңдер ме?

**Елеусіз (жан-жағына қарап).** Сенеміз.

**Голощекин (ашуланьп).** Қалайша сенесіз?

**Елеусіз (апалақтап).** Е, қайдан білейін, жаңа біреу өлең айтты ғой.

Демек жағдайлары жаман емес те. Аш адам өлең айтушы ма еді?

**Голощекин (күйініп кеткендей).** Міне, біздің ел басқарып отырған көсемнің түрін қара!

**Иванов (мырс етіп).** Басқартып қойған кім?

**Голощекин (шап ете қалып).** Мен! Мен! Мен! Сол ғой айтпағың? Пролетариат диктатурасы. Ал Елеусіз жолдас жұмысшыдан өсті.

**Иванов.** Өсуіне қарсылық жоқ. Өзіңіз емес пе, «көсемнің түрін қара» деп місе тұтпай тұрған.

**Исаев.** Жолдастар! Негізгі өңгімеден ауытқып кеттік. Меніңше, Мүсірепов жолдас сөзін өлі аяқтаған жоқ. Тыңдайық.

**Голощекин (ықылассыз).** Ал, тыңдайық...

### Алтыншы сурет



*Сейтек. «Заман-ай!» Сахна – буалдыр. Будақ-будақ түтін, түйдек-түйдек бұлт арасынан Мүсірепов пен Нұрхан сұлбалары қылт-қылт көрінеді.*

**Нұрхан.** Ешкімге қиянаты жоқ, залымдығы, қулық-сұмдығы жоқ ел едік, Ғабит-ау, не жаздық?

**Мүсірепов.** И-ө-ө. Зауал дейтін зауал емес.

**Нұрхан.** Бұрынғылар айтар еді: әр адамның «Ғұмыр кітабы» болады. Адам не істесе, не айтса – соның бәрі «Ғұмыр кітапқа» табанда жазылады. Кінәсі яки күнәсі болса – зауал соқпай қоймайды. Қиянат қылса – алдынан шығады, жақсылық қылса – о да алдынан шығады дер еді.

**Мүсірепов.** Халық айтса – қалт айтпайды.

**Нұрхан.** Ендеше мына сорақы заман зауалы кімге? Кім тартпақ? Голощекин бе? Өлде одан да зор біреулер бар ма?

**Мүсірепов.** Голощекин қолшоқпар ма деп қорқамын.

**Нұрхан.** Онда тып-типыл болдық десеңші...

**Мүсірепов.** Өлем алдында тұтас бір халықты қырып қойып, Кеңес өкіметі қол қусырып отырмас. *(Аулақтан шиебөрілер шуылдайды).*

**Нұрхан** *(басын күйзеле шайқап).* Әй, тірі қалар ма екенбіз... Осы сойқанды Сталин білсе – Голощекиннің көзін жояр еді-ау.

**Мүсірепов** *(түнере басын шайқап).* Голощекин Сталиннің қолындағы көсеу ме деп қорқамын.

**Нұрхан** *(абыржып).* Қой, ойбай, менен басқа ешкім естімесін.

**Мүсірепов.** Қостанайда мен Зиновьевпен жолыққанымды айтып па едім?

**Нұрхан.** Ал?

**Мүсірепов** *(айдалада біреу естіп қоятындай, абайлап жан-жағына қарап).* Мына біз алып жүрген азын-аулақ көмекті аштарға деп бөлдірген сол Зиновьев.

**Нұрхан.** Ойбай-ау, көдімгі Мәскеудегі Зиновьев пе?

**Мүсірепов** *(бейхабарлығына таңданғандай).* И-ө-ө. Қазір ол Қостанай облаткомы.

**Нұрхан** *(түсінбей).* Немене, сонша төмендеген бе?

**Мүсірепов** *(сазарып).* Солай болғаны да.

**Нұрхан** *(шыдамсыздана).* Ал?

**Мүсірепов.** Мен одан: «Бұл қырғынды Сталин жолдас біле ме?» – деп сұрадым.

**Нұрхан.** Ал?

**Мүсірепов** (*дардай кісінің шыдамсыздығын ұнатпағандай*). Біледі дейді.

**Нұрхан**. Ал?

**Мүсірепов**. Сенер-сенбесімді білмеймін.

**Нұрхан**. Апыр-ай, Сталиннің жаны ашымаса, Құдайдың да жаны ашымағаны ғой.

**Мүсірепов**. Солай болғаны да. (*Ойланып*). Ал Голощекиндікі көпе-көрнеу зорлық. Зорлықтың түбі – қорлық. Қорлықтың түбі – қу тақыр. Соны да көрдік біз пақыр.

**Нұрхан**. Голощекин біздің жерді өртей беретіндей не жаздық? Осы өрттің отына бас-сирақ үйіте ме, қайтеді? Сондай бір зымиян ойы жоқ па?

**Мүсірепов**. Елдің – егесі, бөрінің – тәңірісі бар. Мәскеудегі азаматтарымыз: Рысқұлов, Нұрмақов... қарап қалмас.

**Нұрхан**. Ал... Алматыдағы азаматтар не бітіріп отыр? Тек бас шұлғи бере ме?

**Мүсірепов** (*күрсініп, алысқа қарап*). Ұлық өзінен ақылдыны ұнатпайды. Орнымды алып қояды деп қорқады. Біздің бетке ұстар, білімді, арлы азаматтарымызды Голощекин сырттатып жіберді. Алматыда қалғандарына күн көрсетпейді. Ал соның сөзін сөйлеп, сойылын соғатын Құрамысов сияқтылар қомпиып отыр.

**Нұрхан**. Қомпиып емес, қортыып отыр десеңші.

**Мүсірепов**. Дұрыс. Қолынан қайыр бермейтін қортиғандар би болды. Халқым деген адамға «ұлтшыл» деген қарғыс таңбасы басылады.

**Нұрхан**. «Ұлтшыл» атанбас үшін халықты жек көріп, қыра беру керек пе сонда?

**Мүсірепов**. Құрамысовтар сондай. Құрамысовтар құрымайынша берекеміз кірмейді.

**Нұрхан**. «Түзелер еді бұл заман, пейілі жаман пендені, кетсе астына жер тартып...»

**Мүсірепов** (*ашынып*). Өзірше бейкүнә бейбақтарды тартып жатыр... (*Буалдырға қол созып*). Өне... өне! Біреу келе жатыр.

## Жетінші сурет

*«Көкіл» күйі. Мұнар-мұнар көк тұман. Түтін арасынан басын қара орамалмен шандып, жыртық шапанды белінен буып алған, аяғына керзі етік киген, кексе жүзді жүдеу әйел көрінеді. Бұл Амангелді батырдың жары Балым еді. Арқасында – дорба.*

**Нұрхан** (*жақындап барып*). Апыр-ай, тірі жан баласын көретін күн де

бар екен-ау. Кімсің жарқыным?

**Балым** (*миығына мысқыл үйіріп*). Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ. (*Тіктеп қарап*). Танымай қалдың ба, ақын қайным? Мен – Ба-а-ал-ым...

**Нұрхан** (*шыр-пыр болып*). Ойбай, Құдай!.. (*Балымды құшақтап көрісіп*). Ардагер Амангелді ағамнан қалған алтын жеңгем! (*Анықтап қарап*). Мына нәубет сенің де нұрыңды алыпты-ау, қайран жеңешем!

**Мүсірепов** (*ширыға жалт қарап*). Не дейді? Сіз Балымсыз ба?! Батырдың жары... Армысыз, Балым...

**Балым**. Бар бол, шырағым. (*Нұрханға қарап*). Бұл қай бала?

**Нұрхан** (*көтеріңкі*). Бұл – жазушы Ғабит Мүсірепов. Батыр туралы кітап жазбақ ниеті бар еді...

**Балым** (*үһлеп*). Е. шырағым, ораза-намаз тоқтықта деген. Батыр туралы өңгіме шертіп, кітап жазар кез бе бұл...

**Мүсірепов**. Дұрыс айтасыз, Балым. Өуелі өрттен шығып алайық. (*Айнала өртті көрсетіп*). Батыр туралы нелер кітап жазылар...

**Балым** (*қатқыл*). Өртті салған қай жеңдеттің қолы?

**Мүсірепов** (*ызғарлы мысқылмен*). Қазақстанда әлі Кеңес өкіметі орнамапты-мыс. Қазақстанда «Кіші Октябрь» төңкерісін жүргіземін дегендердің қолы, Балым.

**Балым** (*бойын тіктеп*). Қазақстанда Кеңес өкіметі орнамаса, Амангелді сынды батырлар не бітірген? Не үшін жан пида болған?

**Мүсірепов**. Октябрьдің дауылы Қазақстанды жанай өтіпті-мыс. Сондықтан жаңа дауыл тұрғызамын деген. Сол бір сойқан өрекетке рұқсат та берілген.

**Балым** (*кекесінмен*). Сондағы «Кіші Октябрь» төңкерісінің сықпыты осы ма?

**Мүсірепов** (*баяу*). Осы болғаны да.

**Балым** (*екпіндеп*). Адыра қалғыр! Адыра қалсын мұндай «кіші» төңкеріс! (*Мүсіреповке көзінен от шаша қарап*). Өй, жазушы, бір тірі жан қалса, сен қаларсың. Сен аштан өлмесің...

**Мүсірепов** (*сөзін бөліп*). Аштан өлмесем де, азаптан, жан азабынан өлермін.

**Балым**. Өйтпесең, жазушы боласың ба? Халық қасіреті жүрегінді жараламаса – несіне жазушымын дейсің... Айта бар ана жарты құдайыңа да, оның жандайшаптарына да: күні кеше (*айналаны нұсқап*) нар жайылған, жау қайырған қайран жерді өртке алдырған албастылардың ақыры – аза! Түбі – қаза! Жазаға – жаза!

**Мүсірепов** (*мырс етіп*). Құдайлардың құлағы тосаңдау. Айқай салып

айтпасаң естімейді. Айқайлап-ақ айтармын, Балым.

**Балым.** Айт озбырларға: елдің қырылғаны қырылып, қалғаны мына іргедегі Челябині, Башқұрт, Орал, Қорған, Түмен ауып кетті. Ол жақта мұндай сойқан жоқ.

**Мүсірепов.** Біз аштарға азын-аулақ азық-түлік үлестіре шыққан жәрдемшілерміз. *(Қолын шошайтып)*. Өне, ана арбалар... Біз соны беретін тірі пенде таппадық. Кімдер бар? Кімге береміз азықты?

**Балым** *(ызғарлана)*. Кеш қалғансың, жарылқаушы. Мен де өзің сияқты жәрдемші. Бригада құрып, Башқұрттан, Баймақ деген елден астық алып келдік. Соны үлестіретін жанды біз де таппай қалдық. *(Арқасындағы дорбаны көрсетіп)*. Мынаны үйде қалған кемпіріме алып бара жатырмын. Әй, бірақ бұйырар ма екен...

**Мүсірепов.** Сонда?..

**Балым** *(сөзін тез бөліп)*. Сонда енбегің – еш, тұзың – сор, байғұс бала. Өкелген астығыңды анау Алматыдағы шала құдайыңа апарып, өңешіне тық. Қақалып өлсін!

**Мүсірепов.** Жоқ, Балым жеңгей... жеңеше, олай деменізіші! Халық тып-типыл қырылмаған шығар...

**Балым** *(қаңтарылып)*. Кеудесінде жаны бары Қопаға қарай кетті-ау деймін.

**Мүсірепов.** Соларға жетейік. Жол-жөнекей шұбап бара жатқандарды қуып жетейік.

**Балым** *(торыққандай)*. Әй, білмеймін, енді ел болып оңбаспыз да...

**Мүсірепов** *(өтінгендей)*. Олай деме, жеңеше. Омыртқаң опырылса да, рухың сынбасын.

**Балым** *(сұқтана қарап)*. Ақылды сөз шықты-ау аузыңнан, қайным. Әй, бірақ халқыңның омыртқасы опырылып қана қоймай, рухы да сынып кетті-ау деймін.

**Мүсірепов** *(рухтана)*. Қайрат – қыран, қайғы – жылан. Қайғыра бермей қайрат қылайық. *(Аспанға қарайды)*. Иә, қайрат қылайық.

**Балым.** Аспаннан не іздейсің, қайным? Аспанға қанша тесіліп қарасаң да, періштелер көрінбейді. Құдай да, өкімет те бізді ұмытқан.

**Мүсірепов.** Біздің елді қырқадан қырсық шалғаны рас. Бірақ қиялдан қысыр, арманнан ада болмайық. Үміт үзілмесін. Жол көрсетіңіз. Босқындарды қуып жетейік.

**Балым** *(екі ойлы)*. Бетінен тозақ оты лапылдаған мына даладан кімді іздеп табар екенбіз?

**Мүсірепов** *(күйінгендей)*. Тұяғы күйген тауықтай осылай тұра берсек,

өріне, ешкімді де таппаймыз.

**Балым** (*тәуекел етіп*). Халқы үшін шырылдаған қарлығаш жанды ұл екенсің. Төңірі бетіңнен жарылқасын, қайным. Айт ана арбакештеріңе, көліктің басын Қопаға қарай бұрсын!

**Нұрхан** (*бата алмай*). Апыр-ай, жеңеше-ай, арғы ауылды да көргенсіз-ау сонда, К-К-Күлөнда аман ба екен?

**Балым** (*Нұрханға аянышпен қарап*). Қайран ақын қайным. Адамдар аң болса, бірінің етін бірі жеп, қу құлқыннан басқаның бөріні төрк еткенде, се-е-ен сұлуды ойлайсың. Сүйгеніңді ұмытпайсың.

**Нұрхан** (*сескеніп*). Айтшы, жеңеше. Не болды? Көрдің бе?

**Балым** (*Нұрханды маңдайынан сипап*). Дүниенің оты сөнді ме деп едім. Жылт еткен бір шоқ бар екен ғой... (*Басын изеп қамығып*). Махаббат шіркін шоқ қой. Сол шоқ сөнбесе, өмір өлмейді.

**Нұрхан** (*жалынғандай*). Айтшы, жеңеше...

**Балым**. Мен «Қызыл отауды» соңғы рет көргенде, Күлөнда сұлу тірі еді, әй, бірақ бұрынғы Күлөнда емес-ау. (*Кідіріп*). Көрсең – көңілің қалып жүрмесін, жазған-ау. Аштық ит алдыменен ажарыңды алады екен ғой...

**Нұрхан** (*өзеурей*). Мейлі, жеңеше, өйтеуір, тірі болса...

**Балым**. Онда тез жет, сорлы ғашық! Бәлкім, әлі тірі шығар. Ғашықтар тез өле қоймайды. (*Залға қарап*). Шын ғашықтар тірмізік келеді.

**Мүсірепов** (*залға*). Дүние тек махаббаттан жаралса, аштық та аулаққа безіп кетер еді. (*Нұрханға*). Тез, Нұраға, тез жетіңіз... Енді жолымыз осы жерде айырылады. Сіз Күлөндаға барыңыз. Біз (*Балымға қарап*) Қопаға, бәлкім, Батпаққараға қарай кеттік.

**Нұрхан** (*қимай*). Тірлікте көрісуге жазсын Төңірі!

## Сегізінші сурет

*Күлөнданың үйі. Кәрі әке-шешесінің белсенділер қол-аяғын байлап тастаған. Үйін тінтіп, ет, құрт, май дегеннен тұқ қалдырмай, арбаға артып жатыр. Бір жақтан Күлөнда жүгіріп жетеді.*

**Күлөнда**. Бұл не сұмдық? Бұларыңыз қалай?

**Талтаңбай** (*танауы делдиіп*). Оу, жігіттер, ең үлкен олжаның өзі келді ғой!

**Әжібай** (*таңырқап*). Пай-пай, міне, нағыз сұлу осы!

**Бурабай** (*өңмеңдеп*). Әй, сендер барыңдар! Үйді тінте беріңдер. Бұл қызбен өзім сөйлесем.

**Күлөнда**. Қарақшылар! Босатыңдар әкем мен шешемді! Арсыздар!

**Талтаңбай.** Босатылмайт! Олар – бай-кулак!

**Әжібай** (*қылжақтап*), Бетіңнен бір сүйгізсең, мен босатамын. (*Ернін дүрдитіп, ұмтыла береді*).

**Күләнда** (*бетінен шапалақпен тартып жіберіп*). Құдай-ау, Кеңес өкіметі орнында ма, жоқ па? Мына қарақшылар қайдан шыққан?

**Бурабай.** Өкіметке тіл тигізгенің үшін сотталып, атыласың, сорлы. Онан да маған көн... (*Жанындағыларға*). Әйда, сендер шыға тұрыңдар!

**Талтаңбай** (*екпіндеп*). Тапқан екенсің ақымақты! Мен де сұлу танымын.

**Әжібай** (*оны итермелеп*). Жоқ, қыз менікі!

**Бурабай.** Мен соттың өкілімін. Жаңа ол өкіметке тіл тигізді. Өзім соттаймын. Екеуің шыға тұр, әйда.

**Күләнда** (*оның қолынан жұлқынып шықпақ болып*). Соттасаң – сотта! Бірақ ана жазықсыз жандарды босат!

**Бурабай.** Айтқанымға көнсең – босатамын. (*Өзеуреп, қапсыра құшақтай береді*). Көне ғой...

**Күләнда** (*далаға қарап айқайлап*). Кім барсың, жұртым! Тапа-тал түсте қарақшылар тонады!

**Талтаңбай.** Ешкім келмейді. Дәметпей-ақ қой.

**Әжібай.** Әй, өзі долы екен, бетімнен салып қалды-ей.

**Бурабай.** Демек сені ұнатпайды. Аузың апандай, мұрның үңгірдей, сені қайтеді?

**Әжібай** (*тыржиып*). Әй, сенің оңып тұрғаның қайсы, сасық неме...

**Талтаңбай.** Әй, өйтіп өзді-өзіміз таласпайық.

**Бурабай.** Әй, әкеңнің... (*Қызды қолынан тартқылай бастайды*).

**Әжібай.** Әй, былай тұр-ей! (*Екінші қолынан тартқылайды*).

**Талтаңбай.** Мен тұрғанда, сен екеуіңе не жоқ?! (*Қызды бұрымынан тартады*).

*Үшеуі үш жағынан көкпарша тартып жатқанда төбеден біреулер сақ-сақ күледі.*

**Бурабай** (*бұрылып қарап*). Әй, кімсіңдер-ай? (*Төбедегілер сақ-сақ күледі*).

**Талтаңбай** (*бұрылып қарап*). Ей, мыналар кім-ей?

**Әжібай** (*шоршып түсіп*). Ойбай, құдай ұрды!

**Бурабай.** Не болды-ей?

**Әжібай** (*тұтығып*). Го-го-го-ло-щекин!

**Бурабай.** Не дейді?

*Сол кезде Голощекин мен Құрамысов төбеде секеңдеп билеп жүреді.*

**Талтаңбай.** Ой-бой! Жын-пері ғой!

*Голощекин мен Құрамысов сақ-сақ күліп, селтең-селтең билеп жүреді.*

**Голощекин** (сақ-сақ күліп). Вот дикари! Айттым ғой бұлар жабайылар деп.

**Құрамысов.** Иә! Рас айтасыз, Филипп Исаевич, үшеуі бір қызға таласып жатыр...

**Талтаңбай.** Ой-бай, рас-ей! Го-го-го-лощекин!

*Үшеуі де қызды тастай беріп, жан-жаққа тым-тырақай қаша жөнеледі.*

### Тоғызыншы сурет

*«Күйтолғақ». Түндігі қара жалаудан желп-желп еткен киіз үй. Маңдайшадағы «Қызыл отау» деген жазуы қисайып кеткен. Іште шашылып қалған кітап, әр жерде: домбыра, гармонь. Үстел түбінде бұралып жатқан адам – Күләнда. Көйлегі дал-дал, шашы жайылып, қобыраған.*

**Нұрхан** (даусы дірілдеп). Күләндамысың, жаным?

**Күләнда** (басын әрең бұрып). Келдіңіз бе, Нұраға. Кешіктің ғой. Ө-ө-те кешіктіңіз.

**Нұрхан.** Не болды? Көтерші басыңды...

**Күләнда** (кемсеңдеп, сөзді бөліп-бөліп, әрең сөйлеп). Менің бұл түрімді көрмей-ақ, келмей-ақ қойсаңыз еді...

**Нұрхан.** Кешір, Күләндам, кешір... Не болды?

**Күләнда** (домбыраға әрең қол созып). Не болғанын біл-меу-ші ме едің... Біл-ме-сең ай-тай-ын... (Кенет гажаптан қайрат біткендей жырлап жібереді).

Сұрасаң сырды сен менен,  
Қорлығым бар ма көрмеген?  
Тап қылды басқа бұл күнді,  
Сағындым сауық күлкімді.  
Аштықтан төзіп тұра алмай,  
Артыма мойным бұра алмай,  
Тастадым безіп жұртымды.  
Үйлі жан аштан қырылып,  
Көме алмай кеттім бұрылып,  
Ағайын, туған жұртымды.

Осындай нақақ күн болды,  
Естір елге мін болды,  
Ардақты адам өулеті,  
Аштықтың келіп нәубеті,  
Айуаннан бетер күйде өлді.  
Межелі жерге бара алмай,  
Шайнауға бір дәм таба алмай,  
Жұтаған малдай жолда өлді.  
Кіш-кіштеп малын айдаған,  
Бұйырған нанын шайнаған,  
Сары қымыз сапырып,  
Төскейге бие байлаған,  
Ахаулап өскен арда өлді.  
Еңбегінен тілеген  
Ерлігінен үдеген.  
Ен дәулетке молығып,  
Еркелеп құстай түлеген  
Қайратты туған ер де өлді.  
Сақылықпен қамы жоқ,  
Сақтықпен жиған наны жоқ.  
Сайран сап жүрген сері өлді.  
Тапқанына бір тойған,  
Таппаса тілеп Құдайдан,  
Таңды күткен тамсанып,  
Кедей-кепшік демде өлді.  
Көптігіне мақтанған,  
Атадан алтау атанған,  
Дәулетіне мастанған  
Қайратты туған дәу едің.  
Туғанына қуанған,  
Қайғысы кетіп уанған,  
Өлпештеп сүйіп жұбанған,  
Ат шаптырып той қылған  
Ардақты жалғыз ұл да өлді.  
Өзілдесіп күліскен,  
Қол ұстасып жүріскен,  
Ғашықтықпен қосылып,  
Тіл тартысып сүйіскен,



Таңдап алған жар да өлді.  
 Елге бүлік салғандар,  
 Елді тонап алғандар,  
 Ала тасыр асырда  
 Қызылтұмсық болғандар,  
 Өкілдерге ергендер,  
 Екпіндей шауып келгендер,  
 Өзі тойып, өзгесін  
 Қалаға артып бергендер.  
 Өр нәрсеге сеп болды.  
 Еркімді алып өңкей қар,  
 Ай шұғылаңды көруге  
 Арманда едім көңлім зар.  
 Енді өлсем арман жоқ,  
 Армандар жерім қалған жоқ,  
 Маған өмір не қадыр...

*Құланда талықсып кетеді.*

*Шам сөнеді.*

### Оныншы сурет

*Құзғын ұшқан дала. Әріде қопалы, қамысты көл көрінеді. Әр жерде қарайып, құлап жатқан адамдар. Мүсірепов, Балым, көмекшілер құлағандарды үңіліп қарап көріп жүр. Тірі қалғаны табылмай тұр. Жандарынан талықсып жылаған баланың үні шығады.*

**Мүсірепов** (*елең етіп*). Бала! (*Дауыс шыққан жаққа қолын созып*). Балым! Жігіттер! Анда нәресте жатыр. (*Тура ұмтылады*).

**Балым** (*Мүсіреповтің соңынан жүгіріп*). Тірі-ау деймін.

**Мүсірепов**. Ойбай, жеңеше, тірі! Анасының омырауын тырмалап жатыр, (*Арбакештерге*). Жігіттер, тез жетіңдер!

**Балым** (*еңкейіп*). Мына байғұс тірі ме екен? (*Жатқан әйелдің қолының тамырын ұстайды. Арбакештерге*). Су! Су! Тез!

*Аузына су тамызған соң, әйелдің кірпігі қимылдайды. Ерні ғана қыбырлай: «Баланы... Баланы...» – деп, қайта талып бара жатты.*

**Мүсірепов** (*баланы көтеріп тұрып*). Міне, балаң, міне, балаң! Көзіңді аш!

**Балым** (*әйелдің төсіне құлағын тосып*). Әй, үзілді-ау, сорлы... (*Әйел*

ыңырсығандай болғанда, құлағын тосып). Не дейсің? Не?

Аманат? Жеп қояды? Кім жеп қояды? (Әйел ерні қыбырлап, қолын көтермек болып, көтере алмай, басы сылқ ете қалады). Үзілді бейшара. (Балым бетін сипайды).

Мүсірепов (баланы көтерген күйі). Иманды бол, сорлы ана! (Көмекшілерге). Жігіттер, жүзін жасырыңдар. (Балымға). Енді мына жетімді өлтіріп алмайық. Не амал бар?

Балым (қолын созып). Маған бер. Сүт жоқ. Суға талқан шылап берейін, қайтер екен. Жаңа шешесі: «Жеп қояды», – деді-ау. Сірә, бала жейтін біреулер бар болды ғой.

Мүсірепов. Бейкүнә періштедей нәрестенің не жазығы бар? Нәрестені жегені – ар-ұятты жегені. Нәрестенің бір аты – ар-ұят, оның ар-ұяты таза. Оның бір аты – өділет. Нәрестені жегені – өділетті жегені.

Балым (баланың ерніне шылаған талқан жалаттырып). Е-е, бәсе, талмап жатыр. Осыны жесең, өлмейсің, байғұс. (Мүсіреповке бұрылып). Ар-ұят, өділет-пөділет деген бірдеңе айттың-ау, қайным. Бала жегіштер – аштар ғана емес. Анау... (Әлдеқайда иегін көтереді). Солар. Бала ғана емес, бүкіл елді тұқым-тұқиянымен жұтып жатқан. Бала жегенді ұстасаң – соттарсың. Ал бүкіл халықты жеп жатқанға не істейсің?! Оларды ұстап соттағанның өзінде – өлген қайтып тірілмейді. Зауалы қалай қайтады сонда?!

Мүсірепов (жауабын таппай қиналып). Сұрапыл сұрақ, жеңеше. Оларға тарих мәңгілік лағнат таңбасын басар.

Балым (екіленіп). Менен кейінгі тарихты мен бір уыс талқанға да алмаймын. Оларға таңба басылғаннан халыққа не пайда? Қырылғандар қайтадан қатарға қосылмайды ғой.

Мүсірепов (алысқа, арыға көз тігіп). Айтқаныңның бәрі рас. Сен мені соттап тұрсың. Біз ұйықтап қалдық. Біз ұйықтап қалған соң, ел қырылды. Енді мынау (баланы нұсқайды) тірі қалса, бұл ұйықтамас. Есесін жібермес. Бар үміт осында. Осыны өлтіріп алма, жеңеше.

Балым (жұмсарып). Өйтіп өзінді өзің жазалама, Ғабит. Сен елің алдында азаматтығыңды ақтадың. Бірақ сараң тағдыр біздің халқымыздың маңдайына сендей азаматтарды аз бергені өкінішті. Халық үшін, халқының тіршілігі үшін жағаласып, жан беріспеген өкіметсымақтар әдірем қалсын!

Мүсірепов (сұрланып). Халқын қырып алып, орасан табыттың үстіне дастарқан жайып, арақ ішіп, тарқылдап отырғандар бар екені рас. Бірақ бәрі емес.

Балым (кергіп). Білемін. Жанпида деп жұлқынып шыққандар бар, өри-

не. Мына бізді қараңғы қазақ деп ойлама. Біз де сеземіз: Смағұл Сәдуақасовты. Тұрар Рысқұловты, анау әлгі Меңдешевті, Нұрмақовты біз де білеміз. Бірақ бәрі неге солар сияқты алыспайды, құдай-ау!

**Мүсірепов.** Дес бермей кетті ғой. Голощекин тым күшті. Оның жанындағылар жан пидаға бара алмайды.

**Балым (таңырқап).** Ей, мына мұңлық қайтеді-ей! (*Өз омырауына үңіліп*). Құдай-а тоба! Қолымен менің көрі емшегімді тырмалап, тұмсығын тығып жатыр.

**Мүсірепов (о да таңырқап).** Шын жыласа, соқыр көзден де жас шығады, жеңеше. Мүмкін, иіп те кетерсің. Өлі басың жерге жетіп, қартайып тұрған жоқсың ғой.

**Балым (омырауын ыңғайлап, қырын қарап, балаға емшегін тосады).** Уа, Тәңірі! Көк Тәңірі! Тас емшекті иіткен Көк Тәңірі! Сүт шықты, Ғабит, сүт!

**Мүсірепов (қуанып).** Тегін адам батыр Амангелдінің жары бола ма? Сен, жеңеше, әулие шығарсың!

**Балым (көзінен жас ағып).** Құнығып, құнжыңдауын қарашы, жәдігер. Мынау жақсылықтың нышаны болар, сірә.

**Мүсірепов.** Өне, қап-қара бұлт та ыдырап күн көрінді. Сен ұлы Анасың, Балым! Сен жанын сақтап қалған осы ұлдан өлі бір тайпа ұрпақ дүниеге келіп, өлгендердің орнын толтырмақ. Орнында бар оңалар, жеңеше!

### Он бірінші сурет

*Сол баяғы кабинет. Таң бозарып келеді. Үстел басында – бюро мүшелері, үстел қасында түрегеп тізіліп тұрған бесеу – Мүсірепов, Ғатаулин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев.*

**Голощекин (орнынан атыла түрегеп).** Сайрадың, сандуғаш. Сайрама-саң – жазушы боласың ба! Бірақ бәрі жала. Қазақстанда болып жатқан ұлы революциялық өзгерістерге, «Кіші Октябрьге» жабылған жала. Революция құрбандықсыз болмайды. Ұлы француз революциясын алып қара. Сен оны білесің бе?

**Мүсірепов (қасқая).** Білемін.

**Голощекин.** Білсең – Франциядағы ұлы революцияға қарсы Вандей көтерілісі болған. Революция Вандейді қанға бөктірген. Біздегі Вандей – Қазақстан! Ұжымдастыруға қарсылық – Кеңес өкіметіне қарсылық. Ол қарсылықты жою – құрбандықсыз болмайды.

**Мүсірепов.** Қателесесіз, қарт маркстіл! Вандей – монархияны көксе-

ген. Қазақ, яғни Созақ, Шұбартау, Шыңғыстау, Адай, Торғай наразылық білдірсе, Кеңес өкіметіне қарсы емес, Голощекинге, голощекиншілдерге қарсы наразылық білдіріп жатыр.

**Голощекин.** Жала! Менің саясатымды Сталиннің өзі қолдап отыр. Маған қарсы келу – Сталинге қарсы келу. Сондықтан Сталинге жала жапқан мына бесеуің де атыласыңдар!

### Он екінші сурет

*Мәскеу тұбіндегі Сталиннің дачасы. Веранда. Тоқыма креслода – Сталин. Қарсысында – Голощекин. Ортада – дөңгелек үстел. Сталин ақ френч киген, Голощекин – сұр френчте.*

**Сталин** (*бокалга қол созып*). Щая, сен алмай отырсың ғой. Немене, Сталиннің дастарқанын қомсынып отырсың ба?

**Голощекин** (*қорқып кетіп*). Жо-жоқ, Иосиф Виссарионович... **Сталин** (*рақаттанып*). Ал, сонымен келген шаруанды айт.

**Голощекин** (*әлі өзіне-өзі келе алмай*). Келген шаруам – Қазақстандағы қазіргі...

**Сталин** (*бөліп жіберіп*). Иә, Қазақстандағы қазіргі жағдай. (*Тоқыма орындықта әткеншек ойнағандай ары-бері теңселіп*). Айтшы, Голощекин, қазақтар қандай халық?

**Голощекин** (*кенет тіріліп, сыпсыңдап*). Ойбай, сұрамаңыз. (*Қолын ербеңдетіп*). Жабайы! Жа-бай-ы-ы! Тамақты қолмен жейді! Қасық, шанышқы дегенді білмейді! Сұмдық!

**Сталин** (*қолын сермеп*). Жа-рай-ды. Ал одақ көлеміне шығатындай ақын-жазушылары бар ма?

**Голощекин** (*ынтығып*). Жазушысымақтар бар. Шетінен ұлтшыл. Шетінен – Алашорда! Өлгі Байтұрсынов, Дулатов, Жұма...баев... (*Маңдайын сипалап*). Ай... Аймауытов, Өуезов... Шетінен қамауға алдық.

**Сталин** (*тік қарап*). Осы сен жақсы көретін қазақ бар ма өзі?

**Голощекин** (*сасып қалып*). Бар... бар... Жантоқов, Құрамысов... Ерназаров...

**Сталин.** Жантоқов? Қай Жантоқов! Рысқұловтың үстінен арыз жаза беретіні ме?

**Голощекин.** А? Е, иә... Рысқұлов өзі кінәлі...

**Сталин.** Неге?

**Голощекин** (*үмсына түсіп, сыбырлап*). Ол осында топ құрып жүр. Ол

Түркістанда Совнарком басқарып тұрғанда, өлгі мен айтқан Алашорданың бөріні Ташкентке жинап алды. Бөрінің кітаптарын шығартты. Тіпті, Алашорда лидерлерінің бірі Жаханша Досмұхамедовпен бажа болды.

**Сталин.** Қалайша?

**Голощекин** (*құшырлана*). Солай, екеуінің де әйелі апалы-сіңлілі орыс қыздары... Бірақ қызығы соңында.

**Сталин.** Ол қандай қызық?

**Голощекин** (*жаныға түсіп*). Рысқұлов ол әйелді де тастай салып, осы былтыр ғана жап-жас қазақ қызына үйленіп алды ғой. Өне!

**Сталин** (*таңдана қоймай*). Біле-е-мін. (*Қадалып*). Айтшы, Щая Голощекин, осы Рысқұловқа неге сонша қаның қарайған?

**Голощекин** (*абыржып*). Өзі соқтығыса беретін. Голощекин Қазақстанды құртып жатыр деп, байбаламдайды да жүреді. Көре алмайды, менің орныма өзі отырғысы келеді.

**Сталин** (*аса ұнатпай*). Жә, жетер. Рысқұлов жаман, Ходжаев жаман, Нұрмақов жаман, Садуақасов жаман, қазақтар түгел надан. Сонда кім қалды? Осы Яков Свердлов марқұм сені неге мизантроп деген?

**Голощекин** (*шошып*). Оны қашан айтыпты?

**Сталин.** Айтқа-а-н. Жұрттың бөріні жек көресің. (*Кенет жұмсарып*). Жә, қапаланба. иә, қаталдық та керек. Бізге солқылдақтық жараспайды. Сонымен, ұжымдастыруды тездетесің ғой?

**Голощекин** (*орнынан ұшып кете жаздап*). Тездеткенде қандай! Бірақ...

**Сталин.** Не бірақ?

**Голощекин** (*абайлап*). Сіз «Табыстан бас айналу» атты ғаламат еңбегіңізде...

**Сталин** (*шорт үзіп*). Оның саған да, Қазақстанға да қатысы жоқ. Қарқынды үдете түс! Қазақстанда мал көп. Ал Мәскеу, Магнитогорск, Кузбасс, тағы басқа көп өндірісті қалаларды етпен, астықпен қамтамасыз ету керек. Соны жеделдет. Ұқтың ба, Ща-а-я? Байқа!

**Голощекин** (*орнынан атып тұрып*). Құп болады! Рақмет! Рақмет! Ио-о-сиф Виссарионо-ич! Бірақ...

**Сталин** (*қасы көтеріліп*). Не бірақ?

**Голощекин** (*сәл кідіріп*). Өлгі Рысқұловтың шабуылынан қорғасаңыз болғаны. Сессия сайын, пленум сайын мені сынағаннан басқа жұмысы жоқ.

**Сталин** (*мырс етіп*). Қорықпа, Щая.

**Голощекин.** Ойбай, ол дүлей. Сырын білмейсіз.

**Сталин.** Білеміз. Ондай-ондай асаулардың талайын ауыздықтағанбыз.

**Голощекин** (*елпектеп*). Рақмет, жолдас Сталин! А-а...

**Сталин.** Не айтайын деп едің? Айта бер.

**Голощекин.** Соның өзін... Рысқұловты айтамын... Совнаркомға отырғызып, желкемізден қақандатып қоймай, былай... нетуге болмай ма?..

**Сталин** (*ойланып*). Өр нәрсе өз уақытымен.

**Голощекин** (*асығып*). Ақылды айтылған!

**Сталин.** Ендеше, іске сәт, Щая! Тездет! Жылдамдат!

**Голощекин** (*ант ішкендей*). Аянарым жоқ, жолдас Сталин!

### Он үшінші сурет

*Бюро. Түрегеп тұрған бесеу: Мүсірепов, Ғатаулин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев.*

**Голощекин.** Атыласыңдар! Бесеуің де атыласыңдар!

**Құрамысов.** Атылады! Сотқа беру керек!

**Жантоқов.** Бәрі де пантюркистер. Атылсын!

**Исаев.** Сабыр етіңдер.

**Иванов.** Инквизиция болмасын. Социализм инквизиция емес. Орта ғасырларға қайта оралмайық.

**Голощекин.** Сандырақ! Социализмнің қас жауларына аяушылық болмайды.

**Құрамысов.** Партиядан шығарып, сотқа беру керек.

**Жантоқов.** Атылсын!

**Голощекин** (*Мүсіреповке*). Не амал, сені ажалға қимай-ақ қоюға болар еді. Бірақ сен түзелмейсің. Саяси бүкір адамсың. Ал бүкірді тек мола түзейді.

**Мүсірепов** (*тіп-тік, шалқақтап*). Ал сіз саяси авантюрист адамсыз. «Кіші Октябрь», «Асыра сілтеу» – бәрі авантюра!

**Елеусіз** (*аяғандай*). Қарағым, Ғабит-ай, тым тіресе бермесейші...

**Мүсірепов** (*Елеусізге қарап*). Атам қазақ айтқан: «Шалқайғанға – шалқай, пайғамбардың ұлы емес; еңкейгенге – еңкей, өкеңнен қалған құл емес».

**Голощекин** (*бюро мүшелеріне қарап*). Айттым ғой, саяси бүкір адамды тек мола ғана түзейді деп. Атылсын!

**Мүсірепов.** Атыңдар! Голощекин! Құрамысов! Жантоқов! Біз халық қырылып жатқандықтан, атыламыз. Ал сендер халық қайта тіріліп кеткендіктен, атыласыңдар! Халық қайта тірілгенде, сендер екі дүниеден де орын таппай қаласыңдар. Сендер сияқтылар бұрын да болған. Сендер сияқтыларға Данте айтқан: «Қарабетті аспан қарғап, тамұқ та оны

қабылдамас», – деген. Қасқыр қарызынан терісін беріп құтылады. Ал сендер қисапсыз қылмыстарыңнан мәңгі бақи құтыла алмайсыңдар. Ал, атыңдар!

*Сахна жабылады.*

## Эпилог

*Ана дүние... Ғарыштық сарындағы музыка. Кілең ақ киген аруақтар. Бейнесі бүтін бір зат жоқ. Бәрі құбылып тұрады. Оқтың-оқтың тұман қаптап, қайта ашылып, ойдым-ойдым мұнар арасынан аруақтар легі елес береді. Арғы бетте, ойпаңда тамұқ оты лапылдап жатады. Ол жақтан шыңғырған, ыңырсыған, ышқынған дауыстар естіледі. Бергі бетте, өрде шынар сияқты ағаштың түбіне екі елес шыға береді. Біреуі – Рысқұлов, біреуі – Мүсірепов.*

**Рысқұлов** (*арғы бетті нұсқап*). Ғабит, сен жас аруақсың ғой. Бұл жақтың ұңғыл-шұңғылын біле бермейсің. (*Даусы көтеріліп*). Өне – тамұқ!

**Мүсірепов** (*арғы бетке аңтарыла қарап*). О, Құдірет! Мұнда – рисалат нұры, анда – тамұқ. От ішінде ойнақ салған өлденелер... Олар кімдер, Тұрар аға?

**Рысқұлов** (*көтеріңкі*). Жарық дүниеде жазықсыздарға жапа шеккізген озбырлар. Қиянатшыл бөлекор-жалақорлар. Өділет тағынан тайғандар. Пейілі жаман пенделер. Танаураған тайтақайлар...

**Мүсірепов**. Зауал! Зауал! Біз білетіндерден кімдер бар?

**Рысқұлов** (*серігін қолынан тартып*). Берірек жүр. Жақындасаң, өзің де танырсың. (*Жар жағалап, лапылдаған отқа таяп келеді*). Өне, анау барқырап тұрғанды сен танымассың, Ғабит. Ол баяғы Нерон.

**Мүсірепов**. О, Құдірет! Өлі өн салып тұр екен ғой. От ішінде... шырылдайт. О баста-ақ император басымен театрға барып өн салады екен...

**Рысқұлов** (*әріректегі сұлбаларды меңзеп*). Анау шешесі, оның жанындағы туған інісі... Нерон ол екеуін де өзі өлтірткен...

**Мүсірепов**. Туған анасын, туған бауырын аямаған. Олардың өліктерін баспалдақ етіп, мансапқа биіктеген. Содан не тапты?

**Рысқұлов**. Мансап та ауру. Мансапқорлар да нашақорлар сияқты. Мансаптың мастығы – нашақор мастығынан да қауіптірек. (*Кенет серігін жеңінен тартып қалып*). Ал ана аруақты сен бірден тануға тиіссің!

**Мүсірепов** (*селк ете қалып, сәл-пәл тағзым еткендей болып*). Ста-а-али

-ин! (*Тұтығыңқырап*). Бі-ір же-е-ңі қ-қ-қы-зыл, бір жеңі-і қа-а-ра. Қызыл жолақ үстімен Сталин ары-бері баяу басып, бірсыдырғы жүреді де қояды.

**Рысқұлов** (*ықыластана күліп*). Айттым ғой, жазбай танысың деп! Немене, қорқып қалдың ба?

**Мүсірепов** (*таңдайын қағып*). Жарықтық, трубка тартқанын өлі қоймапты ғой.

**Рысқұлов**. Тамұқта от лапылдап, бұрқылдап жатса да, түтінге тоймайды.

**Мүсірепов** (*мақтаныш сезіммен*). Сталин жолдас император Неронға қарағанда, құдайдай ғой.

**Рысқұлов** (*мырс етіп*). Нерон Сталиннің қолына су құюға жарамайды.

*Шексіз ғалам музыкасы гуілдейді. Сол сәтте арғы беттен арпылдаған, әуілдеген, барақ жүн орнына жыбырлаған жылан шыққан, шарадай екі көзі от шашқан, танаулары үңірейген, ауызы арандай, өзі есектей ит әлдекімді қуалап шыға келеді.*

**Мүсірепов** (*үрейлене шегіншектен*). Астапыралла! Мынау не сұмдық, Тұрар аға?

**Рысқұлов**. Қорықпа! Бізге жете алмайды. (*Басын шайқап*). О, сорлы Филипп Исаевич... Анау Цербер осының-ақ соңынан қалмай қуалайды да жүреді.

**Мүсірепов** (*жағасын ұстап, ішегін тартып*). Өзіміздің Голощекин жолдас па?!

**Рысқұлов**. Дәл өзі! Тозақ төбеті Цербер осы байғұсқа бір сәт тыным таптырмайды. Жарық дүниенің өзінде-ақ бишараның даусы тамұқтан шыққандай шарылдап тұрушы еді, енді мүлде қақсауық болып алды.

*Жар басында ақ жамылған түмен аруақ: «Цербер! Цербер! Айдақ! Айдақ! Бас! Бас!» – деп, шуылдап тұрады. Ғарыш музыкасы шексіз ғаламның құрсағынан шығып жатқандай ыңыранады.*

**Мүсірепов** (*Рысқұловқа*). Сонда Голощекин жолдастың шыбыны мәңгі бақи шырылдаумен бола ма?

**Рысқұлов**. Мәңгі бақи. Ара-арасында сәл-пәл төнәпіс бар. Қазір өзің де көресің...

*Цербер арсылдап қуалап келеді. Голощекин шырылдап қашып барады. Кенет алдарынан Сталин шыға келгенде, Цербер қалт тұра қалып, тек ырылдай береді. Голощекин барып, Сталиннің аяғына тығылады. Сталин Церберге трубкасын кезеп-кезеп қояды.*

**Мүсірепов**. Ойпыр-ой, жарықтық Сталин-ай! Тозақтың төбеті де бата алмай қалды-ау. Енді Голощекин жолдас құтылды ғой бәледен?..

**Рысқұлов**. Жоқ, Ғабит, қателесесің. Филип Исаевич баяғы өзің білетін



жағымсыз дауыспен зар қағып, ана кісінің мазасын май ішкендей қылады. Содан соң оны Сталин «Кет» деп, қуып жібереді. Аңдып тұрған Цербер тағы да қуалайды.

**Мүсірепов** (*сыбырлап, Сталинді меңзеп*). Ана кісі тамұқтың тақсіретін тартқан адам сияқты емес қой. Немене, тамұқтан да тайсалмай ма?

**Рысқұлов** (*жайдары күліп*). Ой, Ғабит-ай, соншама сұңғыла болсаң да, қазаққа тән аңқаулығың қалмайды. Оу, Иосиф Виссарионович жарық дүниенің өзінде тамұқ орнатып, соның тағында отырған кісі емес пе!

**Мүсірепов** (*мекірене күліп*). Е, бәсе, тамұқ ол кісіге таңсық емес екен-ау.

**Рысқұлов**. Ол тозақтың өзінен ләззат алады.

**Мүсірепов** (*Рысқұловтың иығына тығылыңқырап*). Қарайды біздің жаққа...

**Рысқұлов**. Тамұққа түскелі бері жар жағалап, осы біздің жақтан бір көз алмай, ары-бері теңселіп жүреді де қояды.

**Мүсірепов** (*әнтек таңқалып*). Онысы несі екен?

**Рысқұлов**. Ретін тапса, біздің жақты да тамұққа айналдырып жібермек.

**Мүсірепов**. Тағы да сойқан соқпаса игі еді...

**Рысқұлов** (*жайбарақат*). Соқпайды. Көрдің бе мына шыңырауды? Екі жағалаудың арасын біріктіріп тұрған тек мына қылкөпір. Сталин одан өте алмайды. (*Шырылдаған дауысқа елең етіп*). Цербер Голощекинді әлі қуалап жүр.

**Мүсірепов**. Жарық дүниеде тозақтың отын тұтатқан Голощекин ғана емес сияқты еді-ау. Жандайшаптары бар еді...

**Рысқұлов** (*мырс етіп*). Е, әлгі, Құрамысов сияқтылар ма? Олардың адымы тым қысқа ғой. Цербер оларды тістеп алып, әлдеқашан отқа лақтырып жіберген. Өне, анау алаудың ішін анықтап қарашы: бір-біріне от шашып жүр...

**Рысқұлов**. Мынау кім болды екен?!

**Мүсірепов**. Бұл Нұрхан деген ақын. Сталин мен Голощекиннің ашаршылығында сүйген қызы Күлөндадан айырылған. Сол Күлөндасын мұнда да зарыға іздеп, таппай жүр.

**Рысқұлов**. Сағыныш кернеп, сарнаған қос дүние!.. (*Кең әлемге көз тігіп*). Өзизаны мен де таппай жүрмін.

**Мүсірепов**. Данте Беатричесін іздейді, Вергилий Лаурасын сағынады... Айтпақшы, Тұрар аға, біз олармен жолыға алар ма екенбіз?

**Рысқұлов**. Кімдермен?

**Мүсірепов**. Данте, Вергилий...

**Рысқұлов**. Ғалам шексіз, біз сол шексіз әлемде тозаңдай ғанамыз. Әлем-

де миллиардтаған тозаңдар ұшып жүр. Соның бәрі адам рухтары. Кімді тауып, кімді танып болғандай...

**Мүсірепов.** Иә, сүйгендердің де бірін-бірі табуы қиын екен...

**Рысқұлов.** Енді біз асықпаймыз, Ғабит. Бұл дүниенің жарық дүниеден бір артықшылығы – асығып-аптықпайсың. Уақыт – шексіз. Сол шексіз уақыттың бәрі сенікі. Мұнда минут, сағат, күн санау жоқ. Мұнда мың жыл дегенің – қас қағымдай-ақ. Миллиондаған жылдар өтеді. Бәлкім, біз жер бетіне қайта оралармыз...

**Мүсірепов.** Голощекин де ме?

**Рысқұлов.** Иә, Ғабит, Голощекин де... Бірақ кім болып оралары белгісіз: адам бейнесінде ме, әлде құрт-құмырсқа болып па немесе зәрлі тікенек түрінде ме – өйтеуір, оралады. Жер бетіне о да шығады.

**Мүсірепов.** Гүл өскен жерге тікенек те өседі, періште жүрген жерге Ібіліс құмар. Кім біледі, дүние деген құдіреттің заңы шығар.

**Рысқұлов** (*әлемді шолып*). Сағыныш кернеген дүниелер... Миллион жылдарда сүйгеніңмен, өйтеуір, бір кездесесің... Жүр, Ғабит, Мұхтар күтіп қалған шығар...

*Екеуі ақбоз буалдыр арасына баяу батып бара жатады, Ғарыш құрсағынан күңірене толқыған музыка Мұхиттың «Қара қаншық» әуеніне ұласады. (Оркестр)*



## СӨЗДІК

**Авантюрист** – күмәнға толы іс-әрекеттерге баратын адам.

**Арда** – еркін деген мағынада.

**Геноцид** – қандай да бір ұлтты немесе діни топ өкілдерін түгелдей қасақана қырып-жою.

**Зауал** – жаза, сазай.

**Инквизиция** – латынның «тергеу» деген сөзінен шыққан, Рим папасының XIII ғасырда күпірлермен күрес үшін арнаулы соты. Ол католик шіркеуінің өзіне қарсы пікір білдірген адамдарды, әсіресе, озық ойлы адамдарды оқымыстыларды жазалау мекемесі.

**Мизантроп** – адамдардың ортасынан қашып, бөлектеніп жүретін адам.

**Монархия** – дара билік – мемлекеттік билік бір ғана басшы – монархтың қолында болатын және ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлікпен берілетін басқару түрі.

**Оппортунист** – өз дегеніне кез келген амалмен, алдаумен жететін адам.

**Пантюркист** – түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым. Кеңестік кезеңде мұндай ойға ерік берілмеу керек деген ұстаным болған.

**Провокация** – арандату.

**Реквием** – мұңды поэзиялық жанр түрі.

**Рисалат нұры** – рисалат – пайғамбарлық; Мұхаммед пайғамбар нұры түскен деген мағынада айтылған.

**Сақылық** – жомарттық.

**Тәнәпіс** – үзіліс.

**Трояның күйреуі** – ежелгі грек тарихына қатысты пікірталас тудырған қалаға қатысты айтылады.

**Тірмізік** – шыдамды, төзімді, жаны сірі.

**Цербер** – антикалық мифология бойынша, жерасты әлемі – Аид әлемінің қақпасын күзететін үшбасты ит. Ол өлілердің тірілер әлеміне шығып кетпеуі үшін күзетіп тұрады.

**Адам аты:**

**Әбу Суфиан** (560–650) 622–630 жылдары Меккенің билеушісі болған. Алғашқыда Мұхаммед пайғамбарға қарсы шыққан, бірақ кейін ислам дінін орныға бастаған соң, Мекке жұрты мұсылмандыққа бас иген.

**Ру аты:**

**Күрейіш** – Құрайыш тайпа атауы, IV ғасырдың соңынан бастап Меккеге қоныс тепкен.



1. Жазушы, драматург Шерхан Мұртаза туралы осы кезге дейін не білетін едіңдер?
2. Кеңес жылдарындағы ашаршылық туралы тарих пәнінен алған мағлұматтарыңды еске түсіріңдер?
3. И.В. Сталин, Голощекин туралы қандай ақпараттарың бар?
4. Тұрар Рысқұлов, Ғабит Мүсірепов туралы білетіндеріңді айтыңдар.
5. Рысқұлов жайлы басқа қандай көркем туындылар бар?
6. Хат жазылуына себеп болған оқиғалар

Менің ойым	Дәлелдеме (шығармадан)

1. Драма деген не? Пьеса деген не? Спектакль деген не?
2. Драмалық шығарманың көркемдік құндылығы деген не?
3. Драмадағы кейіпкерлерді жүйелеп, жинақтап, мінездеме беріңдер.
4. Кейіпкерлердің сөздерінен үзінді келтіре отырып, сол арқылы олардың іс-әрекеті мен мінездерінің қалай ашылып тұрғанына сипаттама беріңдер.

Кейіпкер	Кейіпкердің сөзі	Байқалатын сипаты
Елеусіз	Не дейді? Бізде де Троцкий бар дей ме?	Шұғыл шақырылған бюронның мақсатын түсіне алмай отыр, яғни халықтың жоғары жақта не болып жатқанын білмеуі, сауатсыздығы
Иванов	Егер бұл хат жала болса, Москваға жөнелтілгеніне несіне қорқамыз?	Халық атынан жаны ашып айтқаны
Рысқұлов		
Мүсірепов		
Сталин		
Голощекин		
Құрамысов		

5. Жазушы кейіпкерлер бейнесін қалай ашқан? Иванов пен Құрамысовты, т.б. кейіпкерлерді салыстырыңдар.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	Мақсаты	Мінез ерекшелігі
3.			
4.			
5.			
6.			

1. Хрестоматиядан жазушының «Тастай берік, гүлдей нәзік» атты өңгімесін оқыңдар.



1. Драма деген не? Пьеса деген не? Спектакль деген не?
2. Драмалық шығарманың көркемдік құндылығы деген не?
3. Драмадағы кейіпкерлерді жүйелеп, жинақтап, мінездеме беріңдер.
4. Кейіпкерлердің сөздерінен үзінді келтіре отырып, сол арқылы олардың іс-әрекеті мен мінездерінің қалай ашылып тұрғанына сипаттама беріңдер.

Кейіпкер	Кейіпкердің сөзі	Байқалатын сипаты
Елеусіз	Не дейді? Бізде де Троцкий бар дей ме?  (Аяғандай). Қарағым, Ғабит-ай, тым тіресе бермесейші.	Шұғыл шақырылған бюроның мақсатын түсіне алмай отыр, яғни халықтың жоғары жақта не болып жатқанын білмеуі, сауатсыздығы Халық атынан жаны ашып айтқаны
Иванов	Егер бұл хат жала болса, Москваға жөнелтілгеніне несіне қорқамыз?	
Рысқұлов		
Мүсірепов		
Сталин		
Голощекин		
Құрамысов		

5. Жазушы кейіпкерлер бейнесін қалай ашқан? Иванов пен Құрамысовты, т.б. кейіпкерлерді салыстырыңдар.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеті	Мақсаты	Мінез ерекшелігі



1. Хрестоматиядан жазушының «Тастай берік, гүлдей нәзік» атты өңгімесін оқыңдар.

1. Драма деген не?
2. Драмалық шығарманың негізгі жанрлары қандай?
3. Драмадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздерінің ролі қандай?
4. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздерінің драманың тағдырына қандай әсерін тигізеді?

**Кейіпкер**

Елеусіз

Иванов

Рысқұлов

Мүсірепов

Сталин

Голощекин

Құрамысов

5. Жазушының шығармаларындағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздерінің драманың тағдырына қандай әсерін тигізеді?

**Кейіпкер**

1. Хрестос
- месіні

6. Сендер де осы тарихи оқиғаға байланысты Сталинге хат жазып көріңдер.
7. Хат жазған бес адам: Ғабит Мүсірепов, Мансұр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев, Қадыр Қуанышев туралы қандай мәлімет білесіңдер? Іздену жұмысын жүргізіңдер.



1. Шығарманың эпилогінде «Жүр, Ғабит, Мұхтар күтіп қалған шығар...» деген Т.Рысқұловтың сөзімен аяқталу мәні неде?
2. Драмада автор бейнесін, оның ұстанымын байқауға бола ма?
3. «Бесеудің хаты» – халықтың жанайқайы» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
4. Драмада Мүсірепов өзі өмір сүрген заман жайлы: «Жорғалар – жортақ, батырлар – қорқақ болған сұм заман», – дейді. Ал сендер сол бір нәубет жайлы не айтар едіңдер? Мүсіреповтің осы пікірімен келісесіңдер ме?
5. Топтық жұмысты орындаңдар.

1-топ «Ақ қалпақ»

Қазақ даласында қолдан жасалған ашаршылық, оның салдары туралы нақты мәліметтер, цифрлар келтіріңдер.

2-топ «Қызыл қалпақ»

«Зауал» деректі фильмінен кейін және ақ қалпақтылардың айтқанынан туған ойларыңды, сезімдеріңді жеткізіңдер.

3-топ «Қара қалпақ»

«Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын». Голощекин саясатының қазақ даласына әкелген қасіретін дәлелдеп, көрсетіңдер.

4-топ «Сары қалпақ»

Шығармадағы басты оқиғаларға тоқталып, кейіпкерлердің ісіне көзқарастарыңды білдіріңдер.

5-топ «Жасыл қалпақ»

31 мамыр – ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні туралы айтыңдар.

6-топ «Көк қалпақ»

Болашақта не істеу керек?



## Оқу сауаттылығы

1) Исаев: «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде». Кім білген... Ондай ала Мәскеудің өзінен де шығып жатқан жоқ па?

**Сұрақ:** «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген мақал нені білдіреді?

a) Малдардың терісі мен жүні әртүрлі, соны айтқаны, ал адам аласы деген болмайды.

b) Ала түсті мал болады, ал адам тек ауру жағдайда алапес деген ауру болуы мүмкін.

c) Адамның аласы деп қуларды айтуы мүмкін, ал малдың аласы деп ауырғанда айтатын болу сияқты.

d) Адамды бет-жүзіне қарап, оның қандай адам екенін бірден тану мүмкін емес, ал малдың ауру екені сыртынан-ақ көрінеді дегенді айтқаны.

2) Мүсірепов (*о да таңырқап*): «Шын жыласа, соқыр көзден де жас шығады», жеңеше. Мүмкін иіп те кетерсің. Өлі басың жерге жетіп, қартайып тұрған жоқсың ғой.

**Сұрақ:** Бұл мақал қандай жағдайда айтылады?

a) Тура мағынада айтылған.

b) Жанашырлықпен айтылады.

c) Шын ниет қойса, барлық ой, арманды жүзеге асыруға болады дегенді айту үшін қолданылатын мақал.

d) Керемет көңіл күйді білдіру үшін айтылады.

3) Голощекин (*қыбы қанғандай*). Ө, қиянат. Қиянаттың көкесі, міне! Хатты сілкілейді. Құрамысов! (*Құрамысов селк ете қалады*). Саған ерекше тапсырма бұл басбұзар ұлтшылдар мұндай хатты Мәскеуге де жолдауы мүмкін. Поштаға, телеграфқа мұқият бол, бұл сипаттағы бірде-бір қағаз Мәскеуге жіберілмесін. Тікелей бақылауға ал!

**Сұрақ:** Қыбы қану деп нені айтады? Голощекин «басбұзар» деп кімдерді айтқан?

a) Қыбы қану – қиналу. Басбұзар деп Мәскеуге хат жазған бес азаматты айтқаны.

b) Қыбы қану – рақаттану, айызы қану. Басбұзар деп бұзақыларды айтқаны.

c) Қыбы қану – шөлі қану. Басбұзар деп Мәскеуге хат жазған бес азаматты айтқан.

d) Қыбы қану – дегеніне жеткенін сезіп, рақаттану, айызы қану. Басбұзар деп Мәскеуге хат жазған бес азаматты айтқан.



## *Ғаламтор*

Ғаламтордан пьесада ойналатын музыкалық шығармаларды тауып, тыңдаңдар. Драманың әр көрінісіне олардың қатыстылығы туралы пікірлесу ұйымдастырыңдар.

## *Оқушы күнделігі*

*Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасын оқығаннан кейін қандай ойда болдыңдар, сол туралы жазыңдар.*

## *Артық болмас білгенің*

**Тұрар Рысқұлов** (1894, қазіргі Жамбыл облысы – 1938, Мәскеу қаласы) – қазақ халқының басына қатерлі зобалаңдар төнгенде, ел-жұртының қамын ойлап, үлкен парасаттылық таныта білген, сөзін жоғары биліктегілерге жеткізе білген көрнекті тұлға. Қазақстанда «кіші Қазан төңкерісін» жасауға ашық түрде қарсы болған, ашаршылық жылдарында халықтың қамын ойлаған азамат. Оның есімі қазақ үшін әрдайым ардақты. Сондықтан елімізде Тұрар Рысқұловтың есімін қастерлеп, мәңгі есте қалдыру шаралары жасалған.



**Бесеудің хаты** – қазақ зиялыларының БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге 1932 жылы 4 шілдеде жолдаған хаты. Алғашында И.В. Сталинге арналып жазылған. Тарихи хаттың авторлары: жазушы Ғабит Мүсірепов (1902–1985), Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі Мансұр Ғатаулин (1903–1938), Алматыдағы коммунистік жоғары оқу орнының оқу ісі жөніндегі проректоры Емберген Алтынбеков (1904–1954) пен оның орынбасары Мұташ Дәулетқалиев (1904–1982), Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор бастығы Қадыр Қуанышев (1906 – қайтыс болған жылы белгісіз). Хаттың жазылуына Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев ой салған.

«...Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке», – деп жаздыңыз Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда («Қазақстанның 10

жылдығы» атты жинақ). ...Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, тек жекеменшікті орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге, негізінен алғанда, колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады...

...Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс?.. Нағыз көзбояушылар, көпірме жоспарлар жасаушылар, оның үстіне өздеріне жүктелген нақты іс басқара алмаған, көзбояушылықпен «бәрі де жақсы» деп тұжырымдап, өнеркәсіп саласындағы жетістіктерге арқа сүйеген, сөйтіп, осынау елеулі мәселелерге жұртшылық назарын әлсіреткен жер органдары мен ауыл шаруашылығы кооперативтері одағының мүшелері неге бүкіл жұртшылық алдында сабақ боларлықтай сазайын тартпайды» (Хат мәтіні Вақ.kz сайтынан алынды), – деп жазылған.

Бесеудің хаты қазақ зиялыларының кеңестік тоталитарлық тәртіпке наразылықтың бір көрінісі болып танылады.



## Сұтамқы

Сталинге арнап «Бесеудің хатын» жазған қайраткер жазушы кім екенін анықтаңдар.





## ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ (1944 жылы туған)

Жәркен Бөдешұлы 1944 жылы 15 мамырда Қытай Халық Республикасында Тарбағатай аймағы Толы ауданына қарасты Жайыр жайлауында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Жармұхаммед. Анасы пайғамбардың есімін жиі айта бермеу үшін баласын еркелетіп «Жәркен» атап кеткен. Ақынның кітаптары осы атпен белгілі болды.

Кеңес дәуірі кезінде, ХХ ғасырдың 60-жылдары Қазақстанға өткен. Тарихи Отанына оралған соң, ол Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінде оқыған. 1973 жылы «Көкшетау правдасы» газетінде меншікті тілші, 1976 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кітап палатасында, кейін еліміз тәуелсіздік алғанда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында жауапты қызметтер атқарған.

Оның «Көкше құрақ» (1979), «Қос қанат» (1982), «Зейін» (1984), «Аспан даусы» (1985), «Нұрлы бояулар» (1988), «Емендер түнде бүрлейді», т.б. көптеген кітаптары жарық көрген.

Ақын шығармашылығында туған жер, еліміздің тәуелсіздігін жырлау – басты тақырып. Оның «Қубас ат» атты өлеңінде: «Аман болса Қаракерей Қабанбай мінген қубас ат, құйрық-жалынан алар едім ту жасап», – деп, батыр бабаларымыздың рухын асқақтатады, солайша көркем ойымен болашақ ұрпақтың да жігерлі болуына қызмет етеді.

Еліміз тәуелсіздік алғанда:

Келе жатыр бауырлар,

Ата жұртын сағынған...

Бір шаңырақ астында түгенделді деген – сол<sup>1</sup>, –

деп, шын қуанған.

Ал «Жақия» атты поэмасында жаңашылдық бар. Жақия – Исатай Тайманұлының баласы. Қазақ тарихы мен әдебиетінде халық батырлары Исатай мен Махамбет туралы көп жазылса да, ақын Жәркен Бөдешұлы бұрынғы айтылғанды қайталамай, қазақ халқы жер бетінде барда ғасырлар мен

<sup>1</sup> Емендер түнде бүрлейді. – Алматы, 2002, 47-б.

замандар бойы өмір сүре беретін ұлы ерлік иесі екенін шебер жеткізген. Мұны ол поэманың екінші бөлімінде 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіндегі жастардың ерлігін айтуымен өдемі жалғастырған. Тек өдемі ой ғана емес, ұрпақтар арасындағы жалғастықты, Махамбет батырдың өр рухы, қазақ рухы өлмейтінін жеткізген.

Жәркен Бөдешұлы халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және түркі тілдер елдері поэзиясының II фестивалінің лауреаты, т.б. марапаттары бар. Сондай-ақ «Аңырақай бекетіндегі ой», «Қарауыл төбе», «Генерал Жаһар Дудаев», «От пен су», «Тас бесік», «Бостандықтың басы», «Шер», «Жалғыз» атты поэмалары бар.

Оның «Бауыржан» атты пьесасы Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық театр фестивалінде жүлделі орын алған. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романының желісі бойынша жазған «Шер ата» атты пьесасы да бар.

### **«ЖАЛҒЫЗ» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ**

Бұл шығарма тақырып жағынан да, мазмұн жағынан да ерекше. Өйткені дүниедегі жалғыздарды санамалап, оқырманын ойға қалдыра отырып, ақынның да жалғыз екенін айтқан. Неге? Ұлттық сана бойынша, жалғыз – Құдай, жалғыздық Құдайға ғана жарасқан, өйткені онымен тең келетін немесе оған ешкім және ешнәрсе серік бола алмайды. Мұны ақын жақсы түсінеді. Ол ешкімді Құдаймен тең қоймасы анық, сондықтан ақын поэмасындағы жалғыздық ол әр ақынның өзінің дара екенін айтумен байланысты. Ақындық – ерекше қабілет. Халық ақындық қабілетті Құдай береді деп бағалайды. Ақын Құдайдың аманаты ретінде ол қабілетін барынша қадірлеп, бүкіл өмірінде аялап өтеді. Сондықтан қоғамда қандай қиындықтар болса да, ешқандай қиындыққа мойымауға шақырады. Бұл тек ақындарға ғана арналмаған, ақын осы шығармасы арқылы адам баласын шыдамды болуға, қандай қиындық болса да, мойымауға үндейді.

Оның шығармаларында шынайы сезім, көңіл күй иірімдері мол.

**ЖАЛҒЫЗ<sup>1</sup>***(поэма)*

*Қарқаралы басында жалғыз арша,  
Хатқа жүйрік сол қалқа, мұсылманша.  
(Халық өлеңі)*

Ғұлама таулардың тұрғыны – арқар, құлжаны көнігі мергендер күзде, тек қана күзде аулайды. Жауынға бөртіп, шыққа шыланып піскен қара жусанды қарпытып, тасты жарып шыққан мөлдір бұлақпен шөлін басқан еркін, қамсыз хайуандар, қуатты, қонды шіркіндер мергеннің қақ жүректен көздеп атқан тосын оғы дөп тигенде, былайғы аңдардай бірден құлап түсіп, жантөсілім етпейтін көрінеді. Қойдың құмалағындай қорғасын оқтың уы ұлы денесіне тегіс жайылып болғанша сағаттап, тәуліктеп жылжымай, қарысып тұра береді екен. Мұны ежелгі аңшылар қауымы «оққа сүйенген жалғыз арқардай» деген тәмсіл арқылы еске салады. Ақынша айтсақ:

Жалғыз арқар.

Жалғыз оқ.

Жалғыз құздың басында –

Селт етпейді боранға,

Селк етпейді жасынға.

Мұңлы қоңыр жанары бір жанады, бір өшіп,

Ажалына сүйеніп, қатып қалған сіресіп.

Қос өкпесі деміксе – жусан исі бұрқырап,

Таңғажайып тағдырға тау тағысы тұр шыдап.

Жапанда жалғыз бөйтерек, айнала дауыл боратқан.

Жапырағын желге ол тонатқан.

Өз діңіне сүйеніп,

Шайқалса да, жарықтық, құламайды құрдымға –

Тамыры шынжыр болаттан.

Батыр Баян бабамыз ақ найзаға сүйеніп,

Ел қорғаған қасқайып,

Көкірегін кекті жас шайып.

Киелі қара шаңырақ, сүйеніп қызыл уыққа, уыққа емес, рухқа.

Ана тіл ақ боз биедей оқыранып, жер тарпып,

<sup>1</sup> Жәркен Бөдешұлы. Жұлдызтас. – Алматы, Атамұра, 2010, 63–69-беттер.

Талқандап тұсау, кісенді ілінбеген құрыққа.  
 Ақ бесікке сүйеніп,  
 Өлди-өлди өндетіп анамыз бөбек тербеткен.  
 Өкем қырдың басында ақ таяққа сүйеніп,  
 Ақтылы қой төлдеткен.

## I

Жоңғар құмын омбылап, Сары-Арқаға жеткенше –  
 Қияметтей жол жүрдім.  
 Өкпемді қарып ыстыққа, жүректі аяз, тоңға ұрдым.  
 Адамша ерлік жасадым, бұралқы иттей болдырдым.  
 Өмір сүрдім дегенім – тырағай тірлік, тірі егес.  
 Тек өлген соң боламын құбылмалы құр елес.  
 Алабөтен тағдырым  
 Такла-Макан шөліндей жазы ыстық, қысы аяз.  
 Қабірімнің басына сексеуіл өсер, гүл емес...  
 Жалғыздыққа сүйенген, Мен де жалғыз арқармын.  
 Жалғыз өлең дарыса, жүректегі тарқар мұң.  
 Жырдың уы бойыма жайылғанда өлермін,  
 Өзі айтады үкімін келер ұрпақ, келер күн.

## II

Бұл жалғанда кім жалғыз?!  
 Ақ борықтай Ай жалғыз, Айдан нұрлы Күн жалғыз.  
 Жарқырап тұрған Шолпан да жалғыздығын сезінер,  
 Таң алдында көз ілер...  
 Жыр боп мәңгі жасарға, Абай жалғыз қашанда.  
 Абай жалғыз болғасын, екеу емес Мағжан да.  
 Аспанды бұлт торлайды, жауынсыз жер сорлайды.  
 Абылай хан жалғыз болғансын, Бұқар екеу болмайды.  
 Махамбет жалғыз құбылыс, Исатай оқыс бұрылыс.  
 Ақжайық көздің жасындай, Қарой топырақ бір уыс...  
 Қиял – қыран, ақыл – шың. Майдансыз қайтпас жау беті.  
 Сен де жалғыз батырсың. Ер Баукең Момыш өулеті.  
 Көңілде бар көп түйткіл, айтыла бермес көбінде.  
 Өмір жалғыз болғасын, екеу емес өлім де.

Өз көзіммен көргем жоқ, себебі өлі өлгем жоқ.  
 Тозақ та жалғыз деседі, жұмақ та жалғыз деседі.  
 Бір қынаптың ішіне екі қылыш түнемес.  
 Айтарым бірақ бұл емес.  
 ...Жалғыздықтың азабын Шөкәрімдей тартқан кім?  
 Жалғыз құдық түбінде жалғыз құрап жатқан кім?  
 Жалғыз таудың қуысын қысы-жазы паналап,  
 Жалғыз балға. Төрт таға. Жалғыз атын тағалап.  
 Тобылғы сап, жез бунақ, жалғыз қамшы сабалап...  
 Жалғыз қыстау. Жалғыз меңіреу тас үйде:  
 Жалғыз шырақ. Жалғыз төсек. Жалғыз жастық.  
 Жалғыз Құран. Жалғыз құман.  
 Жалғыз шаршы жайнамаз.  
 Бес намазын оқиды. Күңіреніп білікті ұл,  
 Тыңдайды оны сай-сала,  
 Орман, тоғай, тымық қыр.  
 Жалғыз жарлы ас үйде:  
 Жалғыз ошақ. Жалғыз қазан. Жалғыз шөміш.  
 Жалғыз көсеу. Жалғыз табақ. Жалғыз кесе.  
 Жалғыз қасық.  
 Жалғыз шөугім. Бәрі-бәрі жалғыздан.  
 Жалғыз жүрек. Жалғыз қалам. Жалғыз жан.  
 Тас қораның сыртында:  
 Төңкерілген итаяқ.  
 Жалғыз боран. Жалғыз бәрі ұлып тұр.  
 Емен есік күзеткен жалғыз шойын құлып-құл...  
 Босағада мөңірейді іші қуыс тұлып құр.  
 Ағаш науа ішінде қатып қалған тұнық су.  
 Қатып қалған сіресіп жалғыз қайың құрық тұл.  
 Беу, жалғыздық әлемі, беу, жалғыздық әлемі.  
 Ғұламаға ғұмырлы жарасқаның өдемі...  
 Жалғыздықтан қорқады обыр, жемқор,  
 Топшыл, құзғын, күшіген.  
 Жалғыздықты – даралық, даналық деп түсінем.  
 Тағдырлар бар сан алуан, ішінде құла, аласы.  
 Жалғыздықтан жаралған адамзаттың баласы.  
 Данасы мен дарасын мөрмөр тасқа қашайды ел.  
 О, жалғыздық, жасай гөр, о, жалғыздық, жасай бер!

Өз көзіммен көргем жоқ, себебі өзім  
Тозақ та жалғыз деседі, жұмақ та  
Бір қынаптың ішіне екі қылып  
Айтарым бірақ бұл басы  
...Жалғыздықтың азабын Шекірткім  
Жалғыз құдық түбінде жалғыз құр  
Жалғыз таудың қуысын қысы-жаза  
Жалғыз балға. Төрт тарап жалғыз  
Тобылғы сап, жез бунақ, жалғыз  
Жалғыз қыстау. Жалғыз мейрау  
Жалғыз шырақ. Жалғыз төсек.  
Жалғыз Құран. Жалғыз құман.  
Жалғыз шаршы жайнамаз.  
Бес намазын оқиды. Күңірейің біл  
Тыңдайды оны сай-сала,  
Орман, тоғай, тымық қыр.  
Жалғыз жарлы ас үйде.  
Жалғыз ошақ. Жалғыз қазан.  
Жалғыз көсеу. Жалғыз табақ.  
Жалғыз қасық.  
Жалғыз шөутім. Бөрі бөрі жөлеу  
Жалғыз жүрек. Жалғыз қалмақ  
Тас қораның сыртында:  
Төңкерілген итаяқ.  
Жалғыз боран. Жалғыз бөрі ұла  
Емен есік күзеткен жалғыз нөмі  
Босағада мөңірейді іші қуыш  
Ағаш науа ішінде жатып қалған  
Қатып қалған сіресіп жалғыз  
Бөу, жалғыздық өлемі, бөу, иле  
Рұламаға рұмырлы жарасқан  
Жалғыздықтан қорқады бөкпе  
Тошпыл, күңгірей, күңгірей.  
Жалғыздықтың аралық, дала  
Тағдырлар бөкпе, алуан, бел  
Жалғыздықтан жараланған аям  
Данасы мен дарадың мөрмәсі  
О, жалғыздық, жасай гөр,



## III

– Кім жалғыз бұл жалғанда?!

– Қара жер жалғыз қашанда.

Адамның жетпес ақылы қолдан оны жасарға.

Қайран, біздің Сары Арқа сағымнан алтын сапырған.

Қайран, біздің Жетісу топырағы құт шақырған.

Қайран, біздің Қарақұм дауылы тау көшірген.

Қайран, біздің Атырау мұнайын қыздай ұзатып,

Ел мерейін өсірген.

Солай да, солай десек те, жер-судың бәрі есепте...

Өлуге маған болмайды, Тағдырым шіркін, сондай-ды.

Жер қалмады бұл маңда сүйегімді көмерге.

Жердің бәрі сатылған. Сатылған жер қат-қабат

Тікенек сыммен қоршаулы.

Құстар да аспан самғаған, балық та суды шарлаған –

Сатылып кеткен бәрі де.

Қалмағасын сүйем жер, сүйегімді көмерге –

Аяқ пен қолым ұйқасып, жүрегім күмбір күй тасып –

Қылқобыздай мәңіреп жарғақ екі құлағым –

Санам құстай сілкініп – айналып кеттім өлеңге,

Айналып кеттім өнерге.

Жалғыздықтың азабын тартқан жалғыз мен бе екем:

Күйші Құрманғазыға кілтсіз «Кісен аштырып» –

Күңіренген Қорқытқа тірідей көр қаздырған –

«Торайғырды» тағалап, ерке «Аққуға» наз қылған –

Домбырам, сен де жалғызсың.

Қобызым, сен де жалғызсың.

Ұшқыр қиял, кемел ой, шіреніп тартқан жебедей,

Дарияға салған кемедей тілім де жалғыз, ділім де.

Қатыгез қатал ғасырдың тепкісіне шыдаймын.

Ашынған даусым жетсе екен құлағына Құдайдың...

Төбең көкті тіреген, ағашың құстай түлеген –

Алатау, сен де жалғызсың.

Көгілдір нілге шыланған, Күнікей қыздай сыланған –

Көкшетау, сен де жалғызсың.

Қазынасы қат-қабат, арулары ақ тамақ –

Қаратау, сен де жалғызсың.  
 Алтынын бұлттай көшірген, бұғысын ұлдай өсірген –  
 Алтай, сен де, жалғызсың.  
 Шегарасы темірден, байлығы мұнай, көмірден,  
 Ақыны бұлттай егілген, Жайыртау, сен де жалғызсың.  
 Патшаның алтын тағындай, адамзаттың бағындай,  
 Хан-Төңірі, сен де жалғызсың!  
 Таңғажайып ертектей, еңіреп туған еркектей –  
 Тарбағатай, сен де жалғызсың.  
 Кешір, мені, тауларым, жалғыз-жалғыз болғасын,  
 Қосылмайды бастарың. Араласпайды тастарың...  
 Жұтынып тұрған жұт жетеу,  
 Құлшынып келген құт жалғыз.  
 Ғалам шексіз өмөнда, кіндік кескен жұрт жалғыз.  
 Жалғыздықтың азабын тартқан жалғыз мен емес,  
 Жалғыздығын өзінің сезбеген ел, ел емес.  
 Азия, сен де жалғызсың.  
 Еуропа, сен де жалғызсың.  
 Бостандық, шындық, ақиқат –  
 Сендер де мендей жалғызсың.  
 Отан жалғыз. От жалғыз.  
 Қайда қаңғып кетсек те, саған келіп тоқтармыз.  
 Барымызды жарылқап, жоғымызды жоқтармыз.  
 Ділсіздерді тілгілеп, опасызды соттармыз.

#### IV

Бауыры жерге тимеген, шалғысы күнге күймеген –  
 Ақ сұңқарды жаралы сауысқан, қарға, құзғындар –  
 Шоқып, түртіп талады.  
 Қауырсыны желге ұшып, қос топшысы қанады.  
 Арашалар ешкім жоқ Сұңқар маған қарады.  
 Мен Сұңқарға қарадым, түнжырап түндей қабағым.  
 Қаламымның ұшымен құзғынның көзін ағыздым.  
 Белбеуімді суырып, сауысқан мен қарғаны –  
 Сансыратып сабадым.  
 Ақ Сұңқар құс былай деп – сабырлықпен үн қатты:  
 «Жүрегімдей көрдің бе, қан-жоса боп күн батты.

Арашадан қалған жан, жан емес ол, жалған жан.  
 Шапағат, мейірім күтпеймін мынау жалтақ жалғаннан»  
 Сұңқар басын тасқа ұрды, өз үкімін паш қылды.  
 Жалғыздықтан қорықпаймын, топқа, жікке бөлінген,  
 Құм төбедей өрілген тобырлардан қорқамын.  
 Аш бөрідей бүкеңдеп, жортсам, жалғыз жортамын.  
 Тырналар ұшар тізіліп, бұлдырық ұшар топтанып.  
 Ал, құстардың тектісі – қырандар жалғыз самғайды.  
 Жер мен Көкті шарлайды.  
 Тексіз шиебөрілер  
 Оннан-бестен ұйлығып жүргенімен қампайып,  
 Бірін-бірі аңдиды, бір-бірінен қорқады.  
 Күн баласы – Арыстан, түн перісі – Сілеусін,  
 Тау серісі – Барысың жалғыз-жалғыз жортады.  
 Күйбеңдемей күй кешіп,  
 Өзіне-өзі сенеді төкаппарлық, паңдықпен.  
 Ығысады олардан былайғы топшыл аң біткен.  
 Сыбыры көп болғанмен, сылдыры көп болғанмен –  
 Жолбарыс үрікпес қамыстан.  
 Ажалдан емес, Сұңқарша өлермін түбі намыстан.  
 Күншіл топтан жерінген мен бір тарпаң құланмын,  
 Күлсем, жалғыз күлермін, жыласам, жалғыз жылармын.  
 Уатшы деп біреуге қол қусырып құнықпан.  
 Құлай қалсам, сүйегім табылар шыңырау құдықтан.

## V

Жалғыздықтың тозағын, тартқан жалғыз мен емес.  
 Жалғыздар бірақ көп емес.  
 Ақындары Алаштың шеттерінен қызыл шоқ,  
 Жел үрсе, маздап жанады.  
 Шабытты шақ, оқыс шақ, қарашаңырақ қағаны –  
 Мырқасымұлы Нұрланжан, үйренсең де от ұстап –  
 Сен де жалғыз, дарасың.  
 Уға, балға толтырған, жырдың күміс шарасын.  
 Көк түріктің әуенін асқақтатқан әспеттеп,  
 Рухына кетердей, топырақ түгіл тас көктеп.  
 Медетбек тегі Темірхан, сен де мендей, жалғызсың.

Қарға бойлы Есенбай, Дүйсенбайдың тумасы –  
 Өлеңнің сұңғақ ағашы, Жәркеннің жалғыз ағасы –  
 Айналаңа қарашы. Тұғырындай бүркіттің,  
 Сен де мендей бір түпсің.  
 Несіпбек Айттың оғлы, «Көкала үйрек» секілді –  
 Сен де жалғыз құстайсың.  
 Ата жырау Ақтамбердінің аузымен,  
 Қасқалдақтың қанымен жіберейін ұшықтап,  
 Ұш, тағы да ұшып бақ.  
 «Фариза қыз, Фариза қыз,  
 Өмірде ақындардың бәрі жалғыз».  
 Жалғыз, жалғыз, жалғыздарым-ай,  
 Рухани балмұздағым-ай!  
 Балмұздағымды, жалғыздарымды жарға қамалап –  
 Сары уайымға салғызба, Құдай!  
 Тұз уатқан келсаптай ағарса да қастарың,  
 Ағарса да шаштарың –  
 Жалғыздықтың дертіне шыдап бақ, замандастарым!  
 Шыдаңдар, шыдап бақ! Шыдаңдар, шыдап бақ!  
 Қараңғыға – шырақ сөт. Сусағанға – бұлақ сөт.  
 Өмір бұлақ сағымдай, өмір деген бір-ақ сөт.

## VI

Кең аула.  
 Шексіз кеңістік.  
 Қанатты жыр – менде бар, емеспін нәсер жауынға,  
 Найзағайға, желге зар.  
 Кең аулама ектім мен өз қолыммен түп емен,  
 Түп еменнің түбіне Ай туғанда түнегем.  
 Сол емендей қасқайып тағдырыма қасарып.  
 Сол емендей найқалып, сол емендей түнерем.  
 Кең аулама ектім мен, алма ағашын аласа  
 Суармаған кешім жоқ.  
 Ұрпақтарым алмасын үзіп-үзіп жесін деп.  
 Кең ауламның ішінен шыңырау құдық қаздым мен,  
 Суы көздің жасындай, іше бергім келеді,  
 Сусыным бір басылмай.

Кең аулама сыйғасын, құс баулып, ат ұстадым.  
 Көрмейін деп тірідей бұл жалғанның қыспағын.  
 Құс болғасын қолымда, ат болғасын астымда,  
 Місе тұтпай ауламды –  
 Шықтым дала, тас қырға.  
 Апанынан осылай ұзап шығып жортады екі ұртын майларға –  
 Қасқыр екеш қасқыр да.  
 Қолымда құс болғасын, көтерілдім ғарышқа,  
 Кеңістігін жұлдыздар қызғанбады қорғаштап,  
 «Ақбоз ат» пен «Көкбоз ат» кісінесті жол бастап.  
 Кең аула, шексіз кеңістік, қанатты жыр деген сол,  
 Онсыз менің болады жүрегім мұз, төбем сор.  
 Сел жауса да сөнбейтін өлеңнен қойдым от жағып,  
 Төрт құбылам жап-жарық, ортасына мені алып –  
 Суретке түсер көп халық...  
 Суретке түсер Алты Алаш,  
 патша да, ханым да шарпылып жүзі жалынға.

P.S.: Ғұлама құздың басында оққа сүйенген жалғыз арқар өлі сіресіп тұр. Сауысқан, қарға, құзғындардың тұтқиыл шабуылының кесірінен мерт болған ақсұңқар құстың рухы қомданып, Хан-Төңірінің қиясында қонақтап отыр. Жаралы арқардың қашан көз жұмары белгісіз... Қомданған қыранның күні ертең-ақ шарықтап аспанға көтерілуі айдан анық. О, Жаратушы жалғыз Төңір-Ием, өзіңе ұқсаған жалғыздарыңды жарылқай гөр!



## *Артық болмас білгенің*

### **P.S. белгісі туралы**

P.S. – бұл аббревиатура, яғни қысқартылған сөздер емес. Ол белгі ретінде қалыптасқан. Негізі, латынның *post scriptum* «жазылғаннан кейін» деген ұғымды білдіреді. Мұны жазудың өз талабы бар. Мұнда мәтіндегі түйін немесе әлдебір күдікті жоюға ықпал ететін ұтымды сөз, нақыл жазылады. Кейде жазған нәрсені түйсінуге көмектесетін қысқа, бірақ нақты ой ұсынылады.

P.S. деген таңбалау тұрақтанған, сондықтан артық тыныс белгілері қажет емес.



## СӨЗДІК

**Бұлдырық** – құр тұқымдас, сұр түсті қарабауыр кішкентай дала құсы.

**Діл** – таза жүрек, терең ой.

**«Көкала үйрек»** – Несіпбек Айтұлының поэмасы.

**Қасқалдақ** – қара қоңыр түсті, маңдайы ақшылдау келген су құсы.

**Науа** – малдың су ішуіне, жем, тұз жеуіне арналған үлкен, ұзынша астау

**Ніл** – бояу

**Тәмсіл** – мысал, үлгі.

**Шиебөрі** – ит тұқымдасына жататын сүтқоректі жыртқыш аң.

### **Адам аты:**

**Батыр Баян** – Баян Қасаболатұлы (шамамен, 1710/1715 – 1757) – қазақтың жоңғарға қарсы күресінде ерлік көрсеткен атақты батыр. Мағжан Жұмабаев оның құрметіне «Батыр Баян» атты поэма арнаған.

Батыр Баян есімі Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде де аталған.

**Нұрлан Оразалин, Темірхан Медетбек, Есенбай Дүйсенбай, Несіпбек Айтұлы** – қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті ақындары.

### **Жер аты:**

**Такла-Макан** – Қытайдың батыс бөлігі – Шыңжаң аймағында орналасқан шөл.



1. Ақын Жәркен Бөдешұлының өмірі мен шығармашылығы туралы өңгімелеңдер.
2. Поэманы түсініп оқып, мазмұнына мән беріңдер.



1. Ақын Жәркен Бөдешұлының шығармаларындағы тақырыптық тұрғыдан ерекшелік не?
2. Шығармада «Жалғыздық концепциясы» қалай көрініс тапқан? Поэманың жанрлық табиғатындағы қандай ерекшеліктерді байқадыңдар, әрбір тарауын топпен бірлесе талқылап, талдау жүргізіңдер.



1. Ақын Жәркен Бөдешұлының шығармаларындағы тарихи адамдар туралы ақпараттар жинап, поэма сюжетіне қатыстылығын жазыңдар.
2. Поэманың кіріспесінде арқар, құлжа туралы тәмсіл қандай мақсатта қолданылған? Арқар, құлжа сөздерін қатыстыра отырып, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін құрастырыңдар.

3. «Қомданған қыранның күні ертең-ақ шарықтап аспанға көтерілуі айдан анық» деген жолдан қандай тілек, мақсатты байқадыңдар?
4. Үзінді мазмұнына сәйкес келетін мақалдарды табыңдар:  
Бір қынаптың ішіне екі қылыш түнемес – ...  
Сел жауса да сөнбейтін өлеңмен қойдым от жағып – ...



1. «Жалғыздық Құдайдан кейін ақынға жарасады». Ақындардың жалғыз қалу себебі неде деп ойлайсыңдар?
2. «Жалғыз» поэмасының идеясына сай көркемдік ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасаңдар.
3. Поэмада авторлық бейне қай бөлікте, нақты қай жолдарда айқын көрінеді? Үзінділерді дәптерлеріңе жазыңдар.
4. Ақынның қазіргі қоғамдық құбылыстарға үн қосатын ойлары суреттелген жолдарды тауып, поэмадағы белгілі бір оқиғаның көрінісін анықтаңдар.
5. Поэмада арқар, құлжа, сұңқар, сауысқан, қарға, құзғындар қандай мақсатта айтылған? Олардың ақын адамдарды мінездеуге, сипаттауға, қоғамдағы жағдайды суреттеуге қалай қолданылғанын анықтап, талдау жасаңдар.
6. Қазіргі қазақ поэзиясына сыншылдық керек пе, қалай ойлайсыңдар?



1. Ақын Жәркен Бөдешұлының шығармаларының тарихи құндылығы және көркемдік маңыздылығы бойынша жан-жақты пікірлесу ұйымдастырыңдар.
2. «Жалғыз» поэмасындағы ақын бейнесін және қазіргі заман сипатын анықтаңдар.
3. Поэмадағы жалғыздарды жұбату үшін қазақтың қай мақалы бар, соны табыңдар.
4. Қазіргі қазақ поэзиясы туралы қандай ой жинақтауға болады? Сынныпта осы тақырыпта сыни пікірлесу өткізіңдер.
5. Поэмадағы «Жалғыздықтан жаралған адамзаттың баласы» деген ойды төмендегі жолдармен салыстырыңдар:
  - а) «Моласындай бақсының,  
Жалғыз қалдым, тап шыным». (Абай)
  - ә) «Исатайдан айырылып,  
Жалғыздықпен болдым дос». (Махамбет)
  - б) «Өмірде ақындардың бәрі жалғыз». (Мұқағали)



1. «Қазіргі заман поэзиясы және ақын Жәркен Бөдешұлы» деген тақырыпта әдеби сын жазыңдар.
2. Қазақ елі, Тәуелсіздік туралы өлең, әңгіме жазып көріңдер.
3. «Жәркен поэзиясының діңі – Жайыр, мұңы – жалғыздық. Ақынның өлеңдерін оқып отырғанда, автордың жалғыз екенін үнемі сезесіз» (*Бағашар Тұрсынбайұлы*). Осы пікірге келісесіз бе? Адам баласына жалғыздық қажет пе? Әдеби сын жазыңдар.



### Оқу сауаттылығы

- 1) Көгілдір нілге шыланған, Күнікей қыздай сыланған –  
Көкшетау, сен де жалғызсың.

*Сұрақ:* Көкшетаудың пейзажын суреттейтін сөз қайсы? Күнікей қыз қазақтың қай ертегісінің кейіпкері?

- a) Ніл – өзеннің аты, сол сияқты үлкен екенін айтқаны, ал Күнікей қыз ақын қиялынан шыққан.
- b) Шыланған деп онша қанық емес бояуды айтады, сондықтан пейзаж жоқ, «Күн астындағы Күнікей қыз» деген ертегі бар.
- c) Ніл көгілдір деген сөзбен байланыстырғанда, көк бояу екені, солайша пейзаж белгілі болады. Күнікей қыздай сыланған деп ағаштарды айтқаны. «Күн астындағы Күнікей қыз» атты ертегі бар. Көкшетаудың ағаштарын сол ертегідегі сұлу қызға теңеген.
- d) Көгілдір түсті қызды айтқан, пейзаж жоқ.

- 2) Бауыры жерге тимеген, шалғысы күнге күймеген –  
Ақ сұңқарды жаралы сауысқан, қарға, құзғындар –  
Шоқып, түртіп талады.

Қауырсыны желге ұшып, қос топшысы қанады.

Арашалар ешкім жоқ, Сұңқар маған қарады.

*Сұрақ:* Шалғы сөзін қолдану арқылы ақын нені айтқан? Топшы деген не? Оларды қай сөздер арқылы байқауға болады?

- a) Шалғы – жүні, топшы – аяғы.
- b) Шалғы –қанаттары, өйткені шалғысы күнге күймеген, яғни қанаттары күймеген. Қос топшысы деген сөздер арқылы қанаттар екенін де түсінікті болады. Топшы –құс қанатының кеудеге жалғасқан жері. Қауырсыны желге ұшқан деген сөз арқылы анықтауға болады.



- с) Шалғы – құстың жамылғысы дегенді айтқаны, топшы тобық дегені болуы мүмкін.
- д) Шалғы деп аяқтарын, ал топшы деп тобықты айтқан болуы мүмкін.
- 3) P.S. Ғұлама құздың басында оққа сүйенген жалғыз арқар өлі сіресіп тұр. Сауысқан, қарға, құзғындардың тұтқиыл шабуылының кесірінен мерт болған ақ сұңқар құстың рухы қомданып, Хан-Төңірінің қиясында қонақтап отыр. Жаралы арқардың қашан көз жұмары белгісіз... Қомданған қыранның күні ертең-ақ шарықтап аспанға көтерілуі айдан анық. О, Жаратушы жалғыз Төңір-Ием, өзіңе ұқсаған жалғыздарыңды жарылқай гөр!
- Сұрақ:* Қомданған қыранның күні ертең-ақ шарықтап аспанға көтерілуі айдан анық. Қыран не себепті өлмей, аман қалды?
- а) Қыран жаралы болып қалды, ол, бәрібір, өлетін сияқты.
- б) «Тұтқиыл шабуылдан мерт болды» деп жазылған.
- с) Жалғыз арқар өлді, жалғыз сұңқар да өлетін сияқты.
- д) Сұңқар өлмейді, өйткені құстың рухы өлген жоқ, сондықтан ол қомданып, Хан-Төңірінің қиясында қонақтап отыр.



### Оқушы күнделігі

*«Егер мен ақын болсам, ...» деп бастап, қазіргі қазақ поэзиясы туралы не жазар едіңдер, сол туралы ойларыңды баяндаңдар.*



### Артық болмас білгенің

Алпысыншы жылдары Қытай елінде мәдени революция қаулап тұрған шақта отыз шақты адам шегараның бергі жағына өткен. Солардың бірі осы Жәркен еді. Шегараны заңсыз бұзып өттің деген желеумен Көкшетауға жер аударып, қой бақтырып қояды. Жәркен қой бағып әрі ой бағып жүрген екен. Қойны-қонышы өлеңнің қоймасы екен. Ол өзінің тақырыбын ала келді. Онысы арғы бетте – нағашым, бергі бетті жиенім дегендей, бөлініп қалған қазақ тағдыры болды. Кіндік қаны тамған Жәйір тауына араға 20 жыл салып, қос құлынын ертіп барды. Мына іргеде тұрған Қаскелеңді сағындым деп, өлең жазатын ақындар бар, Жәркеннің сағынышы мүлде бөлек.

**Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов**  
(«Алматы ақшамы» газеті, 23. 05. 2014)

## IV бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

### ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

1. «Бесеудің хаты» драмасының авторы кім?

- A) Медеу Сәрсекке
- B) Ғабит Мүсірепов
- C) Шерхан Мұртаза
- D) Тұрар Рысқұлов
- E) Ғабиден Мұстафин

2. «Бесеудің хаты» драмасында Құсни кім?

- A) Жантоқовтың есімі
- B) Исаевтың есімі
- C) Ғабит Мүсіреповтің әйелі
- D) Тұрар Рысқұловтың әйелі
- E) Байзақовтың есімі

3. «Бесеудің хаты» драмасында жоқ кейіпкерлер жазылған тізбекті табыңдар.

- A) Ғабит Мүсірепов, Ораз Исаев, Тұрар Рысқұлов, Балым, Жантоқов
- B) Тұрар Рысқұлов, Ғабит Мүсірепов, Ораз Исаев, Күләнда, Қарабай.
- C) Ғабит Мүсірепов, Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Құсни, Күләнда, Елеусіз.
- D) Ғабит Мүсірепов, Тұрар Рысқұлов, Исаев, Ораз Жандосов, Жантоқов.
- E) Ғабит Мүсірепов, Иванов, Елеусіз, Мансұр Ғатаулин, Жантоқов.

4. Мына үзінді қай кейіпкердің сөзінен алынған?

*Сұрасаң сырды сен менен,  
Қорлығым бар ма көрмеген?  
Тап қылды басқа бұл күнді,  
Сағындым сауық күлкімді.  
Аштықтан төзіп тұра алмай,  
Артыма мойным бұра алмай,  
Тастадым безіп жұртымды.*

- A) Ғабит Мүсірепов
- B) Исаев
- C) Жантоқов
- D) Күләнда
- E) Кенжебек

5. «Оққа сүйенген жалғыз арқардай» деген сөздер қай шығармада айтылған?

- A) «Шашты»
- B) «Қаныш Сәтбаев»
- C) «Бесеудің хаты»
- D) «Жалғыз»
- E) «Көшпелі алтын»

6. Мына жолдар қай шығармаға тиесілі?

*Күйші Құрманғазыға кілтсіз «Кісен аштырып»  
Күңіренген Қорқытқа тірідей көр қаздырған  
«Торайғырды» тағалап, ерке «Аққуға» наз қылған.*

- A) «Домбыра туралы баллада»
- B) «Қобыз сарыны»
- C) «Жалғыз»
- D) «Шашты»
- E) «Шетте жүрген бауырларға»

7. Қай кейіпкердің сөзі екенін табыңдар.

*«Қайрат – қыран, қайғы – жылан. Қайғыра бермей қайрат қылайық.  
(Аспанға қарайды). Иә, қайрат қылайық».*

- A) Қаныш Сәтбаев
- B) Нәзипа Құлжанова
- C) Нұрғали Құлжанов
- D) Ғабит Мүсірепов
- E) Балым

8. «Медетбек тегі Темірхан, сен де мендей, жалғызсың.

*Қарға бойлы Есенбай, Дүйсенбайдың тумасы».*

Мұны жазған кім?

- A) Тұрар Рысқұлов
- B) Ғабит Мүсірепов
- C) Жәркен Бөдешұлы
- D) Медеу Сәрсек
- E) Ерлан Жүніс

9. Бесеудің хатын жазғандарды табыңдар.

A) Ғабит Мүсірепов, Емберген Алтынбеков, Ораз Исаев, Мансұр Ғатаулин, Мұташ Дәулетқалиев.

- В) Ғабит Мүсірепов, Емберген Алтынбеков, Мансүр Ғатаулин, Ораз Исаев, Қадыр Қуанышев.
- С) Ғабит Мүсірепов, Мансүр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Қадыр Қуанышев, Мұташ Дәулетқалиев.
- Д) Ғабит Мүсірепов, Ораз Жандосов, Мансүр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев.
- Е) Ғабит Мүсірепов, Мансүр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев, Тұрар Рысқұлов.

10. «Жүр, Ғабит, Мұхтар күтіп қалған шығар...». Бұл сөзді айтқан кім?

- А) Қаныш Сәтбаев
- В) Тұрар Рысқұлов
- С) Жантоқов
- Д) Күлөнда
- Е) Ораз Исаев

- В) Ғабит Мүсірепов, Емберген Алтынбеков, Мансүр Ғатаулин, Ораз Исаев, Қадыр Қуанышев.
- С) Ғабит Мүсірепов, Мансүр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Қадыр Қуанышев, Мұташ Дәулетқалиев.
- Д) Ғабит Мүсірепов, Ораз Жандосов, Мансүр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев.
- Е) Ғабит Мүсірепов, Мансүр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев, Тұрар Рысқұлов.

**10. «Жүр, Ғабит, Мұхтар күтіп қалған шығар...». Бұл сөзді айтқан кім?**

- А) Қаныш Сәтбаев
- В) Тұрар Рысқұлов
- С) Жантоқов
- Д) Күлөнда
- Е) Ораз Исаев